

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ**

**КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ**

**ХАБАРШЫ
ВЕСТНИК**

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКА
ИНСТИТУТЫ

ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ТАРИХ СЕРИЯСЫ

АЛМАТЫ

2006 жылдан бастап шығады
Шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының
мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде
08.08. 2005 жылы тіркелген
№6204-Ж

Бас редактор

к.пед.н. Нүкетаева Д.Ж.

Бас редактордың орынбасары

А.Қ.Рысқалиева-х.ғ.к., PhD доктор..

Редакциялық алқа

Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент

Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
м.а.

Бурханова Ж.С. – т.ғ.к., доцент

Сманова А.М. –

т.ғ.к., доцент

Жауапты редактор

педагогика ғылымдарының

кандидаты, доцент

Б.Д.Жұмақасева

Редактор

тарих ғылымдарының кандидаты,

доцент м.а. **Р.Т.Айтбай**

© Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогика институты

050000, Алматы қ.,

Әйтеке би көшесі, 99.

Тел. 233-18-32, факс 233-18-35.

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
ИНСТИТУТ

ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

СЕРИЯ ИСТОРИЧЕСКАЯ

№2 (7)

2012

МАЗМҰНЫ

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Тортаев С.Ә., Ғабжалилов Х. НАЙМАННЫҢ ?
ТӨРТУБЫЛ РУЫНЫҢ ҚОНЫСЫ ЖАЙЫНДА

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

- Абжаппарова Б.Ж., Таутанов Е.** ТӘУЕЛСІЗ
ҚАЗАҚСТАН ӨМІРІНДЕ ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ИДЕЯНЫҢ
АЛАТЫН ОРНЫ..... 5
- Даркенов Қ.Ғ.** ҚАЙРАТКЕР
С.САДУАҚАСОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ
КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ САЯСИ 8
ИДЕОЛОГИЯАЛЫҚ ТАРТЫС.....
- Жүрсінбаев Б.А.** ПАТША ӘКІМШЛІГІНІҢ
ЖЕТІСУДА ЖҮРГІЗГЕН ОТАРШЫЛДЫҚ
САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ
ҚАЗАҚТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ..... 16
- Жұбаньшов Б.Т.** ХІХ ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ ОРЫС-ҚЫТАЙ
ТАЛАС ТАРТЫСЫ..... 21
- Жылқышыбаева Қ.Қ.** БОПАЙ ХАНЫМ..... 25
- Қаипбаева А.Т., Шымырқұл А.А.** ҚАЗАҚ
ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ
АҚТАЛУЫ ХАҚЫНДА..... 28
- Қасымбекова М.А.** ҚАЗАҚСТАН
ТҮРІКТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ
ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ..... 34
- Қозғамбаева Г.Б.** ҚАЗАҚСТАН МЕН
ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ
АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР..... 37
- Кожакеева Л.Т.** ПРОМЫШЛЕННОСТЬ В
ГОРОДАХ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В 30-40-Х
ГГ. XX ВЕКА..... 41

Қоңырова А. М. ЖЕТИСУ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ (ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ- ЖАРТЫСЫ).....	45
Өнербаева Ш.Ө. ҚАЗАҚСТАН КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ(1920-1940 ж.ж.).....	50
Тақабәева Б.М., Абдихан А. КЕҢЕС НҮРПЕЙІС ЗЕРТТЕГЕН ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР	53
Тленова Т.Т. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХХ ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	57
Туменова С. М., Елубаева Г.М. ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ИНИЦИАТИВ Н.А. НАЗАРБАЕВА.....	
Сайлан Б.С. ХХ Ғ. 60-ШЫ ЖЫЛДАРЫ МӘСКЕУДЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЖАСТРЫНЫҢ «ЖАС ТҮЛПАР» ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ.....	65
Саурықова Ж. С., Чарғынова Г.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР.....	?

ЖАЛПЫ ТАРИХ

Бисембаева Л.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ҚҰПИЯ БЕТТЕРІНІҢ БІРІ-КАТЫНЬ ҚЫРҒЫНЫ.....	72
Бижанова К.К. ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	77
Бурханова Д.С. ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ.....	82
Сманова А.М. ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ.....	85
Терекбаева Ж. ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ....	89

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Айтбай Р.Т. ХVІІІ Ғ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА ОРЫС ТАРИХНАМАСЫ МЕН ҚАЗАҚ ДЕРЕКТЕРІ.....	91
Басшыбаева А.С. ХVІІІ-ХІХ ҒҒ. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ТАРИХНАМАСЫ.....	98
Кадыртаева М.А., Жақупова Г.Т. СОЦИАЛЬНАЯ ПРИРОДА ИСТОРИЧЕСКОГО ИСТОЧНИКА.....	102
Бегалиева А.А. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН МАГИСТРАНТТАРҒА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	106
Қусайнова Р.Т. ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРДІ.....	111

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Бакаева Г.Е. Д.А.ҚОНАЕВ МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	116
Исаева Ә.И. ХІХ–ХХ ҒҒ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ҚОНЫСТАРЫ МЕН ТҮРҒЫН ҮЙЛЕРІ.....	120
Калыш А. Б. ОСОБЕННОСТИ ПОВСЕДНЕВНОГО ОБЩЕНИЯ КАЗАХОВ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ.....	125
Шланова А.М. АРҒЫҚАЗАҚТАРДАҒЫ (ПРОТОҚАЗАҚТАРДАҒЫ) ТӘҢІРШІЛДІК ПЕН ИСЛАМ ДІНІНІҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҚ СИПАТЫ.....	131

МАГИСТРАТУРА

Абдиева Б. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ (ХХ Ғ. БАСЫ МЕН 20-30 ЖЖ.).....	138
Белгинова Қ.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ ТАРИХЫ.....	141
Жуматаев Р.С. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ПІКІРЛЕРГЕ ШОЛУ.....	144

Қабылбекова С.Б. ҚАЗАҚ - ТҮРІК МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ.....	149
Карикулова Б.Ч. ЖЕТІСУ САҚТАРЫНЫҢ КЕЙБІР ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ ТУРАЛЫ.....	153
Кеніштайқызы Г. ИСЛАМДАҒЫ ӘУЛИЕ МӘСЕЛЕСІ.....	156
Құттыжолова А.С. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРЛЫҚ САЯСАТ ЗАРДАПТАРЫНА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС.....	160
Мешел Н. МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨЛЕУМЕТТІК ЖАЙ-КҮЙІ (1940-1991 жж).....	164
Нұрмағамбетова А.М. ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕҚЫҰ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.....	167
Срапулова А. XX ҒАСЫР БАСЫНДА ОМБЫДА ҚҰРЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ҰЙЫМЫ.....	171
Рамазанов С. Ж. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕКЕ САЛТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....	175
Рахимжанова М.Д ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ.....	178
Хойлан Ә. ТОҚЫМА БҰЙЫМДАРЫ: КІЛЕМ ЖӘНЕ ШИ.....	184

ЕРТЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

НАЙМАННЫҢ ТӨРТУЫЛ РУЫНЫҢ ҚОНЫСЫ ЖАЙЫНДА

Тортаев С.Ә.-п.ғ.к., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Ғабжалилов Х.-т.ғ.к. (Алматы қ., Алаш орталығының төрағасы)

Найманның Төртуыл руының қонысы туралы тарихнамада зерттеушілер арасында толық бірауыздылық жоқ. Солай болуы заңды да. Сонау Шыңғысхан заманынан бері найман тайпасының, оның ішінде Төртуыл руының басынан қандай қиын-қыстау замандар өтпеді дейсіз. Сол замандарда рудың бір орыннан екінші, үшінші орындарға қоныс аударуға мәжбүр болғандығы да рас.

Дегенмен деректерге, зерттеушілерге сүйенелік. Жоғарыда аталған дөртуыл шежіресінде ол рудың “кіндік кесіп, кір жуған, өрбіп-өскен ата мекендері” “Алтай, Тарбағатай, Тоқта, Барлық, Тянь-Шань қатарлы таулы өңірлер”/1/ екендігі баяндалған.

Ал Шорман ұлы Мұсаның/2/ мәліметі бойынша Төртуылдың Ақболатынан тарайтын ұрпағы Лепсі мен Қопал уездерінде қоныс тепкен.

“Қазақ Совет энциклопедиясында” Төртуылдың қонысы жайлы төмендегідей мағлұмат берілген: “Октябрь революциясына дейін Төртуыл ұрпағы Қара Ертістің екі жағасын мекендеген бір болыс ел болған. Мұның бір старшыны Ертістің оң жағын, қалған 8 старшыны сол жағын, оңтүстігі Зайсан бекінісіне дейін қыстаған. Төртуылда 1373 түгін, 7761 адам болған. Төртуылдар Қаратал, Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Ақарал, Қарған өзендерінің бойын; Жеменей, Көкжота, Маңырақтау аңғарларын, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарын қыстап, Ақжайлау, Соналы т.б. таулы жерлерді жайлаған”/3/.

Келесі зерттеушілер тобы төртуыл аталарының “Зайсан мен Марқакөл көлдерінің төңірегіндегі жайылымдарға, Ертіс және Қара Ертіс, Күршім, Бұқтарма, Шар өзендерінің бойына, Алтай, Тарбағатай тауларына” қоныстанғандығын хабарлайды.

Онан әрі осы зерттеушілер төртуыл руының тағы да басқа қоныстары туралы төмендегідей мәлімет келтіреді: “Төртұл руы Жалаңаш, Теректі өзендері аралығында Қоңыртас баурайында, Тоқты тауында, Алтыбай, Бұлақбай, Ескөл алқабында және уездің оңтүстік-шығысындағы басқа да жерлерде көшіп жүрген.

Төртұл мен Матай рулары уездің шығыс шекарасында - Қарақоға, Жантезен, Туматай, Ұзынағаш алқабында т.б. жерлерде қыстаған.

Төртұл руының Тоқан және Тоғыз деген екі атасы Қара Ертіс аңғарындағы даланы алып жатқан бір Қара Ертіс болысы болды. Бұл болыс 9 старшыннан құралды, олардың біреуі Қара Ертістің оң жағалауына, ал қалған сегізі осы өзеннің сол жағалауындағы далаға орналасқан еді. Төртұл руының оңтүстік шекарасы Зайсан бекетіне дейін жетіп, шығыс жағы Алтай жотасына ұласып жатқан. Төртұл руының қазақтары 7761 адамы бар 1373 шаруашылыққа біріккен. Олардың қыстаулары Қара Ертіс пен оның Қорған және Ақарал деген салаларының жағалауына, Қаратал, Сарыбұлақ өзендерінің аңғарына, Қарабұлақ, Жеменей, Зайсан алқабына, Кендірлік өзеніндегі Көкжота, Шенгелді, Маңырақтау, Қабырғатал, Кеңарал деген жерлерге, Бозайғыр, Құмтөбе құмдарына орналасқан болатын. Жаздыгүні олар Күршім өзені мен Марқакөлге дейін көшіп барып жүрді”/4/.

Жоғарыда аталған Қ.Жұпбаев деген автор төртуылдың қонысы Сауыр, Құлыстай мен Маңырақ және Қытайдағы Шыңжаң өлкесі/5/ деп көрсетеді.

Бұл мәлімет ХХ ғасырдың басындағы дерек көзіндегі мәліметке ұқсастау. Ол дерек көзінде төртуылдың Жетісу облысының Лепсі уезіндегі № 120, 122 қауымдарда тұрғандығы, ол қауымдарға Зайсан уезіндегі қоныстарынан қалмақтардың қуғынымен 1881 жылдан кейін келіп қосылғандығы айтылады. Онан әрі төртуылдың Лепсі уезіндегі қонысы туралы айтылмыш деректе сөзбе-сөз былай делінген: “Туртугульцы

кочевали от Кельдемурата до Клустая и нигде определенного кстау до 1881 года не имели. 3 года назад к ним присоединились, хозяйственно и административно, их сородичи Каратума; раньше последние жили на Акь-чеку. Теперь Тогалакь, Катпа, Сулу и Туртугуль имеют зимовки на густо заселенных урочищах Узунь-агачь и Кутій (Карагога, Джантезекь), кстау Туматай - частью на Узунь-агаче, частью на Суттегендахь и Теспакане; несколько кибитокь Сулу и Туртугула стоят на юго-восточномь склоне гор. Аркарлы (Талды-булакь, Доланалы, Бокалы). Какь общее правило, зимовки каждой родовой группы стоят, не смешиваясь с соседней; пастбище же у всех зимующих здесь находится в общемь пользованиі. Коктеу-кузеу у Катпа и Тоголака - около пашень, на ур. Лай, и находится в исключительномь пользованиі данной группы. Коктеу-кузеу Сулу и Туматая - на ур. Копсань и между р. Кутій и юго-восточными склонами Аркарловь, на ур. Суттегенды и Чолакь-тума. У Туртугульцевь коктеу-кузеу - оть р. Кутій на востокь до узунь-агачскихь кстау; какь общее правило, каждый родь ставить юрты около своихь пашень, но скоть, напримерь, Туртугуловь заходит на правый берегь и пасется рядомь сь стадами Сулу и Туматай и наобороть, такь что коктеу-кузеу у всехь группь, за исключениємь Катпа и Тоголака, находится в общемь пользованиі.

Джяйляу у всехь потомковь Мамбета описываемой общины - на ур. Богебай, у потомковь Туртугула - на ур. Баеть; каждая изь родовыхь группь имеет свои определенные места стоянокь.

Кочують родовыми группами, - на разстояниі 70-80 версть.

Пашни у Катпа и Тоголака - на р. Лай; у Сулу - на Кара- и Акь-тоганахь, выведенныхь в правую сторону изь р. Кутій; у Туматая и несколькихь кибитокь Сулу - на ур. Чолакь-тума и Суттегенды; у Туртугула - на 4 тоганахь (Тайлибай, Орта, Нурбай-Бабай и Серкэ-Досань), выведенныхь влево изь р. Кутій”/6/.

Төртуыл руының Қазақстан өңіріндегі қоныстарының осы айтылған жерлер екендігін кезінде академик Ә.Х.Марғұлан да атап көрсеткен болатын. Ол былай деп жазған: “Относительно тортуулов можно сказать, что они живут почти вместе с карагерями. Но главным местом тортуулов считается левая сторона реки Черного Иртыша. Богатые тортуулы тоже кочуют в течение летнего сезона на Маркакуль, переправляя свой скот через реку Иртыш, тоже имея свои определенные места (*жайляу*) по южным берегам озера как карагерей. Продолжительность стоянки тортуулов на Марка-куле около двух месяцев (июнь и июль), потом начинается обратное кочевание к зимовке (Черный Иртыш), с временными остановками на дороге”/7/.

Төртуыл руының қонысы туралы Б.Байбуловтың еңбегінде де біраз мәлімет келтірілген. Ол мәліметке сәйкес төртуыл құрайтын халықтың көбісі Монрақ және Қара Ертіс болыстарында және Қытайда тұрады/8/. Сондай-ақ, төртуыл руы Зайсан уезінің Майтерек болысын құрайды/9/.

Төртуыл тарихындағы тағы бір көңіл аударарлық мәселе - бұл рудың Ресей құрамына қосылуы. Дерек көздерінде бұл мәселе бойынша да азды-көпті мәліметтер сақталған. Солардың біреуін келтіре кетейік. Ол 1776 жылғы 4 қазанда төртуыл болысының Тәуке сұлтан басқарған белгілі-белгілі деген 23 адамдарының Ямышевск камалында Ресейге бодандығын мойындап, салтанатты түрде ант бергендігі жайлы мәлімет. Сол 23 адамның тізімі мынау: Еканбий Аккузыев, Акшура Сатыбалдыев, Тагилдей Амурзин, Айлак Мурзагилдев, Ирदेश Амурзаков, Кушак Ауталиев, Бабак Бабашев, Шурак Колев, Байсары Исаналеев, Чука Инязбаев, Байгабул Батуров, Темиз Надиргилов, Чубаган Куйгангулев, Яналы Айтунганов, Андарбек Кулдиязов, Ашур Билялов, Рахман Раев, Нитау Бикерекоев, Туймамат Баянов, Казакшары Янышав, Емингара Кигулдыев, Муртаза Мамаков, Утя Сагандыков/10/.

Осы дерек көзі бойынша ол болыстың кәмелетке толып, ат жалын тартып мінген 5000 еркек кіндікті азаматы болған. Жоғарыда айтылған ант қабылдау кезінде оған

қатысқан 23 адамға арнап 16 сом 43 тиынға қонақ асы берілген. Оның үстіне Омскідегі қолбасшы, генерал Декалонг ант бергендерге төмендегідей сыйлық жіберген: “Сукна алого кармазинного 5 аршин, шелку мотушок - 2, гвоздики - 10, полукармазину на два кафтана малинового - 10 аршин, голубого - 10 аршин, китайки концов - 5, шелку мотушок - 5, игол бумажек - 3, бархату малинового - 1 штука, казаль красной - 1, чаю зеленого бахча - 1, перцу - 2,5 фунта, сахару - 2 головы весом в 0,25 фунта, зеркал - 2, сукна корнового - 10 аршин, синего - 5 аршин, кож юфтевых - 6, сукон: голубого - 4 аршин 10 верш., зеленого корнового - 3 арш., василькового корнового - 3 арш. 5 верш., желтого - 5 аршин, серого - 2 арш. 4 верш. Но какой составляет суммы, при пограничных ямышевских делах сведений не имеется”/11/.

Онан әрі бұл сыйлықтың ақысына ант берушілер Ресейге адал болатындықтарын, ешқандай зиян келтірмейтіндіктерін куәләндырып, қолдарын қойып, таңбаларын басқандығы хабарланады.

Сөйтіп, ру-руларды бірде қымбат сыйлықтармен сатып алып, кейде қарудың күшімен қорқытып, қазақ жерін ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда Ресей өзінің отарына айналдырып алды.

Айтылып отырған дерек көзіндегі мәлімет бойынша төртуыл болысында 1774 жылы 118 850 жылқы болып, оны 340 адам бақса, 1785 жылы 87 500 жылқы, 477 жылқышы/12/болған. Сөйтіп, жылқы саны азайып, оны бағушылар саны өсе түскен. Бұл көрсеткішке қарап болыстың экономикалық жағдайы төмендеп кеткен деген тұжырым жасауға болады.

ХІХ ғасырдың 90-шы жылдарында жазылған осы дерек көзінде Ямышевск қамалы салынғаннан бері кеден жұмыс істей бастағандығы айтылады. Бірақ, жергілікті халық саудаға жөнді араласпаған, ал “бұхарлықтар мен ташкенттіктер бұл жаққа келмейтіндіктен” ол кеденнен түсетін табыс маз болмаған. 1754 жылғы түскен табыс 125 сом 56 ³/₄ тиын болса, 1784 жылғы табыс 105 сом (рубль) 21 тиын/13/ болған.

Сөйтіп, төртуыл болысының халқы саудада белсенділік танытпаған, олардың шаруашылығы натуралды болып қала берген, экономикасының даму қарқыны өте баяу болған. Ресей қазақ болыстарының экономикасын дамытуға мүдделі болмай, оларды шикізат базасына айналдырумен шектелген. Оның үстіне “жығылғанға жұдырық” дегендей, 1881 жылғы Ресей мен Қытай арасындағы шекараны анықтаған Петербург шарты бойынша біртұтас төртуыл руының халқы екі мемлекет аумағына бөлініп кетуге мәжбүр болды.

Сөйтіп, 1218 жылдан кейін қайтадан есін жиып, ел болып, ХҮ ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының іргесін қаласқан найман тайпасы, оның ішінде Төртуыл руы ХІХ ғасырдың 80-ші жылдарында туған-туысқандарынан ажырасып қалып, тағы бір қиыншылықты басынан өткізді.

Кейбір мәлімет бойынша “наймандар қазір Шыңжан қазақтарының үштен екісін”/14/ иелейді. Оның едәуір бөлігін төртуыл құрайды. Бұл қазіргі ҚХР-ндағы наймандардың саны. Ал жоғарыдағы Қазақ-совет энциклопедиясынан келтірілген төртуылдың саны 1917 жылға дейінгі Ресей (негізінен қазақ жеріндегі) құрамындағы төртуылдықтар деп білеміз. Сол себепті төртуыл руы найман тайпасының өсіп-өнген үлкен руының бірі дей аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақтайлақ би. – Алматы, 1991. 13-14 бб.
2. Шорман ұлы Мұса жинақтаған найман шежіресі. Қолжазба. Сыртында “№1904. 374103 бум.” деген жазуы бар.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. Т. 11. -Алматы, 1977. -130 б.
4. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. -Алматы, 2000. -326-327 бб.
5. Жұпбаев Қ. Найман шежіресі. -29 б.

6. Материалы по исследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования Семиреченской области. Т. 1. Лепсинский уезд. Вып. 1. -СПб., 1911. -242-245 бб.
7. Маргуланов А.Х. Найманы // Казаки. Сб. статей. -Л., 1930. -334 б.
8. Байбулов Б. Заметки по истории и этнографии киргиз. -Семипалатинск, 1900. -2 б.
9. Сонда, -16 б.
10. Андреев И.Г. Описание средней орды киргиз-кайсаков. -Алматы, 1998. -98 б.
11. Сонда, -98 б.
12. Сонда, -99 б.
13. Сонда, -100 б.
14. Дәртуыл шежіресі. Құрастырушылар: М.Жапарұлы, А.Игенұлы. -13 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Көптеген дерек көздері мен зерттеулерге сүйене отырып мақалада найман тайпасының бір руы - төртуылдың моңғолдар жаулап алушылығына дейінгі және одан кейінгі қоныстары туралы мәліметтер келтіріліп, ой-пікір тұжырымдалған.

РЕЗЮМЕ

Опираясь на многочисленные источники и исследования, в статье приведены сведения и сформулированы свои взгляды о поселении одного из родов найман-тортуыл как до монгольского завоевания, так и после него.

ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

ҚАЙРАТКЕР С.САДУАҚАСОВТЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ КӨЗҚАРАСЫ ЖӘНЕ САЯСИ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ТАРТЫС

Даркенов Қ.Ғ.-т.ғ.к., доцент (Астана қ., ЕуразҰУ)

XX ғасырдың алғашқы ширегі – Қазақстанда әдебиет ісі дамуының күрделі және қайшылықты кезеңі. Бұл кезеңде көптеген шығармашылық бірлестіктер, көркемөнер мектептері құрылды, бағыттар, ағымдар, стилдер туды, көрнекті ақындар мен жазушылардың тұтастай тобы қалыптасты. Бірақ, Қазақстанда, осы XX ғасырда ерекше белгілері қоғамның рухани өміріне идеологиялық бақылау жасау, халық санасын кеңестік жүйе саясатына бейімдеу, басқаша ойлайтындарды қудалау, оның ішінде рухани салада ықпалды, большевиктік үкімет саясатына таптық-идеологиялық ұстанымы сәйкес келмейді деп саналған тұтас қазақ зиялыларын қоғамдық өмірден оқшаулау, жою міндетін с жағымды және сонымен қатар, жағымсыз құбылыстар да байқалды. Оған баға беруде қандай да болмасын идеологиялық ұстанымдардан бас тартып, шынайылық, объективтілік, принципін сақтау басты қажеттілік. Осындай жағдайда ғана Қазақстанда 1917-1925 жылдары әдебиет пен өнердің жалпы мәдениеттің дамуына талдау жасауға мүмкіндік туады. Нақтырақ айтатын жай, XX ғасырдың басында-ақ қазақ интеллигенциясы арасында жіктелу байқалып, бір бөлігі - мұсылмандық мәдениетті нығайту жолымен қазақтардың өзіне тән төлтума ерекшелігін сақтау бағытын ұстанса, екінші бөлігі - орыс мәдениеті арқылы өз халқын «батыстандыруға» ұмтылды. Бірақ, бұл екі бағыт арасында айқын қайшылық, өзара тіресу мен кейінгі кеңес жылдары саяси идеялық ұстанымдарына, таптық көзқарастарына байланысты қоғамдық өмірде, әсіресе, баспасөзде айқын көрінген сынап, мінеу байқалмады. Ал кейін, аталғандай Кеңес Одағындағы саяси-әлеуметтік

жағдайлардың одан әрі дамуынан, қазақ интеллигенциясының саяси-идеялық бағыты мен көңіл күйін айқындау қарабайырланып таптық сипа алды.

Қазақ пролетариат жазушыларының саяси-идеялық ұстанымының негізіне Кеңес мемлекетінің мәдениет саясатының тұғырнамасына айналған Коммунистік партияның шығармашылық қызметке қарым қатынасы жөніндегі В.И.Лениннің маңызды принциптері басшылыққа алынды. В.И.Ленин «Партия ұйымы және партиялық әдебиет» атты шығармасында (1905 ж) бірқатар шығармашылықпен айналысатын адамдардың тап күресінен соншалықты «тыс» немесе одан «жоғары» тұруға тырысушылығын дұрыс емес дей келіп, «Қоғамда өмір сүре отырып, қоғамнан тысқары бола алмайсың. ...таптық емес әдебиет пен өнер» болуы мүмкін емес /1, 109 б/ деген пікір білдірді.

Мәдениетке таптық көзқарас – мәдени мұра мен мәдени процестерде жүзеге асырылып жатқан өзгерістерді коммунистік тұрғыда айқындаушы принцип ретінде қабылданды. Осындай жағдайда мәдениет және оның құрамдас бөлімі, саласы әдебиет «жалпы пролетарлық істің бөлімі» бола отырып, осы еңбекші таптың, жұмысшылар мен кедей шаруалардың мүдесін білдіруі керек еді.

Бірақ, кеңес өкіметінің алғашқы жылдары большевиктердің идеологиялық үстемдігі толық көлемде орнаған жоқ болатын. Оған дәлел, сипаттық белгілері 1918-1924 жылдары әр түрлі топтар, мектептер мен ағымдардың пікірлерін білдірген әдеби дискуссиялардың жиі өтуі. 20-шы жылдары экономиканың қалпына келтірілуі мен дамуы елдегі шығармашылық күштерді барынша жұмылдыруды талап етті және сондықтан да болар, шығармашылық интеллигенцияға көзқарас, қарым қатынас біршама жақсарды, сонымен қатар, көпшіліктің жалпы тұтастай алғанда цивилизацияны революциялық жолмен жаңартуға болатындығына сенімі туды. Революцияны жырлайтын, оның саясатын, идеологиясын жалпы бағытын бұқараға жеткізетін ақындар, жазушылар басқа да мәдениет саласының қызметкерлеріне де кеңес үкіметі тарапынан қажеттілік пайда болды. Ғасырдың басында-ақ халықты революциялық оянуға үндеген қазақ жазушылары шығармашылық құлшыныспен әдебиеттің рөлі мен маңызы, оны одан әрі дамыту жолдары жөніндегі пікірталасқа араласты. Алғашқылардың бірі болып Қазақстанда қазақ әдебиетінің даму барысы туралы мәселе көтеріп, оны байыппен талдап бағалаған С.Садуақасов еді.

Қазан революциясынан кейінгі қазақ әдебиетінің дамуы мен қайшылықты пікірлерді талдауда, С.Садуақасовтың 1918 жылы қазан айының соңында жазылып, 1919 жылы Омбыда шығып тұрған «Трудовая Сибирь» журналының 1-санында орыс тілінде жарияланған «Киргизская литература» («Қазақ әдебиеті») деп аталатын әдеби сын еңбегіне тоқталмай өту мүмкін емес. Тарихи-сыни очерк сипатында жазылған еңбек сол кезеңде әдебиетке толық талдау жасаған орыс тіліндегі алғашқы мақалалардың бірі екендігі талассыз. Оның мазмұнын шартты түрде төмендегідей жіктейді. «1) әдебиеттің қазақ өміріндегі орны; 2) суырыпсалма өнерінің (ауыз әдебиеті) болмыс-бітімі; 3) жазба әдебиетінің қалыптасуы; 4) қазіргі (18 – жылдардағы) әдебиет; 5) қосымша: сол кездегі қазақ баспасөзі туралы ақпар-дерек /2, 12 б/.

Жасы әлі жиырмаға да толмаған С.Садуақасовтың қазақ әдебиетінің даму үрдісіне ауқымды талдау жасауы және орыс тілінде жариялауы сол жылдардың немесе бүгінгі күннің өлшемінен болсын терең білімділік пен парасаттың көрсеткіші еді. Абайдың, Мәшхүр Жүсіптің шығармаларын таныстыра сараптауы, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті жөніндегі пайымдауы С.Садуақасовтың әдебиетті жетік білгенін байқатады. Күні бүгінге дейін зерттеушілер аңғармаған, олар назарынан тыс қалған, мысалы «Айқап» төңірегіне мұсылман мектебі, ал «Қазақ» газетіне орыс мектебінен шыққан әдебиетші жастар топтасты деген ой айтуы шындығында терең сараптауды, салыстырмалы түрде талдауды қажет ететін жай. Сонымен қатар, С.Садуақасов пікірінің басты ерекшелігі, оның әлі таптық санаға бой алдырмауы. Қазақ зиялыларын бір біріне қарсы қоймауы мен әдеби ағымның сан салалы қырын байқауы. Ол сол

жылдары қоғамдық саяси өмірде ғана емес, көркем әдебиетте де алашордашылар, ескі интеллигенция немесе тапшылдар, төңкерісшілер деп жіктелудің ен жайылып келе жатқанын білді. Бірақ, біздің пайымдауымызша ол, ұлттың мұрат-мақсатын жоғары қойды. А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың шығармашылығын жоғары бағалауы, кейінгі жылдары осы ой пікірден ауытқымауы оның ұлтжандылығын көрсетсе керек. Өткен ғасырдың әдеби мұрасын жетік білген С.Садуақасов, сол жылдары танымал болған ақын жазушылар еңбектерін де, олардың жазу стиліне де терең талдау жасайды.

«Қазақ әдебиетінің дамуына «Қазақ» газетінің редакторы А.Байтұрсынов орасан зор еңбек сіңірді. Байтұрсынов халықшыл-ақын және жастардың рухани ұстазы. Ол Крыловтың барлық мысалдарын қазақ өміріне лайықтап аударды» - дей келе, Байтұрсыновтан кейін М.Дулатов тұрғандығын атап өтеді. М.Дулатов алғашқы болып «Бақытсыз Жамал» романымен қазақ әйелдері мүддесін қорғады. Осы романы мен өлеңдер жинағы М.Дулатов есімін жалпы қазақтар арасында танымал етті,- деп жазды /3,172 б/.

«Поэзия саласындағы жастардан ақын М.Жұмабаев ерекшеленеді. Ол өзіндік бағыты бар, лирик ақын. Оның өлеңдері жастар арасында кең тараған және әуезділігі жағынан Абай стилінен кем түспейді. Ой тазалығы, сөзбен бейнелеуі жағынан өзіне дейін жазған барлық лирик ақындардан жоғары тұр» деп жазуы, ол ақын шығармашылығының шынайылығын, сезім айшықтылығын бағалау мен құрметтеуден жазылса керек.

Мағжан шығармашылығымен қатар, сол жылдары танымал бола бастаған басқа да қазақ ақындарына тоқталып, олардың шығармашылығына талдау жасайды. С.Дөнентаев, О.Қарашев, Шәкәрім, С.Торайғыров, А.Маметова, С.Сейфуллин, С.Шерманов және Б.Өтетілеуовты атай келе, «С.Дөнентаев, Шәкәрім, Қарашев пен Шермановтан басқаларының шығармалары орыстық үлгідегі жаңашылыққа толы» деп жазды. Соңғы аталған төртеуінің ішінен С.Дөнентаевты бөліп шығармашылығын ерекшелейді. «Оның өлеңдері таза қазақтық рухта жазылған және олардан күшті ұлттық ағыс сезіледі. Оның өлеңдеріндегі таңқаларлық нақтылық пен сөздердің үйлесімділігі, терең мазмұндылығы жөнінен ол халық поэзиясының атасы А.Байтұрсынов пен лирик ақын М.Жұмабаевпен ғана пара пар» деуі /4, 245 б/ С.Дөнентаев шығармашылығын әділ бағалауы, әспеттеуі ғана емес, сонымен қатар А.Байтұрсыновты халық поэзиясының атасы деп мойындауы мен Мағжанды шоқтығы биік ақын ретінде асқақтатуы, тануы С.Садуақасовтың ұлт тұлғаларын шынайы, боямасыз, бүкпесіз бағалауы еді. С. Садуақасов олардың шығармасының таптық сипатына, мәніне емес ұлт қажетілігі мен тұтынуындағы орынына маңыз берді.

Аса көрнекті қазақ публицистерінен ішінен барлық салаға жан жақты қалам тартатындығынан А.Байтұрсыновты бірінші орында тұрған публицист деп атап, одан кейін Ә.Бөкейхановты саяси мәселелер бойынша және М.Дулатовты әйелдер құқын қорғау мен халыққа білім беру ісіне жете мән бере жазып жүр деп ерекше атады.

С.Садуақасовтың «Әдебиет әңгімелері (Айтыс ретінде)», «Бейімбет өлеңдері», «Әдебиетті қалай сынау керек», «Қазақша пьесаға бәйге», «Ұлт театры туралы», «Ұлт театрына бір жыл», «Қазақстанда баспасөздің міндеті», «Қазіргі дәуір іс дәуірі», «Қазақ... тарихынан» деп аталатын мақалаларында әдебиет пен өнердің дамуы, сын мен өзара сынның тиімділігі туралы келелі мәселелер көтерді.

Айтыс, сын тұрғысындағы мақалаларды жанжал мақалалар деп атады. Ол «Былыр біз қыстай латын қарпі туралы айтыстарды бастық. Бұл – бір түрлі айтыс. Екінші түрлі айтыстар бар: Біз былыр Қошке Кемеңгерұлының кітабы туралы қарсы мақалалар жаздық. «Ақжол» туралы Ғаббастың мақалалары болды. Бұлардың бәрі, орысшалап айтқанда – критика (сын). Біз сынды басуға тиістіміз. Біздің газеттерге сын керек. ...Біз бір бірімізді сынауымыз керек. ...Сынсыз жазылған сөз қайралмаған пышақ секілді. Сондықтан бізге сын керек», деп жазды/5/. Осы кезеңде Мағжан

шығармашылығына байланысты, оның өлеңдерінің сипатына байланысты қайшылықты пікірлер жариялана бастағаны белгілі. Оны ұлтшыл ақын ретінде сынау қалыпты жайға айналды. Бұл да С.Садуақасов назарынан тыс қалмады. «Біз жуырда Мағжанның біраз өлеңдерін бастық. Мағжанның бұл өлеңдерінің ішінде бізге қосылатын да жері бар. Бірақ, ішінде азырақ жанжал сөз бар екен деп, біз Мағжанды тоқтатып тастауымыз керек пе, жоқ бастыруымыз керек пе? Әрине, басу керек.- деп жазды. Бұл Мағжанды сол уақытта оған қарсы үдей түскен шабуылдан қорғауы, ал, «бізге қосылатын жері бар» деуі, Мағжан бізге бөтен емес деген ойды жеткізуі және сынға, әдебиет үрдісіне бағыт сілтеуі еді.

Революция мен азамат соғысынан кейін жағдай біршама тұрақталып әлі ашық қудалау мен жазалау шаралары басталмаған кезде, ой-пікір алшақтығына төзімділікпен қарауға шақырды. Орыс әдебиетіндегі жағдайды мысалға келтірді. «Кеңестер Одағының осы күнгі өмірі мәдени жолға түсті. Біз бұрынғыдай өзімізге қарсыларды итере салып жоқ қылып жүре бермейміз», деуі кешегі уақыт өтті, қазір уақыт басқа дегенді білдіруі еді.

«Ұлтшыл ақынға қарсы екенбіз, коммунист ақын оны жұдырығымен жыға алмайды. О да өзінің ақындығымен күресуі керек...Қазіргі орыс әдебиетінің түсіп отырған жолы осы. Орыстар Сергей Есенин, Борис Пильняк сықылды жазушыларын коммунист болмаса да, жазғандарын қатасын айтып, көпке беріп отыр. Сондықтан орыс әдебиеті ілгері басып барады. Бізге де осы керек. ...Сондықтан біздің өзімізден шыққан жазушыларды іске асырып, қатасы болса түзетіп, соларды баулу керек» деп жазды /5/. Бұл басқаларға қарайық, олар өз ақындарының коммунист болмаса да жазғанын жариялауда. Бұл әдебиеттің дамуына мүмкіндік тудыруда. Шектен шығып кетпейік. Өзімізді өзіміз шеттетпейік. Қатесі болса түзейік дегенді жеткізуі екендігі талас тудырмайды. Бұл С.Садуақасовтың әсіре большевиктік көзқарас пен позициясыдан алыс тұрғандығын, толеранттық ұстаным тұрғысында таптық шиеленіс тудырмауға жасаған қадам екендігі айқын. Бұл әсіресе, 20-шы жылдардың ортасында сын садағына жиі ілініп, баспасөзде таптық тұрғыда айқын айыптала бастаған Мағжанға араша түсуі еді, басқаларға ой салуы еді деп қабылдауға болады.

С.Садуақасов осы пікірлері арқылы айтыс, сын қажет дей отырғанымен, оның пайдасы бар болғанын қалады. Ұлт мүдесін, халық мұрасын жоғары қойды. Әдебиетке, өнерге байланысты мәселелерде абай болуға шақырды. Баспасөзде көтеріліп жатқан пікірлердің дұрыс бұрыстығына салмақты ой айтты. Көпшіліктің жіктелу нысанасына айналған «жаңа», «ескі» ұғымдарының мәнін түсіндірді. Белгілі бір мәселелерді талдауда байыпты болуға, асылды тануға, оны аршып алумен бағалауға үйретті.

«Қазіргі дәуір – іс дәуірі» деп аталатын мақаласында «Жаңа пікір деп нені айтамыз? Біреудің ойына келмегенді айтқанды жаңа пікір тапты дей аламыз ба? Ылғи ескілікке қарсыны жаңа пікірге санай аламыз ба? деп өткір сұрақтар қоя отырып, оған дәйекті мысал келтіре отырып, дәлелдермен жауап қайтарады. Ол «Мысалы, біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберу керек дейді екен. Себебі, Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарауы керек? Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, жаңа сықылды. Бірақ бұның негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз, - деп нақты, дәл, көңілге қонымды жауап береді

Ақын Абай шығармашылығы жөніндегі таласты мәселеге орнықты пікір білдірді. «Абайдың сабақ болатын жері бар. Абай – анық ақын. Абай әдемі сөздің ұстасы. Абайдан біз әдемі сөзге үйренуіміз керек. Абай құр ақын ғана емес, ол белгілі заманның адамы, заманының болған кертартпалылыққа, бұзақылыққа Абай қарсы болған. Оның сынаған, оның мінеген тұрмысы осы күні, әрине, өзгерді, бірақ әлі өзгермеген, жетпеген жерлері де бар. Олай болса, осы күнгі кем-кетіктерімізбен күресу

жолында Абайдың іске асатын сөздері әлі толып жатыр. Біз «ескі», «жаңа» сөздерінің арасын тым жадағай, құрғақ түсінбеуіміз керек» деп жазды /4, 294-295 бб/.

Осы жолдар арқылы Абайды ескішіл ақын, феодализм, байшыл қоғам ақыны, тапшыл, төңкерісшіл емес деп айтушыларға түсінердей сөз айтты. «Қазақ әдебиетінің сыртқы сипаты қазаққа ұқсаса, ішкі мазмұны жалпы адам баласының қызметіне жасалу керек. Жалпы адамшылық қызмет еңбекші тап тілегімен қабысады» /6, 44 б/ деген қазақ әдебиетінің табиғатына байланысты орнықты пікірі әдебиеттің қазақтық сипаты айқын болуға тиіс, басқаша болуы мүмкін емес, ол жалпы адамзат игілігіне айналуы қажет, ал Абай шығармалары қазақ мүдесі мен мақсұтына сай келді, еңбекші тап тілегімен қабысады, оны үстірт, жайдақ түсінбеуіміз керек деген ойды білдіруі еді.

С.Садуақасовтың басқа қазақ зилыларынан тұлғалық, қайраткерлік ерекшелігі мен айырмашылығы - ұлтжандылығы, табына, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан қазақ зиялыларын бөлшектемеуі, оларды бір біріне қарсы қоймауы, оқшаулау позициясын ұстанбауы, араларына таптық ұстаным деген шекара тартпауы.

Себебі, Ақпан, Қазан революциясынан кейінгі аумалы төкпелі кезеңдегі саяси ахуал қазақ әдебиетінің дамуына өз қол таңбасын қалдырды. Халық арасында кеңінен таралған әдебиет пен өнер саяси әлеуметтік, мәдени күрес аренасына айналды. «Айқап» пен «Қазақтан» басталатын халықтық, ағартушылық бағыттағы әдебиеттің қапталында, қатарласа кеңестік әдебиет туып, қалыптаса бастағаны да ақиқат еді. Әдебиет қоғамдық сана мен түсініктің, қабылдаудың нысанасы болып қана қойған жоқ, қоғамдағы ахуалды бейнелеуші білдірушіге айналды. Ол саяси-әлеуметтік, мәдени іс шарамен астасып жатты. Сондықтан, саяси бағыт-бағдар қазақ зиялыларын, оның ішінде шығармашылық интеллигенцияны олардың арасында айқын шиеленіскен қайшылық тудырмаса да таптық ұстанымдарына сай жіктей бастады. Қазан революциясынан кейін қазақ әдебиеті «революцияға дейінгі «ескі» әдебиет және одан кейінгі «жаңа» әдебиет болып екіге ажыратылғаны белгілі» /7, 140 бб/. Осы кезеңде таптық ұстанымды басшылыққа алған қазақ зиялыларының бір тобы «ескі интеллигенциядан» немесе алашшыл зиялылардан оқшаулана бастады. Мысалы, С.Сейфуллин 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналы мен «Еңбекші қазақ» газеттерінде басылған «Октябрь және ұлт мәселесі» деген мақаласында «Жұмыскер табының жолбасшысы коммунист партиясы. Коммунист партиясы ұлт партиясы емес, тап партиясы. Тап партиясы болғанда жұмыскерлер табының, еңбекші-нашарлар табының партиясы. Және бір халықтың ғана нашарлар табының партиясы емес, барлық жер дүниедегі жалпы жұмыскерлер нашарлар табының партиясы. ...коммунизмнің түпкі мақсаты жер-дүниеге бірдейлік, туысқандық» деп жазды /8/. Пролетарлық жазушы Сәкеннің осы пікірлерінен коммунистік саясаттың, пролетарлық бағыттың дұрыстығына және осы жолдың туралығына 20 жылдардың басында еш қалтқысыз, еш күмәнсіз сенгендігін байқаймыз.

Ақпан, Қазан төңкерістерінен кейін Ресейде саяси аренаға пролетарлық сипатта мәдениет пен өнер дамуына өз тұжырымдамаларымен шыққан ұйымдар мен ағымдар Қазақстандағы ахуалға да ықпал етті. Ресейде Қазан төңкерісінен кейін құрылған «солшыл» ұйымдар ескі мәдениет жетістіктерін теріске шығарумен қатар, олардың жеңіске жеткен пролетариат үшін ешқандай маңызы жоқ деп санады. Пролеткульт және басқа да «солшыл» шығармашылық ұйымдар мен ағымдар пролетариат лабораториялық жолмен өткен қоғам мәдениетімен ешқандай байланысы жоқ, өзінің ерекше мәдениетін жасап шығаруы керек деген бағыт ұстады /9, с.125. Мүмкін осы тұрғыда болар революцияға дейін қалыптасқан патша үкіметіне қарсы күрескен қазақ зиялыларының уақыты өтті, ол сол заманға сай буржуазиялық сипатта болды. Қазіргі уақытта оның қажеті шамалы, тіпті зиянды деген пікір де қалыптасты. Ал, С.Садуақасов «ескі» интеллигенция өкілдері А.Байтұрсынов, С.Дулатов, Ә.Бөкейханов т.б. еңбектерін, патша үкіметіне қарсы жүргізген күресін жоғары бағалады.

Ресейде осы кезеңде Қазақстанның мәдени даму үрдісіне ықпал еткен әр түрлі сипаттағы ағымдар қалыптасты. Пролетар жазушыларының Ресейлік Ассоциациясы

(РАПП), Пролетар жазушылардың Москвалық Ассоциациясы (МАПП), Революциялық Ресейдің суретшілер Ассоциациясы (АХРР), «Октябрь», «театрлық октябристер», лефовшылар (Өнердің солшыл майданы – ЛЕФ), конструктивистер және басқа да солшыл ұйымдар мен ағымдар мәдениет пен өнердің дамуына байланысты әр түрлі бағыттарды ұсынғанымен, кейбір мәселелерде өзара қайшылықта болғанымен, өткен дәуір мәдениетіне байланысты оны толық қажетсіз деп, теріске шығарып ортақ бағыт ұстанды /9, с.127/. Өздерін мәдениет құрылысының жаңа жолын салушылар ретінде санап, өткеннің бәрін, тарихи мәдени құндылықтарды да «буржуазияшылдық», «ескішілдік» деп жариялады. Өз пікірлерімен келіспейтіндермен теориялық тұрғыда айтысып қана қойған жоқ, шығармашылық ұйымдардың, көркемөнер оқу орындарының басшылығында отырғандар әдебиет пен өнер қайраткерлеріне әкімшілік тұрғыда қысым жасады. Революцияға дейін танымал болған әдебиет пен өнер қайраткерлерінің шығармаларын талдау, сынау науқаны белең алып, олардың өздері де идеологиялық жағынан сенімсіз, «буржуазияшыл» жат элементтер ретінде көркемөнер, шығармашылық ұйымдар мен оқу орындарынан аластатыла басталды.

Мысалы, Көркемөнер Академиясының ректоры Ф.А.Маслов барлық бұрыннан келе жатқан ескі профессорларды жұмыстан шығарып, Академияның мұражайын жоюға бұйрық берген /9, 127/. Жаңадан әлі ештеңе жасай алмай отырып, ескінің бәрін жоюға кіріскен. Себебі, Көркемөнер Академиясы профессорлары патша заманында қалыптасып, сол жылдардан бері жұмыс істеп, мәдени-рухани салада танымал болған адамдар еді. Сондықтан, оларды төңкерісті қолдамайтын ескі ой-көзқарастағылар ретінде алыстатты. Көркемөнер Академиясының мұражайын да өткен буржуазиялық мәдениетті сақтаушы, насихаттаушы шығармашылық мекеме ретінде санап, оның төңкеріс рухы мен таптық саясатқа жат құбылыс ретінде жою қажет деп санады.

Мұндай жағдай басқа да салаларда кездесті. Максимализм мен әсіререволюцияшылдық жалпы мәдени маңызы бар бұрыннан келе жатқан қоғамдар мен ұйымдардың жабылуына ықпал етті. «Ресейдің ежелгілері және тарихы қоғамы», «Ресейдің сөз өнерін сүюшілер қоғамы», «Көркемөнерді сүюшілер қоғамы» және «Кітап достарының орыс қоғамы» және басқалары пролетарлық талапқа сай болмағандықтан жабылды.

1922 жылы әдеби жағдайды, жалпы қоғамның шығармашылық өмірін түбегейлі өзгерткен шешуші қадам жасалды. Осы жолдағы оның негізгі кезеңі Главрепертком мен Главлит тұрғысында саяси цензураның құрылуы, 1922 жылдың 3 тамызында одақтар мен қоғамдар туралы бірінші заң актісінің жариялануы мен басылып шығуы және шығармашылық одақтар мен қоғамдардың пайда болуы, құрылуы және қызмет етуінің барлық жағын белгілеп беруі мен қоғамның саяси жүйесіндегі орынын айқындауы. 1922 жылдың тамызында өткен РКП(б) ның XII съезі шешімі де интеллигенциямен қарым қатынас туралы мәселеде жаңа бағытты белгіледі.

1922 жылдың ақпанында Орталық Комитетінің Үгіт насихат бөлімі өткізген «Баспа әдебиет саласындағы ұсақ буржуазиялық идеологиямен күрес туралы» кеңесі цензураны мемлекеттік институт ретінде қайта оралту, баспасөз бен әдебиеттегі большевизмге жат пікірлерді шектеу қажеттілігін басты мәселе ретінде қойды. Бір мезгілде әдебиет саласында тап күресінде пролетарлық позицияны нығайту қажеттілігін де көтерді. Бұрынғы өткен әдебиеттің барлығы да, тұтастай мәдениет «буржуазиялық», «контрреволюциялық», бұқара халыққа жат деп жарияланды. Марксизм классиктерінің еңбектері мен оның қағидалары осы жылдары бірден бір дұрыс абсолютті ақиқат ретінде қабылданды. Онымен әдебиеттегі барлық бағыттар мен кез келген теориялық ұстанымдар міндетті түрде санасуға тиісті болды. Маркстік догмамен сәйкес келмейтін шығармалар буржуазиялық деп саналды.

Пролетарлық мәдениетті жақтаушылар мен футуристер арасында осы кезеңде өнердің жаңа әлеуметтік рөлі туралы доктрина пісіп жетілді. Пролетарлық ақын баспасөзде «әлеуметтік инженерия» деген терминді қолданып, өнер құралдарымен

адамның әлеуметтік өмірін ғана емес, психикасын да өзгертуге, қайта құруға болады деп санады. А.Гастевтің пікірінше адам эмоциясының барлық саласын математикаландыруға, есептеуге «көңіл күй коэффициентін» табу арқылы жүйелі бақылауға алуға болатын еді. «Тап күресінің міндеттеріне байланысты» өнер туралы ілім міндетті түрде адам психикасына ықпал етудің эмоциональды – ұйымдастырушы тәсілдерінен тұруға тиіс де, бұрынғы эстетика атаулыны тап күресі міндеттеріне жауап бере алмайтын қажетсіз ілім ретінде қолданыстан алып тастау ұсынылды. Футурист С. Третьяков «өнер қызметкерін» «инженер – психолог», «инженер – конструкторға» айналдыруды, ғылым адамы қатарына қоюды ұсынды. Кейін И.Сталин социалистік реализм жазушысының мәні мен сипатын айқындағанда осы сөзді мағынасын өзгертпей нақпа нақ қайталап «Жазушы – адам жанының инженері» болуға тиіс деді.

Пролеткульттің қызметі В.И.Лениннің РКП(б) Орталық Комитетіне жазған «Пролеткульт жөнінде» деп аталатын хатында қатты сынға ілінді. Олардың іс әрекеті сыналып, 20 жылдардың басында осы ұйым әкімшілік жолмен жойылып, өз қызметін тоқтатты. Бірақ, оның идеялық ұстанымдарына берік, жаңа қоғамда жаңа пролетарлық мәдениет, таптық мәдениет болуға тиіс және олар жеңген саяси күштің мақсат мүдесін білдіргендіктен жетекші роль атқаруға тиіс деген идея өз күшін жоғалтқан жоқ /10/.

Осы жылдары қазақ әдеби ортасында да қазақ әдебиетінің шығармашылық және мәдени сабақтастығы, жалғастығына байланысты айтыс туды. Бір біріне қайшы көзқарастар баспасөзде көріне бастады. Өткен кезеңдегі қазақ әдебиеті, оның ішінде Абайдың бай мұрасы, шығармалары да ұлтшылдық көрінісі деп айыпталып сынға ілінді.

С.Садуақасов секілді қазақ әдебиетінің даму бағыттарын талдаған Ж.Аймауытов «Әдебиет мәселесі» деген мақаласында осы мәселеге ауқымды қарап жауап беруге ұмтылды. «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде: күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм), санашылдық (идеализм), нағыздық (реализм) дәуірінде ме? Тұрмысқа, заманға қайсысы қатысады? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі болды ма, енді бола ма?... Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жағынан уайым қайғы, торығу кіргізді. ... Тап ақыны қазақта әзір жоқ. ... Қазақ жазушылары, ақындары төңкеріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған. Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қоюы мүмкін емес. Төңкеріске, коммунизм жолына көрінеу қасақылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды пайдалануға болады... Қожалық құрған, билеп-төстеген үстем таптың әдебиеті мен төменшек, әлсіз, езілген бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиетінен айырмасы бар, һәм болмақ.... Әдебиет - өнер. Өнер азды-көпті еркіндікті тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап сыңаржақ кетпей Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең... Алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз...» деп жазды /11,14 б/.

Заманның бет алысын байқап, аңысын аңдап жазса да, Ж.Аймауытовтың пікірі С.Садуақасов көзқарасымен ұштасып жатты. Сол жылдары пролетарлық сыншылардың таптық ұстанымын айқын білгенімен, қауіп қатерді де сезгенімен, таптық сипатымен қазақ ақындарын екшеудің дұрыс еместігін, жалаң тап көзімен қарамау керек екендігін жазды. Бірқатар қазақ зиялылары Ғ.Тоғжанов, Ә.Байділдин, І.Құрамысов т.б таптық ұстаным тұрғысында С.Садуақасовтың әр ісіне, ой пікіріне саяси-идеялық сипат беріп ұлтжанды азаматты оңды солды сынап голощекиндік идеологиялық шокпарға айналды/12/. Сын сағатта азаматтық, тұлғалық позицияда тұра алмады. 1922 жылдың 19 тамызында Қазақстанның келешектегі даму үрдісіне назар аударып маман дайындау мәселесін көтеріп, елдің экономикасы мен мәдениетін дамытудың жолдарын ұсынып ҚазОАК төрағасына, Халық ағарту комиссарына бірге хат жазған Ә.Байділдин де /13,251-253 бб/ С.Садуақасовты «байшыл, ұлтшыл, оппозицияшыл» деп сынады.

Осылай қазақ зиялыларының жіктелуі, бөлшектенуі тереңдей түсіп қоғамдық өмірде, оның ішінде әдебиет пен шығармашылықта да ұлттық мүдеден гөрі, таптық ұстанымды бірінші кезекке қойған, большевиктік сипаттағы саяси-идеялық баррикада қалыптасты. Бұл жағдай қазақ зиялыларының ұлтжанды, ұлттық рухтағы бөлігін баррикаданың екінші жағына олардың өздері қаламаса да, олардың кеңес үкіметіне қарсы ешқандай қарсы ниеттері болмаса да шығарып тастауын тудырды.

Таптық ұстаным белең ала бастаған кезеңде С.Садуақасовтың толеранттық позициясы, қазақ оқығандарын қолдауы, оларға таптық ұстаным тұрғысында қарамау қажет екендігін білдірген батыл ой пікірі мен ұлт мүдесі жолындағы қызметі оның ұлтжандылық, азаматтық позициясын айқындады. Ел тағдыры, халық қамы, ұлт мүдесі С.Садуақасовтай кесек тұлғаның қызметінің ғана емес, өмірінің де мәні болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ленин В.И. Партия ұйымы және партиялық әдебиет. 109-бет.
2. Қамзабекұлы Д., Смағұл Садуақасұлы (1900-1933). // Смағұл Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Алаш», 2003. – 352 б.
3. Алаш ақиықтары: Мақалалар, деректі құжаттар, аудармалар. – Алматы, «Алаш», 2006. – 288 б.
4. Смағұл Садуақасұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Танымдық зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Алаш», 2003. – 352 б.
5. //Еңбекші қазақ, 1925, 23 қараша.
6. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1 кітап. Алматы: Ғылымы, 1997. -512 б).
7. Қаленова Т.С. Әдебиет: саясат пен идеология мәселесі. (XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі материалдары бойынша) «Шоқан тағылымы – 10» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2005. Б. 139-143.
8. Сейфуллин С. Октябрь һәм ұлт мәселесі. //Қызыл Қазақстан. 1922, №12; //Еңбекші қазақ, 07.11.1922.//
9. Великая Октябрьская социалистическая революция и становление советской культуры 1917-1927. М; «Наука», 1985. 526 с.
10. Вопросы культуры при диктатуре пролетариата. - М., Л., 1925. – С.79.
11. Аймауытов Ж. Әдебиет мәселесі. Ақ жол//, 1925, 1 сәуір. //20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап. Алматы: Ғылым, 1997.
12. Тоғжанұлы Ғ. Қазақ коммунистерінің көпшілігі партия жолында. //Қызыл Қазақстан, 1927 ж. №2. 1-14 бб; Кімдікі жала (Смағұлға жауап) //Қызыл Қазақстан, №3-4. 32-44 бб; Құрамысұлы І. Ұлттар және байшыл ұлтшылдар туралы. //Еңбекші қазақ. 1928, 24 февраль; Бәйділдаұлы Ә. «Жас Қазақстан» тонын жамылған Сәдуақасовшылдық. «Еңбекші қазақ» 1929 ж. 10-11-12 апрель;
13. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. – Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. –2003, -296 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала қазақтың көрнекті қайраткері С.Садуақасұлының қазақ әдебиетіне қатысты көзқарасын талдауға арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена взглядам выдающегося казахского деятеля С.Садвакасова о казахской литературе.

ПАТША ӘКІМШІЛІГІНІҢ ЖЕТІСУДА ЖҮРГІЗГЕН ОТАРШЫЛДЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ НАРАЗЫЛЫҒЫ

Жүрсінбаев Б.А.- т.ғ.к. (Алматы қ., Абай ат. ҚазҰПУ)

XIX ғасырдың 60 жылдарында Жетісуді өзіне бағындырған патша өкіметі өлке халқына жаңа сот әкімшілік ережесін енгізеді. Бұл ережеге бойынша талан-тараж, барымта, кісі өлтіру секілді ірі қылмыстар билерден алынып орыс сотының қарауына берілді /1, с.52/.

Сонымен қатар Ресейлік соттық билікті енгізуге тырысқан патша әкімшілігі Ұлы жүз қазақтарының арасында ғасырлар бойы қалыптасқан билер сотының байланыстарын жоюға кірісіп, оларды орыс әкімшілігіне тәуелді ете бастайды. Мысалы, Тіленші Балпықов деген би орыс әкімдеріне былай деп шағымданады: «Біздің заңымыз бойынша жалайырлардың биі Айдар Сүйіндіков менің адамымның қолын сындырғаны үшін, маған жартылай құн төлеуі керек. Сондықтан менің өтінірім, аға сұлтан Сүйік Абылайханов менің арызымды қанағаттандырса екен» /2, 9 п/.

Ғасырлар бойы қалыптасқан жүйелі билер сотына шектеу және оны орыс әскери әкімшілігінің бақылауына беруі өлкеде шексіз озбырлық, заңсыздық пен пара алушылық кең қанат жайып, қазақтардың құқығы көпе-көрнеу аяққа тапталды. Атап айтқанда, Алтын Емел пикетінің бастығы Мамырхан сұлтанның баласы Сұлтанғазыдан 3 түйе, 1 сиыр, 3 қой және 15 лақты ұрлап алып, оны наймандардан көрген, ал қоңыр бөріктілердің бір ауылынан жақын келіп қоныстанғаны үшін 10 қой заңсыз салық алған [3, 1 п].

Сондай-ақ Кіші және Үлкен Алматы станицалары, Қастек және Іле бекіністері, Қаскелең қонысы және Шеңгелді пикетінің бастықтары пішен шабындықтарын бүлдірді деген сылтаумен маңайында отырған қазақ ауылдарына тыныштық бермей, Тезек және Мамырхан сұлтандардың ауылдарын пикет маңынан қуып жіберген. Жергілікті орыс әкімшілігінің шенеуніктерінің шектен шыққандығы соншалықты өлкеде орналасқан әскердің аттарына беретін пішенді 2 жыл бойы қазақтарға тегін шаптырғанған /4, 69-72 п/.

Тіпті кейбір кіші орыс шенеуніктері өзеннің арғы бетіне өткен әр қазақтан 1 қойдан алса, Туғанбай бидің баласынан малын көп деген сылтаумен 40 қойы мен бірнеше жылқысын заңсыз тартып алған [5, 12 п].

Ал Мөңке Бектібаев деген қазақтан шенеуніктер малын пикет маңында ағып жатқан суғарғаны үшін 2 шапан, 3 қой, келесі күні тағы да 1 кілем мен 1 қойын алып, аттың күміс жүгенін беруін талап еткен. Бектібаев күміс жүгенді беруден бас тартқан кезде, одан пішенді таптадың деген сылтаумен түйесін тартып алған [6, 6 п].

Өлкедегі орыс әкімшілігінің жергілікті халыққа жасаған қысымы күшті болғаны соншалықты округ бастығы Колпаковский шенеуніктерге қатаң шаралар қолдануға мәжбүр болып, кейбіреулерін қызметінен алып, Омбыға қуып та жібереді /7, 5 п/.

Алатау округының бастығы Г.А.Колпаковскийдің өзі де Жетісуда Ресей билігін орнатуда және оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруда жергілікті халықты қатаң жазалауға дейін барған. Оның аға сұлтандарға жіберген ескертуінде: «Мен сендерге бұйырамын, қазақтардың қару ұстап жүруіне тиым салыңдар. Егер кім де кім қарумен ұсталса, сол жазаға тартылады. Қазіргі уақытта бүкіл Алатау дуандығы әскери жағдайда тұрғандықтан, қазақтар өкіметке қарсы қылмыстар мен опасыздықтар жасайтын болса, онда олардың ісі ерекше әскери сотқа беріліп, табан астында атылады» делінген /8, 11 п/. Әсіресе ол Шапырашты руларының қоқандықтарға қосылып Іле көпірі мен орыстардың станицаларына шабуыл жасап, шөптерін өртеп жібергенін кешірмей шапыраштылардың биі Нұрбота мен Сұраншы батырға былай деп хат жазады: «Шапырашты халқының қоқандықтармен байланыс жасауы өкінішті-ақ, бірақ олар сол үшін жазасын тартады» /8, 3 п/.

Сонымен қатар Колпаковский Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздардың арасында орыс билігін баянды ету үшін небір айла-амалдарға барады. Мәселен ол солты руының манабы Жәңгір Исходжинге былай деп ескерту жасайды: «Саған және сенің руластарыңа үйлерінен шықпау туралы бұйрық беремін. Менің бұйрығымның орындалуы үшін сенің бауырың мен ұлың Пішкекті қиратқанша бізде кепілдікте ұсталады. Егер де сенің қырғыздарың қарумен бізге қарсы шығатын болса, онда сенің бауырың мен ұлың дарға асылады» /9, 47 п/. Ол жергілікті халыққа ескерту жасап, олардан аманат алып қана қоймай орыс билігіне қарсы шыққан руларды жаппай қырғынға ұшыратуда іспен де көрсете алған. Мысалы старшина Бутаков бастаған 200 казакты қоқандықтарға қосылып кетеді деген қауіппен солты, бөлекпеш, корчи, кокуши, шайтек, байсенды және тағы басқа қырғыз руларының ауылдарына шауып келуге жұмсауы осыған дәлел бола алады /10, 2 п/.

Колпаковскийде тым шектен шығып, халыққа аса ауыр зомбылықтар жасаған. Оның қатыгездікке барғаны соншалықты казактардың қырғыздардың ауылына жасаған келесі бір жорығынан кейін ол қырғыздарды біржола қазақтардың қас дұшпанына айналдыруды көздеп, қолға түскен қырғыздың әйелдері мен балаларын жазалауға қатысқан қазақтарға олжа ретінде «сыйға» тартады. Алайда Колпаковскийдің адмагершілікке тән келмейтін осы жабайлылық әрекетін Батыс Сібір генерал-губернаторының өзі оны құптамай, оған сөгіс беріліп, «олжаға» түскен әйелдер мен балаларды қайтадан туысқан қырғыз руларына қайтарып бергізеді /11, 3 п/.

Дегенмен Колпаковскийдің Жетісуда Ресей билігін жүргізудегі «ерекше қызметі» Батыс Сібір генерал-губернаторының көңілінен шыққан. Колпаковскийдің патша билігінің орнауы қарсаңындағы Жетісу өлкесінде белең алып, күнделікті дағдыға айналған қазақ-қырғыз руларының арасындағы барымта, жер дауы, жесір дауы, руаралық жанжалдар және тағы басқа келеңсіз жағдайларға кең түрде араласуы, оның «шеберлік» қасиетін көрсетті. Мұрағат деректері осы көрсетілген жағдайларды дәлелдейді. Соның бірнешеуіне назар аударсақ. Біріншісі, Аблез сұлтанның Копаковскийге жазған хатында былай делінген: «Мен қырғыздарға 200 жігітімді барымтаға жіберген едім. Олар біраз малды олжалап аман-есен кейін қайтты. Сұлтанбектің ұлы Қотан 200 жылқына айдап кеткен еді, бірақ ботпайлар қайтарып ала алды» /12, 62 п/. Яғни, Колпаковскийдің бұйрығы бойынша қимылдаған Аблез сұлтан Ресейге бағынғысы келмеген қазақтың рулары мен қырғыз руларына барымталар жасап, мазаларын келтірген.

Екіншісіне, қырғыздардың мына шағым хаты мысал бола алады, онда «Орыс бастығына құрметті қырғыздар Жанғараш, Сұлтанай, Байтық, Құршыдан. Орыс бастығы бұйырыпты, екі аяқтыға сауда жоқ, төрт аяқтыға қайту жоқ. Содан бастап Күнту 200 жылқы, одан кейін Қашай 250 жылқы айдап кетсе, астық жинап жатқанда қашқарау Қышан 300 жылқы айдап, 40 егіншіні өзімен бірге алып кетіп, құлдыққа сатып жіберген. Сұлтанай 750 жылқыны айдап бара жатқанда тұтқынға түседі. Сол кезде Сіз хат жазғаннан кейін, оны жолдастарымен босатып жіберіп, енді тыныштық орнайтын шығар десек, артынша Әділ мен Қазыбек келіп 250 жылқымызды, Ақтыбай мен Нұрбай 80 жылқымызды айдап кетті» /12, 10 п/.

Ал мына бір келесі құжатта Колпаковскийді айдап салуымен барымтаға барған қазақтардан ығыры шыққан қырғыздар жауап ретінде барымтаға шығып, қазақтардың малдарын олжалап, адамдарын тұтқынға алып кетеді. Осыған байланысты Колпаковский Сұраншыға былай деп хат жазады: «Сіздің сарыбағыштардың тұтқынында жатқан туыстарыңыз Шынасыл мен Сыпатайды және олжаланған малдарыңды қайтару туралы қатал түрде манаптары Әділге хат жаздым. Оған дейін Аблез келсе, Сарыбай және Базарбек бәрің жиналасыңдар, сол жерде жағдайға қарай манап Әділден қалай есеп айырысу керек жөнінде нұсқау беремін» /12, 19 п/. Құжатта көрселгендей Колпаковский қырғыз билеушілерін қорқытып, қазақтарға адамдары мен малдарын қайтарып бергізеді де, қазақтарды қайтадан барымтаға аттандырады.

Батыс Сібірдің генерал - губернаторлары да Колпаковский басқарған Жетісудағы патша әскери әкімшілігінің шектен шыққан іс-қимылдарына қолдау көрсетіп қана қоймай, Ұлы жүз қазақтары мен қырғыздарды қатаң түрде қадағалауды және мүмкіндік болса бір-біріне айдап салу туралы қайта-қайта нұсқаулар берген. Бұл нұсқаулардың бірнешеуін мұрағат құжаттары негізінде көрсететін болсақ, онда былай делінген: «Герасим Алексеевич, өкінішті-ақ, Сіздің Діқанбай, Андас және Әшекейлерді тез-ақ босатып жібергеніңіз. Оларды әлі де тұтқында ұстау керек еді. Амал қанша, болар іс болды. Ендігі Сізге берер ақылым, бұл көшпенділердің сыртынан аңду қиын болса да, қатаң бақылауға алыңыз» /13, 43 п/.

Сондай-ақ Батыс Сібір генерал-губернаторының патша билігіне қауіп төндіруі мүмкін-ау деген қазақ билеушілерінің билігіне шектеу қою керек екенін ескерткенін мына бір нұсқауынан байқауға болады: «Қазақтарға қатал шара қолдану қажет. Бұл тайпалар жақсылық жасағанды түсінбейді. Бүлікті бастап жүрген де, бүлікшілердің басында тұрған да сұлтан Әли. Оны әлдеқашан тұтқындау керек еді. Қазір уақыт өткізіп алғандықтан, тек кінәсі барларды ғана тұтқындап, Әли сұлтанға уақытша тиіспей, әр басқан ізін аңдыңыз. Бақтайыр қауіпті болса, оны Верныйға шақырып алып тұтқындауыңызға болады. Тазабекті де тұтқындауыңызға болады, егер ол қауіпті және опасыз болса. Қамбар мен Тіленшіге келгенде өте сақ болыңыз. Өйткені, жалайырлар әлі сыр берген жоқ. Егер олар да сенімсіз болып, тұтқындау қажет болса, онда подполковник Гриненко екеулеріңіз келісіңіздер. Орта жүз бен жалайырлар арасындағы қырқысты қайта тудыру үшін, Орта жүзден екі делдал шығып, жалайырлармен жанжалдассын. Талас-тартыс басталған кезде, оларды Орта жүзбен келіссөз жүргізесіңдер деп Қапалға шақырып алып, сол жерде тұтқындандар. Бұл жабайы жалайырларды билікте ұстау үшін, оларды үнемі өзара жанжалдастырып отыру керек. Олардың өзара араздығы біздің күшімізді күшейте түседі. Дулаттар мен бұғылардың арасындағы ертеден келе жатқан дауларды да қоздырсақ, бізге пайдалы болатын еді. Казактарға опасыздарды жазалағаннан кейін, олардың ауылдарын тонауға мүмкіндік беріңіз. Тегін олжа казактарды қызықтыра түседі» /13, 72 п/.

Сібір әкімшілігі Колпаковскийге Әли сұлтанмен қатар Тезек сұлтанға да мұқият бақылау орнату керектігін көрсетеді. «Тезектің сыртынан мұқият бақылаңыз,- дейді Гасфорд,- мүмкін болса руластарының арасындағы беделін түсіріп, оған қарсы туысқандары мен төлеңгіттерін айдап салыңыз. Оның әрбір қимылын бақылап, маған хабарлап отырыңыз» /13, 18 п/.

Батыс Сібір генерал-губернаторы аталған сұлтандарды қадағалаумен қатар оларды бір-біріне айдап салу қажеттігін де ұмытпайды. Оның Колпаковскийге берген №1655 нұсқауында: «Сіздің қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарына жүргізіп отырған саясатыңызға байланысты бір-екі нұсқау берсем деймін. Соңғы жағдайлар көрсеткендей, дулаттар сенімсіздік көрсетіп отыр. Оған басты кінәлі мұсылман фанатиктерінің Әли сұлтанға тигізген ықпалы, ал ол басқаларға таратуда. Сондықтан оның беделіне қарсы Тезектің беделін қойыңыз. Ол үшін Тезекті әр түрлі сылтаумен марапаттап, ерекше пейіл аударыңыз. Сол кезде Әли сұлтанда қызғаныш пайда болып, Тезек екеуінің арасында араздық туады. Жалпы алғанда Әли сұлтанға қарсы болғандарды қолдай беріңіз. Осындай мақсатпен дулаттармен болып жатқан дау-жанжалда бұғыларды қолдаңыз» /9, 110 п/.

Келесі бір құжатта Батыс Сібір генерал-губернаторы Колпаковскийге қоқандықтармен байланыс жасап, орыс билігіне күдік келтірген қазақ билеушілері болса тез арада тұтқындауға бұйырады: «Мен алдында Сізге жазған едім, қазір де қайталаймын. Қоқандықтармен байланыста болған қазақтарды тауып, оларды күдік келтіргені үшін тұтқындап, басқалармен бірге Қапалға жөнелтіңіз. Сұраншыны экспедицияға баратын әскердің қатарында жүруге мәжбүрлеп, қырағы бақылауға алыңыз. Оның бауырын аманатқа алыңыз. Соған байланысты ол еш жаққа қашып кете

алмайды. Қолдан келгенше Ұлы жүздің ру басшылары мен билерінің арасындағы алауыздықты қыздырыңыз. Сонда ғана біз сатқындарды таба аламыз» /9, 10 п/.

1859 жылдың қарашасында осы нұсқаумен Қастек төңірегін шолуға барған Колпаковский Сұраншы батырмен жолығып, одан қоқандықтармен қатынасқа түскендерді сұраған кезде ол Шу жақтағы Қасқарау Керім би сияқты дулаттардың билері Пішпек төңірегінде көшіп-қонатындықтан қоқандықтардың көз алдында болып, бері қарай өтулері қиын, екіншіден, қыстың түсуі де таяп қалуынан, олардың, әсіресе, кедейлердің көтеріліп, көшуі қиын, сондықтан дулаттар орыс иелігіне көктемге қарай көшіп барады өз руластарын қорғап бағады. /14, 6-п./.

Қоқандықтардың жаңа шабуылына қарсы шаралар жасаған патша әкімшілігі «қазақтарды мейіріммен емес, қорқытып ұстаған жөн» деген Омбы шенеунігінің ұсынысына сай әрекет етеді /13, 48-49 пп/.

Сібір әкімшілігінің нұсқауын Колпаковскийдің Ұлы жүздің аға сұлтандарына жіберген хатынан байқаймыз. Онда былай делінген: «Қоқандықтар биыл біздің иелікке келер алдында орыс билігіндегі сұлтандарға, билерге және қарапайым қазақтарға Ресей үкіметіне қарсы шығуы туралы өздерінің үндеулерін таратады. Бұл үндеулерге көптеген жеңілтек билеушілер мен қазақтар еріп, бізге қарсы шығып, өздерінің берген парыздарын бұзды. Бірақ орыс қаруының күшіне сенгендер де табылды. Алдағы уақытта қоқандықтар қайтадан келіп, өздерінің үндеулерін таратуы мүмкін. Егерде сол үндеулерді таратуға кімде-кім ықпал жасаса немесе сол үндеулерге кімде-кім еріп, орыс үкіметіне деген адалдығын бұзса, солар бүкіл руымен жазаланатын болады» /15, 115-116 пп/.

Ұзынағаш шайқасы көрсеткендей Жетісу қазақтары мен қырғыздардың басым көпшілігі Қоқан хандығын қолдаған. Мысалы, шапырашты руынан шыққан Андас және Сұраншы батырлар, ботбай руының атақты адамдары Діқанбай мен Әлжан өз қаражаттарынан қоқандықтар жағына орыстарға қарсы шайқасқан еріктілердің жасақтарын ұйымдастырып қаруландырған. Олар Қапал бекінісін басып алып, қиратуға да ниеттенді /16, с.289-290/. Шапыраштылар болса Қапал мен Верныйдың арасындағы байланысты үзбек болып, Іледегі көпірге шабуыл жасап, Іленің бойындағы орыстардың қоныстарын өртеп, көптеген казактарды өлтіріп кетеді.

Шапыраштылардың осы әрекеті үшін Сібір әкімшілігі Колпаковскийге олардың бүкіл дүние-мүлкі мен малдарын тартып алып, олардың ең басты сұлтандары мен билерін жазаға тарту туралы нұсқау береді /13, 34 п/. Осы нұсқауға қосымша жіберген Гасфордтың келесі бір нұсқауы орыстардың «бүлікшіл» қазақтарды жазалауда аяусыз қатыгездікке барғанын көрсетеді. Онда: «... алдындағы жүйені өзгерту қажет және станицалар мен әскери бөлімдерде казактардан әскери полициялар құрып, олар кез-келген қару ұстап жүрген қазақты жою керек. Іленің арғы бетіндегі бүкіл қазақтарға, әсіресе дулаттар, шапыраштылар мен қашқарауларға сатқындығы үшін Іле өлкесі бұдан былай әскери жағдайға келтірілгендігін жариялаңыз. Егер де қазақтар Ресей билігіне наразы болып, аздап болса да сатқындық жасайтын болса, онда оларды табан астында атып тастап, ауылдарын өртеп және дүние-мүліктері мен малдарын талаңыз. Осы шаралар арқылы біз олардың батылдығын басып, бізден сақтануға үйретеміз. Әсіресе, біздің иелігімізде көшіп жүрген дулаттарды үрейде ұстау керек. Сол үшін Надеждино қонысы мен Талғар және Есік өзендерінің бойына екі зеңбірегі бар бір жүздік казактарды қойыңыз. Жаңа Қаскелең станицасына қарай оңтүстік шығыста шапыраштылар мен сарыбағыштарды және Байсейіттің «қарақшыларын» жоятын мықты әскер ұстау қажет. Негізінде бұл жаққа қоқандықтар қазақтардың қолдауымен ғана келіп жүр. Казактар қазақтарды атқан кезде бірде-бір оғы босқа кетпесін» /13, 67-68 п/.

Ұзынағаш соғысынан кейін шапырашты Сұраншы батырдың Байсейітке барып қосылуы орыстарды қатты састырған. Ол туралы Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфордтың Алатау дуандығының астығы Колпаковскийге жіберген нұсқауында былай

дейді: «Біз енді прапорщик Сұраншыны ең қауіпті жау деп санауымыз қажет. Оның Байсейітпен байланысқа түсуі бізге көптеген қиыншылықтар әкелері сөзсіз. Сондықтан Сұраншыны кейін қайтаруға күш салыңыз» /17, 54 п/.

Байсейіт пен Сұраншының бірге болуы орыстарға зор қауіп туғызары сөзсіз еді. Оған Сұраншының Тезек сұлтанды орыстардан бөлініп, бірге болайық деген хаты дәлел бола алады. Онда: «Егер де сіз қаласаңыз біз жаққа өтіңіз. Бәріміз бірге болайық. Сіздің бұл жақтағы қауіпсіздігіңізге біз толық жауап береміз» - делінген /17, 23 п/. Алайда орыстардың Тезек сұлтанның сыртынан мықты бақылау қойылуы мен Байсейітті жалдамалы жансыздар арқылы өлтіруі Ұлы жүз қазақтарының патша өкіметіне қарсы қарсылығын бәсеңсітуге көмектеседі. Дегенмен, патша өкіметі Ұлы жүз қазақтарының наразылығын Орталық Азияны толық жаулап алғанға дейін тоқтата алмаған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Крафт И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях. Оренбург. 1898. - 214 с.
2. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 333-іс.
3. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 94-іс.
4. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 141-іс.
5. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 156-іс.
6. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 514-іс.
7. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 370-іс.
8. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 402-іс.
9. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 50-іс.
10. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 188-іс.
11. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 34-іс.
12. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 491-іс.
13. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 33-іс.
14. ҚРОММ. 3-қ., 1-т., 47-іс.
15. ӨРОММ. 715-қ., 1-т., 28-іс.
16. Пичугин П. Вторжение коканцев в Алатауский округ в 1860 году. //Военный сборник. СПб., 1872. № 5-6. С. 285-298.
17. РФОММ. 366-қ., 1-т., 238-іс.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада патша әкімшілігінің Жетісудағы жергілікті халықпен байланысы көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается вопрос о взаимоотношениях царской администрации в Семиречье с местным населением.

XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ ОРЫС-ҚЫТАЙ ТАЛАС ТАРТЫСЫ

Жұбанышов Б.Т. -т.ғ.к., аға оқытушы (Алматы қ.ҚазмемқызПУ)

XIX ғасырдың I жартысында патша үкіметінің алдында капиталистік қатынастарға түскен Ресей экономикасына, яғни өнеркәсібі мен саудасына шикізат көздерін табу үшін жаңа отар елдер иелену мақсаты тұрды. Осы мәселені жүзеге асырмақ болған патша үкіметі орта ғасырлық даму деңгейінде тұрған қазақ даласы мен Орталық Азия мемлекеттерін жаулауға көшеді. Осыған дейін патшалы Ресей қазақ даласының батысы мен шығысын және солтүстігін бағындырып, ендігі кезекте оңтүстік өңіріне басып кірудің дайындық шараларына кіріседі. Жалпы алғанда қазақ даласының оңтүстігі Ресей империясының стратегиялық саясатында бірнеше себептерге байланысты маңызды орын алды. Біріншіден, Оңтүстік Қазақстан табиғат байлықтары мен мал өнімдеріне бай өлке ретінде патша үкіметі мен орыс буржуазиясын қызықтырды. Осы шикізат көздері шарықтап дамып келе жатқан Ресей манафактурасын қамтамасыз ете алды.

Екіншіден, патшалы Ресей үкіметі Оңтүстік Қазақстаннан шикізат көздерін алып қана қоймай, қолайлы және «қауіпсіз» сауда жолдарын жасауға тырысты. Ал қазақтың оңтүстік өңірі болса сауда керуен жолдарының торабында жатқандықтан, Шығыс Түркістан мен Орталық Азияның саудасына ықпал жасауына мүмкіндік берді /1, 92 б/.

Үшіншіден, бұл өлке Орталық Азия, Ауғанстан, Шығыс Түркістан және Үндістан сияқты елдерге басып кіретін «қақпа» еді. Өлкенің стратегиялық маңызын И.Завилишин өз еңбегінде былай деп ашады: «Бұл жерден Қоқан мен Батыс Қытай ғана емес, ағылшындардың Үндістаны да қашық емес» /2, с.130/.

Орыстың келесі бір дерегінде былай делінеді: «Бұл өлке Үндістанға есік ашып береді» /3, с.33/.

Патша үкіметінің бүкіл Азияны өз иелігіне айналдыруды I Петр жасап кетеді. Қазақ даласын Шығысқа басып кіретін «алтын қақпа» деп баға берген орыс патшасы, өзінің басқыншылық жоспарын мұрагерлеріне өсиет ретінде қалдырады. Осыған байланысты Макшеев өз еңбегінде былай деп жазады: «Император мұрагерлеріне Шығысты түпкілікті жаулау туралы жоспар құрып кетеді. Олар осы жоспар бойынша Шығысқа қарай үш бағытпен қимылдады: Шығыстағы Түркістаннан Үндістанға, оңтүстіктегі Кавказдан Персияға және Азиялық Түркияға» /4, с.47/. I Петрдің өсиетіне лайық қимылдаған орыс патшалары барлық күшін империяның шекарасын кеңейтуге және отар елдерді көбірек иеленуге жұмсайды. Осы мақсатты көздеген Ресей империясы Еуропаның ірі мемлекеттерімен отар үшін күресуге бел байлайды.

Әсіресе, I Павелдің кезінде патша үкіметінің отарлық саясаты кең көлемде талданып, оның негізгі бағыттары айқындалады. Сарай министрі М.В. Ростопчин патшаның тапсырмасы бойынша Ресей империясының сыртқы саясатын анықтайтын бағдарламаның жоспарын дайындайды. Оның жоспарында империяның көлемін ұлғайтудың бағыттары көрсетіліп, Англия, Франция, Австрия және Пруссия сияқты мемлекеттердің күш-қуатын әлсірету жолдарына болжам жасалып, Үндістанды бағындыру үшін қазақ даласы арқылы әскери экспедиция жөнелту және Осман империясын бөлшектеу қарастырылады /5, с.159-161/. М.В.Ростопчиннің жасаған жоспарын I Павел 1800 жылдың 2 қазанында бекітеді.

Кейін Азия департаментіндегі Орта Азиялық бөлім бастығының Ұлы князьға жазған мәлімдемесінен осы жоспардың ізін көре аламыз. Баяндамада былай делінген: «Солтүстік Батыс және оңтүстіктегі Европа елдерінің жасаған тосқауылдары орыс халқына басқа жолдарды іздеуге мәжбүрледі. Сондықтан олардың еншісіне Азия ғана тиді. Орыстар бұл жерге барлық бағыттар бойынша бас салып ұмтылды. Оған апаратын жол бұрыннан үш бағыттан тұратын: Кавказ арқылы Оңтүстікке, Солтүстік-

Шығыстағы қазақ даласы арқылы Үндістанға және Шығыста Сібірден Ұлы мұхитқа және Қытайға» /6, с.12/.

Патша үкіметінің аталған жолдармен қимылдауы Еуропаның ең алып империясы Англияның мүддесіне нұқсан келтіріп, орыс-ағылшын қатынасын мүлдем шиеленістіріп жібереді. Екі империяның бір-біріне бәсекеге түсуіне Англияның Үндістанды отар елге айналдыруында жатқан еді. Өйткені Үндістанның байлығы І Петрдің кезінен бастап-ақ патша үкіметін қызықтырып қана қоймай, оны жаулап алуға итермеледі. «Біздің шығыстағы қозғалысымыздың басты мақсаты,-делінді сол кезеңде жазылған еңбекте- Үндістанға ұмтылысымыз болып табылады және біздің Орта Азиядағы барлық қимылымыз бен міндетіміздің түпкі мақсаты-Үндістан» /6, с.25/.

Патша өкіметі Үндістанға иелік жасап, онда ағылшындардың мүддесіне соққы берумен қатар, шығыстағы мұхитқа шығып, Азияның бүкіл шикізатын су жолымен тасымалдауды көздеді. «Біздің үкіметіміздің Батыс және Қиыр Шығыстағы теңіз күштерінің құрылысын аяқтамай жатып, Түркістан мақтасы үшін Үнді мұхитында флот құруға деген ұмтылысы шектен шыққан қадам болды», - деп жазады Н.Павлов /7, с.235/

Жалпы алғанда Ресей империясының Үндістанға соншама ұмтылуының негізгі себептері, біріншіден, Шығыстағы теңіз жолына шығуына, екіншіден, Европадағы бәсекелесі Англияны Шығыста тізе бүктіруге, үшіншіден, бүкіл Шығысқа өз бақылауын орнатуға мүмкіндік берді. Осы мақсатқа жылдам жетуді ойлаған Бламберг, Торнау, Хрулев сияқты әскери шенеуніктер патшаның алдына Үндістанды жаулау туралы бірнеше жобаларын ұсынады. Сол жобаларда Үндістанға апаратын жолдың бойында жатқан Оңтүстік Қазақстанға үлкен мән беріледі /8, с.104-114/.

Сонымен Ресейдің сол кездегі Европадағы қарсыласы болған алып империя Англияның алдын орап, Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Түркістанға жақындауы Оңтүстік Қазақстанды бағындырудан тұрды. Осыған байланысты Шығыс елдерімен байланыс жасап, оларға қарсы белсенді әрекет жасау үшін патша өкіметі 1819 жылы Сыртқы істер министрлігінің жанынан арнайы Азиялық департамент құрады. Сол жылы департаменттің құрамында Азиялық комитет ашылып, тікелей Орталық Азия мен Қытай, соның ішінде Қазақстанға қатысты мәселелермен айналысады /9, с.217/.

Патша өкіметі бұл комитетке Ресей империясының билігін мойындамаған немесе бағынғысы келмеген оңтүстіктегі қазақ руларын дипломатиялық әдістермен, болмаса қарудың күшімен жаулап алуды міндет етіп қояды. Саяси бытыраңқылық, ішкі руаралық жанжалдар және күрделі сыртқы әсерлердің салдарынан әлсіреген қазақ руларына өз билігін орнатуда Ресейге жеңілірек болатынына көздері жетсе де, патша үкіметі баяу және өте сақ қимылдайды.

Ал патша үкіметінің еркін қимылдауына мүмкіндік бермеген саяси жағдайларға келетін болсақ, біріншісі, XVIII ғасырдың аяғында жоңғар хандығын жойып, өз мекендеріне қазақ руларының қайта қоныстануына рұқсат беріп, оларды бағыныштылықта ұстағысы келген Қытайдың жергілікті әкімшілік орындары болса, екіншісі, 1814 жылы қазақтарға қарайтын Ташкентті басып алу арқылы, Оңтүстік Қазақстанның басым бөлігін өз билігіне алған Қоқан хандығы тұрса, үшіншісі, Сырдың төменгі ағысын мекендеген қазақ руларына ықпалын жүргізіп, қазақтармен бірге орыстардың отаршылдық саясатына қарсы біртұтас майдан құруға ұмтылған Хиуа хандығы еді.

Аталған үш мемлекеттің Оңтүстік Қазақстандағы ықпалы Ресей империясының стратегиялық маңызы бар өлкеге басып кіруіне кедергі жасады. Сондықтан патша үкіметінің қазақтың оңтүстік бөлігін отарлауда өте күрделі мәселелерді шешуді қажет етті. Осы мәселелерді шешуді көздеген патша үкіметі алдымен қазақ даласының оңтүстігіне екі бағыт бойынша кіруге ұмтылады. Бірінші бағыты Сібір шептерінен Жетісуға орнығу болса, екіншісі Орынбор жақтан Сыр бойын басып алғысы келді. Бірақ патша үкіметінің Жетісуға жасаған алғашқы қадамы үлкен сәтсіздікпен аяқталды.

Өйткені Қытай патша өкіметіне қарсы қазақ жерлерінің тәуелсіз болғанын қалап, Азияға төніп келе жатқан Ресей империясы мен Шығыс Түркістанға беделі күшті Қоқан хандығының ортасында орналасқан Жетісуды аралық жер (буферная зона) жасағысы келді /10, 33/.

Сондықтан Аягөзге дейінгі жерлерді өз меншігі деп есептеген және сол жерде мекендеген Ұлы жүз қазақтарынан алым жинап тұрған Қытай мемлекеті бұл жерлерді орыстардың иелігіне оңайлықпен бермейтін еді /11, 412/.

Ал Ресей империясы қанша жерден күш қуаты Қытайдан артық болса да оған қарсы ашықтан ашық жауласуға бата алмады. Себебі орыстардың негізгі әскери күштері Европада жүріп жатқан «Қасиетті одақ (1815-1848)» соғысына қатысып жатты. Бірақ осыған қарамастан патша үкіметі қытайлықтардың аңдысын байқау үшін шағын әскери топты жіберуге шешім қабылдайды. Яғни 1824 жылы 24 желтоқсанда жалайырлардың аға сұлтаны Сүйік Абылайхановтың үй салып бер деген өтінішін сылтауратқан патша үкіметі мүмкіндік болса Ұлы жүз қазақтарына Ресейдің үстемдігін орнату және ондағы саяси жағдаймен танысу, барлау жұмыстарын жүргізіп, әрі қытайлықтарға бейбіт саясат ұстайтындықтарын көрсету мақсатында подполковник Шубин бастаған 2 зеңбірегі бар 120 казакты мәлімет жинауға аттандырады /12, 3 п/.

Сүйік Абылайхановтың Қаратал бойындағы қонысына Ф.К.Шубин әскері 1825 жылы 9-шілдеде келіп жетеді. Әскердің негізгі бөлігі Ұлы жүз қазақтарының қонысында қалып, хорунжий Т.В.Нюхалов пен дәрігер Ф.К.Зибберштейн бастаған тобы Ыстықкөл маңын мекендеген қырғыздарға кетіп, ыңғайлы керуен жолдары туралы мәлімет алуға жіберіледі /13, с. 469/.

Әскери экспедицияның бастығы Шубинге ең маңызды тапсырма жүктеледі. Шубиннің міндетіне шамасы келгенше Жетісу өлкесіндегі сауда жолдарына байланысты анық мәліметтер алу, әсіресе, қазақ және қырғыз руларының үстімен Кашмирге баруға бола ма, сонымен қатар басқа да Азия елдеріне баратын керуен жолдары туралы толық мәліметтерді жинақтау кірді /14, 27-28 п/.

Жетісу өлкесіне аттанған Шубиннің әскери экспедициясы Ұлы жүз қазақтарын жаулаудағы ең алғашқы отарлау қадамы болып есептелді.

Жетісу өлкесіне басып кірген орыс әскерлерінің іс-қимылдары Абылай сұлтан Әділұлы арқылы Қытай императорына да жетеді. Император болса патша үкіметіне елші жасақтап, оған былай деп жарлық шығарады: «Бұйрық етілді. Цин Сян баяндады. Орыстар біздің территорияға өз бетінше кіруде және үй тұрғызуда. Мәселені анықтау үшін Ресейге жарлық жіберуді сұрайды. Орыстар кісінің айтқанына көнбейді және батыл келеді. Қазір Қараталда өз беттерінше үй салып жатыр, қазақтардан малдан салық алады. Абылай өз хатында айтқандай, орыстардың басшыларына барған, ол тауарларын берген және су мен шалғыны мол Қараталды қала салуға және жер өңдеуге алуды қалайтындарын жеткізген» /15, 149/. Осыған байланысты Қытай өкіметі патша өкіметінен Жетісу жерінен кетуді талап етіп, Сүйік Абылайхановқа салған ағаш үйді және орыс әскерлері тұратын уақытша баспаналарды жермен-жексен етуді бұйырады. Орыс әскерінің негізгі күші жоғарыда көрсетілгендей Европадағы соғыста жүргендіктен, патша өкіметі Қытаймен қақтығысудан қорқады да, оның барлық талаптарын екі етпей орындап, 1826 жылы Қараталдан Шубиннің 120 казагын кейін қайтарады /16, с.38/. Орыс әскерлері Ұлы жүз жерінен кеткеннен кейін Қытай императоры Аблай сұлтанға Қытай мемлекетін сыйлағаны үшін сый-сияпат жібереді /17, с. 352/.

Жалпы алғанда Ресей империясының Жетісу өлкесін басып алудағы алғашқы жоспарының сәтсіздігі бірнеше себептерден тұрды:

1) Ресей отаршыларын Ұлы жүз қазақтары толығымен қолдамай, оның сұлтандары мен билері Қытай өкіметіне қарай бағыт ұстады;

2) Жетісу Сібір шебінен ұзақта жатты және өлкеде орыс әскерінің тірек орындары болмады;

3) Ресейде І Александрдің өлімі мен декабристер көтерілісі және 1815-1848 жылдардағы Европадағы соғыс.

Сонымен Қытай патша үкіметінің Жетісу өлкесіне бекінбек болған жоспарының орындалуын уақытша болса да тоқтатты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Махаева А. Қазақ - қырғыз саяси байланыстарының тарихы (ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезі). – Алматы: «Ценные бумаги», 2007.
2. Завилишин И. Описание Западной Сибири. Т.3. СПб., 1867.-145 с.
- Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинск. СПб., 1867.-154 с.
3. Михайлов М. Область Сибирских киргизов и Семипалатинск. СПб., 1867.-154 с.
4. Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движение в него русских. СПб., 1890. - 380 с.
5. Колониальная политика и национально освободительное движение (Из новой и новейшей истории Балкан, Ближнего и Среднего Востока).- Кишинев: Кишиневский Государственный университет, 1965. - 364 с.
6. Снесарев А.Е. Индия как главный фактор в Средне-Азиатском вопросе. СПб., 1906. - 173 с.
7. Павлов Н. История Туркестана. Ташкент, 1910. - 273 с.
8. Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией (40-60 годы XIX века).- Москва: изд АН СССР, 1963.-238 с.
9. Киняпин А.С. Блиев М.М. Дегаев В.В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России.- Москва: МГУ, 1984.-328 с.
10. Далаева Т.Т. Побудительные мотивы и последствия военно-колониальных акций царизма в Южном Казахстане и Семиречье (40-60 гг. XIX в). -Дисс. канд. истор. наук.- Алматы, 1998. -145 с.
11. Броневский. Записки о киргизах Средней Орды. СПб., 1830.
12. ҚРОММ. 338-қ., 1-т., 445-іс.
13. Путевые записки лекаря Зибберштейна // Исторический архив. – М., Л.: Изд-во АН СССР, 1936. – С. 223-258.
14. РФОММ. 3-қ., 1 т., 419-іс.
15. Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина ХҮІІІ – первая треть XIX в.: в 2 ч. / сост. К.Ш. Хафизова, В.А. Моисеев. – Алма-Ата: Наука, 1989. – Ч. 2. – 227 с.
16. Румянцев П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Т.1. Лепсинский уезд. Вып I. СПб., 1911.-633 с
17. Валиханов Ч.Ч. Дневник поездки на Иссык-куль // Собр. соч.: в 5 т. - Алма-Ата: Қазақ Совет энциклопедиясы, 1984. – Т.1. – С. 306-357.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX ғ. бірінші жартысындағы Жетісудағы орыс-қытай талас тартысы жайында баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются основные моменты русско-китайских противостояний в Семиречьи в первой половине XIX века и его значение в жизни местного населения.

БОПАЙ ХАНЫМ

Жылқышыбаева Қ.Қ. – т.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ халқының тарихында есімдері қалған әйелдердің даналығы мен ерлік-істері туралы ақиқаттар қаншама ұрпақ алмасқанда да көмескі тартпай, саф алтындай жалтырап, ғасырдан ғасырға жетуі бүгінгі ұрпақтың бойында ұлттық, рухты асқақтатып, байырғы қазақ жерінде мемлекеттіктің қалыптасуына ықпал етті. Сонау Сақ дәуірінде одан кейінгі кезеңдерде Ұлы далада билік құрған, елін-жерін жаудан қорғаған батыр аналарды атайтын болсақ: Томирис - Тұран патшасы Афрасиябтың ел басқарған батыр қызы. Зарина - Сақ патшасының қызы. Бөрте ханым - Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасынан шыққан жат елдікке серік болғанда да, ұрпақ тәрбиелеуде қазақтың ұлттық, тағлымын сіңірген. Есенбике - Қарасай батырдың қызы, Олжабай батырдың анасы. Гауһар - Малайсары батырдың қарындасы, Қабанбай батырдың жары. Айбике - Бұланбай батырдың жары, барлаушы сарбаздардың басшысы. Айтолқын - Абылай ханның қызы және қазақ тарихында халқымыздың жауларына қарсы күрескен батыр қыздарының бірегейі, қазақтың соңғы және заңды ханы Кенесарының туған қарындасы Бопай ханым. Кей деректерде оны «Бопай ханша», «Бопы» деп те атаған. Кезінде жар сүйіп, ана болған Бопайдың қазақ әйелдерінің қалыпты тұрмысына мойынсұнып, "отбасы, ошақ қасында" қалуы мүмкін-ді. Алайда жаратылысынан қайсар жан басқа тағдырды таңдады...

Қазақ хандарының көп әйел алғаны мәлім. Абылайдың ұлы Қасымның бәйбішесі Айкүмістен алты бала өмірге келіпті. Олар: Кенесары, Саржан, Есенгелді, Көшек, Ағатай және Бопай. Тарихи деректерге қарағанда, Саржан мен Есенгелді өзбек құсбегілерінің қолынан ажал тапса, Кенесары мен Бопай орыс отаршылдарына қарсы күресте елге танылған.

Қаһарлы Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы Жошыдан тараған қазақ хандары туралы көрнекті жазушы Илияс Есенберлин ешкімнен кем жазған жоқ. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында жарық көрген "Қаһар" романы түгелдей Кенесары Қасымұлының отаршылдарға қарсы ерлік күресіне арнаған. Романда жазушының Кенесары бастаған 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісіне іш тартуы сезілмей қалған емес. Рас, өзінен бұрын Кенесары тақырыбына түрен тартқан Бекмахановтай аяусыз қудалауға ұшырамады. Тарихи деректерге негізделген "Қаһарда" көбіне хан Кене сөз етіледі де, Бопай ханым жөніндегі мәліметтер аздау. Сірә, жазушының шығармашылық қиялын тек басты кейіпкер ғана баураса керек. Сондықтан қазақтың осы батыр қызы туралы қалам тербегенде, тарихшы - ғалым Айткүл Махаеваның "Тойшыбек би және оның заманы" атты монографиясына сілтеме жасағымыз келеді. Бірден айтарымыз, Бопайдың қай жылы өмірге келіп, қай жылы дүниеден озғаны туралы дәл дерек жоқ. Соның салдарынан тек ересек өмірі жөнінде сөз етеміз.

Төре тұқымынан шыққасын болар, Бопай бала кезінен сұлулығымен, өжеттігімен көзге түскен. Бойжеткенде де сол қалпынан айнымаса керек. Бопай бойжеткен шағында Әбілқайырдың Сәмеке деген ұлына ұзатылады. Тіпті, күйеуі Сәмекеге ұзатылғаннан кейін де үнемі атқа отырып, "еркекшора" атаныпты. Сонда да ол жұбайлық парызын ұмытпай, Сәмекеге шекесі торсықтай алты ұл сыйлайды. Кейін алты ұл ержетіп, анасымен бірге атқа қонып, ел қорғауға аттанды.

Кейбіреулер Кенесарыны отаршылдарға қарсы бірден соғыс ашты деп есептейді. Қате түсінік. Ол 1837 жылға дейін жағдайды бейбіт түрде реттеу үшін бар күш-жігерін аямаған. Алайда ақ патша мен жымысқы отаршылдардың озбырлығы шектен шыққасын, амалсыздан қолына қару алды. Хан Кененің батырлығы мен қайсарлығына кәміл сенген үш жүздің билері 1841 жылы қыркүйекте оны ақ киізге көтеріп, қазақтың ортақ билеушісі етіп сайлаған. Сөйтіп, уақытша болса да, Қазақ хандығын қалпына келтірген. Ал бұған алпыс екі айлалы Ресей империясы көніп отыра ала ма?!

Дұшпандығын онан сайын үдетті. Міне, он жылға созылған сол соғыста Бопай Кенесарының барлық ірі шайқастарына қатысып, сәл саябыр сәттерде қол бастап, партизандық жорықтар да жасапты. Сөйтіп батыр сардарлардың қатарын толықтырса керек.

Күресті жақтамаған күйеуі Сәмеке мен оның туыстарынан ат құйрығын үзген Бопай қанды шайқастарда сарбаздары және ұлдарымен бірге талай көзсіз ерліктерге барды.

Патшалық Ресейдің отарлық әрекеттеріне қарсы ашылған майданда Бопайдың қол бастағандығына көптеген тарихи деректер келтіруге болады. Мәселен, 1838 жылы 7 тамызда Бопай ханшайым өзінің 200 сарбаздан құрылған отрядымен Қараөткел (Ақмола) бекінісіне Кенесары қолымен бірге шабуыл жасап, сонда бекінген патша әскеріне үлкен соққы берді. Қараөткел сынды ірі және басқа да қатардағы бекіністерді атойлаған, гүрсілдеген зеңбіректер мен қалың мылтықтың оғының өтіне тіке шапқан әйелді байқап қалып, кейбір орыс жауынгерлері аяп, оқ атпаған да сыңайлы. Сірә, әйел екенін байқап қалған. Сонда да қантөгістің аты қантөгіс. Астындағы аты да талай оққа ұшып, жаумен жекпе-жек жанталасқан екен қазақтың қайсар қызы. Тап сол заманда алыстағы Үндістанда да ұлтының ержүрек қызы Лакшми Бай да ағылшын отаршылдарына қарсы күресте жан алысып, жан берісіп жатты. Осылай Азияның батыр қыздары нәсілшіл еуропалықтардың алдында намысын жоғары ұстады. Тек айырмашылығы – Лакшми Бай жауын жағасынан ала, қапыда қаза тапты... .

Соның арқасында Қараөткел аймағы басқыншылардан азат етілді. Бұл жеңіс Кенесарыны да, Бопайды да рухтандырып, кіші жүзге қарай шегінген жау әскерін Орынборға дейін ығыстырды. Одан әрі Бопай Батыс Сібір генерал губернаторлығының батыс, теріскей аймақтарына жорық жасап, қазақ жеріне бет ала бастаған патшалық әскери күштерге тойтарыс берді.

Қайда жүрсе де, қарындасын көзінен таса қылмаған Кенесары көп ұзамай Бопайды зекет жинайтын және көтеріліске қарсы төрелер мен ауқаттылардың мал-мүлкін тартып алатын 600 адамдық жасақтың сардары етіп қойды. Бұдан басқа, Бопай Қасымқызының ұйымдастыруымен Кенесарының қолында қыз-келіншектердің жасағы да болыпты. Саяси қылмыскер ретінде қазақ даласына жер аударылған, поляк А.Янушкевич 1846 жылы 4 шілдеде күнделігіне "...Кенесарының 1500 сарбазынан өлідей екі зеңбірегі мен 500 қызынан айрылғаны айтылды. Қол санын молайту мақсатында оның әскері еркекше киінген көп әйел мен қыздан құралған", – деп жазған болатын. Басқа деректерде Кенесары сарбаздарының арасындағы қазақ қыздарының қолға түскен кезде "Мен-қызбын" деп шашын жайып, өлімнен аман қалып, қырғызбен соғыста оларға кейін келін болып кеткені де айтылады. "Оның (Бопайдың) жанында жүретін Арғынның қызы Алтыншаш пен Табынның қызы Ақбөкен де өзі сияқты ерге ердей, серіге серідей жолдас бола білетін қайратты да айбатты қыздар еді" деп жазған қазақ ханымдарының өмірін зерттеп жүрген С.Ақтаев. Бопай Кенесары хан Жетісуге келгенде де зекет жинайтын топты басқарған. Сонымен бірге Жетісудың да батыр қыздарын көтеріліске тартты. Міне, осылай қазақтың талай есімі бізге белгілі және белгісіз қыздары 1837-1847 жылдары азаттық соғысында намыстарын қайраққа жанып, ерлікпен қаза тапты немесе даңққа бөленді.

Бопай қатысқан шайқастардың ішіндегі ең ірісі- 1838 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторлығының терістік батыс аудандарына бағытталған Аманқарағай дуанына шабуылы. Көптеген мал айдап әкетілді. Кері қайтқан жолында Сырымбет елді мекенін қоныстанған өзінің бұрынғы күйеуінің туысқандарының ауылдарын да шапқыншылыққа ұшыратты. Осы жағдайға байланысты заседатель Редько Талызинге былай деп хабарлады: "Сұлтанша Бопай Қасымова өзінің 200 адамымен Аманқарағай округінің қырғыздарынан көптеген малды тартып әкетті және қайтар жолында, Сырымбет елді мекеніне келіп, қойманың құлпы мен есігін бұзып, киіздерді, елтірілерді және көп азық-түлік қорын алып кеткен». Бопайдың бұл шабуылынан

есенгіреп қалған патша әскерлеріне қазақ жеріне басып кіру әрекетінен біраз уақыт бас тартуға тура келді. Бірақ, ол көп уақытқа созылмады. Патшалық отаршылдық әрекет қайта жанданды. Кенесары мен Бопайдың сарбаздары қаруларын қайтадан қолға алуға мәжбүр болды. Әскери қару - жарақтары басым жаумен кескілескен күрес 1840 жылға дейін созылды. Бұл күрестерде Бопай әрдайым өз сарбаздарының алдында жүріп ерліктің үлгісін көрсетті. Жауға қарсы күреске Бопай өзінің 17 жасар баласы Нұрханды да алып шықты. Ол да өзінің жастығына қарамай жаумен күресте ерен ерлігімен танылды. Оның анасы опай балам соғыста өледі-ау деп уайымдамай, қайта ұлының елінің азаттығы үшін жаумен күрестегі батырлығына ризашылықпен, мақтанышпен қарады. Жау жағы да оның ерлік күресін бағалай білді. Жаумен кескілескен бір ұрыста қызулықпен жау ортасына түсіп қалған Нұрхан туралы патша әскерінің жүзбасысы Лебедев деген: «В наших руках находится ныне схваченный родной племянник разбойника Кенесары (патша өкіметі оны солай атаған) сын родной его сестры Бопай - Султан Тюрехан Самекин (Нұрхан)... который при отчаянном своем действии и сопротивлении сильно изранен» (қараңыз: Е. Бекмаханов, Казахстан в 20-40 годы XXI века. Алма-Ата, 1947, 211-6). Бұл Нұрханның соғыста ауыр жарақаттанып, есінен таңғаннан кейін ғана тұтқындалғанын көрсетеді.

Кенесары мен Бопайдың жаумен шайқасы 1840-жылдың басына дейін созылады. Патша өкіметі Кенесарыға кешірім жасайтынын айтып келісімге шақырады. Бірақ хан Кене Бопай екеуі оған бас иемей ұлы жүзге - Жетісу өлкесіне өтеді.

Кенесарының қырғызға қарсы жорығы оның өлімін тездеткен ең соңғы және қатерлі қадамы болатын. Осы жорыққа Сыпатай би, Рүстем төре, Бөгенбай сынды беделді азаматтар үзілді-кесілді қарсы шығып, ханнан бөлініп кетті. Бопай ханым ағасын мақұлдамауы былай тұрсын, қолға түскен қырғыздың батыры Жаманқараны өлтіруге үзілді - кесілді қарсы болды. Тіпті ол жорық алдында "Түсімде шашым ағарып кетіпті" деп, Кенесарыдан шабуылды тоқтатуын сұраған. Алайда хан Кене тыңдамады. Оның бір топ төрелермен қолға түскенін естіп, қайғы жұтқан Бопай дереу аттанғанымен, үлгере алмады. Енді қырғыздың ханы Орманнан: "Өлген жандар өліпті, қалған жандар қалыпты, соларды қор қылмай, алып қайтуға болар ма екен?!" -деп, алдына бас ұрып, рұқсат сұраған. Бір қызығы сол, Орман келісіп, Бопаймен бірге тұтқындарды кері қайтарыпты. Мұның өзінен Бопай ханымның тек ержүрек сарбаз ғана емес, мәмілегер жан екендігін көруге болады.

Мәселен Бопайдың жас кезінде Қоқан ханына барып, қапыда қолға түскен әкесі Қасым мен бауырларын босатып алуы туралы да дерек бар.

Кенесарының өкінішті өлімінен соң, қайғы жұтып, он жыл бойы аттан түспей, елінің азаттығы жолында жорықтың ыстық-суығын ер-азаматтармен бірдей бөліскен Бопай ханым да бір сәтте ай маңдайын әжім басқан кемпірге айналып, атамекеніне оралған. Өлі күнге дейін айбатты ананың қашан өмірден өткені белгісіз болуы өкінішті-ақ. Алайда оның есімі ұмытылған жоқ. Қазақ қызының қайсарлығы мен ерлігінің бейнесі ретінде тарихта мәңгілікке қалды.

Бопайдың азаттық үшін күрестегі қайсарлық бейнесі халықтың жүрегінде сақталып қалды. Ол ақындардың жырына айналды. Бопай сияқты қазақ қызының батырлық дәстүрін кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұловалар жалғастырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.И.Шәмшәтұлы. Бопай ханшайым// Аружан, 2006 жыл, №3, 5 бет.
- 2.С.Бекмаханов. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы, «Санат», 1994 жыл, 237-бет.
- 3.«Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. -Алматы,1998, 720 бет.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақ тарихында халқымыздың жауларына қарсы күрескен батыр қыздарының бірегейі, қазақтың соңғы және заңды ханы Кенесарының туған қарындасы Бопай ханым туралы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается борьба казахских женщин против врагов казахского народа, одной из которых являлась сестра Кенесары Бопай ханым.

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАЛАРЫНЫҢ АҚТАЛУЫ ХАҚЫНДА

Қаипбаева А.Т. - т.ғ.к., доцент м.а., Шымырқұлова А.А. –магистрант
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

1985 жылдың сәуір айынан басталған КСРО-дағы қайта құру жариялылық пен демократияға кеңінен жол ашты. Осы тұрғыдағы нақты жаңғыру қайта құрудың "екінші кезеңінде", атап айтқанда, 1988 жылдан бастап, толығымен өз күшіне ене бастады. 1980 жылдардың аяғында Қазақстанның мемлекеттік егемендігі мен ұлттық тәуелсіздік мәселелері алдыңғы қатарға шыға бастады. Қоғамдағы түрлі қайшылықтар мен жалпы даму үдерісінің күрделене түсуіне қарамастан, халық шын мәніндегі рухани және саяси еркіндікке ұмтылды. Қазақ ұлтының мәдени-рухани құндылықтары тоталитарлық қоғамда қатты жапа шеккеніне тарихымыз куә. «Өткенсіз болашақ жоқ» («тарихтан тағылым») деген қағидаларға сүйенсек, қоғам өміріндегі барлық құбылыстардың себеп-салдарын өткен тарихтан іздеуіміз қажет. Евроцентристік зымиян көзқарастан нәр алған орыс отаршылдығы өзіне қараған жұрттың интеллектілік қуатын жаншып отырғаны да өзімізге белгілі. Әсіресе ұлт пайдасына айтылған жанды сөзді тұншықтырып отырды. Міне, осындай кезде қолға қалам алып, елдің жай-күйін айтуға талаптанғандар өзімізден де, өзгеден де көресіні көрді. Сондықтан да болар, сол 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында бұл жолы тек таза ұлттық негіздерді тіреу еткен өзіндік бір қазақи «ренессансымыздың» яки қайта түлетудің айтарлықтай тұғырлы болғандығы. Әсіресе, XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуына орай. Жаңа жағдайда отаршылдық саясаттың нәтижесінде бұрмаланып келген ұлттық тарихтың беттерін қайтадан қарап, бұрын зерделеуге тиым салынып келген мәселелерге жаңа көзқарас тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік туған кезең келді.

Кеңестік дәуірде сталиндік үлкен террордың қаралы жалыны шарпымаған ешкім қалмаған еді. Зұлмат Кеңес Одағының құрамындағы барлық елді, барша ұлт пен ұлысты, түрлі жастағы азаматтардың бәрін де қамтыған болатын. Сталиндік режим әр ұлттың оқыған, көзі ашық азаматтарына қырғидай тиді. Мыңдаған адал, ақылды, талантты адамдар, ғалымдар мен қарапайым азаматтар жазықсыз жапа шекті.

Жариялылық саясаты шеңберінде көптеген цензуралық тыйымдар жойылды, жаңа газеттер мен журналдар шығарыла бастады, статистикалық ақпараттың бұрын жариялануға жатпайтын тізбесі қайта-қайта қаралды. Бұрын жабық болып келген мұрағаттық және кітапханалық қорларға қол жете бастады. Әуелі бүкілодақтық журналдар мен газеттердің беттерінде «Огонек», «Московские новости», «Родина» т.б. сонан соң қазақстандық мерзімді басылымдардың да («Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Ленинская смена», «Простор», «Горизонт», «Арай-Зерде») беттерінде КСРО-дағы 1930 жылдардағы қуғын-сүргін, басқаша ойлайтындар мен саяси оппозицияны басып-жаншу, ұлтаралық мәселелер сияқты сын мен талдау үшін бұрын мүлде жабық болған

көптеген тақырыптар жарияланып, талқылауға түсті /1/. КСРО тарихының Кеңес заманындағы талай "ақтаңдақтары" ашылып, мұның өзі кеңес қоғамындағы революциялық өзгерістерге негіз болды.

Тарихи деректерде, 1927-1953 жылдары 40 миллион адам, оның ішінде Қазақстан бойынша 103 мың адам қуғын-сүргінге ұшыраған. 1929-1933 тек Қазақ АССР-ы ОГПУ саяси өкілінің үштігі 9805 іс қарап 22 933 адам жөнінде шешім қабылдаған, соның ішінде 3386 адамға ең жоғары жаза – ату жөнінде үкім шығарған. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы бойынша 1937 ж. 853 адам қуғынға ұшырап, оның 335-і атылған, қалғандары әр түрлі мерзімдерге еңбекпен түзеу лагерлеріне жіберілген. 1938 ж. 936 адам тұтқындалып, 690-ы атылған, 246-сы сотталған.

1997 жыл – «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы ретінде жарияланып, 31 мамыр – саяси қуғын сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Осыған орай көптеген құпия мұрағатық құжаттардың сыры ашылды. Мәскеу мұрағатынан «Әділет» қоғамы жетекшілерінің өтініші бойынша 1938 жылы атылған адамдардың тізімі алынды. Тізімдегі 631 адамның басым көпшілігі қазақтың маңдай алды азаматтары. Осы жерде негізгі мақсат-қазақтың бетке ұстар азаматтының көзін жойып, бүтіндей бір халықты бассыз қалдыру болғаны айқын байқалады. Тізімнен қай арыстың қай күні зұлымдықтың құрбаны болғанын көруге болады. (25ақпан күні Санжар Асфандияров, Құдайберген Жұбанов, Сейтқали Мендешов, Измұқан Құрамысов, Сәкен Сейфуллин, 27 ақпанда Бейімбет Майлин, Илияс Қабылов, 28 ақпанда-Ораз Жандосов). Мәскеуден жеткен тізімдегі 631 атылған адамдардың 80 пайызы-қазақтың белгілі адамдары болған. Олардың көбі алаштың арыстары.

Қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуы республикада 1988 жылдың басынан бастап өз күшіне ене бастады. 1988 жылдың басында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанында сталиндік репрессиялардың құрбаны болған халқымыздың ардақты ұлдары мен қыздарының саяси және шығармашылық-мәдени қызметтеріне оң баға беру туралы арнайы Комиссия құрылып, ол өз жұмысын бастады. Аталмыш Комиссияның шешімдері бойынша 50-ші жылдардың соңында ақталған, алайда қайсыбір "объективтік" себептерге байланысты 60-80-ші жылдары кеңінен насихатталуға бәлендей құлық көрсетіле қоймаған қазақ зиялыларымен қатар (мәселен, С.Қожанов, Н.Төреқұлов және т.б.), бұған дейін есімдерін атауға да тиым салынған ғасыр басындағы ұлт зиялылары, олардың қоғамдық-саяси, тарихи-әдеби және мәдени-шығармашылық мұралары халқымен қайта қауыша бастады /2/. Осылайша, саяси қудалау кезіндегі, яғни, отыз жеті-отыз сегізінші, қырық алты-елу үшінші жылдардағы жарияланымға тиым салынған шығармалар мен жекелеген авторлық құқықтар қалпына келтіріліп, «тәжірибе» жинақталған соң, ұлт көсемдерін ақтауға ұмтылыс басталды.

Жазушы, алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбайдың Алаш зиялыларының үстінен жүргізілген тергеу материалдарының негізінде жазылған «Ұраным- Алаш!» атты көп жылғы зерттеу еңбегінде төмендегідей деректер келтірілген: «1988 жылы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Олжас Сүлейменовтің сұрау салуы бойынша Қазақ ССР-нің Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов „Алашорда“ қайраткерлерінің үстінен жүргізілген тергеудің заңсыз жүргізілгеніне наразылық білдіріп, Қазақ ССР Жоғарғы сотына ұсыныс жасады. 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың қылмысты істер жөніндегі алқасының мәжілісінде «Кеңес өкіметін қарулы көтеріліс арқылы құлату мақсатында ұйымдасқан „Алашорда“ қайраткерлерінің контрреволюциялық, террористік астыртын құпия ұйымын әшкерелеу ісіне» қатысты сот үкімі қайта қаралды. Оған Қазақ КСР Жоғарғы сотының төрағасы Т.К.Аймұхамбетов, Жоғарғы соттың мүшелері К.Т.Кенжебаев, Е.Л.Грабарник және Қазақ КСР Бас прокуроры Ғ.Б.Елемесов қатысты. Жиыны 14 томдық тергеу ісінің егжей-тегжейін зерделей тексеріп, барлық куәлардың шағымдарымен танысып, тергеу тарапынан өрескел

бұрмалаушылық пен заңсыздықтардың жол берілгенін анықтады. Сонымен қатар, сол кездегі Құқықтық комиссияның төрағасы, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінің меңгерушісі, жазушы Т.Жұртбайдың Жоғарғы соттың мүшесі К.Кенжебаевқа берген әдеби сараптамалық қорытындысы бойынша «Алашорда» қайраткерлерінің шығармалары мен ғылыми еңбектерінде кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізілмегені расталды. Соның нәтижесінде Қазақ КСР-нің Қылмыстық және праволық Кодексінің 375-бабын басшылыққа ала отырып Жоғарғы сот:

«Шешім: СССР Халық Комиссарлар Советінің жанындағы ОГПУ-дің ІҮ коллегиясының 1930 жылғы 4 сәуірдегі және 1931 жылғы 13 қаңтардағы Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Міржақып, Аймауытов Жүсіпбек, Есполов Мирза-Ғазы, Ғаббасов Халел, Әділев Дінмұхамед, Бірімжанов Ғазымбек, Юсупов Ахмед-Сафа, Жұмабаев Мағжан, Омаров Елдес, Битілеуов Дамолла, Болғанбаев Хайретдин, Байтасов Абдолла, Жәленов Кәрім т.б жөніндегі қаулысының күші жойылсын, олардың іс-қимылдарынан қылмыстық әрекеттер табылмағандықтан да тергеу барысы тоқтатылсын.

Қазақ ССР прокурорының наразылығы қанағаттандырылсын. Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты - Т.К.Аймұхамбетов. Коллегия мүшелері - Е.Л. Грабарник, Қ.Т.Кенжебаев», - деген шешім шығарды.

Көп ұзамай, Қазақстан Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Ө.Жәнібековтің араласуымен Ғылым академиясында арнайы комиссия құрылды, сол комиссияның шешімі бойынша Алаш қайраткерлерін саяси және шығармашылық тұрғыдан ақтау туралы арнайы қаулы шықты /3/. Осылайша, қоғамда қордаланған мәселелермен табандылықпен күрес нәтижесінде жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Шоқай, М.Тынышбаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ш.Құдайбердиев т.б. көптеген Алаш қайраткерлері мен ғылыми-шығармашылық зиялы қауым өкілдері саяси, кейінірек азаматтық тұрғыда ақталды. Олардың мұраларын қайта қалпына келтіруге мүмкіндік берілді.

Қазақ тарихында Алаш идеясы, Алаш қозғалысы, Алаш автономиясы әлі де сан қырынан таразылайтын тың тақырып. Әлі де оның қайраткерлері толықтай зерделеніп болған жоқ. Мәңгілік Алаш идеясын жүзеге асырудағы қазақ зиялыларының рөлін тарихи саралап, өткенге көз жіберсек, Алаш идеясының ХХ ғасырдың бас кезіндегі уағыздаушы әрі жүзеге асырушы қайраткерлері ұлт ісіне ерте есейген есті санамен, жалындап тұрған жастық жігермен құлшына кіріскендіктерін байқауға болады. Басында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтар сынды жол сілтер көсемдері бар алыптар шоғырының абыройлы ісіне тың серпін, жаңа тыныс берген, олар өз әрекеттері арқылы Алаш идеясының өміршеңдігі ұрпақтар жалғастығында екенін ұғындырып кетті.

1988 жылдың 14 сәуірінде "Социалистік Қазақстан" газетінің бетінде ақын Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы жөнінде /4/, сол жылдың 28 желтоқсанында осы газет бетінде Қазақстан КП ОК Комиссиясының А.Байтұрсыновтың, М. Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметі бойынша қорытындылары /5/, ал келесі, 1989 жылдың 26 шілдесінде "Социалистік Қазақстан" газеті аталмыш Комиссияның Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Бақытжан Қаратаев, Мұхамеджан Серәлин, Мәмбетәлі Сердалин, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқай, Халел және Жанша Досмұхамедовтер, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Көлбай Тоғысов, Серәлі Лапин шығармашылық мұрасы бойынша оны толығымен ақтау турасындағы шешімін басып шығарды /6/. Осылайша, жаңа уақыт тұрғысынан баға берілді.

Осыған орай, Жабайхан Әбдильдин «Тағлым мен тағзым» атты кітабындағы «Алаш азаматының ақталуы» деген мақаласында былай деп жазады: «... Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1930-1950 жылдары қабылданған қаулыларын

қайта қарауға арналған комиссия құрылып, соны басқардым. Москвада қоғамды демократияландыру қозғалыстары жүріп, репрессияға ұшырағандардың бәрі ақталып, жариялауға тыйым салынған кітаптар шығып жатыр деген дүмпу Қазақстанға да жетіп, біздің адамдар да қимылдауға көшті. Сөйтіп өзіміздің ақтандақтарымызды ашып, жазықсыз күйген азаматтарды ақтау, реабилитациялау мәселесін көтеру керек болды. Оған арнайы комиссия құрылып, төрағасы етіп мені бекітті, құрамына Ә.Кекілбай, С.Зиманов, Ә.Қайдаров, С.Кеңесбаев сынды ғалымдар, жазушылар кірді. ... Ақтау жұмыстарын алдымен Ш.Құдайбердиевтен бастайтын болдық. Себебі оның мәселесі бұрындары да бірнеше рет қозғалып, талай басылып тасталған» /7/.

Шәкәрім өмірінде екі рет ақталған. Біріншісі - 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде бір бет өлеңі суретімен жарияланып, Шәкәрім қаза болғаннан кейін бірінші рет ұрпаққа әйгілі болды, ол сәтсіз аяқталып, оны баспаға ұсынғандар мен жариялағандар жазаға ұшыраған. Бірақ бұл - ақынның алғаш рет азаматтық ақталуы саналып, тарихта қалған. Екінші ақталуы - 1988 жылы Шәкәрім шығармаларының баспа бетін көріп, кейбір түзетулермен кітап болып жарық көруі болды. Сол жылдан бастап Шәкәрім аты елге танымал болып, оның шығармаларынан сусындауға мүмкіндік туды. Бұл ақталу «Ақын Шәкәрімнің творчестволық мұрасы жөнінде» Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының қаулысында: «Шәкәрімнің әдеби творчествосы идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымдылығымен, әсерлі де көркемдік қуатының молдығымен ерекшеленеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен ерекше орын алатын оның творчестволық мұрасы мол да мағыналы, бұл мұра ұзақ жылдардағы нақақ жала мен үнсіздіктен кейін халқына оралуға тиіс» деп жазылған сөздерден кейін мүмкін болды. Бұдан бұрын 1987 жылдың желтоқсанында ақынның шығармашылық мұрасын зерттеу жөнінде комиссия құрылған еді. Сөйтіп Шәкәрім атын атауға тыйым тоқтатылды, түнек түрілді, Шәкәрімнің еңбектері біртіндеп газет-журнал беттерінде, жеке кітап болып шыға бастады. Қаулыда: «Кезінде буржуазиялық-ұлтшылдық «Алаш» партиясының қызметіне, коллективтендіру жылдарында Шыңғыс тауының қойнауында жалғыз өмір кешіп, Кеңес үкіметіне қаскөйлік пиғылда болған бай-кулактарға болысты деген айыптаулардың орынсыз екені комиссия тарапынан зерттеліп, дәлелденді. Шәкәрімнің бұрын-соңды баспасөз бетін көрген шығармалары жиналды, М.Әуезов атындағы қолжазбалар қорында сақталған, түрлі жағдайларда жазылып алынған шығармалары мен халық аузында сақталып қалған еңбектерінің бәрі жинақталып, талданды. Соның нәтижесінде Шәкәрім реакцияшыл тұлға емес, реалист ақын, хакім Абайдың дәстүрін жалғастырушы ірі ойшыл екені нақтыланып, шығармаларының ішіндегі «Мұсылмандық шарты» мен «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» деген кітаптарынан басқа шығармалары саясатқа қайшы келмейді, жариялауға жатады деген ұсыныс жасалды» /7, 1/. Осылайша, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұралары да ең алдымен, большевиктер айтқандай, "ескілікті көксеу", "артқа тарту" немесе "әсіре ұлтшылдық" емес, нақ осы, тұла бойы ұлтжандылыққа толы рухани ізденістерге толы болғандығы турасында ақиқат жария болды.

Қоғамдағы өзгерістермен бірге тарих ғылымында да маңызды өзгерістер орын алды. Қазақстан Республикасының Президент жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған "Қазақстан Республикасының тарихи санасын қалыптастыру тұжырымдамасында" атап өтілгеніндей, "өткенді және қазіргіні ой елегінен өткізу қажеттігі Қазақстанның, оның халқының тарихи тағдырына талдау жасауды жандандырып, терендете түсуді мейлінше талап етеді /8/.

Кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезеңдегі тарихты сын көзбен қайта ой елегінен өткізу демократиялық үдерістің дамуындағы маңызды белес болды. «Басқаша болуы мүмкін емес», «Тарихшылар дауласады», «Бұл жайында айтылмады», «Қазақстан тарихы: ақтандақтар» атты жарияланымдарда, мақалалар жинақтарында - Қазан

революциясына, Азамат соғысы мен Отан соғысына, большевиктер жетекшілерінің - В. Лениннің, И. Сталиннің, Ф.И. Голощекиннің т.б. қайраткерлігіне жаңаша берілген бағалар пайда болды.

Қазақстан қоғамы ешқандай кінәсы жоқ жүздеген мың адамдарды қырып-жоюдың қитұрқы әдістері, бөгде ойлыларды қуғындаудың жымысқы жүйесі т.б. туралы шындықты біле бастады. Сталиншілдіктің сұмдықтары туралы оқып білген адамдар зұлымдық төркінінен хабардар болды. Мысалы, ғалымдар Ж. Әбілғожиннің, М. Қозыбаевтың, М. Тәтімовтың Мәскеуде жарияланған және кейіннен одақтық және шетелдік жарияланымдарда олардан дәйексөз келтірілген Қазақстандағы 30-жылдардағы ұжымдастыру қасіреті мен аштық туралы мақаласы оқырмандарды қайран қалдырды. Ш. Мұртазаның, С. Елубаевтың, С. Жүнісовтың публицистикалық пьесалары қоғамдық ой-сананы бір сілкініп тастады. Кинорежиссерлер А. Шәжімбаевтың, А. Қарақұловтың, С.Апрымовтың туындыларында өткендегі тарих мүлде басқа ұстаным тұрғысынан қарала бастады.

80-ші жылдардың соңында басталған қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларын жаппай түрде ақтау үрдістері Қазақстандық қоғамда аса зор рухани өрлеуге жол ашты. Бұған дейін тиым салынған, беймәлім мәселелердің беті ашылып, халықтың еншісіне тие бастады. Осы әзірде қазақ зиялы қауымының ғасыр басындағы шығармашылық-мәдени мұралары негізінен Алаш идеясының төңірегінде топтастырылды деуге де қақымыз бар сияқты. 90-шы жылдары аталмыш салада толымды ғылыми зерттеулерімен әйгілі боп жүрген отандық тарихшы ғалымдарымыздың бірі К.Нұрпейісов өзінің "Алаш һәм Алашорда" атты еңбегінде, жоғарыдағы, күні бүгінге дейін белгілі бір объективті себептерге байланысты бірыңғай шешімін таба алмай келе жатқан "методологиялық" мәселеге орай былай дейді: "Алаш" немесе "Алашорда қозғалысы" - бірнеше құрамдас бөлімдерден тұратын күрделі ұғым. Сондықтан да әуел бастан Алаш (Алашорда) қозғалысына жататын жекелеген мәселелердің басын ашып, оларды нақты түрде қарастырған жөн сияқты. Олар, біріншіден, саяси партия ретіндегі Алаш, екіншіден мемлекеттік құрылым түріндегі Алаш автономиясы, үшіншіден, осы автономияны (Алаш атты қазақтың мемлекеттігін) басқаруға тиісті болған Алаштың ордасы (Алашорда үкіметі) туралы мәселелер. Басқа сөзбен айтқанда, осы нақты үш мәселе жиынтығы Алаш немесе Алашорда қозғалысы деген ұғымды білдіреді /9/.

Алаш қозғалысының, жоғарыда айтып өткеніміздей, ұлттың рухани-мәдени деңгейін көтеруге сіңірген еңбегі өте зор. Мәселен, Қазақстандық тарихшылар М.Қойгелдиев пен Т.Омарбековтың ойларына, Алашорда басшылары, сайып келгенде, екі негізгі мақсатты басты назарда ұстаған. Олар: біріншіден, қазақ елін отарлық езгіден азат ету, ал екіншіден, қазақ халқы мен дәстүрлік қоғамын ортағасырлық мешеуліктен өркениетті әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму жолына алып шығу. Бәлкім, сондықтан да болар, аталмыш ғалымдар алаштық зиялы қауымды "ұлттық-демократиялық зиялы қауым (интеллигенция)" деп, ал Алаш партиясын "ұлттық-демократиялық партия" деп атағанды жөн көреді /10/.

Тәуелсіздік жылдарында Ә.Қайдаров, Р.Сыздықова, Ә.Әлімжанов, М.Бурабаев, Т.Қожакеев, С.Қирабаев, М.Құлмұхамет, М.Әбсеметов, М.Қ.Қозыбаев, В.К.Григорьев, К.Нұрпейісов, Ә.С.Тәженов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, В.П.Осипов, А.Ф.Сармұрзин, Т.Кәкішев және т.б. да авторлардың еңбектерінің арқасында тұтастай бір жаңа ағым - Алаштану саласы дүниеге келді. Алайда, өкінішке орай, аталмыш авторлардың еңбектерінде Алаштың негізінен қоғамдық-саяси яки экономикалық-әлеуметтік мәселелерге байланысты қызметіне баса көңіл аударылып, осы қозғалыстың ұлттың рухани-мәдени дамуы мен өсіп-өркендеуіне қатысты атқарған іс-шаралары көп жағдайларда әлдеқандай бір объективтік яки субъективтік себептерге байланысты тасада қалып қояды. Ал, ұлттың рухани-мәдени дамуы Алаш көсемдерін қатты толғандырғаны және осынау күрделі мәселенің Алаш қозғалысының күн тәртібінен

ешқашан түспегендігіне көптеген тарихи фактілер куә болып табылады. Әсіресе, қазақ халқының мәдени-ағарту деңгейі мен оқу-білімін замана талабына сай тұрқыларға көтеру жолында.

Ал, қазақ демократиялық-ағартушы зиялы қауымының, оның ішінде алдымен Алаш өкілдерінің, қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық-мәдени мұраларын нағыз зерттеу Қазақстанда тек 80-ші жылдардың аяғынан бастап қана қолға алына бастады. 80-ші жылдардың аяғында ұлттық демократиялық зиялы қауымның шығармашылық-мәдени мұраларының ақталуына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанында құрылған Комиссия шешімдерінің маңызы зор болды. 80-ші жылдардың соңында басталған бұл жаңа құбылыс Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін де күні бүгінге дейін жалғасын тауып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының объектісіне айналып, өзекті мәселелер қатарынан орын алуда.

Қорыта айтқанда, тоталитарлық жүйенің күйреуі мен еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық мәдениеттің қайта өрлеуіне кеңінен жол ашты. 80-ші жылдардың аяғында басталған тың үрдістер қазақ зиялы қауымының шығармашылық-мәдени мұраларының толығымен ақталуына алып келді. Тәуелсіздігіміздің 20 жылға жуық мерзімінде жарық көрген еңбектер де жоғарыдағы пікірлерімізді қуаттай түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Қ.Әбуов. Қазақстан тарихының «ақтаңдақ» беттерінен. –Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.
- 2.Г.Оспанова. Қазақстандағы XX ғ. 80-90 жж. мәдени процестер. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2001 ж. 17 б.
- 3.Т. Жұрбай. Ұраным – Алаш!. -Алматы, 2008.
- 4.Социалистік Қазақстан. 14 сәуір, 1988 жыл.
- 5.Социалистік Қазақстан. 28 желтоқсан, 1988 жыл.
- 6.Социалистік Қазақстан. 26 шілде, 1989 жыл.
- 7.Мырзагелді Кемел. Шәкәрімнің ақталуы. <http://www.abai.kz/content/myrzageldi-kemel-shekerimnin-aktaluy>
- 8.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-том. - Алматы: Атамұра, 1996. 544 б. (9 б.).
- 9.Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995. - 256 б. (5 б.).
- 10."Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы". Сұхбат материалдары. Сұхбатты хаттаған Т.Омарбеков // "Ақиқат", 1991, N11.

ТҮЙІНДЕМЕ

Аталған мақалада қазақ зиялы қауымы және олардың шығармашылық мұраларының ақталуы туралы баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы реабилитации казахской интеллигенции и их творчество.

ҚАЗАҚСТАН ТҮРІКТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Қасымбекова М.А.-оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстандағы түрік диаспорасының мәдени дамуының барысы көптеген ондаған жылдар бойы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы тұсында басқаша болғандығын білеміз. Кеңестік дәуірдің ықпалы оның территориясында тұрып жатқан жүздеген этностардың, соның ішінде түріктердің дәстүрлі мәдениетінің бастауларын жүйелі түрде түбірімен күйретті. Жер аударылған халықтар өздерінің этномәдени дамуында үлкен қиындықтарды басынан өткізді. Күштеп қоныс аудару адамгершілік тұрғыдан ғана зиян емес, шаруашылықтың, кәсіпкерліктің біраз дәстүрлі түрлерін жоғалтуға алып келді.

Өздерінің тарихи отанынан қол үзіп қалған түрік-месхетиндер ассимиляцияға ұшырап, ежелгі дәстүрі мен мәдениетін ұмытуға душар болды. Тек, 1990 жылдардың басында Кеңес Одағының құлдырауын тәуелсіз мемлекеттердің құрылуының жаңа бетбұрыс кезеңімен сәйкес, егемендікке қол жеткізген Қазақстанда барлық өзге ұлттарға, сонымен бірге Ахысқа түріктеріне тағылған айып-кінәні жоққа шығару, әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму барысында ұлттаралық қатынастарды жетілдіру саласындағы ұлттың тілі, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, ұлттық спорт және кәсіп түрлерін дамыту және өркендетудің бастамасы қолға алына бастады. Жер ауып келген түріктер Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының толыққұқықты азаматтары болды.

Сондықтан тәуелсіз республикамызда қоғамдық бірлестіктердің бір түрі ретінде саяси науқан жылдары өзге ұлттардың ешқандай негізсіз барлық жоғалтып алғандарын қайта дамытуға, сол халықтың ұлттық-мәдени құндылығын жандандыруға бағытталған шағын этностардың орталықтарын құру туралы пікірлер қалыптасты.

Осының барысында 1991 жылдың ақпан айында Алматы қаласында Қазақстандағы түрік қауымдастығының мәселелерін талқылап, жұмыстарына бағыт беретін «Түркия» ұлттық-мәдени орталығы құрылды. «Түркия» түрік мәдени орталығы 1996 жылы Қазақстандағы «Түркия» түрік қоғамы болып өзгертілді. Бұл орталықтың бөлімшелері бүгінде республикамыздың әрбір облыстарында ашылған. Ал оның облыстық және аудандық филиалдары түрік диаспорасы тығыз тұратын қалалар мен елді-мекендерде: Шымкент, Тараз, Меркі, Қаскелең, Талғар, Есік, Сауран, Ленгер, Тургенде жұмыс атқарады. Ұлттық-мәдени орталық Қазақстан халықтары Ассамблеясының тең құқықты мүшесі. Мұндағы түрік диаспорасының өкілдері еліміздегі басқа да халықтар сияқты мемлекеттік мәселерді шешуге қатынасады /1/.

Түрік мәдени орталығының тұтастай іс-шаралары тек өз диаспорасының ағарту саласына ғана емес, мемлекеттің саяси-ұлттық, мәдени және этнодемографиялық жоспарын сақтауға да бағытталған /2/.

Мәдени орталықтар үлкен жұмыстар жасауды көздейді және оның өкілі ретінде мінбеге көтеріліп мәдени этникалық сауалдарды қанағаттандыра алады. Ұлттық мәдениеттің негізін толығымен келешек ұрпаққа беруге, сақтауға және қайта жаңғыртуға шақырады.

Қазақстандағы «Түркия» түрік қоғамының негізгі мақсаттары болып:

- Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетін өзара жан-жақты байытуға атсалысу;
- түрік диаспорасының мұң-мұқтаждарын зерттеу, олардың мүдделерін, қажеттіліктерін республикалық, басқа да егемен елдердің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарында қорғау;
- түрік азаматтары арасында тарихты зерттеу, тілді, мәдениетті сақтау, ұлттық әдет-ғұрыпты жаңғырту сияқты мәдени ағарту жұмыстарын жүргізуге қатысу;

– бауырлас қазақ және түрік халықтарының жақындасуына, Қазақстан халықтарының өзара бірін-бірі байытуына ұлтаралық қатынасты дамытып жақсартуға, ұлттық кадрларды (педагогтар, әдебиетшілер, өнер зерттеушілер, журналистер) мәдениет және дін қызметкерлерін Қазақстан мен Түркия оқу орындарында оқыту арқылы даярлауға атсалысу /3/.

Республикамызда ұлттық мәдени орталықтардың – 22 облыстық, 49 қалалық және аудандық бөлімшелері ынтымақтасып, тығыз бірлікте жұмыс істейді. Бүгінде этностардың мәдени күндерін ұлты мен жас мөлшеріне қарап шектемей бір шаңырақтың тату отбасындай бірігіп өткізу де қалыптасқан дәстүрге айналған.

Шағын этностардың Кіші Ассамблеясының жанында «Ұлағат» ақсақалдар кеңесі мақтанышпен айтуға тұрарлық, ерекше ақылдасу кеңесінің бөлімшесі болып табылады. Бүгінде бұл ұйымның құрамында зейнеткер, кезінде Жетісу жеріндегі алғашқы мәдени орталықтардың ұйымдастырушысы болған қадірменді қариялар жұмыс істейді.

Ал, жас ұрпақ өкілдері Қазақстан жастары Конгресінің алғашқы құрылтайшыларының бірі болып, 20-дан астам жастардың қоғамдық ұйымдарының басын біріктіріп отырған – «Бірлік» жастар қауымдастығы құрамында жұмылып жұмыс жүргізуде. Бұл іске Кіші Ассамблея жанынан құрылған жастар ісі жөніндегі үйлестіру Кеңесі басшылық жасап, реттеп отырады /4/.

Мәдениет саласында ахысқа түріктері Оңтүстік Қазақстан облысында 2003 жылдың 15 қаңтарында белсенді түрік жасөспірімдерінің – Жастар Клубын құрды. Оның төрағасы етіп Исламжан Хукиевті, орынбасары Ислам Бекирді, ұйымның ең көңілді жетекшісі КВН көшбасшысы етіп – Гайдар Алиевті таңдады. Ұйым ұлттық мәдени орталықтың Жастар Одағымен қатар ашылды. Түрік жастары жастар Одағы ұйымдастырған барлық шараларға белсене қатысады /5/.

Сонымен қатар мәдениет ошақтарының жастар ұлттық мәдени орталықтары Жастар Одағымен біріккен. Жастар Одағының жұмыстарын – еркін күрестен төрт рет әлемдік кубоктың иегері – Бисолт Дециев жүргізеді. Бұл Одақтың негізгі принципі – ұлттық келісім, азаматтық достастық және салауатты өмір салтын уағыздау.

Осы орайда Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласындағы түрік ұлттық мәдени орталығының төрағасы Ахысқа түріктерінің мәдениетін дамытуда көп жұмыстар атқарған Камал Қараевты айта кету керек. К. Қараев облыстық қан құю станциясында 37 жыл бас дәрігерлік қызметін атқарған. Ол өз этносы өкілдерінің әрбіреуіне жауапкершілік сезіммен қарайды. 1999 жылы Шымкенттегі түрік ұлттық мәдени орталығы құрылғаннан бастап – өз халқының мәдениетін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тарихын және әдебиетін сақтауға қол ұшын беріп, аталастарына көмегін аямастан жетекшілік етіп келеді. Ол өз сөзінде кез-келген тілдің әдемілігі, өзіндік ерекшелігі бәрінен бұрын туған әдебиетінде сақталады деп түсіндіреді. Мен өмір бойы түрік тіліндегі кітаптарды оқимын және қайталап қараймын, оның үлгілеріне шексіз тамсанам. К. Қараев түрік тілінде үш кітап жазып шығарған. Өлеңдері қазақ, орыс, өзбек тілдеріне аударылған /6/.

Сонымен қатар, Шымкент қаласында екі халықтар Достық үйі: Мақтарал ауданында және Шымкент қаласында жұмыс істейді. Шымкент қаласындағы Достық үйі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Кіші Ассамблеяның ұлттық мәдени орталығына берілген. Қала орталығындағы ең жақсы ғимараттың, шағын этнос өкілдерінің қолына берілуі таңқаларлық оқиға емес. Бұл орынның ерекшелігі ол жерде таңертеңнен кешке дейін халықтың шоғырланып тынымсыз жұмыс істеуі. 2006 жылы Достық үйіне 10 жыл толды. Осы аралықта мұндағы мәдени өмір бір күнде тынған емес. Әзірбайжан, грек, еврей, қазақ, кәріс, күрд, неміс, өзбек, славян, поляк, тәжік, татар, башқұрт, түрік, ұйғыр, шешен-ингуш, армян, грузин, чех және молдавандардың ұлттық мәдени орталықтарының бәрінің екінші туған үйі осы жер десе болады. Себебі, жанажылдық ертеңгілік, халықаралық әйелдер күні, әртүрлі халықтардың мәдениет және тіл күндерінің атап өтілуі, концерттер, қайырымдылық шаралары, жастар орталығының

сайысы, шығармашылық кеш бәрінің осы жерде орны мен уақыты бар. Дәл осы үйдің қабырғасында керемет ой – «Үлгілі отбасы» облыстық сайыс өткізу ұйымдастырылды. Мұндай сайыстарға бүкіл қала болып қатысады. Сайыстың мақсаты: тәрбие әдісін қоғамның жақсы жақтарын үлгі ретінде халыққа деген махаббатына ұластыру, ахысқа түріктерін де қосқанда әртүрлі халықтың отбасылық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын көрсету және әңгімелеу /7/.

Оңтүстік Қазақстан облысы түрік мәдени орталығының төрағасы К. Қараевтың мәлімдеуі бойынша бұл жерде бүгінгі таңда 70000 аса түрік диаспорасының өкілдері тұрады. Облыстағы түрік ұлттық мәдени орталық бөлімшесінің төрағасы Рамазан Исрафилоғлы Ламаев орталықтың жұмысы мен жетістіктерін былайша әңгімелейді: «Облыстық мәдени орталықтардан басқа бізде аудандық филиалдар: Сайрам, Түлкібас, Сарыағаш, Төлеби аудандық мәдени орталықтары жұмыс істейді. Біз бәріміз күшімізді ортаға салып көптеген жұмыстардың нәтижелеріне қол жеткіздік. Әрдайым облыстық, қалалық, аудандық шараларды қалт жібермей қатысып өз халқымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін көрсетеміз. Сонымен қатар, мәдени шараларды өткізу, ұлттық сана-сезімді қайта жандандыруда ұлттық мәдениет пен тілге байланысты жетіспеушіліктер бар, деп көрсетті Р.И. Ламаев. Оңтүстік Қазақстан облысында түрік диаспорасы негізінен ауылды жерлерде тұрады. Ауыл мектептерін бітірушілердің білім деңгейінің төмендігі Түркияның жоғары оқу орнына түсуіне қиындық келтіреді. Кедей отбасыларының ата-аналары балаларын қазақ-түрік лицейіне беруге мүмкіндігі жоқ деп атап көрсетті /8/.

Жамбыл облысы түрік Қоғамы филиалының төрағасы Д.М. Абдоллаев 1992 жылдан бері орталықты басқарып келеді. Жамбыл облысы түрік тілін оқытатын мектептерден 80 талантты жастар іріктеліп Түркия университетіне оқуға жіберілді. Жамбыл облысының әр ауылында ақсақалдар кеңесі құрылған. Бұрынғы бала бақша ғимаратын ұлттық мәдени орталық сатып алып, ол жерді демалыс орнына айналдырды. Ол жерге жастар өз қалауымен кітапханаларға барады, неке, спорт залдар жұмыс істейді және қазақ, түрік, ағылшын тілдері оқытылады /9/.

1995 жылдың 24 наурызында Қазақстан Республикасында ұлттық мәдени орталықтардың қызметін өркендету және ұлттық мәдениетті сақтау үшін, Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылып, онда әртүрлі ұлт өкілдері бастарын құрап, татулықтың жаңа бір үлгісі тамаша қырынан ашылды /10/.

Ассамблея – Қазақстан халықтарының жаңа жағдайдағы ұлт саясатын іске асыратын ерекше қоғамдық институт. Бұл институт тоталитарлық қоғамда қажетсіз болды, себебі ұлт саясаты ол уақытта басқаша түрде, өзіндік құралдармен іске асырылды. Ассамблеяның қызметі тек біздің республикамызда ғана мойындалып отырған жоқ. Беделді халықаралық ұйымдардың уәкілдері Қазақстандағы ұлт саясатының іске асырылуын зерттеуде және оны зерттеуге тұрарлық деп мойындауда. Қазақстан халықтарының ассамблеясы ұлттар бірлігін және олардың өзара түсіністігін нығайтуға үлес қосуда. Ассамблея ұлт саясатын іске асыру жөніндегі заң жобасын дайындауға, республикалық және аймақтық ұлттық мәдени орталықтарын құруға, ұлттық тілді, мәдениетті, дәстүрді және әдет-ғұрыпты дамытуға қатынасты. Мемлекетіміз саяси және азаматтық бірлікке шақырып, яғни, қазақ халқымен әр түрлі ұлт өкілдерінің татулығын қалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тлепина Ш.В. Национально-культурные центры Республики Казахстан: становление, деятельность, проблемы (1985 - 1995): Автореф. дис. . канд. ист. наук: – Алматы, 1997. – 29с.
- 2.Курдаев Т.А. Книга народной памяти: (о турках). – Алматы: Казахстан, 1996. – 104с.
- 3.Мы пришли к вам с миром // Достық-Дружба. – 2006. – № 9-10. – С. 19-24.

4. Караев К. Казахстан – мой отчий край // Достық-Дружба. – 2004. – № . – 6. – С. 32-33.
5. Клуб молодежи турок ЮКО // Достық-Дружба. – 2004. – № 5 – 6. – С. 24-25.
6. Тату елдің табысы // Достық-Дружба. – 2006. – № 5-6. – 14-16 бб.
7. Общими усилиями // Ахыска. – 2003. – 30 июня. С. 5.
8. Нашему обществу 10 лет // Ахыска. – 2001. – 27 февраля.
9. Назарбаев Н.А. За мир и согласие в нашем общем доме [Доклад Президента РК на первой сессии Ассамблеи народов Казахстана, состоявшейся в Алматы 24 марта 1995 года] // Казахстан – мировое сообщество. – 1995. – № 1 (2). – С. 3-25.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстандағы түрік диаспорасының ұлттық мәдени орталықтарының бағыт-бағдарлары жөнінде қаралған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается деятельности национально-культурного центра турецкой диаспоры в Казахстане.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР

Қозғамбаева Г.Б. - т.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстан әлемдік державалар мен беделді халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ЕҚЫҰ-ның қолдауын қажет етті. Бұл кезде дүниежүзілік қоғамдастықта тарихтың еркімен қуаты жағынан әлемдегі төртінші ядролық арсеналға ие болып қалған жас мемлекетпен сындарлы сыртқы саясатты жүргізуге мүдделі болды. Осыны ескере отырып, еліміз сыртқы және ішкі саясатта теңдестірілген амал-көзқарастар пайдасына саналы түрде таңдау жасады. Көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясы сол амалдардың өзегіне айналды /1,58б./. Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңесіне мүше болуы көпжақты әріптестік, экономика мен қоғамды ырықтандыру стратегиясының басы болды. Қазақстан Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға 1992 жылғы қаңтардың 30-ында кірді.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ы тарихынан алатын орнын бірнеше кезеңге бөліп айтуымызға болады. Ықпалдасу іргетасының қалану кезеңі болған 1992-1997 жылдары Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ЕҚЫҰ-ның 1992 жылғы Хельсинки, 1994 жылғы Будапешт, 1996 жылғы Лиссабон саммиттерінің жұмысына қатысты. ЕҚЫҰ Министрлер Кеңесінің жыл сайынғы отырыстарына Қазақстан атынан сыртқы саясат ведомствосының басшысы өкілдік етіп, Ұйымның Парламенттік ассамблеясының жұмысына парламентшілер белсенді қатысып отырады. 1992 жылдың 8 шілдесінде Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ның Хельсинки қорытынды актісіне, осы жылдың 23 қыркүйегінде – Жаңа Еуропа үшін Париж хартиясына қол қоюы ықпалдасу іргетасының қалану кезеңіндегі елеулі оқиғалар болды /2, 89-91 бб./.

ЕҚЫҰ-ның 1994 жылғы Будапешт саммитінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев 55 (ол кезде Черногория әлі мемлекет болып жарияланбаған) мемлекеттің басшылары қатысқан жиында тұңғыш рет сөз сөйлеп, жаңа саяси жағдайдағы жаңа мемлекет – Қазақстанның Еуропа мен Азия кеңістігіндегі қауіпсіздік пен даму үдерістерін қамтамасыз етуге байланысты өз ұсыныстарын баяндады. Осы бас қосуда

Қазақстан үшін маңызды құжат - жер бетіндегі ядролық қарулы мемлекеттердің Қазақстанға берген қауіпсіздік кепілдігі туралы тарихи келісімге қол қойылды.

Будапешт саммитінде Кеңес Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым болып қайта құрылды. Жалпыеуропалық кеңестің толыққанды қатысушысына айналған Қазақстан оны одан әрі дамыту, сонымен бірге халықаралық ұйым болып қайта құрылуы үдерісіне қатысты. 1995 жылы Вена қаласында еліміздің ЕҚЫҰ-ға тікелей қатысуын қамтамасыз еткен Қазақстанның тұрақты өкілдігі ашылды. 1995 жылы ЕҚЫҰ-ның Орталық Азиядағы өңірлік Бюросы (Ташкенттегі офисі) ашылды /3, 17-18 бб./. 1998-2008 жылдарды қамтитын екінші кезеңде Қазақстан ұйым институттарымен сындарлы байланыстар орнатты. Бұқаралық ақпарат құралдары бостандығы мәселелері жөніндегі Өкілінің кеңсесі, ұлттық азшылық істері жөніндегі Жоғарғы Комиссар кеңсесі және Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро тәрізді Ұйым институттарымен сындарлы байланыстар орнатылып, 1998 жылғы 2-3 желтоқсанда ЕҚЫҰ мен Қазақстан Республикасы Үкіметі арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды /4, 64 б./.

1999 жылы ЕҚЫҰ-ның Алматыдағы Орталығы ашылды. Ол 2007 жылы ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Орталығы болып қайта құрылды.

Қазақстан 2003 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету туралы ниетін білдірді. Ал, 2005 жылы Қазан қаласында өткен ТМД басшыларының саммитінде Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуіне қолдау көрсетіліп, беделді халықаралық ұйымға төрағалық етуге әзірлік жұмыстары басталды. Қазақстан осы ауқымды жұмыс барысында өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында көптеген белестерден өтті. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ы өткізетін шараларға белсене араласуы 2006 жылдан тіптен жандана түсті. «Адам саудасына қарсы күрес өңірлік жауап» атты өңірлік Орталықазиялық конференция 2006 жылдың 18-19 мамыры аралығында Астана қаласында өтті, осы жылдың 29 мамыры мен 2 маусымында Венада болған Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шарт бойынша III шолу конференциясына Қазақстан төрағалық етті, ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі «Мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсінік» атты толеранттық жөніндегі кеңесі Алматы қаласында 2006 жылдың 12-13 маусымында өткізілді /5/. Біздің еліміздің сол кезеңдегі сыртқы істер министрлері мемлекетіміздің талпынысын кез келген отырыста бекітіп отырды. Мәселен, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ. Тоқаев 2006 жылы ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесінің 631-ші арнайы отырысында сөйлеген сөзінде былай деді: «ЕҚЫҰ – Қазақстан тең және толық құқылы қатысушысы болып табылатын басты еуропалық Ұйым. Бұл біз үшін бүкіл Еуразиялық кеңістікте бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау ісіне өз үлесімізді қосуға тамаша мүмкіндік береді. Біз Орталық Азиялық өңірдің өкіліміз, оған күні кешеге дейін лайықты назар аударылмай келді. Бағымызға қарай, қазіргі кезде осы өңір әлемдік қоғамдастық назарының қалың ортасында, әлемдік қоғамдастық анағұрлым қауіпсіз, тұрақты және өсіп-өркендейтін Орталық Азияны орнатуға шынайы мүдделілік танытып отыр. Біз осындай ізгі ниетті бағалаймыз және біздің сенімді әріптестігімізді нығайту арқылы соған лайық жауап беруді қалаймыз.

Бұл орайда Қазақстан ЕҚЫҰ базалық қағидаттарын қатаң ұстанады. ЕҚЫҰ-ны 2009 жылы басқаруға қатысты біздің нық шешіміміз негізсіз амбицияларды немесе қысым көрсетуді ұйғармайды. Қазақстан Ұйымның әлеуеті мен тиімділігін арттыруға өз үлесін қосуға ұмтылады» /6/.

Сондай-ақ, 2007 жылдың 26-27 наурызында «Минасыздандыру саласындағы сенім шаралары мен өңірлік ынтымақтастық» атты өңірлік семинар Алматы қаласында, ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының 17-ші жылсайынғы сессиясы 2008 жылы 29 маусым мен 3 шілде аралығында Астана қаласында өткізілді. 2009 жылғы қаңтарда қазақстандық дипломат, В. Ғиззатов ЕҚЫҰ қазіргі төрағасының мұсылмандарға қатысты төзімсіздік пен кемсітушілікке қарсы күрес жөніндегі жеке

өкілі болып тағайындалды. 2009-2012 жылдарға арналған Адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспары және 2010-2020 жылдарға арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды, соның нәтижесінде қазақстандық заңнамалар халықаралық стандарттарға едәуір жақындай түсті /7,128-129бб./.

Соңғы бірнеше жыл бойында Қазақстан ЕҚЫҰ-ның бірқатар ірі шараларын өткізді, олардың арасында: «Адам саудасына қарсы күрес – өңірлік жауап» атты өңірлік Орта Азиялық конференция (Астана, 2006 ж. 18-19 мамыр); Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шарт бойынша III шолу конференциясында Қазақстанның төрағалық етуі (Вена, 2006 ж. 29 мамыр – 2 маусым); ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі «Мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсінік» атты Кеңесі – Толеранттық жөніндегі кеңес (Алматы, 2006ж. 12-13 маусым); «Минасыздандыру саласындағы сенім шаралары мен өңірлік ынтымақтастық» атты өңірлік семинар (Алматы, 2007ж.26-27 наурыз); ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының 17-ші жылсайынғы сессиясы (Астана, 2008ж. 29маусым– 3 шілде) /8,70 б./.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ мүше ретінде өткізген бұл бастамалары, Қазақстанның 1975 жылғы Хельсинк қорытынды актісіне негізделген жалпы еуропалық үдерістерге еркін қатысуға, тәжірбие алмасуға деген ұмтылысын көрсетеді. Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға қатысты, аймақтың нарықтық экономикаға өтуіне қатысты, экономикалық реформалар жүргізу, адам құқықтарын қорғау, аймақтық қауіпсіздік салаларында бірқатар семинарлар өткізді. Сонымен бірге Қазақстан өз тарапынан ЕҚЫҰ шеңберінде өтетін кез-келген іс-шаралар мен бастамалардың назарынан тыс қалмай өзінің уәкілдерін жіберіп қызығушылық танытып, әлемдік деңгейдегі мәселелерге немқұрайлы қарамайтындығын байқатты. Әсіресе, төрағалық етудің алдындағы үш жылда өткізген кездесулері мен бастамалары айрықша екендігін айтуға болады. Соларға нақтырақ тоқталып өтсек, мәселен, 2007 жылы бірқатар бастамалар жасалып, жоғары деңгейдегі бас қосулар өткізілді. Солардың қатарында қаңтар айында Қазақ делегациясы құрамындағы ЕҚЫҰ жанындағы ҚР тұрақты өкілдігі, ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігі және қазақстандық экологиялық үкіметтік емес ұйымның өкілдері Венадағы ЕҚЫҰ-ның «ЕҚЫҰ аймақтарындағы қоршаған ортаның қауіпсіздігін және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің бас мәселелер: жер тозуы, топырақ ластануы және су ресурстарын басқару» Экономикалық және экологиялық форумына қатысты. Ал келесі, яғни ақпанда Қазақстандық парламенттік делегация Сенаттың Төрағасы Қ.Тоқаевтің басшылығымен Венадағы ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының мәжілісіне қатысты /9/. Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізу мақсатында бірнеше іс-шаралар жүрізді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға қатысты, аймақтың нарықтық экономикаға өтуіне қатысты, экономикалық реформалар жүргізу, адам құқықтарын қорғау, аймақтық қауіпсіздік салаларында бірқатар семинарлар өткізді.

2010 жылдың тамызында ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдердің сыртқы істер министрлерінің Кеңесі халықаралық Ұйымның осы аса ірі Форумын 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында Астанада өткізу туралы түпкілікті шешім қабылдады. ЕҚЫҰ соңғы Саммиті осыдан 11 жыл бұрын, 1999 жылы Стамбұлда өткендіктен, жоғары дәрежедегі мұндай кездесуді өткізу Ұйымның күллі қызметіне жаңа күш беру мүмкіндігі ретінде қарастырылды.

Қазақстан төрағалық барысында нақты мәселелерді шешу жолдарын ұсынды. ЕҚЫҰ-ға мүше елдерінің үлкен жанжалға килігіп отырған жері – Ауғанстан. Ал ЕҚЫҰ-да мұсылман елдері аз. Осы тұрғыдан келгенде, әрине мұсылман елдердің бір-бірімен келіссөз жүргізуі оңайлау. Өйткені Ауғанстан халқының бір бөлігінің Еуропа әскеріне көзқарасы бөлек. Қазақстанның функциясы бұл жерде бітімгерлік. Әрбір нәрсені ұйымдастырушының өз жауапкершілігі болады. Ауған мәселесінде де

Қазақстан осы кезеңде 50 млн. доллар көлемінде көмек көрсетуді мойнына алып отыр. Мыңнан астам ауған азаматтары Қазақстанның жоғары оқу орындарында білім алмақ. ЕҚЫҰ төрағалығы барысында еліміз қолға алған тағы бір мәселесі – Таулы Қарабақ дауы. Бұл жерде нәтижеге бірден қол жеткізу қиын. Өйткені ол ұзаққа созылған жанжал. Қазақстан осы мәселеге тікелей араласып, тараптарды келіссөзге шақырып оны бәсеңдетуі елеулі нәтиже деуге болады.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде күтпеген жәйт Қырғызстандағы ахуал болды. Қырғызстандағы мемлекеттік төңкеріс кезінде Қазақстан бірінші күннен азамат соғысына жол бермеуге үлкен үлес қосты. Ресей және АҚШ-пен біріге отырып Құрманбек Бакиевті елден алып шығудың өзі қырғыз халқының мүддесі үшін жасалған іс. Қырғызстан президенті сол жерде қалғанда төңкеріс азамат соғысына ұласатын еді. Оны уақытында алып кету азамат соғысының тұтануына жол бермеудің амалы болды. Қырғыздардың өздерінің ақпарат агенттіктерінің мәліметіне қарағанда Оштың 70 пайызы қирап қалған. Осындай үлкен мәселелердің барлығы Қазақстанның ұсынысымен халықаралық ұйымдардың талқылауына салынып, халықаралық ұйымдардан қаржылық көмек күтіліп отыр. Жалпы, Қазақстан ұйым қатарын толықтырған күннен бастап өзінің позицияларын нық ұстап, кез-келген ұйым шеңберіндегі іс-шараға белсене ат салыса алатындығын көрсетті. Ең бастысы еліміз алғашқы күннен осы белсенді ұйымда төрағалық ету ынтасынан тайған жоқ. Тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ ЕҚЫҰ-ға төрағалық Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының Қазақстанның Мемлекет басшысы стратегиялық ұлттық жоба ретінде белгілеген басым бағыттарының біріне айналды.

ЕҚЫҰ-дағы төрағалық және 2010 жылы Астанада осы ұйымның Саммитін өткізу қазақстандық дипломатияның ең ірі жетістіктерінің бірі болды. ЕҚЫҰ-дағы төрағалық Отанымыздың жылнамасына жарқын тармақ болып мәңгілікке енді, ал Астана саммиті ХХІ ғасырдың бірінші онжылдығындағы ең ірі халықаралық оқиғалардың біріне айналды /10/. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымның 35 жылдық тарихында оның шындығында да әлемдік саяси-экономикалық және әлеуметтік сахнада өзіндік ұстанымдары мен қағидалары бар ұйым екендігіне көз жеткіздік. Оған дәлел, құрылған күннен бастап бүгінге дейін ынтымақтастық пен қауіпсіздікті сақтауда ұйымның атқарған қызметтері ұшан теңіз екендігіне жоғарыда біршама дәлелдер келтірдік. Соларды түйіндей келе біз аталған ұйымның болашақта атқаратын жұмысы бұдан да кеңейіп, нәтижелері жоғары болатынына кәміл сенімдіміз. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ғы табысты төрағалығы біздің еліміз үшін адамзатты жаһандық дамыту міндеттерін шешу жолында халықаралық қауымдастықтың жауапты, құрметті де ұтымды мүшесі ретінде өз қабілетін танытуына бірегей мүмкіндік болып табылатынын атап көрсеткен жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кабдешев К. Казахстан в международных организациях: курс лекций / К. Кабдешев. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – с.170
2. Байзакова К.И. Сотрудничество Республики Казахстан с ОБСЕ по противодействию угрозам и вызовам региональной безопасности/Роль и перспективы ОБСЕ в современном мире. Материалы круглого стола (21 мая 2008 г.) – Алматы, 2008, с.158
3. Сейдін Н. ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету халықаралық сенім мен геосаяси жауапкершілік белгісі //Ақиқат. – 2008. - №3. – 17-20 б.
4. Губайдуллина М.Ш. Сапанов С.Ж. Перспективы развития ОБСЕ и сотрудничества с Республикой Казахстан/Роль и перспективы ОБСЕ в современном мире. Материалы круглого стола (21.08 г.)- А, 2008 – с.158
5. Сейдін Н. Хельсинкиден Астанаға дейін: бейбіт дамудың күрделі жолы <http://www.kizi.kz/site.htmlid>

6. <http://www.egemen.kz/22784.html>
7. Көрсетілген еңбек [2. 128-129 бб.].
8. Утегенова А. ОБСЕ в начале XXI века: перспективы развития. – А, 2008
9. <http://www.egemen.kz/22784.html>
10. Қазыханов Е Қазақстанның сыртқы саясатына–20 жыл //Егемен Қазақстан –2011ж. 16 қараша.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан мен Еуропадағы Қауіпсіздік және Үнтымақтастық ұйымы арасындағы қарым-қатынастың толық мәні қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В статье освещены основные пункты деятельности ОБСЕ и Казахстана.

ПРОМЫШЛЕННОСТЬ В ГОРОДАХ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА В 30-40-Х ГГ. XX ВЕКА

Кожакеева Л.Т. –д.и.н., и.о. профессора (г.Алматы., КазгосженПУ)

Индустриализация в Казахстане проходила прежде всего в городах восточного и центрального регионов, менее всего она коснулась Южного региона. В годы силовой модернизации промышленная политика предусматривала развитие тяжелой промышленности, а в Южном Казахстане главным образом сохранялась аграрная направленность. Именно этой политикой и определялись процессы урбанизации и индустриализации в регионе. Промышленность на юге развивалась в уже сформировавшихся крупных городах. Так, разведанные запасы свинца на Ачисайском месторождении, перспективность открытия месторождения других руд в этом районе, а также известные, но еще не разведанные месторождения недалеко от Чимкента (в районе Байджансая)—все это привело к строительству в Чимкенте свинцовоплавильного завода большой мощности. Строительство завода началось в 1931 г. Затраты на его строительство составили только в 1931 г. 13586,2 тыс. руб. или 80 % от плановой стоимости /1/.

Завод был спроектирован и строился с учетом новейших в тот период достижений металлургии свинца. Здесь были сооружены цеха по составлению шихты. Плавильный цех имел самые большие в Европе прямоугольные шахтные печи. Первый свинец самого крупного завода был получен вначале на опытном заводе 21 января 1934 года. Основной завод стал выдавать свинец в марте. Опытный завод, размещенный на площадке основного в районе Бештирек, был организован в целях подготовки кадров и освоения переработки ачисайской руды и концентрата. Оборудование для опытного завода перевезли сюда из Аулие-Аты, круглую шахтную печь, клеть для подъема шихты на колошник печи, вентиляторы для дутья воздуха и уральские решета для спекания рудной мелочи, концентрата.

В довоенный период, кроме выплавки свинца и медного шахта, Чимкентский свинцовоплавильный завод освоил извлечение малых содержаний серебра и золота из веркблея, а также впервые в стране начал извлекать висмут из свинца с переработкой его в металлическую форму.

В городе Чимкенте был расположен сантонинный завод, преобразованный позднее в химтрест всесоюзного значения. Это промышленное предприятие являлось

крупнейшим в Южном Казахстане как по стоимости своего имущества и оборудования, так и по ценности продуктов производства. Завод был сооружен еще в 1884 г. и вырабатывал только сантонин, являясь мировым производителем этого продукта. С 1928 г. начинается значительный рост завода, приведший впоследствии к тому, что он стал одним из крупнейших в химико-фармацевтической промышленности Союза.

В начале 30-х гг. завод имел десять производств лигоцина, технического морфина, кодеина, папаверина, гидростинина, никотин-основания, гидросульфата, табачного экстракта и эфирных масел. Производство продукции этого завода, прежде всего, химико-фармацевтических препаратов возрастало из года в год, в 1927-28 г. завод изготовил этих препаратов на сумму 983.700 р. и в 1928-29 г. на сумму 4.509.300 р.

В 1927 – 28 гг. в Чимкенте были введены в действие Хлопкозавод, № 4, кирпичный завод, электростанция, типография и др. В 1927 – 28 г. только один сантонинный завод дал приращение выпуска валовой продукции по сравнению с 1913 г. в абсолютных цифрах на 308, 2 тыс. руб. или на 44,7 %, в 1932 г. – на 135522 тыс. руб.

К объектам крупного строительства с 1930 по 1932 г. относились кирпичный и хлопкоочистительный завод.

В результате в 1933 г. количество предприятий города достигло 67, в том числе по отраслям: металлургической – 1 предприятие, полиграфической – 2, строительной – 4, химической – 5, мукомольной – 8, пищевой – 25 и хлопкоочистительной – 5.

Наиболее крупными промышленными предприятиями города являлись на 1932 г. следующие: химфармзавод, на котором работало 219 рабочих, хлопкозавод № 4/61 с 910 рабочими, кирпичный с 143 рабочими и свинцовый завод, в цехах которого трудилось 313 чел. /2/.

К 1933 г. г. Чимкент располагал следующей структурой промышленных предприятий. Данные о промышленных предприятиях города приводятся в таблице 1 /3/.

Таблица 1 - Промышленные предприятия в г. Чимкенте в 1933 г.

Категории и группы	Число предприятий	Валовая продукция в ценах 1926/27 г.(тыс. руб.)
1.Вся промышленность	77	119988,1
В т.ч. группа «А»	21	15471,5
Группа «Б»	56	104516,6
2.государственная промышленность	24	104998,4
в т.ч. местная	5	12687,2
2. кооперативная промышленность	37	14303,2
3. Промышленность прочих организаций	16	1686,5
4. промышленность 4-х наркоматов (НКТП, ЛКЛегП, НКЛес, Ком. Заг. СНК	4	11430,9
в т.ч. группа «А»	1	3753,0
группа «Б»	3	7677,9

В 1933 г. количество крупных промышленных предприятий в г. Чимкенте достигло 14, среди них – химфармзавод, хлопкоочистительный завод, кирпичный завод, маслобойный завод, мельница, электростация, типография, швейная и макаронная фабрики /4/.

Наличие этих предприятий придало городу промышленный облик, а с вводом в эксплуатацию крупнейших промышленных предприятий – свинцового завода и электроцентрали, Чимкент превратился в индустриальный центр Южного Казахстана.

Дальнейшие планы по индустриализации Чимкента, прерванные Отечественной войной, предполагали следующие мероприятия. По тяжелой промышленности предполагалось произвести реконструкцию Чимкентского свинцового завода на базе использования Ачисайских окисленных руд и концентратов окисленных руд Текели в свинцово-цинковый комбинат. Намечалось в 1942 г. повысить производительность первой очереди до 20 тыс. тонн цинка с последующим расширением производства цинка до 40 тыс. тонн и с серно-кислотной установкой мощностью 2025 тыс. тонн серной кислоты /5/.

По предприятиям легкой промышленности намечалось: в 1942 г. построить стекольный завод в г. Чимкенте на базе фогелевских кварцевых пластов. Проектная мощность – 5 тыс. тонн оконного стекла и посуды в год. Проектная стоимость завода составляла 7,5 млн. руб.

Также предполагалось построить в г. Чимкенте хлопчатобумажный комбинат, мощностью 10,3 млн. метров ткани в год, проектной стоимостью 35 млн. руб. и ватную фабрику на базе отходов очистительного и масло-экстракционного завода и хлопчатобумажного комбината. Проектная мощность фабрики – 3 тыс. тонн ваты в год, проектная стоимость – 1,5 млн. руб.

Кроме новых предприятий намечалась реконструкция действующих Валико-Алексеевского и Келесского хлопкоочистительных заводов, а также строительство новых складов и механизация существующих. На эти цели предусматривались 11,5 млн. руб.

Всего в легкую промышленность Южно-Казахстанской области в третьей пятилетке предполагалось вложить 37,5 млн. руб.

По пищевой промышленности союзного подчинения, кроме уже строившегося в Чимкенте масло-экстракционного завода, намечалось построить рафинадный завод в г. Джамбуле, стоимостью 15 млн. руб. и провести реконструкцию с целью повышения мощности Джамбулского и Меркенского сахарных заводов. Кроме того, планировалось строительство в г. Чимкенте мельзавода, мощностью 60 тыс. тонн зерна в год и проектной стоимостью 9 млн. руб.

По предприятиям республиканского подчинения общая сумма вложений на строительство, реконструкцию и дооборудование существующих составляла 11.1 млн. руб. Наиболее крупными объектами являлись хлебозавод на 60 тонн хлеба в сутки и стоимостью 3,5 млн. руб и мясохолодильник, емкостью на 400 тонн и стоимостью 2 млн. руб. в г. Чимкенте /6/.

По предприятиям местной промышленности Южно-Казахстанской области к 1942 г. предполагалось вложить 20,4 млн. руб. Планом предусматривалось строительство цементного завода на ст. Сас-Тюбе (мощностью 30 тыс. тонн цемента и стоимостью 12 млн. руб); завода керамических труб в Ленгере (мощностью 7 тыс. тонн и стоимостью 2 млн. руб); алебастрового завода в г. Джамбуле (мощностью 10 тыс. тонн и стоимостью 1.2 млн. руб.) и строительство шахты на Кельтемашатском угольном месторождении (мощностью 30 тыс. тонн угля в год и стоимостью 900 тыс. руб.)

Кроме того, 3,1 млн. руб. предполагалось вложить на реконструкцию и оборудование существующих предприятий /7/.

Что касается предприятий промкооперации, то им придавалось весьма незначительное внимание, тогда как природные ресурсы области и наличие свободных трудовых ресурсов предполагали хорошие перспективы развития именно в этом направлении. Общая сумма вложений в 1938-42 г. в промкооперацию составляла всего 446 тыс. руб. Предполагалось построить цех химчистки, трикотажную мастерскую, цех по производству игрушек и школьных принадлежностей в г. Чимкенте; две обувные мастерские в Ленгере и Ачисае.

В 1938-1942 гг. предполагалось направить на капитальное строительство в Южно-Казахстанской области 608543 тыс. руб.

Ниже приводятся данные о размерах капитальных вложений в развитие промышленности области /8/.

Таблица 2 - Планируемые капитальные вложения в промышленность Южно-Казахстанской области в 1938-1942 гг.

Наименование отрасли	Вложения в 1938-42 гг. Всего
Тяжелая промышленность	20000
Угольная промышленность	12000
Цветная металлургия	19700
Химическая промышленность	305000
Легкая промышленность	37225
Пищевая промышленность	48600
Мукомольная промышленность	
Пром. Кооперация	11217
Потребкооперация	970
Железнодорожное строительство	3514
Прочее строительство	50000
	2000

Из приведенных данных ясно видно, что приоритетным в области являлось развитие химической промышленности и цветной металлургии. В совокупности на развитие в 1938-42 гг. предусматривалось 324700 тыс. руб. При этом отметим, что практически все предприятия этих отраслей предполагалось построить в г. Чимкенте, тогда как промышленное развитие многих других городов региона осталось вне поля зрения. Так, в годы силовой модернизации в г. Кызыл-Орде промышленность практически не развивалась. К 1933/34 г. наиболее крупными предприятиями города были гормолтрест, рисовый завод, типография, мясокомбинат и Казрыбтрест. Как мы видим, промышленность города целиком была ориентирована на переработку сельскохозяйственного сырья /9/. К концу силовой модернизации ситуация с промышленными объектами в городе практически не изменилась, по-прежнему сохранялась ориентация на переработку сельхозсырья. Вообще любопытен паспорт на город Кызыл-Орду: почти во всех графах, касающихся промышленных объектов стоит либо прочерк, либо нет данных.

Точно так же обстояло дело с развитием промышленных предприятий в г. Туркестане: металлургических предприятий – нет, машиностроительных – нет, горнорудных – нет, каменноугольных – нет, химических – нет, нефтяных – нет, текстильных и мукомольных – тоже нет. Единственным крупным предприятием в городе в 1936 г. был хлопковый завод, производивший продукции на сумму 1779042 тыс. руб. в год. Кроме того, планировалось строительство хлопкоочистительного завода.

В целом можно говорить о том, что промышленность была наиболее развита по Южному Казахстану в г. Чимкенте. В других городах региона промышленность только нарождалась и играла весьма незначительную роль в экономике. Да и в самом Чимкенте можно говорить о промышленном развитии только относительно, в сравнении с городами Центрального и Восточного Казахстана промышленная инфраструктура была представлена не только слабо, но и фактически еще находилось на стадии нулевого цикла.

ЛИТЕРАТУРА

1. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д. 997, Л.8.
2. ГАЮКО, Ф.83, Оп.1, Д. 12, Л. 52.
3. ГАЮКО, Ф.83, Оп.1, Д. 12, Л. 90,91.
4. ГАЮКО, Ф. 121, Оп.1, Д. 1330, Л.1.
5. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д. 998, Л. 83.
6. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д. 998, Л. 6.
7. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д. 998, Л. 8.
8. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д. 998, Л. 11.
9. ГАЮКО, Ф.709, Оп.1, Д.988, Л. 5.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается развитие промышленности в южных городах Казахстана 30-40-х годах XX века.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XX ғ. 30-40 жылдары Оңтүстік Қазақстан қалаларында өнеркәсіптің дамуы баяндалған.

ЖЕТІСУ ХАЛҚЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ II- ЖАРТЫСЫ)

Коньрова А. М.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Орталық Азияда орналасқан Шу өзенінен оңтүстікке қарай Сырдарияның жоғары ағысына дейін Ұлы жүз бен Орта жүз тайпалары мекендеген жер Жетісу облысы деп аталады. XIX ғасырда Жетісу облысының көпшілік аумағы орыс иелігінде болды. Өлкенің бірыңғай тұрғындары көшпелі қырғыздар. Жетісу өңіріне XIX ғасырда басқа ұлт өкілдерінің қоныс аудару бастады. 1885 жылы қоныс аударушылар саны: ерлер 283,098, әйелдер 241,136, отырықшы халық 22,285, дәрежесі жоғары тап өкілдері 1,906, көпестер 887, мешандар 12,165, шаруалар, 22,786, демалыстағы және запастағы шендер мен олардың отбасы 4,555, әскери шенді адамдар 9,676, қызметкерлер 47, тараншылар 786, дүнгендер 10,195 және басқа да тап өкілдері 9,864 жаннан құралды. Барлық көшпенділер саны 524,234 жан, отырықшылар 142,105, барлығы 666,339 /1/.

Облыс халқының басым бөлігі егіншіліктен гөрі мал шаруашылығымен айналысты. Мүйізді ірі қара мен жылқы малына қарағанда ұсақ мал түрі көшпелілердің ішсе сүті, жесе еті, кисе киімі болды. Өркешті түйелер үй шаруашылығындағы жүк артатын жұмысқа қажет болды. Казактар жылқы, отырықшы халық ұсақ малды, шаруалар мүйізді ірі қараны айрықша ұстады.

Территорияның басым бөлігі тау жоталарынан тұрды. Жетісу халқының басты кәсібі мал шаруашылығы болғандықтан мал басының саны 1988 жылғы мәлімет

бойынша 5,158,206 бас, оның ішінде жылқы 684,563, мүйізді ірі қара 331,470, қой 4,039,772, түйе 90,029, есек пен қашар 1,617, шошқа 10,755, ал 1908 жылғы статистикалық мәліметте 6739318 бас мал деп көрсетілген. 1907-08 жылдардағы жұт уезд бойынша 1,050,970 бас малды шығынға ұшыратты. Алайда 1988 жылмен салыстырғанда 1,5 млн-ға дейін көбейді /2/.

XIX ғасырдың 80 жылдарында Жетісуда орыс крестьяндары егіншілікпен айналыса бастады.. Отырықшы халық бидай, сұлы, арпа, жаздық бидай, қыстық бидай, ал дүнгендермен ұйғырлар күріш, жүгері, күнжұт т.б. септі. Бұндағы өнім көрсеткіштері жоғары болды. Мысалы: бидай- 18,938,819 пұт, арпа- 4,624,498 пұт, сұлы- 9,510,507 пұт, қара бидай- 446,401 пұт, тары- 5,598,456 пұт, бұршақ- 189,374 пұт, күріш- 391,835 пұт, гречка-2,048 пұт, жүгері- 56,490 пұт, картоп-906,695 пұт /3/.

Қазақ халқы егіншілікпен айналысуға дұрыс ниет білдірмеді, мал жайылымдары азайды. XIX ғасырдың 80 жылдарында Жетісуға ұйғырлар мен дүнгендер бақша жемістерімен бірге басқа мәдениет түрлерін және еңбек құралдарын да алып келді. Осы жылғы астық өнімдерін Жетісу облысымен қоса Семей, Ақмола облыстарына да жетті. Дүнгендер Жетісу жеріне орыс халқына белгісіз редиска, шалқан, чеснок, түрлі түсті қырыққабат және де картоп, қызылша, сәбіз, сарымсақ, бұршақ, фасол да септі. Орыстар мен дүнгендер арасында егіншілікпен айналысу бақталастық болды. Ал қазақ көшпелілері бұл шаруашылықпен айналыспады. Верный уезінде алма, алмұрт, Жаркент уезінде жүзім мен өрік өсірілді.

С. Урашева “Из истории Семиреченской области (1867-1914гг)” атты мақаласында орыстың белгілі саяхатшысы, мемлекеттік және халық ағартушысы П.П. Семенов- Тянь Шанскийдің екінші мәрте 1857 жылы Верный жайында жазғанын былай көрсетеді “Верный өткен жылдарға қарағанда мүлде басқа күйде көрінді. Үлкен ордада жас бақша отырғызылған, таудың етегіндегі бұл алғашқы ағаш Верный қаласын бақпен орады”/4/. Бұдан басқа далалық жерде орыс халқы және басқа да халықтар табак өсіру, балық аулау, ар шаруашылығымен айналысты.

Сонымен қатар бұл өңір халқы сауда саттықпен де айналысты. Орыс көпестері мануфактуралық, галантерейлік бұйымдар, темір, шыны және т.б. түрлі бұйымдар әкелді. Орыс әкімшілігі қазақ саудасын тәртіпке салу үшін дала жәрмеңкесін ұйымдастыруды жөн көрді. Көпестер өз саудаларын Қарақара өзенінің жанында ұйымдастырды. “Жаркент уезіндегі Албан қонысында Қарақара деген жәрмеңке бар еді. Бұл жәрмеңкеге күнбатыс Қытай мен Ресей саудасы тоқайласатын. Жәрмеңкенің саудаға салынған сомасы кей жылы миллионға жететін” /5/. 1893 жылдан осы жерде жыл сайын 15 маусымнан 15 тамыз аралығында жұмыс істейтін Қарақара жәрмеңкесі ашылды. 1894 жылы Қапал уезінде Алмалы жәрмеңкесі салынды. Бұндай жәрмеңкелер Жетісу өңірінің басқа аймақтарында да салынды (6).

Өнеркәсіп өндірісі облыстағы ең баяу дамыған сала еді. Облыста тек ұн тартатын диірмен, жемістерден шарап шығаратын зауыттар, сыра зауыттарымен қоса майхана ғана болды. Шарап зауыты 1885 жылы Түрген зауытының қожайыны көпес Ивановтың қол астына шоғырланып, Верный, Талғар, Лепсі қалаларындағы шарап зауыттарын халыққа жалға берді. Қапал, Қарақол, Жаркент қалаларында мал терісін өңдейтін өнеркәсіп, доңыз майынан сабын өнеркәсібі іске қосылды.

Денсаулық сақтау бөлімінде уезд бойынша бес дәрігер қызмет атқарды. Халыққа арналған арнайы емханалар болмады. Тек ауру жанға алғашқы көмек тек бес науқас сиятын дәріханасы бар орындар ғана болды. Көшпелілер мен бұратана халық осы орнынан амбулаториялық көмек қана ала алатын болды. Верный қаласында 2 дәріхана, 3 әскери жартылай емхана жұмыс істеді. Емхананың жетіспеушілігінен Жетісу облысында осы жылдары жұқпалы аурулардың да болғаны белгілі. Алғашқы орында іш сүзегі, қызылша, қызамық т.б. жұқпалы ауру түрлері болды. Іш сүзегі Лепсі қаласында тамыз- қазан айларында көптеп болғаны кездеседі. Бұл дертке (әскери адамдарды қоспағанда) 106- адам ұшырап, 10 адам көз жұмды. Қызамық дерті Теплоключинск

деревнясында қаңтар айында көп болды, Қараколда да осы індетке біраз адам шалдықты. 44 адам ауырып, 23 адам қайтыс болды /7/.

Осы жылдары Верный қаласында Верный қоғамдық жетімдер үйі, Қызыл Крест, Верный қайырымдылық қоғамы сияқты қайырымдылық қорлары ұйымдастырылды. Верныйдағы жетімдер үйі 1879 жылдың аяғына қарай ата-анасының қамқорынсыз қалған жетім балаларға арналды. 1885 жылы жетімдер үйінде 9 ер бала, 18 қыз бала болды. Кейін тағы 4-11 жас аралығындағы 2 қыз бала, 4 ер бала, барлығы 6 адам қосылды. Сонымен бірге Верныйдағы қайырымдылық қоры кедейлерге мен жетімдерге киім-кешек, азық-түлік, дәрі-дәрмек жағынан көмек көрсетіп отырды. 1884 жылғы 1 желтоқсанда Ішкі істер Министрлігінің қаулысымен қайырымдылық қоғамының төрағасы болып Әскери Губернатор және жыл сайын дауысқа түсетін 7 мүшеден тұрды, олардың арасынан хатшы сайланды.

Жетісу облысында бір приход училище және жеті станица мектебі болды. Оларды станицалар өздері қамтамасыз етіп отырды. 1884 жылы облыста бір ерлер бір әйелдер гимназиясы мен халықтық оқу, бес қалалық училище, 23 приходтық ерлер училищесі, бес аралас училище болды. Бұнда негізінен орыс балалары білім алды /8/. 1908 жылы Жетісу облысында орыс тілінде жүргізілген 124 оқу орны болды. Онда барлығы 9,555 болса, оның 3,995 –і қыз балалар болды. Сонымен қатар Жетісуда облысының Жаркент, Пішпек, Пржевальск, Қапал уездерінде 4 ауылшаруашылық мектебі ұйымдастырылды.

Аграрлық аудандарда өнімді жоғары деңгейде және сапалы еңбек үшін 1887 жылы Қапал қаласында қыз балаларға арналған ауыл шаруашылық мектеп ашуды ұйғарды. Осы жылғы мектепте 16 оқушы 13-і қазақ, 3 орыс баласы болды, оқу бағдарламалары орыс тілінде болды. Мектепте күзетші, аспазшы, кір жуғыш, тәрбиеші бар жоғы төрт адам жұмыс істеді. Ауылшаруашылық мектептерде сабақ қыркүйектен наурызға дейін жүрді. Оқушылар орыс тілі, арифметика, тарих, жағрапия, жаратылыстану, жазу сабақтарымен бірге арнайы пәндер диқаншылық, мал шаруашылық, орман шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығымен оқып танысты. XIX ғасырдың 90 жылдарының аяғында мектепке шеберлік тәрбиешілер етікші, ағаш ұстасы, темір ұстасы сияқты салаларды да меңгерді. Көктемде оқушылар практикаға далаға шықты. Қапалдағы ауылшаруашылық мектептің тәжірибеден өтетін арнайы өз жері болды.

Облыстағы барлық орыс оқу орындарының саны 1884 жылы 40 санға жетті. Оқушылардың саны 1,122 (1,551 ер, 571 қыз), 150 оқушыдан тұратын 1 ерлер гимназиясы, 126 оқушыдан тұратын 1 әйелдер гимназиясы, қалалық екісыныптық училище, 1 облыстық қалада 100 оқушы, 2 уездік қалада-146 оқушы және уезде 75 оқушы

		Училище саны	Ерлер	әйелдер	барлығы
Екісыныптық	Ерлер	1	56	-	56
	Әйелдер	2	-	211	211
Бірсыныптық	Ерлер	22	793	75	808
	Әйелдер	4	-	91	91
Аралас оқу		5	225	67	292
Барлығы		34	1074	444	1518

1883 жылмен салыстырғанда приходтік мектептер саны 31, санақ кезінде оның саны 120-ға жетті. 1883 жылы барлығы 1,328 оқушы, 1,045 ерлер, 353 әйелдер. Қалған оқу орындарында оқушылар саны санақ бойынша ерлер гимназиясында 54 оқушыға кеміді. Көп оқушылар әскери қызметке және әскери оқу орындарына кетсе, ал әйелдер білім алатын оқу орындарында 8 оқушыға кеміді. Ал орыс оқу орындарының саны ерлер жағынан 1884 жылы 56 оқушыға көбейді.

Қалалық 2 сыныптық училище		27		27	01		01					28		28
Приходтік 2 сыныптық училище	р				8		8					8		8
	ыз		00	00									00	00
Приходтік 1 сыныптық училище	р	0		0	4		4	37	3	20	4	51	3	34
	ыз					03	03		1	1			14	14
Молдадан сауат ашу (қырғызда р)								13 2	00	732	06	13 2	00	732
Молдадан сауат ашу (дүнгендер аулы)								68	3	21		68	3	21

1877 жылы басқа ұлт өкілдерінің ата-анасыз қалған балаларға арналған Верныйдағы әйелдер гимназиясында да оқушылар пәтері болды. Пәтерді қамтамасыз ету үшін 1884 жылы халық ағарту жинағынан 3,835 сом 50 тиын бөлінді. Пәтерде 14 оқушы тұрды, 9 оқушы халық ағарту жиынының қорымен қамтамасыз етілсе, 5 оқушыға туған-туыстары көмектесіп тұрды.

Қапал, Қаракөл қалалық училищесінде де 20 адамнан тұратын қырғыздарға арналған арнайы оқушылар пәтері болды. Пәтерге Түркістан генерал-губернаторы 1878 жылы 16 ақпаннан бастап әрқайсысына 3,650 соммен қамтамасыз етуді ұйғарды. Кейіннен бұл 3,000 сомға қысқартылды. Қапалдағы пәтерлерде 1884 жылы 4 орыс, 12 қырғыздан тұратын барлығы 16 оқушы тұрды. Қаракөл оқушыларының пәтерлерінде 7 орыс, 15 қырғыз балаларынан құралған 22 оқушылар білім алды. Халық ағарту жиынынан қамтамасыз ету үшін 3,433 сом 33 тиын бөлінді. Бұдан бөлек аталған қалада 1879 жылы ағаш, темір ұста сыныптары ашылды, алғашқы білім алушылар саны 17 оқушыдан құралды (8 қырғыз, 9 орыс ұлт өкілдері), одан кейін білім алушылар қатары 37 оқушыға көбейді (33 орыс, 4 қырғыз) /11/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Обзор Семиреченской области за 1885 год. С 2-5.
2. Обзор Семиреченской области за 1888 год. С 6.
3. Записка о состоянии Семиреченской области в 1908 году. С 14-15.
4. Урашева С.А. Из истории Семиреченской области (1867-1814гг). Высшая школа Казахстана. 2001 №4,5.
5. І. Жансүгіров Жетісу (1730-1916 жж)
6. Недзвецкий В.Е. Памятная книжка и адрес-календарь Семиреченской области на 1905 год. С 221.
7. Обзор Семиреченской области за 1885 год. С 61-63.
8. Обзор Семиреченской области за 1885 год. С 64-65.
9. Урашева С.А. Из истории Семиреченской области (1867-1814гг). Высшая школа Казахстана. 2001 №4,5.
10. Обзор Семиреченской области за 1887 год.
11. Урашева С.А. Из истории Семиреченской области (1867-1814гг). Высшая школа Казахстана. 2001 №4,5.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Жетісуға қоныс аударушылардың экономикалық жағдайы мен өмір жағдайы баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается экономическое положение и условия их жизни переселенцев, в основном расселенных в Семреченском районе, представлявший большой интерес для царского правительства в строительстве военных укреплений.

ҚАЗАҚСТАН КЕҢЕСТІК ТОТАЛИТАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢІНДЕ(1920-1940 Ж.Ж.)

Өнербаева Ш.Ө.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың Қазақстан тарихындағы кеңестік кезеңі - трагедиялық жағдайларға, халықтың экономиканы дамыту, елді қорғау жолындағы ерлік күш-жігеріне, болашаққа деген мол тынысты құлшыныстарға толы кезең. Осы ғасырдың 20-40 жылдарының тарихы - Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Кеңестік кезеңде 30 жылдардағы аштық пен саяси қуғын-сүргін, ұжымдастыру тұсындағы халықтардың жаппай қырылуы жайлы мүлдем айтылмай келді. 1988 жылы алғаш рет академик М.К. Қозыбаевтың бастамасымен «Қазақстанда және Орта Азия республикаларында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру: тәжірибе және проблемалар» атты Бүкілодақтық ғылыми конференция болып, онда 20-30 жылдар басындағы қиын жағдайлардың себептері мен салдарлары айтылды /1/. Академик М.К. Қозыбаев жетекшілік етіп, құрамына ғалымдар енген ҚР Жоғарғы Кеңесі арнаулы комиссиясының жұмысы нәтижесінде бұрын құпия жатқан құжаттар ашылып, 30-жылдардағы аштық пен саяси қуғын-сүргіннің ақиқатын ашуға қол жеткізілді. 1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының қазірде қолданыстағы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданды.

Бұл кезеңнің қайшылықтарын, кеңестік тоталитарлық жүйе жүргізген төтенше саяси шаруашылықтық науқандарға байланысты көптеген ғылыми еңбектер жарық көрді, атап айтсақ: М.К. Қозыбаев /2,3/, Ж.Б. Әбілғожин /4,5/, Т.О. Омарбеков /6/ және тағы басқалар деректер мен құжаттары негізінде талдау жасай отырып, Тәуелсіз Қазақстан тарихының бүгінгі талаптарына сәйкес әділетті ғылыми баға беріп, сол кездің ащы шындығын өз еңбектерінде ашып көрсетті және көрсетуде.

1920 жылы 26 тамызда КазАКСР-нің құрылуы өлкенің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық өмірінде елеулі оқиға болып табылды. Осының нәтижесінде, таптық принциптер негізінде Кеңестер формасында болса да, байырғы қазақ жерінің едәуір аумағында Қазақстан мемлекеттілігі құрылды. КазАКСР-нің құрылуы мен Ресей империясының бодандығы тұсында ыдырап кеткен Қазақстанның аумақтық тұтастығы қалпына келтіріле бастады. Қазақстанның аумақтық тұтастығын қалпына келтіру қазақ халқының болашақ тарихы үшін аса маңызды рол атқарды.

Қазақстан мемлекеттілігінің құрылуы елді қамтыған экономикалық және саяси дағдарыспен қатар келді. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ, қазақ халқы қиындықтарға кездесті. Адам шығыны да аз болған жоқ. Қазақ шаруасын сарыдала төсінде бірде «ақтар» келіп шауып кетсе, бірде «қызылдар» келіп қырғыйдай тиді. Көп қазақ «қызыл» мен «ақтың» қайсысын қолдау керектігін түсіне алмады, Көп кешікпей-ақ 1921-22 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс, жауынсыз жаз құрғақшылық пен ашаршылық нәубетін әкелді. Орынбор, Қостанай, Ақтөбе, Орал,

Бөкей, Торғай губерниялары кірген Батыс Қазақстанда 1917-1923 жылдары 981.314 адамға кеміп кетті. Әсіресе, адам қырғыны 1921-1923 ж.ж. көп болды. 1921 жылы қарашада 1 млн.508 мың адам болса, 1922 жылы аштыққа індет қосылып 2млн.303200 адамға жетті, яғни ашыққан жерлердегі жалпы халықтың қырғынға ұшырауы 82%-ға жетті. 700 мыңнан астам адам шет жерлерге көшіп кетті. Қазақтар 165 мыңнан 100 мыңға дейін кеміді. Қазақ қоғамын жайлаған аштықты Орталық Кеңес мойындамады, кездейсоқ, тұтқиылдан болған зобалаң ретінде қарады. Кейбір жергілікті баспалар қазақтардың қырғынға ұшырауын қолдап, жағдайды қиындатып жіберді. Мысалы, Түркістан Орталық Атқару комитетінің мәжілісінде осы мәселеге өзінің көзқарасын айтқан, өзін «Түркістандық Ленин атандырған» Н.Тоболин: «қырғыздар экономика жағынан әлжуаз, марксистердің көзқарасы бойынша бәрібір қырылуы ықтимал. Сондықтан да төңкеріс үшін аштықпен күреске жұмсағаннан гөрі, майдандарға жұмсаған маңызды», - деп мәлімдеген болатынын. Мұндай сорақылыққа қарсы шыққан Т.Рысқұлов болды. Ол аштықпен күресетін бірнеше арнайы ұйым құруды талап етті. Түрік атқару комитеті бұл ұсынысты қабыл алады. Аштықпен күресу мақсатында Орталық комиссия ұйымдастырылып, оның төрағасы болып Т.Рысқұлов тағайындалады. Бұл ұйым көптеген азыққа байланысты қиындықтарға қарамастан ашыққан аудандарда аштыққа, ауруға шалдыққан балалар үшін балалар үйлерін ашып, оларды тамақтандырып, дәрігерлік көмек көрсетіп, көптеген жас ұрпақты аман алып қалды. Т.Рысқұлов қазақ ұлтының қиын жағдайға душар болуы бұрынғы патша өкіметінің отаршылдық саясаты мен кеңес өкіметінің шовинистік саясаты басты себепкер болды деді.

Бұл кезде қазақтардың негізгі тіршілігі мал шаруашылығы да қиын жағдайда еді. Мал саны күрт төмендеп кетті. Оның үстіне большевиктер «әскери коммунизм» саясатын уақытша, азамат соғысы жағдайында жүргізілген саясат деп сендіргенімен, ол аяқталғаннан кейін де «тікелей таза социалистік формаға көшу, социалистік теңгермешілік» бағыты деп одан әрі жалғастыра берді. Бұдан экономиканы өктемдікпен мемлекет билігіне алу және оның барлық буындарына, өзінің мәні бойынша милитарландырылған басқару әдісін қолдану саясаты айқын көрінді.

Қазақстанда 300-ден астам өнеркәсіп орны мемлекет меншігіне берілді. Алайда көп ұзамай мұндай идеология өнеркәсіптің қирауына әкеліп соқтырды. Ірі және орташа өнеркәсіпті барынша «қоғамдастырумен» шектелмей, Бүкілодақтық халық шаруашылығы кеңесі 1920 жылдың аяғында ұсақ қолөнер шеберханалары мен қаз тұрып үлгермеген шағын өнеркәсіп орындарын да мемлекет меншігіне алуды жүзеге асырды. Ол үшін қатаң мерзім (бір ай ішінде) нұсқау шығарды және тез де, қатаң тәртіппен орындады.

Кеңес өкіметінің әміршіл-әкімшіл жүйесінің тағы бір көрінісі сот, тергеу аппараттарының басқару жүйесінде көрінді. Заң органдары жүйесінің әлсіздігі мен олардың жеткілікті жабдықталмауынан, қазақ қоғамында дәстүрлі заңдылықтың орнығуы, рулық қоғамдық қатынастар үстемдігі, ақсақалдар соттары, Ресей әкімшілігінің ұзақ жылдар бойы отарлау саясаты нәтижесінде қалыптасқан ұлтаралық жанжалдар ахуалы – міне, осының бәрі Қазақстанда кеңестік құрылысты орнықтыруға үлкен кедергі болды. Кеңес өкіметінің бастапқы кезеңінде заң қызметкерлері көп емес еді, болса да білім дәрежесі де, тәжірибелері де төмен болды. Кеңес өкіметі бұрынғы патшалық Ресей кезеңінде білім алған қазақтарға және алаш қозғалысына қатысқан қазақ зиялылығына үлкен сенімсіздікпен қарады, оларға заң жұмысын, революциалық заңдылықтарды қорғау ісін сеніп тапсыра қоймады. Мұның өзі бұл жұмысқа тартылғандарды білімінің ғана емес, тәжірибелерінің де жетіспей жатуына алып келді.

Мемлекеттің үстемдігі ауыл шаруашылығында да етек алды. Көшпелі, жартылай көшпелі қазақ ауылына социализм күштеп таңылды. Қазақстандағы Кеңес өкіметін және социализмді орталықтан алғаш Ленин, кейіннен Сталин жіберген эмиссарлар

орнатты. Қазақстанға келген көптеген еврей мен славян ұлтынан шыққан партия, кеңес қайраткерлері әлі «оянбаған қазақты» социализм соқпағына түсірді. Көрнекті қоғам қайраткерлерін «ұлтшыл уклонистер» деп оларды елден кетірген, қазақ даласына «кіші октябрь» атты қауіпті идеяны ойлап тауып, «ауылдарға азамат соғысын» бастаған да, В.И.Лениннің алашордашылырға жасаған рақымшылдығын біле тұра бұзып, Қазақстандағы «кіші 37- ні» өте ерте бастап жібергендер де осылар болды. Осындай зұлымдықтардың кесірінен елді аштық жайлады, 1930-1932 жылдары республикадағы 5,8 млн. қазақтың 1,8 миллионы қырылды. Міне, қазақ даласында социалистік құрылыс осылай басталып, ол қазақ халқының қайғысымен және олардың күйзелген қожалықтарының үстіне тұрғызылды.

1921 жылғы 8 наурызда болған большевиктердің X съезі ұсынған базар нарқын басшылыққа алған жаңа экономикалық саясат 20-жылдардың орта шенінде қазақ халқының еңсесін көтере бастағандай еді. Бұл жағдай ұзаққа созылмады, көп кешікпей-ақ, Голощекин бастаған белсенділердің байларға және қазақтың көшпелі, жартылай көшпелі ауылына қарсы жорығы қазақ халқын тағы да жаппай қырғынға ұшыратты. «1931-1933 жылдары Қазақстандағы ауыл халқы 3 млн. 379 мыңға күрт кеміді. Мұның 1 миллионнан астамы атажұрттан қоныс аударған босқын шаруалар еді. Мал басы да ғаламат апатқа ұшырады. 40 млн. бас малдан 4 млн. бас мал ғана аман қалды. Мұндай сұмдыққа қазақ шаруасы әйгілі «Ақтабан шұбырынды» жылдарында да ұшырамаған еді». Сол кездегі күштеп жаппай ұжымдастыру негізінде көшпелі қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру саясаты партияның және сталиндік социалистік құрылыстың қазақ халқына қарсы жасаған кешірілмес ауыр қылмысы болды.

Кезінде «Жер туралы декрет» бойынша Россия шаруаларына 150 млн. десятина жер берілгені белгілі. Кейіннен сталиншілер құрған колхоз-совхоз құрылысы ол жерлерді қайтарып, тартып алып қойды, олардың орнына жаңа социалистік құрылыс сахнасына колхозшы шаруа деген әлеуметтік саяси айдармен түк меншігі жоқ, колхозсыз күн көре алмайтын әлеуметтік тобыр шықты.

Кеңес өкіметінің үстемдігі көшпенділер мен жартылай көшпенділерді отырықшылдыққа күштеп көшіру саясатынан орын алды. Бұл қазақ этносының тіршілік ету жүйесін мықтап бұзды. Отырықшылдыққа күштеп көшіру әдісі көшпеліліктің бірден-бір ақылға сыйымды баламасы емес, өйткені табиғи жолмен өзгертілуі жүзеге асырылмады.

Сталиндік Кеңестік құрылыс алғашқы жылдардан бастап-ақ алашордашыларға, одан кейінгі кезекте көшпелі қазақтың мүдделерін қорғаған С. Қожанов, С. Садуақасов, Т. Рысқұловтарға тисе, бұлармен қатар қазақ байлары да жаулар, бандиттер атанды, жер аударылды. Келесі жаулар «жапон шпиондары» атанып, атылды. Отан соғысынан кейін негізгі сыртқы жау фашистерден құтылған соң да, партия осы бағыттан таймай талантты қазақ оқымыстыларының үлкен шоғырын «буржуазиялық ұлтшылдар» атандырып, соттап жіберді. 60-80 жылдары еркін ойлы азаматтарды «антисоветтік», «империализм итаршылары» деп атау әдетке айналды.

Сонымен, қорыта айтсақ, социализм еш жерде орнамады. Қазақ халқы бұйрықшыл-әміршіл, тоталды, сталиндік мемлекеттік социализмде өмір сүруге мәжбүр болды. Қазақ халқының бұл күрделі тағдырының аса ауыр тұстары сталиншіл кеңестік кезеңмен сәйкес келеді. Әсіресе, ең ауыр тұсы 1920-1939 жылдар аралығындағы тоталитарлық, әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасу кезеңі болды. Сондықтан, тоталитарлық жүйенің қылмыстарын әшкерелеу бүгінгі күннің зәру қажеттілігі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Коллективизация сельского хозяйства и в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. А.-А., 1990.
2. Қозыбаев М.К. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Алматы, 1993.

3. Қозыбаев М.К. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы, 1992.
4. Абылғожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. Алматы, 1997.
5. Абылғожин Ж.Б., Масанов Н.Э. Оседание кочевников доиндустриальную эпоху// реальность и миф// Всесоюзная научная сессия по итогам полевых этнографических и антропологических исследований. 1988 г. Ч. 3А.-А. 1990..
6. Омарбеков Т.О. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. А., 2001.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада 1920-1939 жылдар аралығындағы Кеңес өкіметінің қазақ жеріндегі тоталитарлық, әміршіл-әкімшіл жүйесінің қалыптасу кезеңі жайында айтылады

РЕЗЮМЕ

В статье исследуется процесс становления тоталитарной системы в 1920-1940 г.г. в Казахстане.

АКАДЕМИК КЕҢЕС НҮРПЕЙІС ЗЕРТТЕГЕН ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАР

Тақабаева Б.М. - оқытушы, т.ғ.к., Абдихан А. - 4 курс студенті
(Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Кеңес Нұрпейісұлын ғалым ретінде ерекшелейтін тағы бір бағыты ол – тұлғатану бағыты. Естелік ретінде, ірі тұлғалар туралы әңгіме түрінде айтатын, мақала етіп жазатын азаматтар аз емес. Ал К. Нұрпейістің ерекшелігі, ол көрнекті тұлғалар жөнінде терең ғылыми зерттеулер жүргізді, олардың тарихтағы орнын, қоғамдағы ролін анықтады. Тарихи ірі тұлғаларды зерделей отырып, оларды өздерінің өмір сүрген ортасымен, айтулы қоғамдық құбылыстармен, әйгілі тарихи оқиғалармен тығыз байланыстыра зерттеді. Мысалы Бәйдібек баба мен Райымбек бабаны өз замандарының қадірлі, қасиетті, көреген, дана ақсақалдары ретінде көрсетсе, Ақкөз батыр, Жәпек батыр, Жауғаш батыр, Кеңесары Қасымұлының ержүректігін, қалың қазақты қорғаған қолбасшылық қасиеттерін суреттейді. Осы тұрғадан әйгілі Бекболат Әшекеев пен Амангелді Иманов, Ұзақ Саурықов жөніндегі зерттеулері де өте қызық.

Алаш тарихын зерттей отырып оның көсемдерін де ірі тұлға етіп көрсете білген. Олардың ішінде А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Ә.Ермековтің тағдырларына ерекше көңіл бөлген.

Көрнекті мемлекет қайраткерлері С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, О.Жандосов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, А.Түркебаев, Ж.Ақбаев, Н.Сырғабеков, Ы.Көшкінов, С.Сауранбаев сияқты ірі тұлғалар да ғалымның назарынан тыс қалмады, жан-жақты зерттелді, зерделенді /1/.

К.Нұрпейістің алғашқылардың бірі болып зерттеген тарихи тұлғаларының бірі Халел Досмұхамедов болды. Ғалымның «Алматы ақшамы» газетінде «Қияметті жылдар жаңғырығы» деген атпен жарияланған көлемді мақаласында 1917-1920 жылдардағы қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі мен Алаш партиясына мүше болған және Алашорда қозғалысына қатысқан қазақ зиялыларының да өмір жолына қысқаша тоқталады. Академик Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан алынған саяси құғын-сүргіндерге байланысты құжаттармен танысып, оларды ғылыми айналымға енгізген болатын. Сондай құжаттардың бірі Халел Досмұхамедовтың өз қолымен орысша жазған екі құжатын қазақша аударып халыққа жариялайды. Оның біріншісі Х. Досмұхамедовтың өскен ортасы мен саяси

көзқарасының қалыптасуынан кейбір мәліметтер берсе, екінші Воронеж қаласында айдауда жүрген жылдарындағы тұрмыс ауыртпашылығын баяндайды. «Халел Досмұхамедов – қазақтың бір туар ұлы, қоғам қайраткері, «Алаш» партиясы мен Алашорда қозғалысының жетекшілерінің және алғашқы жоғарғы білімді қазақ дәрігерлерінің бірі. Ол талантты, көп қырлы ғалым болған адам. Түркістан АССР-і мен Қазақ Совет мемлекетінің оқу-ағарту ісіне, ғылымын, әдебиеті мен өнерін дамытуға үлкен үлес қосқан» /2/ - деп атап көрсетеді Х. Досмұхамедов туралы К. Нұрпейіс. Сонымен бірге Х. Досмұхамедовтың әдеби және ғылыми мұрасы, қоғамдық қызметі жөнінде соңғы екі-үш жылдың жүзінде ғана айтыла бастағанын атап көрсете келе, оның өмір жолына қысқаша тоқталып өтеді.

1996 жылы Алматыда «Санат» баспасынан «Халел Досмұхамедұлы және оның өмірі мен шығармашылығы» атты ұжымдық кітаптың бесінші тарауын К. Нұрпейістің тұлғатанудағы тағы бір ауқымды зерттеуі болды /3/. Мұнда қазақ халқының азаттық үшін күресінің жаңаша қарқын алған күрделі кезеңі баяндалады. Тарихи деректермен дәлірек жазылған бұл еңбекте Х. Досмұхамедовтың қоғамдық-саяси қызметін кең, әрі толыққанды сипаттауға мүмкіндік береді. Мәселен, 1917 жылы Ресейдегі ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және жекелеген уездік қалаларда қазақ комитеттері құрылып, Халел және Жаһаншаһ Досмұхамедұлы Орал облыстық атқару комитетін басқарғандығынан бастайды. 1917 жылы сәуірдің 12-22 күндері Орал облыстық қазақ съезіне 800-ден астам делегаттар қатысып, оның барысында Халел Досмұхамедұлы ереше белсенділік көрсеткенін атап өтеді. Қазақ қауымы зиялыларының Халел Досмұхамедұлы сияқты ондаған, жүздеген өкілдері осындай съездерді шақырып, олардың жұмысына белсене араласуы арқылы белгілі дәрежеде саяси күрес тәжірибесінің мектебінен өтті. 1917 жылы Мәскеу қаласында өткен бүкілресейлік мұсылмандар съезінің делегаты Х. Досмұхамедұлы саяси күрес пен қызметтің тағы бір мектебінен өтіп, мұсылманшылдықпен саясаттың арақатынасы жөнінен біраз «сабақ» алғандығы айтылады.

1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақ съезін басынан аяғына дейін Х. Досмұхамедұлы төрағалық етеді. Ал, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлмұхамед Көтібарұлы, Міржақып Дулатұлы және Асылбек Сейітовтар хатшылығымен өткен бұл Бірінші жалпықазақ съезінде ауқымды 14 мәселе жан-жақты талқыланады, оның ішінде өздерінің басты назарын ұлттық автономия, жер, құрылтай съезіне дайындық және қазақтың саяси партиясын құру проблемаларына аударды /4/.

Кеңес Нұрпейістің арнайы зерттеген келесі тұлғасы «Тарихи тұлғалар» атты еңбектер жинағына енген «30-шы жылдардың басындағы саяси қуғындаушылық және Нәзір Төрекұлов» деп аталады /5/. Мұнда автор Қазақстанда орын алған қуғын-сүргін кезеңін үшке бөліп қарастырады, біріншіден, Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысының орын алуына байланысты өлке тұрғындары «ақ» - «қызыл» болып атысты, екіншіден, Қазақстанға Сталиннің тікелей қолшоқпары Ф. Голощекиннің Республика, партия ұйымының жетекшісі ретінде келуі және оның «Кіші Октябрь революциясы» атты авантюристік саясаты кезеңі, үшіншіден, жаппай ұжымдастыру салдарынан болған 1932 жылғы ашаршылық, қуғын-сүргін саясаты туралы қысқаша сипаттама береді. Ғалымның пікірінше 1930 жылдардың басындағы саяси қуғындау тарихының Түркістанның аса ірі мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан алғашқы белгілі дипломат, баспа ісінің шебер ұйымдастырушысы, публицист, сыншы Нәзір Төрекұловқа қандай қатысы бар деген сұрақ тууы мүмкін дейді. Мұрағат құжаттарын жан-жақты зерттеген К. Нұрпейіс 30 жылдары Н. Төрекұлов көптеген ұлт зиялыларына қол ұшын бергенін дәлелдеп жазды. Мәселен, 1922-1928 жылдары Мәскеудегі КСРО халықтарының орталық шығыс баспасына жетекшілік жасаған Нәзір Төрекұлов Қазақстаннан шеттетілген Ә. Бөкейханов, М. Жұмабаев, Ә. Байділдинге жұмыс тауып беріп, оларға баспана жағынан көмек көрсетеді. Сонымен бірге Н. Төрекұлов 20 жылдары КСРО халықтары Орталық баспасының қазақ бөлімшесін ашып, оның жұмысының

жандануына байланысты, сол бөлімше арқылы жарық көрген кітаптар мен кітапшалар арқылы сыр шертеді.

Құжаттық деректерге сүйенген автор, Н. Төрехұлов Мағжан Жұмабаевқа үлкен қамқорлық жасағанын атап өтеді. 1922-1924 жылдары М. Жұмабаев отбасымен Ташкентке қоныс аударып келгенде Түркістан АССР-да басшы қызметте болған Н. Төрехұлов оған сенім көрсетіп, қазақтың біртуар ұлы Сұлтанбек Қожановпен жақынырақ танысуына дәнекер болған және М. Жұмабаевтың С. Қожанов іс жүзінде ректоры болған «Ақ жол» газетіне орналасуына жәрдемдескен. 1924 жылы Қазақстанға да, Ташкентке де сыймай Мәскеуге келген М. Жұмабаевқа сол кезде Орталық баспаның директоры қызметін атқарып жүрген Н. Төрехұлов тағы да қамқорлық жасап, бауырлық көмегін көрсеткен.

«Нәзір Төрехұлов, - дейді К. Нұрпейіс, - күрделі де сегіз қырлы, бір сырлы тұлға. Ол туралы Қазақстан жұртшылығы осы күнге дейін аз біледі, ал білгендері Н. Төрехұлов туралы барлық шындыққа қанық емес. Мұның негізгі үш себебі бар. Біріншісі – оның Қазақстаннан тыс жерде (Өзбекістанда) дүниеге келіп, Ташкент, Мәскеу және Араб елдерінде қызметте болуы. Екіншісі – осы уақытқа дейін Н. Төрехұлов туралы жазылған бірді екілі мақалаларда, естеліктерде шындықпен қатар оған үйлеспейтін сыңаржақ тұжырымдардың орын алуы. Үшінші – осы уақытқа дейін Н. Төрехұловтың шын мәніндегі беделді ізденушісінің болмауы».

1930-1932 жылдары қазақ зиялыларының үлкен тобына сот процесі жүрді, ал шындығында, Нәзір Төрехұлов ол жылдарда Қазақстанда, жалпы Кеңес Одағында болған жоқ. Ол кездері Н. Төрехұлов Сауд Арабиясында дипломатиялық қызмет атқарды. Алайда, сол кездің өзінде-ақ оны төрт-бес жылдан кейін «халық жауы» деп айыптау үшін алғышарттар мен қажетті құжаттар дайындалып қойылған еді. Оның нақақтан-нақақ жалған жаламен «халық жауы» аталып, атылып кетуі 1937-1938 жылдарға тұспа-тұс келді.

Көрнекті ғалым К. Нұрпейіс «Алаш» партиясы туралы көп құнды зерттеулер қалдырды және өз зерттеулерінде партия көсемдерінің бірі Ахмет Байтұрсыновтың да тұлғалық бейнесін ашып көрсете алды.

1998 жылы «Zaman-Қазақстан» газетінде жарияланған «Біз Байтұрсыновты қалай бағалап жүрміз, ағайын?»/6/ және осы жылы «Ахмет Байтұрсынов – аса ірі қоғам және мемлекет қайраткері» /7/ деген ауқымды мақалалары арқылы жақсы таныса аламыз. Онда Ахмет Байтұрсыновқа «...халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі, әмбебап ғалым, ақын аудармашы, журналист көсемсөз шебері. Бір сөзбен айтқанда «сегіз қырлы, бір сырлы» адам. . сан қырлы қасиеттерінің бірі оның қоғамдық саяси және мемлекеттік қызметі болып табылады», - деп баға береді.

Ахмет Байтұрсынұлы азамат болып қалыптасқан кезең Қазақстанның Ресей империясының отарына түгелдей айналып болған уақытқа тұспа-тұс келді-дейді. Патша үкіметі уақыт өткен сайын кең көлемді отарлау саясатын жүргізуді күшейте түсті. Қазақ халқы отарлық езгіні, «жері мен малы тоналған, жаны қалмаған, бөлі сынуға таялған» әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес «тіл мен діл нашарлап, хал харам болған» рухани-мәдени салада да бірдей экономикалық және саяси хал-ахуал, ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді. Осындай жағдайда ХХ ғасырдың басында өрістей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына әуел баста жалпыұлттық демократиялық мақсат-міндеттер қойғанын жан-жақты талқылайды.

Көрнекті тарихшы ғалымның жазған еңбектері жоғарыда аталған азаматтармен ғана шектелмейді. Біз тек көпшілікке мәлім және беймәлім қазақ интеллигенттерін ғана атадық. Ғалымның «Тұлғатану» бағытындағы еңбегі орасан зор және жеке тұлғаларды танудың өзіндік мектебінің негізін қалады деп айтуға толық негіз бар. Себебі, К. Нұрпейіс тәрбиелеген ізденуші шәкірттерінің көпшілігі тарихи тұлғалар жөнінде зерттеп, кандидаттық диссертациялар қорғады. Атап айтсақ: Ж.Б. Аширбекова

«Тұрар Рысқұловтың қоғамдық қызметі және тарихи зерттеу еңбектері», Х.К. Уразбаев «Деятельность академика К.И. Сатпаева в становлении и развитии академической науки Казахстана», С.Қ. Тулбасиева «Мұхамеджан Тынышбаевтың ғылымға келген жолы және шығармашылық мұрасы», Ж.Қ. Ахметова «Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің Түркістандық кезеңі (1917-1919 жж.)» тақырыптары көпшілік көңілінен шыққан зерттеу еңбектері болып табылады /3,56-57/.

Зерттеуші А.Т. Қапаева «Кеңес Нұрпейіс еңбектеріндегі ұлттық интеллигенцияның рөлі мен мәні» /8/ деген көлемді мақаласында: «Соңғы 5-6 жылда К. Нұрпейіс 20-50 жылдардағы саяси репрессиялар мен ұлттық интеллигенция тарихын зерттеуде белсенділік танытты. Кеңес Нұрпейістің еңбектері сталиндік құрбандардың есімін халқына қайтаруда үлкен маңызға ие болды. Ол 1991 жылы республика шеңберінде аталып өткен «1917 жылдан кейінгі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін» тақырыбындағы конференцияны ұйымдастырушылардың бірі», - деген орынды пікір айтады. Осы тақырыпқа орай Кеңес Нұрпейіс «1917 жылдан кейінгі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихын кезеңдеу мәселесі» атты зерттеу еңбегі жазылған болатын. Бұл еңбекте ғалым: «1917 жылдан кейін біздің тарихымыздағы ең қорқынышты құбылыс ол сталиншілдік болды, өз халқына деген геноцид арада үзіліс салып 20 жылдардан басталып, 80 жылдардың ортасына дейін жалғасты», - дейді.

Академик К. Нұрпейіс: «Тәуелсіздік Қазақстанға оңайға түскен жоқ. Бұл жолда қазақ халқы алапат шығындарға ұшырады: сан мыңдаған боздақтар қаза тапты, аштан қырылды, шетелдерге тентіреп кетті, зиялы қауымын жоғалтты, тілі мен ұлттық мәдениетінен айырылуға таяды. Бірақ түптің түбінде аңсаған арманға қол жетті. Тарихтың баға жетпес сыйы осы.

Тәуелсіздігіміз жариаланғаннан кейін тоғыз жылдан астам мерзімде Қазақстанның жаһандық қоғамдастыққа төте еніп, оның белсенді бір мүшесіне айналуы қазақ халқын ассимиляциялау, қазақ жерін Ресей империясының бөлігіне айналдыру саясатының күлін көкке ұшырды. Халқымыз ұлт ретінде жойылып кету қауіпінен құтылды. Ұлттық тіл, мәдениет, дәстүр, мораль қайта жанданып, өзінің табиғи даму жолын қайта табуына мүмкіндік берді. Большевиктер билеген заманда шетелдерге тентіреп кеткен қандастарымыздың ата жұртына оралуына жол ашылды. Мемлекетіміз басқалармен терезесі тең, іргелі ел болу үлкен мақтаныш, оның экономикалық және рухани байлығын молайтуға, қауіпсіздігі мен қорғаныс қуатын күшейтуге ұмтылу – баршамыздың қасиетті парызымыз», - деген ой түйіндейді.

Кеңес Нұрпейісұлы тұлғалар бейнесін ашып көрсетуде көп еңбек етті және өзі зерттеген тұлғалардың еліне, жеріне жасаған толағай табыстарына, еңбектеріне зор құрметпен қарап, жоғары деңгейде баға берді. Ғалымның «тұлғатану» саласындағы сондай еңбегін ескерусіз қалдырмаған және жоғарыда атап өткен тарихи тұлғалар сияқты Кеңес Нұрпейісұлының тұлғалар жөнінде жазған еңбектері жоғарыда аталған есімдермен шектелмейді. Тұлғалы ғалымның «тұлғатану» саласында жазған зерттеулері әлі де көп және үлкен зерттеулерді талап етеді. Жалпы академик Кеңес Нұрпейісұлы Нұрпейісті тарих ғылымында өзіндік «Тұлғатану» мектебінің негізін қалыптастырып, ғылыми негіздеп, дамытып кеткен ғалым деп тану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. АОММ, 2268-қ., -1-т., 88-іс., 3-п.
2. АОММ, 2268-қ., -1-т., 170-іс., 36-п.
3. Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. - Астана: Ана тіл – Ата тарих, 2007. – Б. 337-339.
4. Нурпеисов К. Иностранная военная интервенция и гражданская война в Средней Азии и Казахстана: Документы и материалы. - Алма-Ата. - Т.1. - 700 с.; Т.2. - 723 с. (Один из составителей)

5. Нурпейсов К. Из истории социалистического строительства в Казахстане. - Алма-Ата, 1960.
6. Нурпейсов К. Жұлдызы жанған республика // Білім және еңбек. - 1981. - № 10. - Б. 6-8.
- 7.126 Нурпейсов К. Амангельды Иманов в борьбе за власть Советов // Вестник АН КазССР. - 1973. - № 4. - С. 21-25.; Нурпейсов К. Амангелді Иманов // ҚазССР: қысқаша энциклопедия. - Алматы, 1984. - I т. - Б. 65-66.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала академик Кеңес Нурпейстің өз зерттеулерінде қарастырған тарихи тұлғаларға арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена творчеству некоторых исторических личностей исследованных в трудах академика К.Нурпейса.

XX Ғ.20-Ж. КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАРЫ МЕН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ОҒАН КӨЗҚАРАСТАРЫ

Тленова Т.Т.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың 20-шы жылдары жеңіске толықтай жеткен большевиктер Қазақстанда да күшпен Кеңес Үкіметін орнатты. Таптық-партиялық принципке негізделген бұл үкімет ендігі жерде жаңа қоғам орнату үшін еліміздің әлеуметтік-экономикалық саласына ғана емес, мәдениет саласына да өзгерістер жасауды жолға қояды. Кеңестік билік мәдениет саласын өз мүдделеріне қарай икемдемейінше социализм құру ісін толықтай жүзеге асыра алмайтындықтарын түсінген еді. Осы кезеңде, патша тақтан түсісімен азаттық пен тәуелсіздікті ұран етіп, ұлттық мемлекет құруға ұмтылған “Алаш” қайраткерлері және олардан бастау алатын С.Сәдуақасов, Ж.Мыңбаев сынды зиялылар халқының қамы үшін еңбек ете бастады.

Мәдениетті дамыту жолында арнайы ұйымдар құрыла бастады. Солардың бірі ретінде қазақ халқының ұлттық мәдениетін жаңғырту жолында қазақ зиялылары құрған арнайы “Талап” ұйымы болды. Бұл ұйымның басқармасы 1922 жылғы 13 желтоқсанда өткен тұңғыш құрылтай жиналысында сайланды. Х.Досмұхамедұлы ұйымның “төрағасы”, М.Есболов төрағаның орынбасары, М.Әуезов басқарма хатшысы, ал М.Тынышбаев қазынашы болып бекітілді /1/. “Талап” қауымының басты мақсаты – “Қазақ-Қырғыз халқының мәдениетінің өркендеуіне жәрдем келтіру” болып белгіледі.

Ұйым “Сана” атты өз журналын шығарып, оқырмандарын ұлт мәдениетін және тілін жаңғыртуға шақырады. Журналдың 1923 жылғы бірінші санында жарияланған ұйымның бағдарламасында мәдениетті дамыту жолындағы бес нақты міндет (халықтың тілі, әдебиеті, өнері, тарихы және салтын қарастыру) белгіленді.

Анықталған міндеттерді орындау үшін ғылыми баяндамалар дайындап, оларды талқылау, бұқаралық ақпарат құралдарына мақалалар даярлау, жаңа журналдар мен газеттер шығару, әртүрлі тақырыптарға көрмелер ұйымдастыру, әдеби, ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектер жариялау, керекті мамандар дайындау үшін әртүрлі деңгейдегі оқу-орындары мен қысқа мерзімді курстар ашу шаралары қарастырылған.

Кеңестердің құрып отырған социалистік қоғамы барлық ұлттардың «қаналушы» табының мүддесін қорғайтын болғандықтан, партия барлық елдердің төменгі табына

мәдени көмек көрсетіп, олардың мәдениетін орыс мәдениетінің деңгейіне дейін жеткізу қажет деген тұжырымға келеді. Бұл бір жағынан партияның жүргізіп отырған саясатының шет аймақтарды қалтқысыз орындалып отыруы үшін қажет болса, екінші жағынан жаңа мәдени шаралар арқылы шет республикаларда орыс мәдениетінің үлгісіндегі мәдениет қалыптастыруға мүмкіндік беретін еді.

Сондықтан 1923 жылы партияның XII съезінде шет аймақтардың «артта қалушылығын жою» туралы мәселе қойылады. Кеңес өкіметі бұл саясатын жүзеге асыру үшін мәдениеттің пролетарлық бағытындағы түрлі бастамаларға қолдау көрсете бастады. Мәдениет саласындағы қайраткерлердің тапшы болуына байланысты большевиктер Ақпан төңкерісінен кейін ұлттық мемлекет құру мақсатында топтасқан Алаш қайраткерлерін де мәдениетті дамыту ісіне тартуларына тура келді. Өз кезегінде оқыған қазақ зиялылар қауымы ұлт мәдениетін көтеруге бағытталған шараларды қолдап, ұлт өмірін қайта құру жолында қызмет ете бастайды.

Сол кезде еліміздің зиялылар қауымы мәдениетті дамытудың жолдарын іздестіруде мақалалар жазып, сауатсыздыққа қарсы күресті қолдап, оқу-ағарту ісіне байланысты өздерінің оң пікірлерін білдірді, сонымен қатар қоғамдағы бөгет болып отырған кемшіліктерді де көрсетіп отырды.

Оқыған, сауатты азаматтың қоғамдық-саяси оқиғаларды саралап, оған өз ықпалын жасай алатыны, халқының мәдениетінің өсуіне ықпалын тигізе алатыны белгілі. Сондықтан қазақ зиялылары мәдениетті дамытудағы ең маңызды мәселе оқу-білімді, сауаттылықты арттыру екендігін айтып, түрлі жолдарын ұсынады.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов та Қазақ халқы үшін оқу-білімнің маңызы туралы: "Рухани мәдениеттің бір белгісі, жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық жол ашу. Рухани мәдениет жолындағы алдыңғы басқыш – бастауыш мектеп..." /2/ – деп жазған.

Қазақ ұлттық зиялыларының рухани ұстазы болған Ахмет Байтұрсынов алғашқы Халық ағарту комиссары қызметін атқарған кезде де, кейін де ұлттық мәдениеттің жанашыры болудан ешбір таймаған адам. Ол ағартушылық қызметін кеңес дәуірінде де жалғастырып, мәдениетке байланысты, оның әр түрлі салаларын қамтып, ғылыми, көсемсөздік еңбектер жазды /3/. Мәселен, 1923 жылы жарық көрген "Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек" мақаласында А. Байтұрсынов өзінің мектептер ашу ісі туралы ойларын білдіреді.

Алайда, 20-шы жылдардың ортасынан бастап Кеңестер Одағындағы саяси жағдай мәдениетке әсер ете бастады. Партияның басшылығына И.Сталиннің келуімен социализм құрудың сталиндік зорлықшыл нұсқасы белең алған еді. Сталиндік зорлықшыл саясаттың көрнекті өкілі болған Голощекин Қазақстанға бірінші басшы болып келгеннен кейін әлеуметтік-экономикалық, билік саласында реформалармен қатар мәдени реформаларды да бастап жібереді. Голощекин "Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет жасаймыз" – деп ұрандатқанымен, шын мәнінде ұлттық мәдениетті біржолата жойып, социалистік біртекті мәдениет құруды жолға қояды. Ол, маңайына кейбір ұлт өкілдерін топтастырып, ұлттық мәдениетті дамыту жолындағылардың бәрін қудалау науқанын бастап жібереді.

Мәдениет тек саясаттың қажеттілігіне жауап беруі керек деп шешілді. Партияның саясаты халықтың тіл, әдебиет, өнер, мәдениет саласына араласып, рухани саланы саясаттың айла құралына айналдырды. Ендігі жерде, мәдениет қайраткерлері, олардың шығармалары, шығармадағы образдар революцияға, партияға «қажетті» немесе «зиянды» болып екіге жіктелетін болды.

"Әдебиет – тап құралына" айналғаннан кейін қазақ қаламгерлерінің арасына жік түсіп, бір-бірімен қызу таласқа түсті. Сөйтіп, біреулері оңшыл, екіншілері – солшыл, үшіншілері – ұлтшыл тағы басқа атақтарға ие болып қазақ зиялыларының арасында бірлік емес, өшпенділік қоздырылды. 20-шы жылдардың басындағы қазақ ұлттық мәдениетінің тарихында елеулі рөл атқарған "Ақ жол" газеті, "Шолпан" мен "Сана"

журналдарына қарсы саяси науқан ұйымдастырылды. Ташкентте шығып тұрған осы басылымдарға өз шығармаларын шығарып тұрған Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Қошке Кемеңгеров, Мұхтар Әуезов әдебиетші, қайраткерлерге "ұлтшылдар" деген айдар тағылып қоғамдық, мәдени өмірден ығыстырыла бастады. Партияның таптық саясатының нәтижесінде ұраншылдық, солақай сын, әсіре-тапшылдық көзқарас, мәдениет пен саясатты бірыңғай қарастыру сияқты құбылыстарға жол берілді.

«Қазақтың малды шаруасының ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылықты жүргізу үрдісі бар. Ол – көшпелілік. Одан қапелімде қол үзу қиын. Отырықшыныққа біртіндеп қыбын тауын барып ден қою керек. Бұған зорлық-зомбылық жүрмейді. Ауыл кедейінің әрекетсіздігі жалқаулығы емес, кәсіптің жоқтығы. Оған жұмыс тауып бер. Ол үшін өндіріс аш, зауыт, фабрика сал. Егіншіге құрал, сайман тап. Сонда ел өз өзінен отырықшыланады. Оқу, білімге, мәдениетке жетіседі. Коммунистер әлеуметтік төңкеріс жасады екен, оның жеңісі әлеуметтік жолмен баянды болсын. Әлімжеттіктің беті аулақ». Міне, қазақ зиялыларының ұстанған ортақ жолы да, мұраты да осы еді. Бірақ ол әпербақан әміршіл басшылықтан қолдау таба алмады. Қайта белсенді қарсылыққа ұшырады. Сау бастары саудаға түсті. 1926 жылы БКП(б) Өлкелік Комитет пен Бақылау комиссиясының біріккен пленумы төмендегідей қарар алды: "Біріккен пленум былай деп есептейді: Қожанов, Сәдуақасов және Мыңбаев бастаған топ өзінің мәні мен күрес әдістері жөнінде Қазақстанға тән болған ескі жікшілдіктің қалдықтарын (принципсіздік және жеке бастың бақастығы) сақтай отырып, сонымен бірге ауылдағы дәулетті топтардың партия мен Совет өкіметіне жасамақ ықпалын білдіретін

Бұл жылдары партияның қалыптасып келе жатқан тоталитарлық жүйесіне жасқанбай қарсы тұрған, халықтың рухани байлығын сақтап қалуға үлкен үлес қосқан ірі қоғам қайраткері де болды. Халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов 1927 жылы Қазақстан мұғалімдерінің I съезінде "Қазақстанда халық ағарту мәселелері" деген тақырыпта баяндама жасайды. Баяндама сол жылы толық түрде кітапша болып басылып шыққан. С.Сәдуақасовтың бұл еңбегі Қазақстандағы оқу ісінің сол кездегі жай-күйіне, өткені мен болашағына жан-жақты талдау жасалуымен құнды. Еңбектің "Қазақстанда оқу жұмысының күйі мен болашағы" атты бөлімінде ол халық ағарту ісі алдында тұрған үш мәселені былайша белгілейді: "Бірінші мәселе – жалпы еңбекшілерге хат танытып мәдениетке жетіскен шаруа қылып шығару. Екінші мәселе – өндіріс кәсібі, ауыл шаруашылығы, үкімет мекемелеріне керекті ысылған жұмыскер, қызметкерлерді дайындау. Үшінші мәселе – қазақтың ұлт мәдениетінің көтерілуіне керекті мәдениет-білім күштерін әзірлеу".

С.Сәдуақасов 1925 – 1927 жылдары Халық ағарту комиссары болып қызмет атқарған кезеңде мәдениет саласына байланысты келелі мәселелерді мақалаларында көп көтерген. Мәселен, 1925 жылы "Жаңа мектеп" журналының алғашқы санында "Халық ағарту мәселелері" атты мақаласында мектеп үйін әзірлеу, оқу құралдарын даярлау, оқу орындарындағы дәрістің қай тілде жүруін анықтау сияқты мәселелерді күн тәртібіне қояды және оларға жауап іздейді.

С.Сәдуақасовтың ұлттық мәдениетке байланысты жазылған еңбектерінің бір саласы театр өнеріне арналған мақалалары болатын. Оның "Ұлт театры туралы" мақаласы қазақтың театр өнерін қалыптастыруға бағыт-бағдар берген еңбек болды /4/. Алдағы уақытта ашылатын театр туралы С.Сәдуақасов: "Алғашқы қазақ театры универсал болуы керек. Барлық әдеби, мәдени өнердің бәрін бір жерге жию керек" – дей келе, театрдың ұлттық сипаты туралы: "Қазақстанның ұлт театры қазақ ұлтының бел баласы болуы керек. Жалпыадамшылық мәдениетінің базарына біреуден ұрланды емес, өз өнерімізбен, өз еңбегімізбен тапқан байлығымызды апаралық. Сонда ғана халықтан ұялмаймыз" – деп өз ойын ашық білдіреді. Осыған байланысты назар аударарлық мәселе С.Сәдуақасовтың театр репертуарына ерекше маңыз берді. Оның ойынша: "Пьеса жазушыларға қазақтың қызық тарихы бар. Тарихында ұялмау түгіл,

мактанатын істері бар. Орыс жазушысы Тренев "Пугачевщинаны" жазса, біз Кенесарыны неге жазбаймыз? Қазақ тұрмысы – ... жазушыларға қаймағы бұзылмаған байлық". Осы айтылған пікір театр туралы, жалпы ұлттық мәдениет туралы салиқалы пікір болып табылады.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ Орынбор, Ташкент, Семей сияқты қазақ зиялылары шоғырланған қалаларда драмалық үйірмелер жұмыс істеп, оларда алғашқы пьесалар қойыла бастаған. Мәселен, М.Әуезовтың 1917 жылы жазған "Еңлік-Кебек". С.Сейфуллиннің "Бақыт жолында" және басқа да авторлардың пьесалары қойылып жүрді. Құрылған, тұрақты жұмыс істейтін театр болмады.

Қазақтың алғашқы театрын ашуда Смағұл Садуақасовтың еңбегі зор болды. Ол 1925 жылы Қазақ АССР-і Кеңестерінің V съезінде қазақтың ұлттық театрын құру туралы қаулыны алуына мұрындық болды /5/. Сонымен бірге республиканың әр өңірінен өнер таланттарын Қызылордаға шақырып, қазақ театрының ұйымдастыру және материалдық негізін жасауда көп еңбек сіңірді. С.Садуақасов 1926 жылы "Ұлт театры туралы" деген еңбек жазып, алғашқы рет үздік пьесаға бәйге жариялады /104/. Осы бәйгенің қорытындысы бойынша бірінші бәйгені М.Әуезовтың "Қарагөз" пьесасы, ал екінші бәйгені Ж.Аймауытовтың "Шернияз" пьесасы алады.

Мәдениетті тікелей саясаттың құралына айналдыру 20-шы жылдардың аяғынан бастап ерекше қарқынға ие болды.

20-шы жылдары ұлт зиялылары мәдениеттің әр саласында ат салысып, қатаң идеологиялық қысымға қарамастан халқының қажетіне қызмет етті. Көркем әдеби туындылардан басқа не әдебиет саласында "Аламан", "Тарту", "23 жоқтау" атты жинақтар, қазақ тілі мен әдебиетіне, ғылым мен білімнің көптеген салалары бойынша оқулықтар жазып жариялады. Қазақ әдебиеті тарихына қатысты Сейфуллиннің, Әуезовтың, Мұқановтың, Досмұхамедовтің мақалалары жарық көрді. Ауыз әдебиеті саласындағы ой-пікірлер М.Әуезовтің "Әдебиет тарихы" (1927), К.Досмұхамедовтің "Қазақтың халық әдебиеті" (1928, орыс тілінде) атты іргелі зерттеулерге ұласты /6/.

Қорыта келе айтарымыз: жалпы қазақ зиялылары халқымызды орыстандыру саясатының құралына айналып отырғанымызды көре отырып, ұлттық мәдениетімізді дамытып көркейтуге ат салысты. Енді компартияның саясатын уағыздайтын шындықты жасырып, халықты мәңгірттендіретін жаңа кезеңнің таптық әдебиетімен, жалған жазылған тарихпен сауаттана бастадық. Мәдениетке шын жанашыр болған зиялылардың 20-шы жылдары шыққан еңбектері кеңестік тарихнамада ескерілмеді. Тек тәуелсіздік алғалы ғана мұндай еңбектерге оң баға беріле бастады. Мұндай халқының қамын жеген азаматтарымыздың өнегелі істерін ұрпаққа үлгі етіп, сара жолдарын ашып көрсету – тарихшылардың міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Досмұхамедов Х. Таңдамалы. Алматы: Ана тілі, 1998. – 369 – 371 бб.]
2. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы, 1994. – 384 б.
3. Рыскулов Т.Р. Собрание сочинений в трех томах. Т.3. Алматы, 1998, – 287 б.
4. Еңбекші қазақ, 1925. 25-29 қазан.
5. Қамзабекұлы Д. Смағұл Садуақасұлы. – 43 б.
6. Ахметов Қ.Ә. XX ғасырдың 20-30-шы жылдардағы Қазақстан мәдениеті. Тарих ғыл. канд... дисс. Алматы, 2002.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Кеңес үкіметінің, партияның мәдениет саласындағы сыңаржақ, құйтырқы саясаттары және мәдениет саласындағы қайта құру ісінде қазақ халқының ұлттық мүдделерін қорғай отыра, құнды ой-пікірлер айтып, өздерінің дұрыс ұсыныстарын жасағаны қазақ зиялылары туралы баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассмотрены взгляды интеллигенции 20-х годов XX века на реформы в области науки и культуры, которые проводила советская власть.

ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИХ ИНИЦИАТИВ Н.А. НАЗАРБАЕВА

Туменова С.М. – к.и.н., доцент., Елубаева Г.М. – магистрант
(г. Алматы, КазгосженПУ)

Внешняя политика – это, как известно. Искусство возможного. Однако она никак не сводится к прагматическому реагированию на текущие проблемы. Внешняя политика – это еще и высокое искусство стремления к потенциально возможному, то есть к тому, что может стать реальностью только с течением времени. А значит, огромное значение в сфере внешней политики приобретают перспективные идеи, инициативы, которые опережают свое время и устремлены в будущее. Особое место во внешнеполитической деятельности Республики Казахстан занимают инициативы, выдвинутые в 1990-2000-х годах Президентом Н.А. Назарбаевым, направленные на достижение справедливого мира и международной стабильности.

В начале 1990-х годов в сложных постсоветских условиях Глава государства уверенно повел международные дела, что позволило суверенному Казахстану с минимальными издержками занять свое место в мировом политическом пространстве. Личные контакты, установленные на самом высоком уровне, помогли успешно решить важнейшие задачи становления казахской внешней политики.

Основополагающие принципы миролюбивого внешнеполитического курса были сформулированы в «Стратегии становления и развития Казахстана как суверенного государства» (1992). В ней указывается: «Осознавая свою ответственность и понимая, что любой военный конфликт может привести к катастрофическим последствиям:

- признаем сохранением мира в качестве приоритетной цели государственной политики Казахстана;
- отвергаем войну или угрозу военной силой как средство достижения политических, экономических и других целей;
- стремиться к обретению статуса безъядерного государства и присоединения к договору о нераспространении ядерного оружия;
- поддерживаем принцип неприменения первыми оружия массового поражения и выступаем за принятие данного обязательства всеми государствами мирового сообщества;
- придерживаемся принципов нерушимости сложившихся границ, не вмешательство во внутренние дела других государств».

Благодаря сбалансированной внешней политики Казахстан избежал конфликтных сценариев, несмотря на прогнозы скептиков. Реализм и оптимизм Главы государства оказался сильнее трудностей и неблагоприятных прогнозов. И в итоге Казахстан установил стратегические партнерские отношения с ведущими политическими и экономическими державами – с Россией, США и Китаем. Развитие стабильных, прогнозируемых и системных отношений ведущими государствами в сложный период 1990-х годов и впоследствии стало возможным благодаря авторитету и выверенной внешнеполитической стратегии Президента Казахстана.

В мировой политике Казахстан привлекает внимание не только огромной территорией и колоссальными природными ресурсами, не только многообразным этническим составом, но и, что очень важно, как страна, добровольно отказавшаяся от ядерного оружия, сумевшая сохранить стабильность и спокойствие в сложные времена.

Внешняя политика Казахстана тесно связана с внутренней. Поэтому в качестве главной цели на Сессии по вопросам внешней политики в феврале 1995 года было определено «формирование и поддержание благоприятных внешних условий для успешной реализации Стратегии становления и развития Казахстана как суверенного государства», которая включает в себя прежде всего «укрепления государственности,

курс на модернизацию, обеспечение общественно-политической стабильности, гражданского мира и межнационального согласия, а также наращивание интеграционных усилий как в рамках СНГ, так и мирового сообщества».

Центральным, конструктивным элементом общей внешнеполитической концепции Н.А.Назарбаева стал принцип многовекторной политики, что означает развитие дружественных и предсказуемых взаимоотношений со всеми государствами, играющими существенную роль в мировых делах и представляющими для страны практический интерес. В частности, в 1998 году Президент указывал: «Казахстан, в силу своего геополитического положения и экономического потенциала, не в праве замыкаться на узкорегionalных проблемах. Это было бы непонятное не только нашему многонациональному населению, но и всему мировому сообществу. Будущее Казахстана – и в Азии, и на Востоке, и на Западе. Проводя именно такую политику, мы сможем исключить какие-либо проявления угрозы безопасности Казахстана. Мы сможем укрепить благоприятные внешние условия экономическим и политическим преобразованиям в нашей стране. Без хорошего внешнего окружения вряд ли удастся достичь целей, которые были поставлены нами на ближайшее время и дальнюю перспективу». А потому, отмечал Глава государства, «в концепции внешней политики безусловный приоритет мы отдали взаимоотношениям с соседними государствами.

Развитие международных отношений показало, что принцип многовекторности выдержал испытания временем, позволил Казахстану не только эффективно отстаивать свои национальные интересы, но и стать в 2000-х годах самостоятельным и влиятельным игроком на международной арене.

С самого начала, с обретения независимости, получения международных гарантий и установления партнерских отношений с ведущими странами Глава государства был инициатором основополагающих идей, привлекших внимание всего мирового сообщества. Многие из них были поддержаны международным и региональным сообществом и реализованы. И это придает особую значимость внешнеполитическим инициативам. Н.А. Назарбаев, которые, как правило, не остаются на бумаге, а поэтапно, несмотря на трудности, воплощаются в реальность.

Казахстан, как одна из передовых стран Евразии, в своей политике отдает приоритет крупномасштабному региональному и глобальному сотрудничеству. Так, с каждым годом возрастает практическая значимость инициативы о создании СВМДА, заявленной впервые в 1992 году на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. Воплощаются цели этой инициативы: широкая взаимная безопасность на азиатском континенте, оказание поддержки процессам регионального взаимодействия, установление мира и добрососедства.

Возрастает значимость инициативы, которая, можно сказать, определила свое время, - о создании Евразийского союза государств. Несмотря на трудности региональной интеграции, эта перспективная идея, выдвинутая Президентом Казахстана в 1994 году и развиваемая им во все последующее годы, постоянно обогащается, а ее отдельные стороны поэтапно воплощаются в реальность. В 1998 году была выдвинута инициатива под названием «десять простых шагов навстречу простым людям», которая включала предложение о создании в рамках СНГ единого гуманитарного и информационного пространства. Приоритетной задачей было снятие барьеров, улучшение жизни всех народов стран Содружества. В 2000 году создан ЕврАзЭС – сообщество, деятельность которого, бесспорно, следует рассматривать в евразийском контексте. В 2010 году начал функционировать Таможенный союз в составе Казахстана, России, Беларуси как первый реальный шаг к формированию единого экономического пространства со свободным перемещением товаров, капиталов и людей. А ведь впервые Глава Казахстана предложил создать Таможенный союз еще в 1992. Если же рассматривать современные евразийские взаимодействия в широком смысле, то они реализуются через различные различные международные форматы –

ЕврАзЭС, СВМДА, ШОС. И это свидетельствует о том, что многостороннее региональное сотрудничество занимает особое место во внешней политике Казахстана.

Большое внимание в мире вызвала инициатива Казахстана о создании Союза Центрально-Азиатских государств. Ведь цель такого возможного регионального межгосударственного союза – углубление взаимовыгодного сотрудничества, достижение эффективного регионального развития без ущемления национальных интересов.

Находясь исторически на стыке цивилизаций, Казахстана аргументировано вел и ведет плодотворные диалоги по основным мировым проблемам. Так. Инициатива Главы государства о созыве съезда лидеров мировых и традиционных религий вызвала самый живой и заинтересованный отклик у мирового сообщества.

Казахстан – активный член мирового сообщества, видящий Организацию Объединенных Наций основной структурой в строительстве мирового будущего, выступающий за усиление роли ООН в глобальном мире, за расширение Совета безопасности ООН. Казахстан активно поддерживает глобальные реконструкции с политической и функциональной точки зрения. По инициативе Казахстана при Генеральном Секретаре ООН начал свою работу совет региональных организаций.

В целом Казахстан занял в начале XXI века достойное место в мировом сообществе. Возрастает роль в многосторонних структурах регионального и мирового уровня. При этом что главной и успешно выполняемой задачей руководства страны является обязательный учет национальных интересов суверенного Казахстана в условиях формирующей многополярной системы.

С главной трибуны мира – с трибуны ООН в 2007 году, на 62-й сессии Генеральной Ассамблеи, Н.А.Назарбаев обратил внимание общественности на актуальные глобальные проблемы. В своем выступлении (из более чем ста государственных руководителей и общественных деятелей в первой пятёрке слово предоставили казахстанскому лидеру) Президент выдвинул инициативы в области обеспечения безопасности для всего человечества, и такой подход не мог оставить равнодушным ни одного государства. Глава Казахстана еще раз привлек внимание общественности к проблеме, вызывающей опасения у всего мира, - к вопросу о нераспространении ядерного оружия, и предложил внести дополнения в Договор о нераспространении ядерного оружия, так как произошло резкое снижение эффективности системы коллективной безопасности. На процессе нераспространения помимо моральных, экономических и прочих причин должны влиять и правовые барьеры. Как было отмечено: «В целом речь идет о кризисе в международном управлении, о снижении количества известных рычагов управления оружием массового поражения». Тем более. Что в договоре о нераспространении предусмотрены санкции не ядерным государствам, однако, «если ядерные державы призывают запретить разработку ядерного оружия, то они должны быть образцом отказа и сокращения атомного арсенала».

Президент вновь напомнил, что Казахстан отказался от четвертого по мощности такого арсенала и закрыл ядерный полигон. «Таким образом, мы получили гарантии от всех ядерных держав, усилило свою независимость. Почему бы и другим странам вместо разработки дорогого оружия не последовать нашему примеру?» - предложил в своем выступлении Глава государства. Им также было предложено создать Миротворческий Фонд ООН и формировать его за счет добровольных взносов, сократив на 1% военные бюджеты, что способствовало бы перенаправлению части мировых расходов с военных целей на цели развития. Такая сумма составила бы свыше триллиона американских долларов. И это стало бы важным шагом в реализации стратегии по достижению ООН целей Развития Тысячелетия.

На 62-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН Н.А.Назарбаев сделал еще несколько значимых предложений. Указывая на углубление глобальных

энергетических и климатических проблем, он сформулировал следующее предложение: «Было бы разумно разработать Глобальную энергоэкологическую стратегию и обсудить ее на Всемирном Саммите по Устойчивому развитию в 2012 году». Он также заявил о целесообразности составления реестра Мировых экологических проблем в рамках ООН: такой документ помог бы в создании рычагов борьбы с экологическими катастрофами. В этой связи решение проблемы Аральского моря невозможно без соединения сил и возможностей мирового сообщества. Именно поэтому Глава Казахстана предложил Международному Фонду Спасения Арала присвоить статус института ООН. Также им была сформулирована инициатива о принятии пакта Евразийской стабильности энергетических поставок.

Весьма важной была выдвинута Президентом Казахстана идея проводить съезды религиозных лидеров под эгидой ООН и объявить один из ближайших годов годом сближения религий и культур. Мировое сообщество и ООН поддержал эти предложения и в результате 2010 год был объявлен Международным годом сближения культур.

Особое место занимают инициативы Главы нашего государства, выдвигаемые в контексте представительства Казахстана в ОБСЕ в 2010 году, и в первую очередь – идея проведения саммита ОБСЕ в Астане. Здесь также внимание привлекают и цивилизационные вопросы. Как отметил Глава государства, Казахстан, являясь светским государством с преобладающим мусульманским населением, «ощущает особую ответственность за сближение мусульманских и христианской цивилизации, за углубление понимания между Востоком и Западом».

Внешнеполитические инициативы Президента Казахстана всегда продуманны и аргументированы. Это позитивно воспринимается мировой общественностью. «За рубежом его воспринимают, - подчеркивает К.К. Токаев, - как основателя современного Казахстана и отца нации. Талант Н. Назарбаева как выдающегося государственного деятеля не подвергается сомнению, он общепризнан». Глава государства имеет большой авторитет как один из основателей СНГ, сторонник интеграции и усиления регионального потенциала, как наиболее влиятельный лидер тюркоязычных государств.

Многогранная деятельность Президента Республики Казахстан имеет определяющее значение для формирования внешнеполитической стратегии и для укрепления государственности в целом. Перечислим основные направления внешнеполитической деятельности в 1990-2000-х годах, которые последовательно формируются, определяются Главой государства и эффективно реализуются Министерством иностранных дел Республики Казахстан: установление и развитие партнерских отношений с ведущими странами мира; сохранение и укрепление дружественных отношений с сопредельными государствами; отказ от ядерного оружия; согласование и утверждение государственных границ; позитивная и прагматичная региональная политика; евразийские интеграционные инициативы; активное участие в международных организациях; преодоление последствий мирового кризиса; глобальная и региональная безопасность.

Охватывая общим взглядом все многообразие внешнеполитических инициатив Президента Республики Казахстан в 1990-2000-х годах, следует признать, что и по отдельности, и в целом они представляют собой существенный вклад, во-первых, в развитие государственно-политической мысли, государственно-политической стратегии и, во-вторых, в развитие результативной внешнеполитической практики.

ЛИТЕРАТУРА

- 1.История Казахстана в 5 томах, Алматы, Наука, 2007.
- 2.Современная история Казахстана, Алматы, 2010.
- 3.Назарбаев Н.А. В потоке истории, Алматы, 2001.

РЕЗЮМЕ

В данной статье показана историческая роль Н.А. Назарбаева во внешней политике Казахстана.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Н.А. Назарбаевтың Қазақстанның сыртқы саясатындағы тарихи ролі көрсетілген.

XX Ғ. 60-ШЫ ЖЫЛДАРЫ МӘСКЕУДЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ «ЖАС ТҰЛПАР» ҰЙЫМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Сайлан Б.С.-т.ғ.д., профессор м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Өткен ғасырдың 60-шы жылдарында қызыл империяның Қазақстанда жүргізіп жатқан қыңыр саясатына қарсы оқыған қазақ жастарының арасында ашық қарсылық толқыны бой алды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының студент-жастары арасында ұлттық сананы ояту, аяққа басылған ұлттық мүддені қорғау, құрып бара жатқан қазақ тілінің қасіретін ашық көтеру мақсатындағы талпыныстарға Мәскеудегі қазақ студенттерінің «Жас тұлпар» атты ұлттық-шығармашылық бірлестігінің ықпалы ерекше зор болды /1/.

1963 жылы 7 қарашада Мәскеудің жоғары оқу орындарында оқитын бір топ қазақ жастары “Жас тұлпар” атты ұйым құрды. Ұйымдастырушылары Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті жанындағы Шығыс тілдері институтының студенті Мұрат Әуезов, Мәскеу энергетикалық институтының студенті Алтай Қадыржанов, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенті Болатхан Тайжанов болды. “Жас тұлпардың” алғашқы белсенді мүшелері: М.Тәтімов, С.Байкенов, Қ.Тілеуханов, М.Гильманов, Б.Хисаров, С.Ақатаев, М.Айтхожин, С.Тыныштығұлова, А. және Қ.Таужановтар, А.Сартбаев, т.б. болды.

Өз отанының отарлық жағдайын түсінген ұйымдастырушы топтың қазақ қоғамын тәуелсіздікке даярлауды мақсат етіп, саналылықпен жасаған әрекеттері ұлттық-мәдени өрлеу түрінде пайда болды. Ұйымның оқу-білім, мәдени ойын-сауық, лекторлық секторлары сияқты құрылымдары болды. Оқу-білім секторы қазақ студент жастарын өз қамқорлығына алып, олармен тікелей жұмыс жүргізсе, мәдени ойын-сауық секторы Мәскеудің түрлі оқу орындарында оқитын қазақ жастары арасында футболдан жарыстар, туристік жорықтар, мәдени шаралар ұйымдастырды. Лекторлық сектор қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, әлеуметтік, демографиялық жағдайлары жөнінде материалдар әзірлеп, жиналыстар өткізді. Осы мақсатпен олар Омбы облысының қазақтар тұратын аудандарын, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Целиноград (қазргі Ақмола облысы) облыстарының түкпіріндегі ауылдарын аралап шықты. Ұйымның мәдени шаралары қазақ эстрадасының тууына және қалыптасуына әсер етіп, “Гүлдер”, “Айгүл”, “Алатау”, “Ұлытау”, т.б. ансамбльдер құрылды. Бұл ансамбльдердің ұйымдастырушылары – “Жас тұлпар” ұйымының мүшелері С.Елеусізов пен М.Балтабаев болды.

Бұл ұйымның негізгі мақсаттары:

- Мәскеуде (кейіннен басқа қалаларда) оқитын жастардың оқуына көмек көрсету;
- Қазақстандағы қазақ тілінің тағдыры және оның ролін көтеру;

- Қазақстаннан тыс жердегі қазақтардың (КСРО территориясындағы) тұрмыс-тіршілігімен танысу, оларға Қазақстан туралы көбірек мәліметтер (мәдени, әдеби және экономика, саясат, тағы басқа мәселелер) жеткізу.

Алдарына қойған іргелі, зор мақсаттарға жету үшін саналы, зиялы да, жан-жақты білімді мамандардың қажет екендігі анық еді. Күні ертең тәуелсіз мемлекет орнықтыру үшін әрі сол кезеңдегі Қазақстанның халық шаруашылығын білікті мамандармен толықтыру үшін, ең алдымен жоғары оқу орындарында оқитын қазақ жастарының үлгеріміне басты назар аударылып, олардың қатарының кемімеуіне ерекше мән берілді. Бұл өзі аса маңызды әрі саяси мәселе болғандықтан, оған барынша санаулы, сенімді де отаншыл жігіттер тартылды. Ұйым мүшелерінің айтуынша егемендік мәселесі тек қана қазақ жастарын ғана емес, сол кезде Мәскеуде оқып жатқан өзге де одақтас республикалардың жас өкілдерін де толғанып, өзара ақылдасу үшін жиі-жиі бас қосатын болды. Ондай жиындарда әр ұлттың жас өкілдері рухани құндылықтар мен салт-дәстүр ұлттық тәуелсіздік туралы сөз қозғады /2/. Кейін бұл ұйым өрісін едәуір кеңейтті. Мысалы, Ленинградта “Арай”, Киевте “Қарлығаш”, Павлодарда “Тың тұлпары”, Семейде – “Тайшұбар”, Қарағандыда – “Жас қазақ” ұйымдары жұмыс істеді. Оның себебі, Кремль, Мәскеу жақ секем алмасын деген сақтықтан. Өйткені, күллі жердегі ұйымның аты біреу болып шықса, “мынау не деген үлкен ұйым?” деген күмән пайда болатын еді /3/.

“Жас тұлпардың” бір ғана Мәкеудің өзінде 1200 мүшесі болды. Ленинград, Киев, Харьков, Ригада оқитын қазақ жастары да қарап жатпады. Ол қалаларда ұйымның бөлімшелері құрылып, сайдың тасындай қазақ жастары “Жас тұлпардың” жұмысын жандандырды. Олар орталық ұйыммен үнемі байланыста болды. “Жас тұлпардың” бөлімдері тек бұрынғы Одақ көлемінде емес, шет елдерде де болды. Соның бірі Қытайда “Жас күш” деген де ұйым құрылды. Жетекшісі Айтан Нүсіпханов деген азамат болды. Ұлтын басқадан артық сүйген азамат жігіт еді. Қытай өкіметі қыр соңына түскен соң, ол жігіт қыбын тауып, Мәскеуден бір-ақ шыққан. Басын солай арашалап қалған /4/.

“Жас тұлпардың” мүшесі болған Аймұқан Таужанов ұйымның сол кездегі қызметі туралы айта отырып: “Мен ұйымның оқу секторы – Мәскеудегі қазақ жастары оқитын бірнеше институттың кураторы болып бекітілдім. Атап айтқанда Мәскеудегі:

- Энергетика институты;
- Инженерлік байланыс институты;
- Инженерлік темір жол институты,
- Губкин атындағы мұнай, газ институты.

Ол кезде қазақстандық жастарды еш нәрсенің анық-қанығына бармай жатып оқу орындарының басшылары оп-оңай институттан шығара салатын. Қазақ студенттерінің тағдыры олар үшін ойыншық сияқты болатын. Менің міндетім осы мәселенің түйінін шешу еді. Іс нәтижесіз болған жоқ. Мәскеудегі Қазақстан өкілдігіне барып, онда істейтін Ғалым Сүлейменов дейтін ағамызбен ақылдастым. Қазақстандық студенттердің тағдыры талқыға түскен кездерде ол іске өкілдіктің де араласуын өтіндім. Бұл ұсыныс ағаларымыздан қолдау таппай қалған жоқ. Нәтижесінде қазақстандық студенттерді өкілдіктің келісімінсіз оқудан шығаруға болмайтындығы жөнінде заңды талаптарға қол жеткізгенбіз. Бұл бір жағынан бізге өкілдікпен тығыз байланысып тұруға мүмкіндік жасады. “Жас тұлпар” ұйымының атынан жағдайы төмен студенттерге материалдық көмек сұрау жөніндегі өтініш қағаздарды өкілдікке жеткізіп отыру да менің міндетіме кірді. Қуантарлығы – өкілдікте істейтін азаматтардың қазақ жастарына деген ықыласы ерекше болатын. Өкілдік орналасқан ғимарат – кішкентай Қазақстан сияқты еді. Онда біздің “Жас тұлпар” деп аталатын қабырға газетіміз үнемі ілініп тұрды” – деп еске алуы, ұйым мүшелерінің қазақ жастары үшін атқарған қызметінен дәлелді мәліметтер береді /5/.

“Жас тұлпар” ұйымына жетекшілік еткен М.Әуезов: “1964 жылы жер-жердегі жігіттердің басын қосып, Алматыда жиын өткізбекші бодық. Оған кәдімгідей қаражат керек еді. Сол мәселенің шешілуіне Өзбекәлі Жәнібековтың көп еңбегі сіңді. Жиын Жазушылар одағында өтті. Әнуар Әлімжанов бастаған біраз қаламгерлер біздің бұл бастамамызға оң қабақ танытып, бірге жүрді. Жиналыс екі күнге жоспарланған болатын. Бірінші күні менің баяндамамы тыңдалды. “Жас тұлпардың” Ленинградтағы бөлімін басқаратын Сәрсенғали Құспанов дейтін азамат сөйледі. Сол сияқты біраз жігіттер сөз алып, алдағы уақытта не істеу керек деген сауал төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Қазақтың тағдыры хақында көптеген мәселелер көтерілді. Біз сол жиында мәдениетіміз бен тарихымызға қатысты 20 шақты мәселені қағазқа түсіріп, оны Өзбекәлі Жәнібековтың қолына тапсырдық. Ол кісінің жылы шыраймен қолымызды қысқаны әлі күнге есімнен кетпейді”, – деп тоқталуы, біріншіден, ұйымға мүше жастардың қызыл империяның қатаң саясатынан қорықпай қазақ ұлты үшін мәселелер көтере білгенін байқатса, екіншіден қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың ұлты үшін ешнәрседен қаймықпағандығын, елі үшін әрекет еткен жастарға барлық уақыт қолын соза білгендігін растайды /6/.

“Жас тұлпарлық” жастар алға қойған басты мақсаттары ретінде барша қауымның ұлттық санасын оятуға бағытталған жұмыстармен қатар, жоғарғы билікке қазақтың ұлттық мәселелерін шешуге қатысты нақты ұсыныстар қойды. Олар Ресейдің және де Қазақстанның қазақтар көбірек шоғырланған аймақтарында мәдени-көпшілік шаралармен қатар, концерттер берді, түрліше дәрістер оқыды және тарихи-танымдық экспедициялар ұйымдастырды. “Жас тұлпардың” осы бағыттағы жұмыстары Қазақстандағы қоғамдық саяси ойдың ұлттық тұрғыда дамуына және де қазақ жастарының ұлттық санасының жаңғырып қоймай өздерінше оны дамытуына едәуір ықпал етті. Осындай экспедициялардың бірінде қазақ жастарын құқығының тапталып жүргенін көрген Мұрат Әуезов: “Мысалы, Жамбыл облысына барсақ, оныншы сыныпты бітірген балаларға төлқұжат бермей, мал шаруашылығына жібереді екен. Қой бағасың дейді. Бұл әділетсіздік. “Шикізат базасына айналған отар еліміз” дейтін әңгіменің шет жағасын осылай өз көзімізбен көріп жүрдік”, – деп тоқталуы, Л.Брежнев бастамасымен осы кезеңде қазақ жастарын қой соңына таңып қойылғанын нақтылайды /7/. Егер 1971 жылы республикада комсомол жастардың шопандар бригадалары небәрі 4-еу болса, 1980 жылы олардың саны 1274-ке жетті. Осы ұжымдардың құрамындағы жас жігіттер мен қыздар өздерінің тәлімгерлерімен бірге 3,4 млн. бас қой бақты.

“Жас тұлпардың” жиындарында Мәскеулік студенттер мен бірге Ресейдің, басқа республикалардың жоғарғы оқу орындарында оқитын қазақстандық студенттер, аспиранттар, докторанттар қатысып ой бөлісетінді. Олар тек күнделікті оқу, тұрмыс жайлы айтып қоймай, Қазақстан Республикасының ішіндегі қоғамдық, экономикалық, тіпті саяси жайларға да тоқталатынды. Олар: “Біздің республикамыздан жылма жыл миллиардтаған пұт астық өсіру (өндіру) талап етіледі де, оған сәйкес минералды тыңайтқыштар бөлінбейді”, “Біздің Республикамызда бір жазылмаған заңдылық бар, ол – бір мекемеде, егерде бірінші бастықтың ұлты қазақ болса, онда оның орынбасары орыс ұлтынан болуы керек, немесе керісінше болуы керек”, “Қазақ мектептерінің саны азайып барады”, “Қазақстанның Ресейдегі студенттеріне (соның ішінде ұлттық мектепті бітіргендерге) шетелдік студенттерге берілетін жеңілдік берілмейді, оларға сол Ресей студенттерімен бірдей талаптар қойылады, бұл дұрыс емес” сияқты және тағы басқа да еркін пікірдегі көзқарастарын айтатын еді.

Қорыта айтқанда, тоталитарлық жүйе қысым жасап, әртүрлі қарсы әрекеттер ұйымдастырса да, қазақ халқының ұлттық рухын сындыра алмады. Бұл қаншалықты идеологияны уысында ұстадық дегенімен, кеңес империясы қазақ жастарының санасын толыққанды жаулай алмағандығын көрсетеді. Қандай қиын кезеңде де, Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрес бір сәтке толастаған емес. Қазақ жастарының күрес жылнамасы осыны айғақтайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.«Жас тұлпардың» Ақмоладағы жаңғырығы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 30 қараша.
- 2.Төлегенқызы Р. Жас тұлпардың дабылы // Дала мен қала. – 2004. – 16 қараша.
- 3.Тайжан Б. Қазақстан тек қазақтардың мекені, қалғандары – тұрғындар // Түркістан. – 2004. – 5 ақпан.
- 4.Тілеуханов Қ. Жас тұлпардың дүбірі // Парасат. – 2000. – №5. – 3-б.
- 5.Таужанов А. Өкілдік – кішкентай Қазақстан сияқты еді // Парасат. – 2000. – №5. – 15-б.
- 6.Әуезов М. Біз әлі күнге біргеміз // Парасат. – 2000. – №5. – 7-б.
- 7.Әуезов М. Жас тұлпар санаға сілкініс әкелді // Нұр Астана. – 2009. – 9 сәуір.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада 1960-шы жылдардың басында Мәскеу қаласында оқып жүрген бір топ қазақ жастарының бастамасымен құрылған «Жас тұлпар» ұйымы туралы айтылады. Бұл ұйымның құрылу тарихы, оның мүшелері мен атқарған қызметі, алдарына қойған мақсат-міндеттері жан-жақты қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается о деятельности казахской молодежи «Жас тұлпар» созданной в Москве 1960-годах.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР

Саурықова Ж. С.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)
Чаргынова Г.О.- оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Кеңес Одағының ыдырауы ХХ ғасырдың соңғы мезгіліндегі ең ірі уақиғаның бірі болып, жалпы халықаралық саяси жағдайдың өзгеруіне алып келді. Бұрынғы Кеңес Одағының үлкен шаңырағынан бөлініп жаңа отау көтерген елдердің бірнешеуі Қытай Халық Республикасымен көршілес. Соның ішінде Қытай үшін ең маңызды болып отырғаны көрші қазақ елі. Стратегиялық тұрғыда аса маңызды Еуразия құрлығында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, дүниенің екі шектілігі тәртібінің бұзылуы ондаған жылдар бойы қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесіне түпкілікті бетбұрыс алып келді. Қытай Халық Республикасындағы саяси процестердің дамуы олардың ғаламдық және аймақтық саясатқа тигізер әсері халықаралық қатынастар саласындағы маңызды болып табылады.

ХХ ғасырдың соңғы он жылында дүние жүзінде коммунистік идея күйреп жатқан кезінде, Қытай жарты ғасыр бойы табынып келген идеологиясының сыртқы формасын күрт өзгертіп, стратегиялық мақсатын сақтап қалды. Мемлекеттік идеология мен әлемдік экономиканың даму тенденциясына басымдық беріп, нарықтық атрибуттардың жаңа бір формасын ойлап тапты. Қытай Халық Республикасы өзінің геосаяси орналасуы және үлкен экономикалық әлеуетіне байланысты Қазақстанның маңызды әріптесі болып табылады. Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап осынау ірі көршілес елмен, яғни Қытаймен ынтымақтастығын өз сыртқы саясатының басым бағыттарының бірі деп қарастырады.

Қытай дүние жүзіндегі аса ірі, экономикалық әлеуетті жылдан жылға артып келе жатқан елдердің бірі болып саналады. Әрі ол БҰҰ-ның қауіпсіздік кеңесіне мүше. Сол

себепті Қытаймен әлемнің көптеген мемлекеттері ынтымақтастық орнатуға ынталы. Бұл тәуелсіздік алған Қазақстанға да қатысты. Өйткені Қытай Қазақстанның ежелгі көршісі. Осы тұрғыдан келгенде біздің еліміздің ұстанған саясаты қай жағынан алсақ та, достық, ынтымақтастық, көршілік, тату-тәтті саясат болуға тиісті /1/.

Қытайдың Таяу болашақтағы стратегиялық бағытын айқындап берген Дэн Сяопин «Мемлекетте ұзақ уақыт тұрақтылықтың сақталуы адамның өз қолында. Империалисттер Қытайды бейбіт түрде өзгертудің үмітін біздің алдағы бірнеше ұрпағымызға артып отыр... Беделді ықпалды күш саналатын аға буын біз тұрғанда, сыртқы жау күштері Қытайды бейбіт өзгертуді жүзеге асыра алмайтындығын біледі. Бірақ біз, қарттардың көзі жұмылғаннан кейін оған кім кепілдік бере алады? Сондықтан, әскерді, диктатура органдарын, коммунистерді, бұқара халықты және жастарды осыған рухани тәрбиелеуіміз қажет. Қытайда мәселе болса, ол коммунистік партияның өз қатарынан шығады. Бұл мәселе жөнінде өте сергек болу керек. «Өршіл, рухшыл, әрі жас, әрі білімді маман болу» критерий бойынша, басшылық алқасына таза, қабілетті адамдарды таңдап өсіру қажет. Біз партияның бағыт саясатын жүз жылға жарайтындай қалыптастырдық және оның тұрақтылығын осы принциптерге сүйеніп баянды етеміз. Көз алдымыздағы мәселе оңтайлы шеліліп кете қойған жоқ, ойдағыдай шешілуінен үміт етеміз» - дейді /2/. Бұл Дэн Сяопиннің Ху Цзиньтаоның бас хатшылыққа келген кездегі кадрды іріктеу туралы айтқан өсиет еді.

Қазір әлемдік саясат Ху Цзиньтаоның әрбір іс-қимылын бақылап отыр. Әрине алып елдің бірінші мақсаты – ел экономикасын көтеру. 2020 жылы елдің ішкі жалпы өнімі төрт есе өсуі тиіс деп жоспарлануда.

Бір миллиардан астам халықты асырап отырған Қытай Қазақстанда өткен жиындардан ешқашан тыс қалған емес. Достығы мен ынтымақтастығы көптеген мемлекеттерге үлгі болатын көршілер осы Қазақстан мен Қытай болса керек. Оның жарқын бір мысалын Алматыда өткен Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің тұңғыш саммитіне ҚҚР-дің сол кездегі Төрағасы Цзян Цзэминьнің қатысуынан көруіне болады. Сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың халықаралық Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше елдердің арасында алатын орны айрықша. Оған мүше бес мемлекетпен бірлесе отырып, екеуіде сол елдердің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде және Орталық Азиядағы мемлекеттердің экономикалық жағынан дамуына белсене араласып келеді. Қазақстан мен Қытай арасындағы құқықтық келісімдер базасы аса қомақты барлығы 105 екі жақты шарт пен келісім екі елдің ынтымақтастығы жолында жұмыс істеуде /3/.

Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатынас 1992 жылдан бастап орнады. Екі елдің арасындағы достық ынтымақтастық қарым-қатынастар 1993 жылы дүниеге келген декларациядан бастау алады. Сол қарым-қатынас жаңа белеске көтерілді. Әр жылдардағы тығыз байланыстар екі мемлекеттің бір-біріне сенімді әріптес бола алатындығын іс жүзінде дәлелдеп берді. Соның бірі – Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2002 жылғы 23 желтоқсанда Қытай Халық Республикасына жасаған мемлекеттік сапарын айтар едік. Осы сапар кезінде Қазақстан мен Қытай арасындағы тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

Ал 2003 жылдың маусымында Қытай Халық Республикасы басшылығының Қазақстанға сапарының орны бөлек болғанын атап өткен жөн. Сол жолы мемлекет басшылары Қазақстан мен Қытай арасындағы бірлескен декларацияға қол қойып, соның нәтижесінде екі елдің өзара қарым-қатынасын әрі қарай дамыту жолдары айқындалды. Сондай-ақ Қазақстан – Қытай ынтымақтастығы туралы бағдарлама қабылданды. Бұл құжатта екі жақты ынтымақтастықты, жандандыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру көзделді.

2004 жылы маусымда Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытайға сапары басталды. Елбасын Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтао қарсы алды. Ху

Цзиньтао көршілес екі елдің ынтымақтастығын нығайтуға зор үлес қосқаны үшін Н.Ә.Назарбаевқа алғыс білдірді. Ал Қазақстан Президенті екі елдің ынтымақтастығына жоғары баға бере келіп, ынтымақтастық алдағы уақыттада артатынына сенімді екендігін жеткізді. Елбасы өз сөзінде Қазақстанның ең басты әріптесі Қытай екендігін көрсетті. Осы кездесуде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасындағы бірлескен декларацияға қол қойды. Ал екі мемлекеттің тиісті министрліктері мен ұлттық компанияларының басшылары Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері арасындағы ынтымақтастық негізіндегі комиссия құру туралы келісімге, Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы үкіметтері арасындағы өсімдік қорғау және карантин жөніндегі келісімге қол қойылды. Осы Қытайға сапарында Н.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» кітабының тұсау кесер рәсімі өткізілді. 2004 жылдың мамыр айының 17 күні ҚХР Президенті Ху Цзиньтао мен ҚР Президенті Н.Назарбаев Пекинде кездесіп ортақ құжатқа қол қойды. Екі жақ министрлерімен басқа да өкілдер тарапынан оншақты бірлескен келісім шартқа қол қойылды. Біріншісі – Атасу – Алашанькоу мұнай құбырының құрылысы жайындағы келісім CNRC (Қытай Ұлттық Мұнай Корпорациясы) мен ҚазМұнайГаз өкілдері арасында жасалды. Бұл келісім шартқа АҚШ-тың энергетика министрі мынадай баға берген: «2004 жылдың мамыр айында қазақ және қытай үкіметі қазақ мұнайын Батыс Қытайға тасып жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс. 700 миллион долларлық мұнай құбырын салу туралы келісім-шартқа қол қойды. Бұл құбыр орталық Қазақстандағы Атасудан Шыңжаңға дейін тартылып, сондағы үш мұнай зауытын күніне 200 мың баррель шикізатпен қамтамасыз етіп отыруға тиіс» /4/ - деді. Екінші келісім-шарт теміржол қарым-қатынастарын дамытуға байланысты болды. Оған қол қойған Қытай темір жолдары министрі Лю Жиджун және Қазақстанның көлік және коммуникация министрі Қажымұрат Нағманов болды. Бұл құжаттағы негізгі көзделген мәселе – Қытайдың Қиыр Шығыс жағыфмен Еуропа аралығын Қазақстан үстімен жалғастыратын құрылықтық байланыс жолын қалыптастыру болды. Бұл мақсат жүзеге асса, біздің еліміз ғана емес, күллі Орталық Азия әлемнің тұйықталған бір түпкірі болып қала беру мәселесінен құтылып, халықаралық сауда ауқымында маңызды орынға ие болмақ. Осы келісім-шарттан кейін іле шала Қытайдан автобустар алып келінді.

Қытай экономикасының қарқындап дамуы елдегі мұнай шикізаты мен өнімдерін тұтыну көрсеткішінің күрт өсуі түрінде көрініс тауып жатыр. 2003 жыл барысында Қытайда орта есеппен күніне 5,56 баррель мұнай қажетке жаратылып отырған. Басқаша айтқанда Қытай сырттан күніне 2,02 миллион баррель мұнай сатып алып отырған. Жылдық есепке шаққанда бұл – 100 миллион тонна. Қазақстан мұнай өнер кәсібі осыншама шикізатты екі жылда ғана өндіре алады.

Басқасын қойғанда дүниежүзіндегі теливизорлардың жартысын осы ел шығарады. Қытай экономикасының қарқындап дамуының құпиясын былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, ондағы жұмыс күші өте арзан. Екіншіден, халқы өте көп елде ішкі нарықтық мүмкіндіктер өте зор. Үшіншіден, жоғарыда аталған екі фактор Қытайға жаңа технологиялардың әкелінуіне кеңінен жол ашады. Қазақстанның Қытайдан көп нәрсені үйренуге мүмкіндігі бар. Аталған Атасу-Алашанькоу құбыры біздің мұнайдың Қазақстанның тарихында тұңғыш рет халықаралық рынокқа тікелей шығуына мүмкіндік бермек. Осы уақытқа дейін біздің мұнайымыз талай елді аралап барып тұтынушыға жететін. Оны сатқаннан түсетін таза пайда төмен болатын. Қытайға Қазақстаннан мұнай алу өте тиімді. Өйткені көрші шекаралас елміз.

2004 жылы Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлері кеңесінің алғашқы отырысы болды. Осы кеңесте ҚР Президенті Н.Назарбаев Қазақстан мен Қытай кәсіпкерлері кеңесінің құрылуы сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдетуге жол ашатын болады. Енді

бізді жақын көршілік пен достық қана емес, экономикалық байланыстарда жақындата түседі деді /5/.

Қазақстан мен Қытай үкіметтері арасында мұнайгаз саласындағы көп жақты ынтымақтастықты дамыту туралы негіздемелік келісімге қол қойды.

Н.Назарбаев ланкестік, діни экстремизм, есірткі графигі секілді қауіп қатерлерге байланысты Қазақстанның ұстанған саясатынан да БАҚ өкілдерін хабардар етті. Өйткені Азияда дүниежүзіндегі халықтың көпшілігі тұрады. Олардың татулығы барлығымызға қажет деп ескертті ҚР Президенті.

Қытай Қазақстанды стратегиялық маңызы бар мемлекет деп таниды. Себебі, Қытай Қазақстан аумағы арқылы Еуропаға тауар тасымалдауға мүдделі. Қытайға әлемдік мұхит ауқымынан тыс жатқан мұнай-газ көзі қажет. 1993 жылдан бері Қытай – мұнай импортына тәуелдел. Қазір ол өзіне қажет мұнайдың 33-35 пайызын сырттан тасиды /2/. Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясы Ақтөбедегі мемлекеттік мұнай пакетінің 60 пайыздық акциясын сатып алып, өзінің трансұлттық қызмет атқару ауқымын кеңейте түсті.

Қытай Халық Республикасының Ху Цзиньтао мемлекет басшысы ретінде ең алғашқы шетелдік сапарын Қазақстанға жасады.

Ху Цзиньтаоның сапары барысында қол қойылған Қазақстан Республикасымен Қытай Халық Республикасы арасындағы 2003-2008 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы тараптар арасындағы барлық уағдаластықтарды тиімділікпен іске асыруға және екі жақтық қатынастарды үздіксіз дамытуға сенім білдірді.

Қытай ешқашан және ешқандай жағдайда ядролық қаруды бірінші болып қолданбайтынын, ядролық қарусыз мемлекеттерге немесе ядролық қарусыз аймақтарға қатысты ядролық қаруды қолданудан бас тартатынын қуаттайды және басқа ядролық мемлекеттерді осындай ұстанымда болуға шақырады.

2008 жылы Қазақстан Республикасының үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтың шақыруы бойынша 29-30 қазан аралығында Қытай Халық Республикасы мемлекеттік кеңесінің төрағасы Вэнь Цзябаоның Қазақстан Республикасына ресми сапар болып өтті. Екі ел үкімет басшылары достық жағдайда Қазақстан – Қытай мәселелері бойынша түсіністікке қол жеткізді. Елбасы Н.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао арасындағы мазмұнды кездесулер мемлекеттер арасындағы саяси сенімді одан әрі нығайтуға, ғаламдық және өңірлік істер бойынша тиімді ынтымақтасуға, сауда-экономикалық, гуманитарлық салалардағы, қауіпсіздік мақсатындағы және басқа да бағыттардағы ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік берді.

Соңғы жылдардағы кездесуінде Қазақстан мен Қытай үкімет басшылары әлемде қалыптасқан ауыр қаржы-экономикалық дағдарысқа байланысты екі ел арасында тығыз қаржы ынтымақтастығын жалғастыруды, қиындықтардың алдын алу үшін өзара көмек жасау шаралары жөнінде ортақ пікірге келіп, құнды құжаттарға қол қоюда.

Биылғы 3 сәуірде болған Қазақстан Республикасы президентінің кезектен тыс сайлауының нәтижесінде, халқы қолдаған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жеңісімен Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтао да өз жылы лебізін былайша білдірді: «Сіздің Қазақстан Республикасы Президенті қызметіне қайта сайлануыңызға байланысты Сізге шын жүректен шыққан құттықтауым мен ең ізгі тілектерімді жолдаймын... Қытай мен Қазақстан тату көршілер, жақсы достар мен сенімді әріптестер болып табылады. Дипломатиялық қатынастар орнатылғалы бері 19 жылдың ішінде біздің елдеріміздің арасындағы қатынастар жағымды арнада дамып келеді. Саяси салада өзара құрмет пен өзара сенімнің жоғары деңгейі, ал экономикалық салада өзара тиімділікпен бірлесе дамуға негізделген ынтымақтастық жолға қойылған. Екі ел арасындағы ынтымақтастық әр түрлі салаларда бой көрсетуде, көпжақты ықпалдастық пен үйлестіру қолдау табуда. Қытай жағы біздің елдеріміздің арасындағы көптеген қалыптасқан достық қатынастарды жоғары бағалайды. Мен Сізбен бірлесе отырып стратегиялық әріптестіктің Қытай-Қазақстан қатынастарын біздің елдеріміз бен

халықтарымыздың игілігі үшін мұнан да жоғары деңгейге көтеруге талмай күш-жігер жұмсауға дайынмын» /6/. Осылайша екі ел арасындағы бірлестік, ынтымақтастық қарым-қатынас ғасырдан-ғасырларға жалғасын табуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жұмабекқызы Г. Есігі ашық ұйым. // Түркістан, 2006 ж., 15 маусым.
2. Зәңгіров Е. Ху Цзиньтао // Ақиқат, 2005 ж., №6, 86 б.
3. Құлланбай Б. Қытаймен ынтымақтастық нығая түседі.// Егемен Қазақстан. 2004 ж., 24 маусым.
4. Ақасуұлы А. Таяу он жылдық барысында үлкен өзгерістер болмақ. // Түркістан, 2004 ж., 2 қыркүйек, 3 б.
5. Құлланбай Б. Атасу – Алашаңқай мұнай құбыры ақиқатқа айналды // Егемен Қазақстан, 2004 ж., 29 маусым.
6. Дала мен қала, 2011. 11 сәуір. № 14 (394).

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы саяси-экономикалық байланыс мәселелері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена политико-экономическим взаимоотношениям между Казахстаном и Китаем на современном этапе.

ЖАЛПЫ ТАРИХ

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТЫҢ ҚҰПИЯ БЕТТЕРІНІҢ БІРІ: КАТЫНЬ ҚЫРҒЫНЫ

Бисембаева Л.А.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Аяқталғанына 70 жылға жуық уақыт өтсе де ІІ-дүниежүзілік соғыс тақырыбына қатысты мәселелер күн өткен сайын қызу талқыға түсуде. Осының өзі адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған ең алапат соғыстың әлі талай құпияны бойына бүгіп жатқанын көрсетсе керек. Дегенмен КСРО-ны М.С. Горбачев билеп тұрған ХХ ғасырдың соңында жүргізілген қайта құру саясаты қоғамдық санаға өзгерістер енгізіп, әлеуметтік, саяси – экономикалық бетбұрыстар жасауға тырысты. Ақтаңдақтарға толы екінші дүниежүзілік соғысқа қатысты ақиқаттар айтылып, құпиялар ашыла бастаған болатын.

Қазіргі кезде ІІ-дүниежүзілік соғыс тарихын қайта қарауды ерекше талап етіп отырған елдер қатары артуда. Мысалы: Эстония, Латвия, Литва сынды Балтық бойы елдері, сондай-ақ Украина мен Грузия, Молдавия мен Румыния елдерін атауға болады. Молдавандар КСРО билігінің бір ұлтты қолдан екіге бөліп, Румыния мен Молдавияға ажыратып тастағаны үшін наразылық білдіреді. Қазір молдавандар арасында Молдавияны Румынияға қосуды қолдайтындардың саны ерекше артып келеді. Эстония өзінің бұл соғыстағы үлесін фашизммен емес, «тәуелсіздігіміз үшін күрестік» деп жаңаша тәпсірлей бастады. Нәтижесінде, Латвия мен Эстонияда дәл осы соғыста гитлершілерге қарсы күрескен ардагерлер де, партизандық жасақ құрып, КСРО-ға қарсы күрескен ардагерлер де (Балтық елдерінде соғыстан кейін өршіген антикеңестік

партизандық қозғалыстар 50-жылдары басып-жаншылып тасталған-ды. Б.Л.А.) бірдей құрметтелуде. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелері қайта қаралуына Германияның өзі де кет әрі емес.

Ал, Ресей болса «Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындысы қайта қарауға жатпайды» деп ресми түрде жариялаған болатын. Израиль де осы ұстанымда. Себебі Израиль мемлекеті – Екінші дүниежүзілік соғыс нәтижесінде пайда болған мемлекет /1/.

Ресейдің екінші дүниежүзілік соғыс тарихын қазбалауды қаламауының бір себебі 1939 жылғы Молотов-Риббентроп келісімінің құпия бөлімдерінде жатқандығы ақиқат. Бұл келісімнің астарында мемлекеттігі КСРО мен Германияның арасында талан-таражға түскен Польшаның қилы тағдыры, сол кездегі КСРО мен Германия басшыларының поляк халқы мен бүкіл адамзат тарихы алдындағы зор қылмысы жатыр еді.

Енді осы оқиғаны таратып айтып көрейік. 1939 жылы тамызда В.М. Молотов пен В. Шуленбургтің кездесулері нәтижесінде Сталин Германияның сыртқы істер министрі Й.Риббентропты 23 тамызда Мәскеуде қабылдауға келісін берді. Осылайша 1939 жылы 22 тамызда КСРО мен Германия сыртқы істер министрлері Вячеслав Молотов пен Йоахим фон Риббентроп «бір-біріне шабуыл жасамау» жөніндегі атақты кеңес-герман келісіміне қол қояды. Осы келісімді «Молотов-Риббентроп пактісі» деп атап жүр, әрине, екіжақты келісімге сыртқы істер мекемелерінің басшылары қол қойғанымен, келісім екі елдің басшылары – И.В.Сталин мен А.Ш.Гитлердің шешімімен жасалды. Осы тарихи құжатқа қосымша 90-жылға дейін құпиялылығын сақтап келген (*Құпия құжаттардың көшірмесін 1990 жылдың 13 сәуірі күні КСРО президенті М.С.Горбачев Польша президенті В.Ярузельскийге берді. Ақиқат солай ашылды*) тағы бір құжатқа да мөр басылған еді. Ол - екі алпауыт елдің Польшаны бөлшекке салуы жөніндегі құжат болатын /2/ .

Ең алдымен осы келісім бойынша Польшаның Висла, Нарев, Сан өзендерінің шығысындағы жерлері (Батыс Украина мен Батыс Белорусь), Финляндия, Латвия, Эстония Кеңес Одағының ықпал аймағына берілсе, ал Литва Германияның мүдделі аймағы деп танылды. Германия Данциг дәлізін алған соң, Польшаның КСРО алған бөлігінен басқа жерінде Польша мемлекетін сақтауды жобалаған еді. Алайда Кеңес Одағына бұл жоба ұнамады. Сондықтан құпия хаттаманың 2-бабында: «Тәуелсіз Польша мемлекетін сақтау екіжақты мүдделерге қажетті ме және бұл мемлекеттің шекаралары қандай болады деген мәселе алдағы уақыттағы саяси даму барысында түпкілікті анықталатын болады» – деп көрсетілді. Демек, Польшаны мемлекеттік тәуелсіздігінен айыру туралы ұсыныс та Кеңес Одағы тарапынан болған /3/.

Осы құпия құжатты бетке ұстаған Германия 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаға басып кірді. Ал 19 қыркүйекте шекараның түбінде тұрып жатқан «белорустар мен украиндықтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз» деген жалған ұранмен КСРО-ның 4500 танк, 4000 ұшақ, 6000 зеңбірегі бар 700 мыңдық әскері (Г.Көкебаеваның дерегі бойынша 17 қыркүйекте кеңес әскерлерінің 4 мың танк, 5,5 мың зеңбірек, 2 мың ұшақпен жабдықталған 600 мыңдық тобы) Польшаға тап берді. Ал, шындығында, Кеңес Одағының бұл әрекеті халықаралық келісімдерді (*1921 жылғы Рига келісімі; 1932 жылғы шабуыл жасаспау туралы кеңес-поляк келісімі; Ұлттар Лигасының жарғысы; 1928 жылғы Бриан-Келлог келісімі; 1933 жылғы «Басқыншыны анықтау» туралы конвенция*) өрескел түрде бұзу болатын. Польша әскерінің бас қолбасшысы Э.Рыдз-Смыглы «Кеңестермен шайқасқа кірмеу, ал немістермен соғысты жалғастыру» туралы бұйрық берді. Кеңес әскерлерінің украин және белорус халықтарын қорғау үшін келмегені аталған халықтарды топ-тобымен туған жерінен алысқа: Қазақстанға, Орта Азияға және Сібірге, зорлықпен көшіріп жіберуінен көрінді. Кеңес әскерлерінің Польшаға басып кіруі, шын мәнінде, 1939 жылдың 23 тамызындағы

кеңес-герман келісімінің құпия хаттамасында көрсетілген Шығыс Еуропаны ықпал аймағына бөлісуді іске асырудың бастамасы болатын /4/.

Осылайша поляктар немістер мен қызыл коммунистер соққысының астында қалды. Бөлшектенді. Бір айдың ішінде поляк қорғаныс күштерін тас-талқан еткен «жеңімпаз» екі елдің әскері Гордно және Брест қаласында біріккен жеңіс шеруін өткізді /5/.

Польшаның жеңілгендігі туралы шартқа 4 қазанда қол қойылды. Польшаны бірлесе отырып басып алған соң, Германия мен Кеңес Одағы ортақ шекара шегін белгілеуге тиісті болды. 1939 жылы 28 қыркүйекте «Достық және шекаралар туралы» кеңес-герман келісімі жасалды. Бұл келісімде «Польша мемлекеті ыдырады, сондықтан осы жердегі бейбітшілік пен тәртіпті қалпына келтіруді Кеңес Одағы мен Германия өз мойындарына алады» деп көрсетілді. Висла, Сан, Нарев өзендерімен өтетін сызық кеңес-герман шекарасы болып белгіленді. Осылайша Германия мен КСРО Польша жерін төртінші рет бөліске салды. Сталин мен Гитлер Поляк мемлекеті жойылды деп санады. Алайда Парижге кеткен поляк үкіметі қызметін жалғастыра берді. 1939 жылдың 30 қыркүйегінде Парижде Владыслав Рачкевич Польшаның Президенті ретіндегі, Владыслав Сикорски премьер-министр ретіндегі қызметтеріне кірісті. Олар Ұлыбританиямен екі елдің соғыс-теңіз күштерінің бірлесіп әрекет жасауы туралы келісімге қол қойды. Франциямен осы жерде поляк әскерін құру туралы келісім жасалды.

Нацистік гестапо мен кеңестік қауіпсіздік органдары Польшаның басып алынған жерлерінде ойран салды. Гданск (Данциг) дәлізі Германияға қосылды да, ол жерлерде жергілікті тұрғындарды немістендіру саясаты жүргізілді. Польшаның орталығы Варшавамен қоса Герман империясының құрамындағы генерал-губернаторлыққа айналды. Бұл жерге Гиммлер келіп кеткен соң, нәсілдік тазалау әрекеті басталды. Поляк жерінде кейін қасірет ордасына айналған Освенцим (Аушвиц) мен Майданекте концлагерьлері құрылды. 15000 поляк зиялылары, саясаткерлері, мемлекет қайраткерлері және діни қызметкерлер тұтқындалып, лагерьлерге айдалды, олардың басым бөлігі қаза тапты. 1939 жылдың аяғында Польшадағы барлық еврейлерді геттоларға қамады да, қоршаған ортасынан мүлде оқшауландырып тастады. Освенцимде шамамен 1,1 млн-ға жуық еврей қаза тапты /6/.

Кеңес Одағының халықаралық келісімдерді мойындамау саясатының алғашқы құрбандары польшалық соғыс тұтқындары болды. КСРО-ның Польша жеріне жорығы нәтижесінде шамамен 180-250 мыңдай поляк офицерлері мен жауынгерлері тұтқынға түскен, бірақ көп ұзамай қатардағы сарбаздар мен унтер-офицерлерді босатып жіберді. Ал ірі шенді 22 мыңға жуық (21 857) поляк офицерлері Кеңес түрмесінде қалған еді.

Бірақ осыншама көп әскери тұтқындарды ұстап тұру Кеңес еліне тиімсіз болды. Поляктық соғыс тұтқындары КСРО жеріндегі 8 лагерьге орналастырылды. КСРО Ішкі істер халық комиссариатының айрықша құпия нұсқаулары бойынша тұтқындардың арасынан «күдіктілер» іздестіріліп, олар ерекше лагерьлерге топтастырыла бастады. «Күдіктілердің» қатарына кезінде Польша Ресейдің отары болған кезде, оның тәуелсіздігі жолындағы күресті басқарған партиялардың және Польша социалистік партиясының мүшелері сонымен қатар барлық офицерлер жатқызылды /7/.

Оларды ату жөніндегі жоспар қаңтар айында дайындалып қойылған еді. Ал наурыз айында оларды түгел ату үшін арнайы орындарға жеткізді. Атап айтсақ, Украина түрмесінде жатқандарды Киев, Харьков және Херсонға, ал белорус жерінде түрмеде жатқандарды Минскіге айдады. Сондай-ақ Осташков лагерінде жатқандарды ату үшін Калинин маңындағы Медное елді мекені және Смоленск түбіндегі Катинь елді мекені маңайындағы ормандардың ішінен үлкен шұқырлар қазылды /8/.

1940 жылдың сәуір айының басынан бастап мамырдың ортасына дейін Катинь орманында НКВД жендеттері поляктың 21 857 тұтқынын — Польшаның бүкіл саяси элитасын «ерекше үштіктің» шешімімен атып тастаған-ды. НКВД-ның «ерекше үштігі»

— сол кездегі облыстық деңгейдегі жазалаушы топ. Яғни, НКВД-ның облыстық басшысы, облыстық партия комитетінің хатшысы және облыстық прокурор. Ол кезде істі жеделдету үшін осындай «ерекше үштіктерге» билікті беріп қойған еді /9/.

Соның ішінде Катынь елді мекені маңында 4 мыңнан астам жоғары шенді поляк офицерлері құрбан болды.

Поляктарды немістердің 7,65 миллиметрлік «Вальтер» деп аталатын тапаншасымен жеке бөлмеге кіргізіп, желкеден атып, түн ішінде жабық машинаға салып, арнайы қазылған шұқырға көміп отырған. Ал неміс тапаншасымен атуының себебі, алда-жалда қылмыстары ашыла қалса, оларды «немістер атты» деп бар кінәні немістерге аудара салу қулығы жатты. Және дәл сол кезде немістер де поляктардың үш мың интеллигенциясын тұтқынға алып, ату жазасына кескен еді. Осылайша 1940 жылы сәуір айында поляк ұлты барлық бетке ұстар басшы азаматтарынан айырылып қалған болатын. Дегенмен КСРО жасаған бұл құпия қырғынды ең алғаш 1943 жылы Үшінші рейх өкілдері ашты /10/.

Бұл жөнінде Ресейдің «Правда о Катыни. Независимое расследование» атты сайтындағы Катынь қырғынының зерттелуі туралы материалдарға тоқталайық:

Немістер жүргізген зерттеу.

1943 жылдың ақпан айында жергілікті тұрғындардың көрсетуімен Катынь орманынан мүрделер жерленген орынды тауып алып, зерттеу жүргізе бастайды (Бұл кезде Смоленск жерін немістер басып алған болатын Б.Л.А.), Профессор Герхардт Бутц жетекшілік еткен халықаралық комиссия құрамында Швейцарияның және Германияға бағынышты еуропа елдерінің дәрігерлері, Поляк Қызыл Крест ұйымының Техникалық комиссиясынан поляктар да бар еді. Эксгумация жұмысы 29 наурызда басталып, 7 маусымға дейін созылды. Сәуірдің 13-інде бұл жерде атылған поляк офицерлері жерленгені ресми түрде жарияланды. Эксгумация жұмысына қатысқан поляктар да, халықаралық сарапшылар да Герхардт Бутцтың бұл жерде атылған поляк офицерлері жерленген деген шешімімен толықтай келісті /11/.

Поляк офицерлерінің мүрделерін және олармен бірге табылған заттарды зерттеу нәтижесінде олардың 1940 жылдың мамыр-маусым айларында өлтірілгені белгілі болды. 1940 жылы Катынь орманы КСРО жері болатын. Ақыры комиссия мүшелері оқиға 1940 жылы болған, сол кезде НКВД-ның қолымен 4500 адам атылған деген шешімге келді. «Катынь» трагедиясы осылай белгілі болған еді. Бірақ оны КСРО мойындамады.

1943 жылдың күзінде Смоленскіні фашистерден азат еткен Қызыл Армия ол жерге «Бұл Катынь орманында 1941 жылдың күзінде немістер тұтқынға түскен 11 мың поляк және қызыл әскерлерді атқан. Қызыл Армия жауынгерлері солар үшін қалайда кек алады» деген жазу жазып қалдырған. 1944 жылы академик Николай Бурденконың жетекшілігімен Катыньда тағы да кеңес елі сараптау жұмысын жүргізді. Және әлем жұртшылығын алдау үшін ол жерде жатқан құрбандарды «немістер атқан» деген жалған қорытынды жасады /12/.

Төменде Ресейдің Катынь қырғынын тәуелсіз зерттеу орталығының сайтындағы мына мәліметтерге назар аударайық:

Кеңес үкіметі жүргізген зерттеу.

1943 жылдың қазан айынан бастап Смоленск облысында (1943 жылы күзде Смоленск КСРО қолына өткен болатын Б.Л.А.) Төтенше мемлекеттік комиссияның ұйғаруымен құрамында НКВД және НКГБ өкілдері кірген арнайы комиссия жұмыс істей бастады. Бұл комиссияның басты мақсаты немістер зерттеуге үлгермеген қорымдарды (Сегізінші қорым қалған жетеуінен қашықта орналасқандықтан, немістер ол жердегі 200-ге жуық тұтқынның мәйітін тексеріп үлгермеген болатын /Красильников Ю. Часто задаваемые вопросы и ответы относительно убийства в Катыни <http://katyn.codis.ru>, 1999 /) іздеу және немістердің айғағын теріске шығару үшін жалған құжаттар, әсіресе өтірік куәгерлер дайындау еді. 1944 жылдың 26

қаңтарында Қызыл Армияның бас хирургі, академик Н.Н.Бурденко басқарған комиссия зерттеудің қорытындысын жариялап, поляк офицерлерін немістер атқан деген шешім қабылдады /13/.

Кейіннен Кеңес Одағы 1946 жылғы Нюрнберг процесінде Катынь ісін нацистерге қарсы қолданбақшы болады, бірақ КСРО айғақтары жеткіліксіз болғандықтан бұл ұсыныс қабылданбады /14/.

Катынь орманында поляк тұтқындарын Кеңес Одағының өлтіргендігін АҚШ үкіметі де дәлелдеген. Мысалы: 1951 жылы АҚШ Конгресі Палаталарының өкілдері Катынь мәселесі жөнінде Р.Дж.Мэдден басшылығымен арнайы комиссия құрды. Комиссия поляк офицерлері мен полицейлерін жаппай қырғынға ұшыратқан НКВД органдары деген қорытынды шығарды. Халықаралық трибунал шақыру мақсатымен зерттеу қорытындысын Біріккен Ұлттар Ұйымының ашық талқылауына ұсынбақшы болды. Бірақ Ақ үй бұл ұсынысты қабылдамады /15/.

Катыньда құрбан болғандарды іздеу қай кезден басталды деген сұраққа келер болсақ, 1941 жылы 30 шілдеде Кеңес үкіметі мен Лондондағы поляктардың эмиграциялық үкіметінің арасында келіссөздер жүргізіліп, КСРО мен Польша арасында дипломатиялық қатынастар орнатылды. Осыдан кейін Кеңес үкіметі КСРО жерінде лагерьлерге қамалған барлық поляктардың соғыс тұтқындары мен азаматтарын босатты. Азат етілгендердің ішінде Козельск, Осташков және Старобельск лагерьлерінде болған офицерлер жоқ болып шықты. 1941 жылдың желтоқсанында В.Сикорски Мәскеуде И.Сталинмен кездесуінде поляк офицерлерінің тағдырын анықтау туралы талап қойды. Сталин «поляктар еліне қайтарылған, мүмкін немістер басып алған еліне бармай, басқа жақта қашып жүрген шығар» деді. Сикорскидің «қайда қашуы мүмкін?» деген сұрағына Сталин «Маньчжурияға қашып кеткен болар» деп жауап берді /16/.

Кеңес өкіметі поляк офицерлерін фашистер өлтірді деген пікірді кеңес халқының санасына берік орнықтырды. Соғыстан кейін КСРО ықпалында болған Польшада поляк офицерлері қазасының ақиқатын анықтау мүмкін болмағаны белгілі. 1987 жылғы М.С. Горбачев пен В. Ярузельскийдің кездесуінен кейін ғана Н.Н. Бурденко басқарған комиссияның поляк офицерлерін немістер өлтірді деген пікірі жоққа шығарылды. Соңғы жылдардағы Катынь комитетінің және поляк зерттеушілерінің әрекеті нәтижесінде Катыньда өлтірілген поляктардың нақты саны 21857 адам екендігі анықталды.

Дегенмен бар шындық 1990 жылы ашылды. 1990 жылы 14 сәуірде жарияланған ТАСС мәлідемесінде 1940 жылы 15 мыңға жуық поляк офицерлері Берияның бұйрығымен өлтірілгені, осы оқиғаға қатысты құжаттардың көшірмесі Польшаға берілетіні жөнінде хабарлады. Кейіннен, 2000 жылы Ресей мен Польша Смоленск қаласының батысында 18 шақырым жердегі Катынь орманында құрбан болған поляк офицерлерін еске түсіретін «Катынь» деп аталған арнайы мемориалды кешен салды /17/.

Осымен Польша мен Ресей арасындағы барлық жағдай реттелді деп айта алмаймыз. Ресми Польша Ресейден 1940 жылғы Катынь қырғыны үшін кешірім сұрауын талап еткенмен, Ресей онымен келіспейді. Оған соғыс кезіндегі басшылар кінәлі деп қазіргі Ресей басшылығы кешірім сұрап, кінәні мойындауды қажет деп есептемейді. Ал, поляк жағы болса: «Бұл – НКВД-ның, соның ішінде Берия мен Меркуловтың қолымен жасалған қылмыс. Берия да, Меркулов та КСРО-ның билік басында болған адамдар» деп үнемі КСРО-ны, кейіннен Ресейді айыптап келеді. Катынь қырғынына байланысты осы мәселе екі ел арасындағы қарым-қатынасқа бүгінге дейін кері әсерін тигізуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көкенов С. Екінші дүниежүзілік соғыс тарихы қайта қарала береді //Алаш айнасы , 07.05.11.
2. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын , 15.04.10.
3. Сағидоллаұлы Қ. Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық ғылыми тарихнамасы әлі қалыптасқан жоқ //Алаш айнасы , 12.05.10.
4. Көкебаева Г. Еуропада соғыс өрті қалай тұтанды? //Алаш айнасы , 12.03.10.
5. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын газеті, 15.04.10.
6. Көкебаева Г. Еуропада соғыс өрті қалай тұтанды? //Алаш айнасы , 12.03.10.
7. Көкебаева Г. Сұрапыл соғыстағы тұтқындар қасіреті. Катынь құрбандары//Алаш айнасы газеті, 02.04.10.
8. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын газеті, 15.04.10.
9. Рахым Е. Польша тағы да бассыз қалды// Жас Алаш №29 (15487) 13.04.10.
10. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын газеті, 15.04.10.
11. <http://katyn.codis.ru> Немецкое расследование Катынского дела (1943).
12. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын газеті, 15.04.10.
13. <http://katyn.codis.ru> Советское расследование Катынского дела (1943-1944)
14. <http://katyn.codis.ru> Рассмотрение Катынского дела в Нюрнберге (1946)
15. <http://katyn.codis.ru> Комиссия Конгресса США по Катыни (1951)
16. Көкебаева Г. Сұрапыл соғыстағы тұтқындар қасіреті. Катынь құрбандары//Алаш айнасы газеті, 02.04.10.
17. Әмірбекұлы С. Катынь қасіреті. //Айқын газеті, 15.04.10.

РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются тайные стороны договора Молотова-Риббентропа о четвертом разделе Польши. А также история Катынской трагедии.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада II-дүниежүзілік соғыс тарихының ақтаңдақ беттерінің бірі Молотов-Риббентроп келісіндегі Польшаның төртінші рет бөліске түсу мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар Катынь қырғынына қатысты жағдайлар баяндалады.

ҰЛТТАР ЛИГАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

Бижанова К.Қ.–аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

1919 жылы қаңтарда халықаралық қатынастар байланысындағы жаңа үлгідегі ұйым - Ұлттар лигасының құрылуы, әлемдік саясаттағы көпжақты дипломатиялық байланыстар деңгейіндегі маңызды қадам болды. Халықаралық ұйымның құрылу процесі әлемдік дамудың объективті шарттарының ерекшеліктерін, яғни XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы адамзаттың экономикалық, саяси және мәдени өмірінің интернацияланудың ағымын көрсетті. Халықаралық ұйымның құрылу процесі сол кездегі мемлекеттердің бір-біріне экономикалық тәуелділігінің күшеюінің тікелей салдары емес еді.

1919 жылы 25 қаңтарда Париж бейбіт конференциясының пленарлы отырысында В.Вильсонның жетекшілігімен Ұлттар лигасының жарғысын жасау үшін арнайы комиссия құрылды. Арнайы комиссия жасап шығарған Ұлттар лигасы Жарғысының жобасы конференцияда қолдау тауып 1919 жылғы Версаль бейбіт келісім шартына және Версаль жүйесінің басқа да бейбіт келісім шарттарына енгізілді /5/. Осы жарғыға лиганың бастапқы 31 мүшесі қол қойды: АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Жапония,

Франция, Канада, Австралия, Оңтүстік-Африка Одағы, Жаңа Зеландия, Үндістан, Қытай, Бельгия, Бразилия, Куба, Эквадор, Греция, Галтия, Гиджас, Гондурас, Либерия, Никарагуа, Панама, Перу, Польша, Португалия, Румыния, Чехословакия, Югославия, Аргентина, Чили, Дания, Норвегия, Испания, Парагвай, Нидерланды, Иран, Сальвадор, Швеция, Швецария, Венесуэла, Сиам.

Бірақ, АҚШ сенаты Версаль бейбіт келісімін ратиодинациялаудан бас тартты. Бұл былайша түсіндіріледі: сол кезде америка сенатында отырған Вильсонның революциялық қозғалыс және АҚШ-тың әлемдік үстемдігін орнату идеясын қолдайтын көпшілік тап Ұлттар лигасындағы Англия мен Францияның беделінің басымдылығы Американың империализмінің экспансиясына кедергі болады деп санады. Сондықтан олар сенат, АҚШ үшін Ұлттар лигасынан тыс қалуға ұтымды деп санады.

Ұлттар лигасын құру барысында АҚШ-тың мүддесінің құралы болады деген мәселе туады. АҚШ Версаль келісіміне лига статусын кіргізу арқылы, лиганы өз мақсатында қолданғысы келді, яғни Вудор Вильсон Ұлттар лигасын АҚШ-тың әлемдік үстемдігін бекітудегі құрал ретінде қарастырды, тағыда бір мақсаты ол Англия және Францияға қарсы күрес үшін қолданғысы келді. Ал, ағылшын басқару топтары Ұлттар лигасын Еуропалық мемлекеттер арасындағы арбитр рөліне жол ашатын «күштер балансы» саясатының құралы ретінде қолданғысы келді.

Осылайша олар бірде бір мемлекеттің күшеюіне жол бермес еді. Сонымен қатар олар лиганы, ықпал ету аймағымен отарлық территорияларға қарсы статус-квоны сақтап қалу мақсатында ұлы державалар блогы, ірі отарлық империяның біртұтастығын қорғаушы халықаралық механизм ретінде қарастырды. Ұлыбританияның Ұлттар лигасы туралы жобасы Британ империясының бекіну мақсаттарына жауап берді және оның теңіздегі біріншілік статусын сақтап қалуға жол ашты. Әрине Британ империясының бұл жобасы АҚШ мемлекетімен қарама-қайшылыққа алып келмей қоймады. Вильсонның тәжірибесі бойынша қолданылатын «ашық теңіз» принципін жүзеге асыратын Ұлттар лигасының құрылуын талап етті. Ал бұл тармақ Ұлыбритания тарапынан қатаң қарсылыққа тап болды. «Ашық теңіз» мәселесі бойынша табан тірескен дипломатиялық күрес жүргізіп жатты, ал бұл өз негізінде қайнар көзі екі державаның әскери-теңіз флотының бақталастығының көрінісі еді. Әрине, соғыстан кейін бұл бақталастықтың басымдылығы Англия жаққа ауды /2,35/.

«Ашық теңіз» тезисімен бірге американдықтар халықаралық ұйым арқылы экономикалық және территориялық экспансия жобасын жасап шығарды. Ұлттар лигасын АҚШ монополистік тобының әлемге үстемдік құруы ретінде қарастырған америка саясаткерлері «ашық есік» принципін барлық жерде қолдану жақтарын жасап шығарды. «Монро доктринасын» дамыта отырып олар Ұлыбритания және басқа Еуропалық мемлекеттерді Латын Америкасындағы иеліктерінен АҚШ-тың пайдасы үшін бас тартқызуды көздеді. Американың мемлекеті сонымен қатар, Таяу және Орта Шығыста бекінуге тырысты. Құрылықтағы ең күшті әскери держава болған Франция Ұлттар лигасын ең бірінші әскери механизм және жүйе ретінде қарастырды. Бұл екі жүйеге сүйене отырып, ол халықаралық ұйымды құрылықтағы үстемдік мақсатында және Германияның үзілді-кесілді әлсіретуінде қолдана алатын еді. Француздардың Халықаралық ұйымның кестесі Францияның әлемдік саясатындағы үстемдігін жалпы концепциясының бір бөлігі және Францияның Германияда әскери үстемдігін орнату еді. Францияның тағы бір мүддесі ол Париж бейбіт конференциясында кепілдік берілген шекаралар арқылы Германияның қарулы күштер шабуылына жол бермеуі. Францияның халықаралық ұйым арқылы дипломатиялық қорғану жобасын 1918 жылы 8 маусымда бұрынғы министр-президент, тәжірибелі мемлекет қайраткері Леон Буржуа жасап шығарды. Леон Буржуаның бұл жобасының ағылшын-американ жобасынан айырмашылығы санкция рөліне келіп тірелуі, яғни бұлар дипломатиялық заңдық және экономикалық санкциялар. Дипломатиялық санкция ұғымының астарында уақытша дипломатиялық қатынастарды үзу, консулдарды экзекватурадан айыру, халықаралық

келісімдерге қатысу артықшылығынан айыру дегендер жатса; ал сандық санкциялар мүліктерді тәркілеу, бірқатар халықаралық жеке құқықтағы конвенцияларды тоқтату т.б. экономикалық санкция Блонада, Эмбарго, шикізаттан айыру, несие берулерді тоқтату мәселесін қарастырады.

Сол кездегі күшті держава болған Ұлыбритания, Франция және АҚШ-тың Ұлттар лигасын құрудағы бұл мақсат-мүдделерін, бұл үш мемлекеттің әлемдік өктемдікке деген талпынысын көрсетеді.

Ең бірінші кезеңде маңызды рөл «Ондық Кеңеске» берілген еді, ол АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италияның үкімет басшыларымен және сыртқы істер министрлерінен құрылды. Бірақ көп өтпестен маңызды мәселелерді шешудегі басты рөл «төрттік кеңестің» қолына, яғни преидент В.Вильсон (АҚШ), премьер-министрлер Ллойд Джордж (Ұлыбритания), Ж.Клемансо (Франция), В.Орландоның (Италия) қолына өтті, ал кейбірде тіпті бірінші үшеуі ғана болатын. Германия және оның одақтастары бұл конференцияға қатыспады.

Алғашқы кезеңінде 19-дық комиссия отырысы америка резиденциясы «Крайон» қонақүйінде өтеді. Бірінші отырысында үш жоспар ағылшын-американ Херст Мюллер жобасы, француз жоспары, Италия жобасы ұсынылады. Президент В.Вильсон пікір-таслас негізіне ағылшын-американ жобасы қойылуын ұсынады. Мұндай жағдайда келісілген ағылшын-американ құжатына түзетулер енгізуден басқа ешнәрсе қалмайды. 19-дық комиссия өз жұмысын 1919 ж. 3 ақпаннан бастап жүргізеді. Комиссияны басқарған АҚШ президенті В.Вильсон және оның кеңесшісі - полковник Э.Н. Хауз; Британ империясынан сыртқы істер министрінің көмекшісі Р.Сесил және генерал Я.К.Смэтс; Франция жағынан - Л.Буржуа, И.Ф.Ларнад; Италия жағынан – премьер-министр В.Э.Орландо және сенатор В.Шалоя; Жапония жағынан бұрынғы сыртқы істер министрі, дипломатиялық кеңестің мүшесі С.Малино және Лондондағы төтенше елші Шинда; Бельгия сыртқы істер министрі-П.Пеманс, Бразилия сенаторы Э.Пессуа; Қытайдың Вашингтондағы өкілетті өкілі В.Ку; Португалия жағынан-Петроградтағы бұрынғы төтенше уәкілі Б.Рейс; Сербия жағынан-Париждегі төтенше уәкілі М.Веснич; Греция-президент Э.Венизелос; Польша жағынан Польшаның Ұлттық комитетінің президенті -Р.Дмовский; Румынияның министрі және өкілетті уәкілі К.Диаманди; Чехословакия жағынан министрлер кеңесінің төрағасы-К.Крамарос ұсынылады /5/.

Жұмыс барысындағы ағылшын-американ және француз тараптарының қақтығысына алып келген мәселе ол халықаралық ұйымның өкілеті мен сипаты туралы мәселе еді. Өзінің стратегиялық көзқарасынан Буржуа және Ларнед (Франция) халықаралық әскери немесе еш болмаса халықаралық штаб құрылуына қол жеткізгісі келді және осыны талап етті. Сонымен қатар француз делегациясы қандайда болсын бір мәселені талқылаған кезде Германияны Ұлттар лигасына кіргізбеу туралы мәселені көтеріп отырды және олар ашық түрде Германияның мүшелігіне қарсылық білдірді.

Көптеген талқылаулардан кейін кретеілік арбитраждың күрделі процестерін қарастыратын тұрақты халықаралық сот туралы бап қабылданады, осы комиссия барысында.

Әсіресе мүдделердің қарама-қайшы келуі, қарусыздандыру мәселесін талқылауда көрінді. Вильсонның негізінен қарусыздандыру жөніндегі тезисі Францияның ғана емес, сонымен қатар басқада мемлекеттердің қарсылығын тудырды. Жапондықтар бұл тезисті («Ұлттық қауіпсіздік») негізінде критеримен ауыстыруды ұсынды. Бұл критерии комиссиямен бекітілді. Комиссияның 8-ші отырысында француз делегаты көптеген мәселелерге қарсылық көрсетті. Буржуа «Ұлттық қауіпсіздік» критерии әр мемлекеттің қарулы күшін бақылау құқығына ие болатын өзінің қарулы күшіне бар арнайы халықаралық ұйым құруды талап етуді мәлімдеді. Сондықтанда ол әскери одақты құруды ұсынды. Бірақ комиссияның бұл ұсынысты қабылдауына қарамастан Буржуа түрлі нұсқада, түрлі сылтаумен жанама түрде тайсалмай өз идеясын алға тартып отырды. Ағылшын-американ және француз позициясы арасындағы күресте бірінші

жеңіп шықты. Бұл позицияны АҚШ және Ұлыбритания күшті империалистік державалар блогына байланысты ғана емес, сонымен қатар ұсақ мемлекеттер Францияның позициясын толығымен қолдамаған еді.

Жобаның екінші оқылуында, құрамында 5 ұлы державаның тұрақты мемлекеттің тұрақсыз өкілдері бар Лига Кеңесін құру шешімі қабылданды. Сонымен қатар әр мемлекет кеңестің мүшесі ме әлде жоқ па қарамастан өз мәселесі талқыланған кезде оның отырыстарына қатыса алу құқығына ие жөніндегі шешім қабылданды.

Комиссияның 19 отырысында күн тәртібіне мандат мәселесі немқұрайлы түрде қойылғанымен ол да талқыға түсті. Алайда мандаттар жөнінде бап 1919 жылы 30 қаңтар күні герман отарларын бөлу болған кеңестің 10-шы әйгілі отырысынан кейін жарғыға енгізілген еді. Комиссиямен енгізілген толықтырулар Ұлттар лигасы шеңберінде мандатты комиссия құру идеясы болды. 1919 жылы 14 ақпан күні бейбіт конференцияның пленарлы отырысында Вильсон Ұлттар лигасының Жарғысының жобасын алып шықты. Ұлттар лигасының жарғысының жобасы өзгертулер мен 1919 жылы 28 сәуірде Париж бейбіт конференциясының пленарлы отырысында бекітілді. Ұйымның бас хатшысы болып ағылшын дипломаты Джеймс Эрик Друммокер тағайындалды, алғашқы төрт тұрақты емес кеңес мүшелері анықталды: Бельгия, Греция, Испания және Бразилия. Ұлттар лигасының жұмысын ұйымдастыру мәселесі бойынша құрамында тоғыз мүшесі бар арнайы комитет құрылды. 1919 жылғы 28 сәуірде Ұлттар лигасының пайда болуы асығыс және түсініксіз күйде өтті.

Жоғарыдағылар туралы жеке-жеке мағұлымат берер болсақ Ұлттар лигасының жиналысы Лига мүшелерінің өкілдерінен құралып, жетекші орган болып табылады. Ол белгіленген уақытта шақырылады, бірақ үшінші бап бойынша жағдайлар талап еткен кез-келген уақытта жиналыс шақырылуы мүмкін. Негізінде жиналыстың компетенциясы айтарлықтай кең. Ол лигаға жаңа мүшелер таңдау, бас секторларды тағайындау, бюджетті бекіту сияқты жұмыстарды жүзеге асырады.

Ал, лига Кеңесі болса, жарғының төртінші бабы бойынша, басты Антанта державаларының тұрақты және басқа төрт мемлекеттің тұрақсыз өкілдерінен құралады. Алғашқыда бұл төрт мемлекет Бельгия, Бразилия, Греция, Испания болды, кейінгі кезде Кеңес мүшелерінің үш категориясы болды: тұрақты, жартылай тұрақты және тұрақсыз. Тұрақты мүшелері: Ұлыбритания, Франция, КСРО кейін Германия және Жапонияда осы статуска ие болды. Кеңестің тұрақты мүшелеріне қайта сайнаныбайды. Төртінші бап бойынша кеңес жиналыс көпшілігінің қолдауымен лигада жаңа тұрақты мүшелер тағайындай алады. Кеңестің жартылай тұрақты мүшелері қайта сайлануға құқы бар.

Кеңестің жартылай тұрақты мүшелері Испания, Польша, Жартылай орын категориясы 1926 жылы енгізілген еді. Ал кеңестің тұрақсыз мүшелері үш жылға сайланды. Олар үш жылдан кейін кеңестен шыққаннан кейін ғана, қайта сайлана алды. Кеңестің тұрақсыз мүшелері: Боливия, Эквадор, Жаңа Зеландия, Румыния, Швеция, Түркия, Чили болды. Соңғы кезде Кеңес мүшелерінің тағы бір категориясы бекітілді. Ол уақытша мүшелер - Қытай, Латвия. Бұл категория көптеген жылдар бойы тұрақты немесе тұрақсыз орын ала алмаған елдер үшін еді. Лиганың кеңесте өкілетті әр мүшесі тек бір дауысқа ие болды. Кеңестің мүшелері француз алфавитінің тәртібі бойынша бір сессиядан екінші сессияға жетекшілік етеді. Шешім қабылдау тәртібі: статустың бесінші бабы бойынша кеңестің немесе жиналыстың шешуші бір дауыспен қабылданады. Бұл тәртіп бойынша ескерту 15-ші бапта қарастырылған. Кеңесте соғысқа алып келуі мүмкін екі мемлекет арасындағы таласты қарастыру жағдайында дауласушы тараптар дауысы ескерілмейді. Жиналыс лигаға жаңа мүшелер және жаңа жартылай тұрақты орындар тағайындау жөніндегі шешім көпшіліктің 2/3 дауысымен қабылданатын болып шешілді /4,7/.

Бас секретариат Жарғының алтыншы бабына сәйкес бас хатшыдан, хатшы және керекті тұлғадан құралды. Ұлттар лигасының бірінші хатшысы Джеймс Эрик

Дромменд. Ал 1937 жылдары француз Джорж Авеналь. Хатшы және секретариат персоналдарын Кеңестің келісімімен бас хатшының өзі тағайындады. Бас хатшының көмекшілерінің бірі болып Кеңес Одағының азаматы Розенберг болған еді. Сонымен қатар бас хатшылық 14 секцияларға бөлінді: саяси, ақпараттық, қаржылық және т.б.

Ұлттар лигасының штаб пәтері Женева қаласында болды, алайда 7 бапқа сәйкес кеңес кез-келген уақытта лиганың орналасқан орнын ауыстыра алды. Ұлттар лигасының құрамында тағы басқа бірқатар көмекші органдар болды. Ұйымдар тұрақты кеңестік комиссиялар, уақытша кеңестік комиссияның арасында Еуропалық одақты зерттейтін комиссия маңызды орын алды.

Ұлттар лигасы қақтығыстарды шешуде түрлі әдістерді қолданған. Егерде қақтығыстың шешімі ірі державалардың мүддесіне қайшы келмейтін болса онда оны Ұлттар лигасы қарастыратын болды. Егерде қақтығыс нәтижесінде қандайда бір державаның мүддесі көрінетін болса ол сахнадан тыс мәмілелер арқылы және компромисс арқылы елшілер конференциясы қарастыратын болды. Бұл жерден біз егер де қандайда бір ірі держава қақтығысты өз мүддесіне шешкісі келсе, онда Ұлттар лигасы соның тарапына шығатындығын көреміз.

Халықаралық Ұйымның саяси дағдарысы 30-шы жылдардан басталды. Ұлттар лигасына кіретін мемлекеттер арасындағы қарама-қайшылықтар ұйымның құлдырау факторларының бірі болды. Жеңген, жеңілген одақтастар сияқты түрлі топтар ұйымды өз пайдасына қолданғысы келді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Версальский мирный договор. М., 1925.
2. Хрестоматия по истории международных отношений. М., 1971. Т. 1.
3. Эррио Э. Из прошлого. Между двумя войнами. 1914-1936. М., 1958.
4. Вовозов В.В. Версальский мир и Лига наций. М., 1982.
5. Илюхина Р.М. Лига наций. 1919-1934. М., 1982.
6. Иванов Л.Н. Лига наций. М., 1993.
7. Ходнев А.С. Международная организация в ожидании приговора? Лига наций в мировой политике. 1919-1946. Ярославль, 1995.
8. Клейменов Е.Н. Сидорова А.Ю. Версальско-Вашингтонская система международных отношений: проблемы становления и развития. 1918-1939. М., 1995.
9. История дипломатии. М., 1945 Т.3

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ұлттар лигасының құрылу тарихы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается формирование Лига нации после Первой мировой войны.

ОБЫЧАИ И ТРАДИЦИИ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ

Бурханова Д.С. – к.и.н., доцент (г.Алматы, КазгосженПУ)

На современном этапе численность тюркских народов приблизительно 150 млн. человек. Расселены они в Центральной Азии, Казахстане, Малой Азии, России, Крыму, Северном Кавказе, Закавказье, Китае, Иране, Ираке. Современные независимые тюркские государства: их шесть – Азербайджан, Казахстан, Киргизия, Туркменистан, Турция, Узбекистан, а также 13 тюркских национальных автономий. Некоторые из них имеют и дополнительное деление на группы, отличающиеся диалектами, религиозными и другими особенностями. Например, у шорцев есть такие этнографические группы: абинская, шорская; у алтайцев существует деление на 11 групп, у татар на 12.

Каждый из этих народов имеет свои культурные традиции, различные обычаи и традиции. Некоторые исторически сложившиеся традиции существуют и поныне. Другие исчезли лишь в конце XIX — начале XX вв.

Одним из интересных обычаев является выбор имени. У многих тюркских народов вплоть до XIX и даже XX века сохранялись схожие обычаи определения времени и способа выбора имени для новорождённого ребёнка. Например, у телеутов было принято называть ребёнка сразу же после рождения. При этом называли его чаще всего по имени того человека, который первым войдёт в дом его родителей после появления младенца на свет. У шорцев выбор имени зависел не только от решения отца, матери и родственников. В этом процессе могли принимать участие и случайные люди, оказавшиеся в гостях у родителей по воле случая. Но недопустимым считалось совпадение имени ребёнка с именем одного из близких родственников. Кумандинцы считали, что имя новорождённому должна выбирать бабка или же какой-нибудь посторонний человек. При этом старались подобрать какое-либо «некрасивое» имя, полагая, что оно может отпугнуть злых духов. Но это имя чаще всего употреблялось лишь в раннем детстве. После того, как ребёнок подрастал, ему выбирали новое имя, более благозвучное.

Хакасы обычно давали ребёнку имя лишь через три месяца после его рождения. Для этого устраивался специальный праздник. Причём имя девочке выбирали пожилые женщины, а мальчику — старики. Существовали и другие предпочтения. Например, в случае, если у матери был родной брат, то племяннику выбирал имя именно он. Кстати, участие в выборе имени нередко вознаграждалось: в награду за выбор хорошего имени родители могли подарить тому, кто его придумал какую-либо одежду и даже лошадь. При этом неукоснительно следовали правилу не называть новорожденного именем его предка. Ни в коем случае не выбиралось имя умершего родственника и у челканцев.

Интереснейшие описания причин выбора имени сохранились у алтайцев. Например, запрет давать имена старших (как ныне живущих, так и умерших) родственников у алтайцев ограничивался семью поколениями. Считалось, что, выбрав новорождённому имя одного из его предков, родители тем самым обрекают ребёнка на то, что он повторит и судьбу своего предка. И объяснение на такой запрет было удивительным, поистине гуманистическим. Алтайцы верили, что всякому человеку предписана собственная, индивидуальная судьба, не похожая ни на чью иную. А поскольку они верили, что имя отчасти также определяет судьбу, то полагали, что, назвав новорождённого именем его предка, тем самым обрекают его прожить «чужую» жизнь и иметь «не свою» судьбу.

О том, насколько устойчивыми были древнейшие традиции выбора имени, можно судить на примере весьма оригинального и характерного для тюрков обычая выбора для братьев и сестёр имён, схожих по звучанию. Нередко, их имена «рифмовались» с именами родителей. Этот обычай известен у многих тюркских народов в том числе и у казахов. Например, у челканцев дети в одной семье могли носить имена Палачак,

Паланчы, Палагей, Паланька. У алтайцев если отца звали Аднай, то его сыновей могли назвать, соответственно, Адыбай и Очыбай (Ачы-бай); Октубай — Октош, Остоник и т.п.

У башкир известны, например, «семейные наборы» имён, начинающихся со слова Иш («друг, спутник»): Ишбирде, Иш-килде, Ишембет. Этому правилу родители часто следуют и в наши дни. Например, выбирая «родственные» имена сыну и дочери: Хафиз - Хафиза, Дамир - Дамира и т.д. Известны традиции выбора созвучных имён у хакасов. Повторяемость этого обычая у различных тюркских народов, на протяжении нескольких столетий, не имевших между собой тесных контактов и весьма отличающихся друг от друга своими культурными традициями, очевидно, указывает на тот факт, что сам этот обычай имеет как минимум тысячелетнюю историю существования.

Интересными являются и свадебные обряды тюркских народов Свадьба – это комплекс обычаев, знаменующих заключение брака и создание семьи. Слово «туй», «той», означающее свадьбу или целый комплекс обычаев и обрядов, связанных с созданием семьи, есть во многих тюркских языках. Кроме того, оно является составной частью и других слов. Например, киргизский «келинтой» дословно переводится как «праздник невестки». Всем известен татарский «Сабантуй», аналогичны ему башкирский «Хабантуй», чувашский «Акату» - праздник в честь завершения весенних полевых работ – «праздник плуга». Подобные праздники были хорошей возможностью для завязывания знакомств между молодыми людьми, тем более что тюркские девушки ходили на них с открытыми лицами. Тюркские традиции равноправия позволяли женщинам участвовать в соревнованиях по бегу, в женской борьбе, скачках, джигитовке и стрельбе из лука, имели место, не поощряемые исламом национальные танцы и игры на музыкальных инструментах - гармонии, кобызе, курае, а также песни. В случае, когда парень останавливал свой выбор на понравившейся девушке и решал жениться на своей избраннице, то с его стороны к родителям будущей невесты высылались сваты. «Яусы» - у башкир, «яучы» - у казанских и сибирских татар, «жаучы» - у касимовских татар, «жаушы» - у казахов. Мужчина или женщина, отправляясь сватать девушку, выпускали одну штанину поверх ичигов, что считалось по обычаям татар признаком того, что данное лицо прибыло в дом девушки, чтобы ее сватать. Этот обычай был известен казанским татарам, казахам, по-видимому, и некоторым другим тюркоязычным народам. Сват (жаушы) на одной ноге заправлял штанину за голенище сапога, на другой выпускал ее на сапог. Этот обычай должен был принести удачу в сватовстве.

Невеста у казанских татар могла быть значительно моложе жениха, а у татар-мишарей, наоборот, жених - моложе невесты на несколько лет. У башкир девушек выдавали замуж даже в возрасте 12-13 лет, а мужу полагалось быть старше жены на 3-5 лет. Брачный возраст мужчины-карачаевца начинался с 18-20 лет, а девушка становилась невестой в 14-15 лет.

Обряд отъезда приезжих сватов и молодой четы различен. У касимовских татар в день свадьбы перед отъездом жениха в дом невесты в доме самого жениха собирались мужчины - родственники и другие участники свадебного поезда. Их угощали. После обеда жених должен был оставить на столе надкусанный им каравай или ломоть хлеба. Считалось, что это поможет ему вернуться целым и невредимым. Затем они выходили на улицу и рассаживались по саням. При выезде со двора дружка стрелял из ружья, полагая, что отпугнет нечистую силу. Стрельба из ружья на свадьбе касимовских татар происходила несколько раз: при выезде со двора вслед молодым кидали изюм, кушанье из теста и стреляли из ружья. Считалось, что этими действиями можно обеспечить новобрачным благополучие и предотвратить возможное вмешательство злых духов в их совместную жизнь. У сибирских татар злых духов от дома, где будут жить молодожены, отгоняли выстрелами из ружья, разбиванием глиняных горшков о позвонок невесты. Чтобы прогнать злых духов, из ружья в воздух стреляли на свадьбах

башкир, казанских и темниковских татар. На карачаевской свадьбе джигиты свадебного кортежа, возвращающегося с невестой в дом родителей жениха, палили из ружей и пистолетов, а впереди везли настоящие флаги с изображением тамги невесты и жениха. Потерять их считалось большим позором

К одному из древних обычаев цикла свадебных обрядов многих тюркских народов, относилось «очищение» молодых огнем. Этот обычай в XX веке существовал с некоторыми незначительными отличиями у всех групп тюркских народов. При встрече свадебного кортежа у ворот дома жениха разводили большой костер. Повозка, в которой находились молодые, проезжала через этот костер. Когда она останавливалась у крыльца дома родителей жениха, появлялась фигура, какой-нибудь старик. Он держал в руке зажженный березовый веник, предварительно смоченный керосином. Этим факелом размахивал во все стороны, изгоняя со двора "нечистую силу", чтобы она не могла чем-нибудь повредить молодым. Самых молодых с этой же целью он слегка ударял новым вышитым полотенцем, которое после исполнения обряда брал себе. При исполнении этого обряда должен был славить жениха и невесту, а также их родителей и родственников. За труд платили как родственники жениха, так и невесты. Молодые входили в дом родителей мужа, перешагивая через небольшой костер. По свадебной традиции хакасов для жениха и невесты ставят юрту-шалаш. Во время свадьбы сваха выводит жениха и невесту из юрты и начинает ходить вокруг нее, кланяясь на восход солнца.

В Туркменистане и многих регионах турецкой Анатолии жених и невеста также должны пройти над огнем или рядом с ним перед домом родителей жениха. На узбекской свадьбе жених подняв невесту, перешагивал через огонь и несколько раз обходил костер. Сергачские татары проводят магический обряд очищения огнем, который состоит в зажигании огня рядом с помолвленным парнем или девушкой. Считается, что огонь сжигает остатки их влюбленностей ко всем бывшим несостоявшимся кандидатам, если подобное имело место, проявляет очистительную функцию.

Чтобы оградить молодую от нечистой силы, колдовства, над головой девушки держали кинжал, а у порога ставили подкову. При входе молодой в дом жениха ее осыпали монетами, конфетами, орехами, зерном, «чтобы во всем было изобилие, богатство». Дети собирали все это, а пожилые женщины, свекровь и присутствующие девушки обнимали невесту. У казанских татар с правой стороны арбы клали подушку, на которую должна была сходить невеста с арбы. При вхождении невесты в дом ей на голову сыпали баурсак, хмель, овес, серебряные монеты, чтобы жизнь у нее была сытная, и не коснулся сглаз. С тем, чтобы невеста была всегда обеспечена едой, у казанских татар ее руку засовывали в муку, а у пензенских татар руки невесты и жениха обмазывали тестом, данный обычай есть у рязанских, казанских, астраханских татар и татар-мишарей. Он заключается в том, что стоящую на подушке невесту свекровь угощает "бал-май" (медом, размешанным маслом) Во время свадьбы происходила замена девичьего головного убора невесты на головной убор замужней женщины. Обычай открывания лица у невесты существует у ногайцев, кумыков, чувашей, казахов, татар, узбеков. У татар-кряшен обычай заключается в том, что после рассаживания гостей по местам родители невесты выходили с песней, призывая дочь открыть лицо перед гостями. Жених "покупал" предлагаемый "беркенчек" невесты за некоторую сумму денег.

У астраханских татар обряд открывания лица невесты назывался "битачар, как у казахов «беташар», у узбеков «келин салом» и человек, открывающий лицо невесты, наставлял ее на будущую жизнь в новой семье. На карачаевской свадьбе "перед торжественным вводом невесты в дом родителей мужа в присутствии родственников и знакомых гости снимали с нее шаль, накинутую ей на голову родственниками жениха перед тем, как перевезти ее из родительского дома. Покрывало с головы карачаевской

невесты снимали кончиком обнаженного кинжала. Произносивший здравицу обсыпал невесту орехами, конфетами, монетами, чтобы у нее хорошо велось хозяйство. На ногайской свадьбе в комнату, где собирались старшие родственники жениха, вводили за руку невесту. Она шла по расстеленному покрывалу. Когда она входила в комнату, ее обсыпали зерном, конфетами и пели ритуальные песни. Лицо невесты было закрыто покрывалом. Мальчик ложкой открывал лицо невесты и давал ей мед.

ЛИТЕРАТУРА

1. Бусыгин Е.П., Шарифуллина Ф.Л. Традиционная свадьба касимовских татар конца XIX - начала XX в. - В кн.: Семейная обрядность народов Среднего Поволжья. - Казань, 1990.
2. Калмыков И.Х., Керейтов Р.Х., Сикалиев А.И. Ногайцы. - Черкесск, 1988.
3. Бикбулатов Н.В., Фатыхова Ф.Ф. Семейный быт башкир XIX-XX вв. М., 1982.
4. Мухамедова Р.Г. Татары-мишары. - М., 1972.
5. Гаджиева С.Ш. Семья и брак у народов Дагестана в XIX - начале XX веков. - М., 1985.
6. Аргинбаев Х. А. Семья и брак у казахов. - Алма-Ата: 1973.
7. Потапов. А. П. Очерки народного быта тувинцев. М., 1969.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала түрік халықтарының салт-дәстүрлері мәселелеріне арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена обычаям и традициям тюркских народов.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АССОЦИАЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Сманова А.М. –т.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ұлттық экономикаға негізделген шаруашылықты қауымдастыру Оңтүстік-Шығыс Азия елдері үшін қажет болатын. «Үшінші әлемдегі» дамушы елдердің бірігу тенденциялары экономикалық еріктілікке жету үшін күрес қаруы болды. Сондықтан Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы олардың саяси әрі экономикалық арақатынастарының жемісі еді. Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің аймақтану концепциясы үш тарихи кезеңді бастан өткізді. Оның бірінші кезеңі 1945-1959 жылдар аралығы. Осы уақытта аталмыш аймақта төрт тәуелсіз мемлекеттер пайда болды: Таиланд, Филиппиндер, Индонезия және Бирма. Сонымен қатар осы мемлекеттер арасында саяси ұйымдар мен бірлестіктер да құрыла бастайды. Мәселен, Азия мен Қиыр Шығысқа арналған Біріккен Ұлттар Ұйымының экономикалық комиссиясы құрылды. Ал бұл комиссияның штаб-пәтері Таиландтың астанасы Бангкокқа орналасты.

Екінші кезең 60-шы жылдарды қамтиды, яғни осы кезде Таиланд, Малайзия және Филиппиндер Азияттық-тынықмұхиттық қауымдастығына бірігеді, ал Индонезия болса сол қауымдастыққа бақылаушы мемлекет болады. Сол уақытта аймақтық дәрежедегі мынадай ұйымдар бас көтерді: 1961 жылы Азияттық өндіріс комиссиясы, 1961 жылы Азияттық даму банкі және Азияттық экономикалық даму ұйымы. Ал ішкі аймақтық дәрежеде -1965 жылы Оңтүстік-Шығыс Азия білім министрліктері ұйымы құрылды. Олардың басты мақсаты аймақта ғылым, білім және мәдениет аясындағы

ынтымақтастықты дамыту. Сонымен қатар 1966 Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің экономикалық даму жөніндегі министрлік комиссиясы Оңтүстік-Шығыс Азия Орталық Банк тобын құрды. Олар аймақта орталық банк басшыларының қатысуымен жыл сайын конференция өткізіп, несие-ақша саясатын дамыту іс-шараларын жүргізді және мемлекеттердің экономикалық өсім мәселелерін шешіп, макроэкономикалық мәселелер аясында да қызметтер атқарды.

Малайзия, Филиппиндер, Таиланд 1961 жылы 31 шілдеде Бангкок қаласында өздерінің - Оңтүстік-Шығыс Азия бірлестігін құрғандығы жөнінде жариялайды. Осы бірлестік ең алғаш рет Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің дамушы мемлекеттері бір-бірімен әлеуметтік-экономикалық мақсатты жүзеге асыру үшін қауымдасудың өте қажет екенін байқады. Ассоциация құрушылар әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени саладағы ынтымақтастықтың негізін қалайды деген тұжырымға тоқталды. Міне осының барлығы түбінде тұрақты әрі ірі экономикалық, саяси-әлеуметтік және тағы басқа мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндігі бар аймақтық ұйым құруға әкелді, ол - АСЕАН.

«Оңтүстік-Шығыс Азия» - Үндістан, Қытай, Австралия және Тынық мұхитының ашық кеністігіндегі елдер болып табылады. Олардың бір-бірінен айырмашылығы: ұлттық құрамы, діни ерекшелігі, игілік деңгейі болып табылады. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін бұл елдердің ортақ проблемасы, яғни барлығы шетелдік билікке тәуелді болды (Таиландтан басқасы).

Үндіқытайға жақын маңдағы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде 1967 жылы Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясы құрылды (АСЕАН). Оның алғашқы мүшелері Индонезия, Малайзия, Сингапур, Таиланд және Филиппиндер болды. Ассоциацияға қатысушылардың мүддесі: кедейшілік, ауыру және басқа әлеуметтік қасіреттермен күрес жүргізу; тәуелсіз жолмен осы мәселелердің алдын алып жою және өздерінің ішкі саясатына шетелдік державаларды араластырмау. Сонымен бірге ешқандай ортақ әскери жоспар немесе әскери жаттығу өткізу және ортақ әскери одақ құру мәселесі де қаралған жоқ. Бұл ассоциацияның басты міндеті әлеуметтік және экономикалық тұрғыдағы өзара көмек жайында болды, дегенмен осы бірлестік күшті мүмкіндіктерін Индонезия аясында көрсететіндей бірнеше құпия үміттің болғаны да рас. Өйткені тек Индонезияның жалпы халық саны-бүкіл АСЕАН-ға мүше елдердің жартынына тең.

АСЕАН-ды құру соңғы жылдары аймақтың ынтымақтастықта алғашқы тәжірибе болған жоқ. 1961 жылы Таиланд, Малайзия және Филиппиндер Оңтүстік-Шығыс Азия бірлестігін құрғаны белгілі, алайда Сабахқа қатысты дауда соңғы екеуі шақырылмаған мемлекеттің бақталастығы нәтижесінен ыдырап кетті. 1963 жылы осы екі мемлекет, яғни Малайзия, Филиппиндер және Индонезия басқадан үш жақты бірлестік құру туралы жобаны алға тартады, бірақ ол ешқашан да құрылған жоқ. Осы кезде бірлестік құруға кедергі келтіріп тұрған екі негізгі қайшылық пайда болды: Малайзияның құрылуына байланысты туындаған ауыртпалық және Индонезия президенті Сукарноның коммунистік көзқарасы. Кең көлемді Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің Ассоциациясын құру Индонезиялық әскерилер мен Сукарноның араласпауынсыз іске асатын түрі жоқ. Сукарноның ізбасарлары осындай дайындықты бастайды. Индонезия мен Малайзия арасындағы шиеленіс біртіндеп қалыпқа келе бастады, ал Малайзия және Филиппиндер арасындағы жанжал екі ел арасындағы дипломатиялық қатынастың бұзылуына алып келді, сонымен бірге 1967 жылы Сабахтың Малайзияға қосылатыны жария болғаннан кейін біршама орныға түсті. Елдің президенті Маркос өз қызметіне тағайындалғаннан кейін бір жылдан соң Куала-Лумпурға арнайы іс-сапармен барып қайтқан болатын. Осы жылы Коррехидордағы мұсылман солдаттарының құпия өлімінен кейін екі жақты қатынас қайта нашарлап кетті (бұл өздерінің офицерлерінің қолымен жасалған іс болуы да мүмкін), нәтижесінде Сабах жеріне қатысты Филиппиндердің талабы қайта көтеріле бастады. Дегенмен

Маркос қазірше өз талабын ғана алға тартқан жоқ, оның пікірінше аймақтағы жаңа ынтымақтастық бәрінен де маңыздырақ.

Бұл мемлекеттердің ынтымақтастығы Оңтүстік-Шығыс Азиядан ағылшындар кеткеннен және Вьетнамдағы американдық соғыстан кейін одан әрі беки түсті. 1968 жылы Малайзия және Сингапурдан ағылшындардың шығарылатыны туралы жарияланғаннан кейін осы екі мемлекет Австралия, Жаңа Зеландия және Ұлыбританиямен жаңа келісім шартқа қол қояды (кейін Брунейде қосылады). Ағылшын-малайялық қауіпсіздік туралы келісім жасалып, сосын осы жылы өзінің АСЕАН-ғы серіктес мемлекеттерімен бірге Оңтүстік-Шығыс Азия аймағын еркіндік, бостандық және бейтараптық деп жариялады. Осы жасалған екі қадам да аймақтағы байланысты күшейте түскенмен ұлттық тәуелсіздіктің бағасы сонша қымбат болды. 1973 жылға дейін Вьетнамдағы американдық соғыс бұл тәуелсіздікті қорлағандай болып көрінді. Құрама Штаттардың Вьетнамдағы соғыста сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Никсон Қытайға жақындап және оның Оңтүстік-Шығыс Азияда алдыңғы қатарлы рөлде ойнауына мүмкіндік жасайды, яғни аймақта қайсысы бірінші жау-коммунистік Қытай ма немесе коммунистік Вьетнам ба дегенге проблема болды.

АСЕАН-ға мүше елдердің мақсаты бір жерден шыға берген жоқ. Мысалы, 1970 жылы Малайзия мен Сингапур БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесіне Қытайды қабылдау туралы дауыс берген кезде Филиппиндер қарсы шығады, ал Индонезия мен Таиланд қалыс қалады. АСЕАН-ға мүше елдердің көпшілігі Вьетнамда коммунистік режим болса да оны өз жақтарына тартты, бірақ Камбоджияға басып кірген Вьетнам АСЕАН-ның басты қағидасын бұзды: мемлекеттердің егемендігі және ұлттық тәуелсіздікті құрметтеу. Вьетнамның КСРО-мен байланыс жасауы тағы бір қағиданы бұзушылық болды, яғни АСЕАН-ның тағы бір принципі алып державаларға сенім артпау шешімі болатын. Ең қауіпті жағдай Таиланд жағына бұрылды. Ол өзінің АСЕАН-дағы серіктестерімен бірге қызмет жасауға тырысты, алайда оларға АСЕАН-ның басқа мүшелеріне қарағанда вьетнамдық әскердің Камбоджияға басқыншылығы жағынан қауіп төнді; оның үстіне ол АСЕАН-ның вьетнамдық басқыншылыққа қарсы тұрарлықтай әскери күші жоқ екенін де жақсы біледі, онда Қытай қандай күшке ие болды. Дегенмен Қытайдың Қызыл армиясы Вьетнамға қарсы әскери қабілеті жетерлік еді. Ал керісінше, АСЕАН-ның басқа мүшелеріне қарағанда Индонезия аймақтың жақсы дамуына бірден бір қауіпті ел ол - Қытай деп пайымдайды және 1979 жылы Қытайдың Солтүстік Вьетнамға баса көктеп кіруін жауыздық тұрғысынан қарастырды. Осындай жағдайда басшылық АСЕАН-ды сақтап қалды, бірақ пайда болған ауыртпалық вьетнамдықтар - Камбоджидан кеткенше, ал орыстар - Вьетнамнан кеткенше жалғасты.

Кенею туралы идеяны АСЕАН-ның атының өзінен-ақ білініп тұр. АСЕАН-ның алғашқы мүшелеріне 1984 жылы Бруней қосылды, 1995 жылы Вьетнам, ал 1997 жылы Камбоджа, Лаос және Мьянма, бірақ Хун Сenniң жасаған төңкерісінен кейін Камбоджаны ұйымға қабылдау кейінге қалдырылды. Қорғаныс мәселесіне келер болсақ, яғни 1989 жылы Сингапур өз территориясындағы әскери базаны Құрама Штаттардың өзіне қайтарып берді. Бұл АСЕАН-ның аймақта бейбітшілікті сақтау міндетінен туындап отыр. 1993 жылы қауіпсіздік туралы үнемі болып тұратын келіссөздер нәтижесінен Азияттық аймақта форумның құрылуына түрткі болды, оған 15 мемлекет және Еуропалық Одақ қатысты. 1996 жылы оған Үндістан да қосылды. Үндістан мен Қытай осындай үлкен ұйымға Құрама Штаттар немесе Жапония үстемдік етеді немесе осы мемлекеттерге билік үшін күрес сахнасына айналады деп үрейленді.

Экономикалық жағдайда бұл аймақта еркін сауда нарығын құру 2003 жылы қарастырылды, ал ең ауқымды экономикалық одақ пен шексіз капитал туралы мәселе-2020 жылға қалдырылды. 1989 жылы Австралияның бастамасымен құрылған Азияттық-тынықмұхиттық экономикалық ұйым, яғни АСЕАН-ды жойып жіберетін алпауыт аймақтық топ құруды қарастырды. Азияттық-тынықмұхиттық экономикалық

ұйымына Қытай, Жапония, Құрама Штаттар және Австралия кірді, ал 1996 жылы бұл ұйымға 12 мемлекет мүше болып кірді. Осыдан кейін АСЕАН-ның жағдайы мүшкіл болып қалды, бұған 1997 жылы Таиландта басталған экономикалық дағдарыс та әсер етті. АСЕАН әлемде жол бастаушы жұлдыз ретінде не атқарды, қандайда бір табысқа жете алды ма, даму көрсеткішінің бағасы бойынша оны жұмыс күшін дайындаудағы істері, қала өнеркәсіп жүйесі, көп көлемдегі шетелдік займдар (50%) және несиелер, соған сай қарыз бен паракорлық 90-шы жылдардың басында кейбір аудандарда экспорт көлемі 20% өскен мен қаржы қиындығы біліне бастады. Оның басты себебі Қытай жағынан болған бәсекелестік нәтижесі болды, яғни 1994 жылы өз валютасын құнсыздандырып жіберді. Жапондық иен курсының түсіп кетуі себебінен бұл инфляция жалғаса берді. 1997 жылы тайлық бат және американдық доллар құнсызданып, доллармен инвестиция жасап отырған компаниялар үлкен зардап шекті; компаниялар биржаларда өз акцияларының құнының жартысын жоғалтты; өз жұмысшыларының көпшілігін жұмыстан босатты; артынша банктер банкротқа ұшырады. Бірақ аймақтағы мемлекеттердің жағдайы бірдей болған жоқ. Малайзияда отандық банктер займ беріп отырды, ал Индонезияда тұрақсыздық пен паракорлықтың шектен шығып кеткені соншалық экономикалық байбалам революцияға ұласты. Мұндай жағдай Филиппиндерде, Оңтүстік Корея және Гонконгта да орын алды; бұл әртүрлі деңгейде бүкіл әлемді шарлап өтті.

Аймақта сыртқы қарыздың ең үлкен көлемін Таиланд иеленді: 10 млрд. долл. (Оңтүстік Кореямен салыстырғанда жартысына тең). Жабылу үстінде тұрған қарқаусыз өнеркәсіптерді аз ғана ақшаға шетелдік өндірушілер немесе жергілікті мафиялар сатып алды. Жеке меншік пен акция алаяқтар қолына түсіп, қарапайым халық зардап шекті. Аймақта миллиондаған жұмыссыздардың бүлігі басталды. Халықаралық Валюта Қоры сегіз елдің бас қосуымен 17 млрд. долл. көлемінде төтенше несие беру туралы мәселені қарастырды, ол тайлық баттың және батыстық салымшылардың түпкілікті апат болуын алдын алуға бағытталды. Сосын Индонезияға көмек көрсетудің бұдан да үлкен бағдарламасы қабылданды, мұнда екі айдың ішінде-ақ рупий бестен-төрт есе құнын жоғалтты. Дегенмен аймақтағы халықтың жалпы тұрмыстық жағдайы отыз жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда анағұрлым жоғары болды. Бұл аймақта экономикасы нашар басқарудағы ірі елдер орналасқаны белгілі. Халықаралық Валюта Қоры және шетелдік мемлекеттер валютаның құнсыздануын тоқтатары сөзсіз, бірақ мұндағы көп ғасырлық жүйені қалпына келтіре алмады.

Экономиканы қалпына келтіру үшін екі басты мәселе талап етілді: күшті отандық экономика құру және осыны басқару үшін ақылды және адал басшылық. Бірақ дағдарыс кезіндегі басшылардың қабілетсіздігі мен алаяқтыққа жол беруі орын алған болатын. Алайда мұндай кемшіліктер тек азияттық билеушілерден ғана емес Латын Америкасы аймағында да болып, мұнда да билік басындағылар өз халқын қорғауда қарқаусыз болып қалды.

Дағдарыс аймақтың айтарлықтай күшті екенін анықтап берді, АСЕАН енді өз есебінен (ортақ) гүлденуге қол жеткізді және мұны әлемдік нарықта дәлелдеп те берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Малетин Н.П. АСЕАН: три десятилетия внешней политики (1967-1997 гг.). М., 1999.
 2. Сулицкая Т.И. Страны АСЕАН и международные отношения в Юго-Восточной Азии. М., 1993.
 3. Богомолов А.О. Тихоокеанская стратегия США и АСЕАН. М., 1989.
 4. Самойленко В.В. АСЕАН: политика и экономика. М., 1982.
- История Востока. Т. 6. М., 2008.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясының құрылу тарихы туралы қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается история формирования Ассоциации стран Юго-Восточной Азии.

ӘЛ-ФАРАБИ ТРАКТАТТАРЫНДАҒЫ ГУМАНИЗМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Терекбаева Ж.-оқытушы (Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)

Әбу Насыр Мухаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870 – Отырар қаласы, 950 – Сирия, Шам) қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейін дүниежүзі ғылым-білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист ғалым ретінде отандық және шетелдік тарихнамада кеңінен танымал. Оның туған жері Сырдария бойындағы ерте заманда түркі халықтарының орталығы болған Отырар қаласы екендігі де белгілі жайт. Көптеген зерттеушілер (А.Қасымжанов, Ә.Дербісалиев, т.б.) Әбу Насыр әл-Фараби білім нәрінің негізін Отырар медресесінен алғандығын, сондай-ақ Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларына барып та өз білімін одан әрі тереңдете түскендігін ғылыми тұрғыдан дәйектеп берген болатын. Шынында да, әл-Фараби өз өмірінде Аристотель, әл-Кинди секілді ғұламалардың ғылымда жүрген жолымен философия, эстетика, логика, т.б. салаларында еңбек етті, тіпті ғылымның барлық салаларында ізденістер жүргізді десек те болады. Мұның өзі ғалымның артында қалған қомақты ғылыми мұрадан да аңғарылады. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш – 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров – 200 трактат деп көрсетеді. Осыдан-ақ ғалымның мұрасын зерделеу, оның кейбір ғылыми ой-толғамдарын зерттеу қажеттілігі әлі де күн тақырыбынан түспей келе жатқандығын да көруге болады.

Ұлы ойшыл әлемге аты мәшһүр Аристотельдің философиясын дамыта отырып, оны терең меңгеріп, өз тарапынан да «Ғалымдардың шығуы», «Ғалымдар энциклопедиясы немесе тізбегі», «Кемеңгерлік меруеті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Философияны аңсап үйрену үшін алдын ала не білу қажеттігі жайлы», «Ақылдың мәні туралы», «Әлеуметтік-этникалық трактаттар», «Философиялық трактаттар», т.б. көптеген философиялық еңбектер жазған болатын. Әл-Фараби мұрасы оның туған қаласы немесе өз халқының шеңберінде қалып қойған жоқ, ол әлемдік ақыл-ойдың жауһарына мол үлес қоса білді. Нәтижесінде оның есімі дүние жүзі мәдениеті алыптарының қатарына жазылды да. Оның шығармашылық қызметі өзінің сыртқы бейнесі жағынан араб тілдес, ислам мәдениеті секілді кең арнада тоғысты. Алайда оны бүкіл түрік әлемі өзінің ұлы ретінде мойындап, оның ізденістерін үнемі жоғары бағалап келеді. Тіпті оған түрік әлемінің белгілі бір ойшылдары да әрдайым сүйеніп отырған, оның еңбектерінен ғылым нәрімен сусындаған. Мысалы, түркі тілдес Махмуд Қашқаридің «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі мен Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастандарынан әл-Фарабидің рационалистік және гуманистік идеяларының іздері айқын көрінетіндігі ғылыми әдебиеттерде кеңінен айтылып та келеді.

Әл-Фарабидің халқына мұра етіп қалдырған трактаттарын мағынасына қарай бірнеше топтарға бөліп қарастыруымызға болады. Атап айтсақ: табиғат заңдылықтары, медицина, философиялық көзқарастар, нақты ғылым салалары т.с.с. Аталған топтардың ішінде философиялық көзқарастардың алар орны ерекше. Әл-Фарабидің философиялық ойларында жиі қарастырылатыны – «Адам», «адамгершілік», «имандылық», «ізеттілік» мәселелері, яғни бір сөзбен айтқанда жеке тұлғаның

калыптасуына көмек көрсетіп жол сілтейтін «Гуманизм» мәселелері болып табылады /2, 1-4 бб/. Бақыт – кез келген тұлғаның гуманистік бағытты жоғары деңгейде түсінуінің ең биік шыңы болып табылады. Бақыт дегеніміз – ол абсолюттік игілік. Фарабидің айтуынша, адамдар көп нәрселерді өзінің өмірінің мақсаты мен негізі деп ойлайды. Олар – өзіне ұнайтын, керекті нәрселер, мысалы: ақша, атақ, тағы басқалар. Адам бақытты ешбір жағдайда басқа күш арқылы емес, тек теориялық ақыл парасат күші арқылы пайымдайды. Әбу Насыр әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп, отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды. Әбу Насыр әл-Фарабидің азасаттық, саяси, адам, қоғам жқніндегі ойлары «Фусул ал-мадани» («Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері») трактатында қаралды /3/. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған.

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанын (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға былай қарау мешаиын (перепатетиктер) мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Фараби «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» /1/, – деп, жүрекке шешуші мән беріп қарады.

Еңбектің өзіне тән бір ерекшелік сипаты – тәндік және рухани құбылыстардың салыстырылып отыратындығы. Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамдық талдауды қаладан бастаса, «Нақыл сөздерде..» ол мұны ең кішкене ұядан, от басынан немесе үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлікке бөледі:

1. Ер мен әйелі.
2. Қожайыны мен қызметшісі.
3. Ата–анасы мен баласы.
4. Мүлкі және иесі.

Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бәрақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизмнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз.

Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» /1/ деген ой желісімен өзектес келеді. Фараби жан қуатын қозғалттыратын қуат және таныпбілетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Әбу Насыр адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді, өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. «Ғалымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі:

1. Тіл білімі және оның тараулары.
2. Логика және оның тараулары
3. Математика және оның тараулары
4. Физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары
5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылым.

Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарайды. Ол ақыл–ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды /4, 1-3 бб/.

Әбу Насыр әл-Фарабидің осы уақытқа дейін жеткен ғылыми мұралары мен философиялық трактаттарын қазақ елінің әрбір азаматтары өзінің ғылыми ұстанымдары ретінде қолдануда. Болашақта бабамыздың жазып қалдырған мол мұраларының сыры әлі де болса ашып талқылайды деген үміттеміз. Өйткені, әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби мұрасы – бүкіл түркі жұртының тарихы үшін қол жетпес асыл қазыналарымыздың бірі.

Әл-Фараби ғылым тарихындағы өшпес ізі, құнды мұралары ғасырдан-ғасырға өтіп, өзінің мазмұны мен мәнділігін, қажеттілігін жоймай, қайта уақыт керуені ұзаған сайын соғұрлым бізге жақындай түседі. Әбу Насыр әл-Фарабидің 200-дей мұра қалдырған энциклопедист-ғалым, данышпан екендігі бүкіл әлемге аян. Әл-Фараби соқпағы әлемнің не бір сырын, ақиқатын тануға көмектеседі. Сондықтан ұлы бабамызды жақсы білген сайын есейіп ақыл толықтыра береміз.

Ғұламаның ғылым тарихындағы өшпес ізі, құнды мұралары ғасырдан-ғасырға өтіп, өзінің мазмұны мен мәнділігін, қажеттілігін жоймай қайта уақыт кезені ұзаған сайын соғұрлым бізге жақындай түседі. Себебі ол келешек ұрпаққа сарқылмас қазына қалдыра білген ұлы ойшыл.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Алматы «Ғылым» 1973 жыл.
2. Әл-Фараби «Ғылымды үйрену туралы» // Білім және еңбек. 1962 №1 4-6 б.
3. Әл-Фараби «Ғылымды үйрену туралы» Философиялық трактаттар. Алматы «Ғылым» 1973 .
4. Әл-Машани А. Фараби санаты. // Білім және Еңбек 1967 .. №2 1-3 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақала әл-Фарабидің трактаттарындағы гуманизм мәселесіне арналған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена проблемам гуманизма в трудах эль-Фараби.

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

XVIII Ғ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАЙЫНДА ОРЫС ТАРИХНАМАСЫ МЕН ҚАЗАҚ ДЕРЕКТЕРІ

Айтбай Р.Т.-т.ғ.к., доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XVIII ғасырда қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Қазақстанның географиялық жағдайының өзі мал шаруашылығымен айналысуға қолайлы болған. Көптеген жазба деректерде бұл пікірдің дұрыстығы дәлелденіп /1/, ғылыми әдебиетте тұжырымдалған /2/.

XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының көрнекті тұлғаларына арналған ауызша тарих айту дәстүрі туындыларының мазмұнымен танысқанда да, қазақтардың негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болғандығын айқын көреміз. Мұның дәлелі тарихи жырлар

мен дастандарда жалпы қазақ жері, елі туралы айтылғанда, үнемі мал өсіру, мал жайылымы, мал өнімдері туралы айтылады.

Мысалы, қазақ елі, жері жайында «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында былай делінеді:

Қысы жоқ, майдай шуақ Сырдың бойы

Бұйратта, тау ішінде жылқы, қойы.

Ортада жауын жайпап қазақ жатты.

Сары қымыз, ағып майы, айт пен тойы /3/

Ал, «Төле бидің тарихы» дастанында:

Алатау Ұлы жүздің қонысы еді.

Жамағаты төрт түлікке тегіс еді.

Ыңғайлы қарлы-қарсыз бауыры салқын,

Төрт түлік малға лайық өріс еді- делінген/4/.

XVIII ғ. қазақ жерінде болған И.Георги мен С. Паллас өз еңбектерінде, қазақтардың төрт түлік мал өсіріп, олардың өнімдерін негізгі азық ретінде пайдаланғандығы туралы жазды/5/.

Тарихи жыр мен дастанда келтірілген мәліметтер бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдейді. «Төле бидің тарихы» дастанында, «Ақтабан шұбырынды» кезінде Төле бидің халыққа айтқаны деп, мынандай жолдар келтірілген:

Жүруші едік көшпенді халық болып,

Қымыз ішіп, айранмен,

Ірімшік пен етті жеп/6/.

Бұдан әрі дастанда, «Ақтабан шұбырынды» кезінде көшіп бара жатқан елдің туған жері туралы

Сырбаз ат, сары қымыз ішіп күнде,

Тамаша сауық-сайран құрған жері – деп/7/ жырланған.

«Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында, «Ақтабан шұбырындының» алдындағы қазақ елін:

Бағлан етін қойдырған,

Қысырдан тайды сойдырған,

Мыңда болса тойдырған,

Сапырып қымыз құйдырған... деп сипаттаған/8/

Міне бұл мысалдардан қазақтардың негізгі тағамдары төрт түлік малдың етінен, сусындары сүтінен әзірленгендігін көреміз.

Қазақтардың төрт түлік малдың ішінен көп қастерлегені, жаугершілік заманда үлкен қызмет атқарғаны жылқы малы еді. Тарихи жырда шаруашылық туралы аз айтылғанымен, жылқы малына байланысты бірқатар көріністер кездеседі. Мысалы, «Өтеген батыр» жырында:

Аралаушы еді жылқыны

Көңіліне жағар ат іздеп,

Қоя берді еркіне

Үндеместен ер Өтеп,

«Атын өзі тапсын»/9/-деп, Өтеген батырдың ағасы Өтептің жылқысының ішінен жақсы ат іздеп, тандағандығы айтылады.

«Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында, Жәнібектің нағашы атасы

Бектасқа он екі мың жылқы біткен,

Қойының есебі жоқ, онан да өткен-деп ол кісінің байлығы сипатталады. Сол көп

жылқының ішінен атасы Жәнібекке құрық тимеген асау тұлпарды сыйға тартады /10/.

«Олжабай батыр» жырында, Олжабайдың әкесі

Толыбайдың жастайынан мініп жүрген

Бар екен күреңдей жүйрік аты

Бәйгесін, орта жүздің алып жүрген

Бір түнде бұл тайкүрең жауға түсіп,
Толыбай қалған екен жабырқанып /11/ -деп, одан әрі Олжабайдың сол атты іздеп шығып, қырғыз елінен тауып қайтқандығы көрсетілген.

Тарихи жырдан келтірілген бұл мысалдар, жылқы малының қазақтар тұрмысында зор рөл атқарғандығын көрсетеді. Жылқы малы сонымен қатар байлықтың негізгі көрсеткіші болған. Паллас «Қырғыздардың байлығы малдан тұрады, оның ішінде жылқы мен қойы көп,»-деп жазған еді /12/. Сыйлыққа жылқы малын беру зор құрмет болып есептелген. Жылқы сән-салтанаттың да белгісі болған. Бәйгеге шабатын жүйрік ат өте жоғары бағаланған.

Жылқы барымтаға түсіп, әр түрлі дау-жанжалдардың да көзі болған. Сондықтан болар, қазақтар «Ақтабан шұбырынды» кезінде Жиделі Байсынға/13/ ауғанда, ол жақтың халқы жылқының

Төрт аяғы болат екен,

Бұл өзі жылқы деген мал екен.

Жүрген жері жаугершілік

Болатұғын бәле екен – деп аттырып тастағаны.

Бұл мәлімет «Төле бидің тарихында» келтірілген/14/.

Қазақтар жылқы және қоймен қатар түйе, ешкі, ірі қара мал ұстаған. С.Паллас... түйе мен сиырдың саны жылқы, қойға қарағанда әлдеқайда аз болғандығын, себебі оларды қыстан сақтау қиынға соққандығын» айтады. Ал, ешкіні сүті мен терісі үшін ұстаған/15/. Бұл пікір негізінен дұрыс болса

керек. Себебі ауызша тарих айту дәстүрі туындыларында да түйе, ешкі, ірі қара мал ұстағандықтары туралы мәлімет аздау. Мысалы, «Төле бидің тарихында»

Жас күйінде Төлеге

Әлібек түйе бақтырды-делінсе,

«Абылай хан» жырында Абылай «Сабалақ» деген атпен Төле бидің үйінде жүргенде:

Сабалақ түйе бақты, жылқы бақты,

Төлеге қалай айтса әбден жақты – делінген/16/.

«Төле бидің тарихында», Төле бидің әкесі Әлібектің тұрмысы былай сипатталады :

Қара үй тігіп, аз ғана ешкі сауып,

Отан етті оңаша бір жотаны/17/ .

«Шақшақ ұлы Жәнібек» жырында жоңғар шапқыншылығы кезеңінде күйзелген елге, аман қалғандары көмектесіп, жылу жинап

Байына толық қара, кеміне қой берілгендігі -айтылады/18/.

Көшпелі мал шаруашылығы табиғат жағдайына тәуелді шаруашылықтардың бірі. Төрт түлік малды ұстау үшін тек табиғи жайылымдар пайдаланылды. Малды қыстан аман алып шығу көшпелі мал шаруашылығының негізгі мәселесі болған. Қазақтар қысқы қарай соққан бораннан, желден малды сақтайтын ығы бар қолайлы жерлерге қыстауға орналасқан. Жылқыларды алыс жайылымдарға жіберіп, қалған малды қыстау маңында ұстаған./19/

Қарлы, боранды күндері жайылымға ең алдымен жылқылар жіберілген. Себебі, олар қатты тұяқтарымен қарды теуіп, жерді босатып, қар астындағы шөпті тауып жей алған. Сөйтіп, басқа малдарға да жайылуға жол ашқа/20/. Қазақтардың жылқы мен қойды көп ұстауы, олардың суыққа төзімді, қысты күні өздеріне азық тауып жей алатын мүмкіндігіне байланысты болған.

Кей жылдары ауа-райының қолайсыздығынан жұт болып, бұл көшпелі шаруашылыққа зор зиянын тигізген. Жұт дегеніміз қардың қалыңдығынан немесе қар аралас жаңбыр жауып, жердің бетін қатты мұздақ жапқаннан малдың азық тауып жей алмай аштан қырылуы еді /21/.

«Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында «Ақтабан шұбырындының» алдында қазақ елін жайлаған жұт былай сипатталған:

... Қалың қыс қарлы жаңбыр боран соқты.

Жондағы қалың жылқы жоңмен ықты,

... Күйзелді қолға қарап қой мен тоқты.

Ел састы сиғыза алмай қара малды,

Бұл боран бейбіт елге лаң салды/22/.

Бұл мысалдан көшпелі мал шаруашылығының тек табиғи жайылымға негізделіндігін айқын көреміз. Қарлы боранның арқасында барлық мал қыстаудан ұзап, жайылымға кете алмай қолға қараған. Ал, елде оларға беретін дайын азық жоқ. Жырда одан әрі

... Он бес күн мұзды жаңбыр жауды тынбай,

... Бір тал шөп жерден жылқы жей алмады.

Сырғанап жүре алмады мал мен адам,

Тырыып құлады басса қадам – деп жырланған./23/ Ғылыми әдебиетте деректердің негізінде көшпенділер оның ішінде қазақтар да, қыстың күні қой малы үшін қыстауға жақын жерден қора салғандығы айтылады. Қораны тастан, ағаштан, қамыстан т.б. материалдан соққан. Оны түнге қарай қойды қаму үшін пайдаланған /24/. Жырда бұл пікірдің дұрыстығын дәлелдейтін мәлімет бар. Жұт кезінде, Қорада қамалумен қой да жатты.

... Бірінің жүнін жұлып бытырлатып,

Қой жүндеп бірін – бірі өңіретті – делінген /25/.

Бұл мысалдан, біріншіден, қойды қамайтын қораның болғандығын, екіншіден, жай уақытта қойды қорға тек түнге қарай қамаса, жұт кезінде күндіз – түні қорада ұстауға мәжбүр болғандығын, үшіншіден, қамағанмен беретін азығы жоқтықтан қазақтардың малды тек табиғи жайылымға ғана сеніп асырғандығын тағы да көреміз.

Көшпелі мал шаруашылығының табиғат жағдайынан тәуелділігін «Бөгенбай батыр» жырының бір вариантында былай көрсетілген:

...Бір жылда жаңбыр жаумай жер шөл болып,

Сарқылды арнасынан аққан көлі.

Суырып жер тамырын тозаң үшін,

Күйзеліп мал баға алмай Қанжыға елі /26/.

XVIII ғ. қазақтардың мал шаруашылығы жаңа қиындықтарға тап болды. Ауа райының қолайсыздығымен қатар, жиі болып тұрған жоңғар шапқыншылығы бұрынғы жайылымдарды пайдалану мүмкіндігін жойды. Сондықтанда малға қолайлы жақа жайылым, қоныс іздеу қазақ қоғамының алдыңғы қатарлы азаматтарының негізгі міндеттерінің біріне айналды. Олай дейтініміз бірқатар тарихи жырда батырлардың, атап айтқанда Өтеген мен Олжабайдың жаңа жайылым, қоныс іздегендіктері айтылады. Мысалы,

«Олжабай батыр» жырында:

Аралап ер Олжабай бәрін көрді.

Тауына Баян ауыл тағы келді

Бетегеден ат жүрмес сондай шүйгін

Бұл жерді талай жерден тәуір көрді,-деп жырланса /27/.

Сол сияқты «Бөгенбай батыр» жырында, батырдың жігітттерінің Бөгенбайдың сан мың малын ауа-райының құрғақшылық жағдайынан аман алып қалу үшін, жаңа жайылым іздегендігі көрсетілген.

...Жылқының кетті ерлер жолдарында,

Жүз онбес жігіт болып аттаныпты-дей келіп, сан мың жылқының айдап аттанған жігітттердің, қырық бес күн жүріп, малға жайды жаңа жайылым тапқандығы айтылады.

Жер екен шөбі шүйгін малға дәрі.

Бір айдай осы арада жатты жайлап,

Желіні қайта құрды бие байлап,

Семірді барлық жылқы ақша майлап-/28/.

Бұл мысалдардан, қазақтардың ауа-райының т.б. қолайсыз жағдайларға қарамастан, мал басын сақтап қалу үшін барлық әрекеттерді жасап, шаруашылықтарын одан әрі жүргізгендігін көреміз.

Қазақтар туралы еңбегінде Георги Ұлы жүз қазақтарының бір бөлігінің егіншілікпен басқаларға қарағанда үлкен ыждағаттылықпен, ден қойып айналысқандығын жазған еді /29/ «Төле бидің тарихи» дастанынан да Ұлы жүз қазақтарының арық қазып, егіншілікке бет бұрғандығы туралы аз да болса мәлімет кездестіреміз. Ұлы жүзден шыққан атақты Төле би көшпелі мал шаруашылығының тиімсіз жағын көріп-біліп, халықты отырықшылыққа шақырып, былай дейді екен:

... Аяқты малға сенбегін.

Бір борандық деген сөз.

... Шығарсам арық қазып Сырдан байлап.

Ел болсақ отырысты болар еді –ау,

Балдардың түбіндегі қамын ойлап.

Төле бидің өзі Жырағаш деген жерден жеті арық қаздырған екен. Басқалар да оның жолын қуып.

-Мақұл деп арық қазды қалың елі.

Төле бидің сол қазған арығынан,

Жұртына азын –аулақ ырыс келді-делінген дастанда /30/.

Ұлы жүз қазақтары мекендеген өңір, ертеден егіншілік мәдениеттің орталығы болған еді. Сондықтан да, XVIII ғ. Бұл өңір қазақтарының басқа аймақтарға қарағанда, егіншілікке дән қойып, айналыса бастауы заңды еді.

Шығыс Қазақстан аймағын мекендеген қазақтардың егіншілікпен айналысқаны жайында И.Г. Андреев өз еңбегінде жазған болатын /31/.

Арқалық батырдың егін салғандығы туралы былай айтылады:

Сарымаса алажаздай егін салдым,

Бір сиыр, бір байтал бар барлық малым.

Тары пісіп, келі түйіп ішкеннен соң,

Тоғайып сонымен әл жинадым /32/.

Бұл мысалдан, біріншіден, қазақтардың егін салғандығын, оның ішінде тары өсіргендігін көреміз. XV-XVII ғғ. Қазақтардың шаруашылығы туралы жазған Т.И. Сұлтанов, шығыс деректерінің мәліметіне сүйеніп Дашт-Қыпшақтың көшпенділерінде тары дәстүрлі дақыл екендігін айтады. Осы кезеңде қазақтар да негізінен тары өсіргендігін көрсеткен /33/ Жырдағы мәліметтен, бұл дәстүрдің XVIII ғ. да жалғасқандығын көреміз. Екіншіден, егінді малы аз адамдар күн көру үшін салғандығын байқаймыз. Ғылыми әдебиетте де, көшпенділердің бір бөлігінің егіншілікпен айналасуы, мал басының азайып кедейленуімен байланысты екендігі айтылады /34/. «Арқалық батыр» жырындағы оқиғалар Алтай өңірінің яғни Шығыс Қазақстан аймағын мекендеген қазақтар туралы. Ендеше, жазба деректердегі айтылғандар жырдағы мәліметпен сәйкес келіп тұр.

XVIII ғ. Қазақтардың қолөнермен де айналысқандығы туралы мәліметтерді, қазақ даласында болған орыс зерттеушілерінің еңбектерінен кездестіреміз. Мысалы, Георги жоғарыда келтірілген еңбегінде, қазақтардың киіз үйде тұрғандығын, атақты және бай адамдардың үйлері ақ киізбен қапталғанын жазған еді. Қойдың жүнін киіз басуға және қалың шұға жасауға пайдаланды дейді. Түйенің жүнін де тұрмысқа қажетті нәрселерге, мысалы, арқан жасауға жұмсалғандығын айтады /35/ Енді тарихи жыр мен дастанда бұл туралы қандай мәлімет бар десек, дастанда «алты қанат ақ үй» деген тіркес жиі кездеседі. Мысалы, жоңғарлар қазақ еліне шабуыл жасап келе жатқанда, ханның ізшілері жоңғар әскерінің жолында тұрған «айдалада тігілуі, алты қанат үй көрді» делінген /36/.

Ұлы жүздегі жоңғарлардың өкілі Барша ханға байланысты.

Оңаша алты қабат ақ үй тігіп,

Төле би күтуші еді Барша ханды –
деген жолдар бар /37/.

Паллас қазақтардың малдың және анның терілерін өңдеп, бояп әр түрлі киімге пайдаланғандығын айтады /38/ «Арқалық батыр» жырында Арқалықтың қаруы, киімі туралы былай делінген:

Байталға шұбар шолақ желқом салдым.

Найзамды, бар қаруым қолыма алдым.

Аяққа киіз байпақ, тері мақай /39/

А.Левшин осы кезеңдегі қазақтар арасында, күміс, мыс шеберлері, ұсталар, темір жонушылардың /токари/ болғандығын жазды /40/ Біз қарастырған тарихи жыр мен дастанда мұндай мәлімет жоқтың қасы. Тек «Олжабай батыр» жырында Олжабай батырдың сауыт-сайман туралы,

Сарыала қамшыменен садақ ілген,

Үстінде торлама көз сауыты бар – делінген /41/.

Ал, «Шақшақ ұлы ер Жәнібек» жырында, Қабанбай батырдың жаумен жекпе-жекте аман қалғандығы туралы былай делінген:

Бір пайдасын көрді батыр сауыттың,

Сексен байтал қысыр атқа соқтырған /42/.

Бұл екі мысалды қазақтар арасында сауыт-сайман соғатын шеберлердің болғандығын дәлелдеу үшін келтірдік, екінші мысалдан, жақсы сауыттың қымбатқа бағаланғандығын да көруге болады.

XVIII ғ.қазақтардың көшпелі мал шаруашылығымен, аздап егіншілікпен және қолөнермен айналысқанын, орыс зерттеушілерінің еңбектері мен қазақтардың төл деректері жырлар мен дастандағы мәліметтер дәлелдейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч.II, Спб.1799.с.123., Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства.ч.1Спб.1773.с.581.
2. Левшин А. Описание киргиз-казачьских или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч.III. Спб./32.с.31., Масанов И.Э. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков- А-А, 1994.
- 3.Шақшақ ұлы ер Жәнібек. ОҒҚ, қолжазба қоры, 53д. 265б
- 4.Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763.333 бет.
- 5.Георги И.Г. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Ч.П.Спб. 1799.с.123-125,132.Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.І. 1773.с.575.
- 6.Төле бидің тарихы. ОҒҚ. Қолжазба қоры.763.319 бет.
- 7 .Бұл да сонда, 320 бет
8. Шақшақ ұлы ер Жәнібек. СҒҚ, қолжазба қоры, 53 Д, 283 бет.
9. Өтеген батыр. ОҒҚ, қолжазба қоры. 833. 13 бет.
10. Шақшақ ұлы ер Жәнібек. СҒҚ, қолжазба қоры. 53Д.252 б.
- 11.Олжабай батыр. ОҒҚ, қолжазба қоры. 53Д. 300-301 беттер.
- 12.Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч.І. Спб. 1773. С.581.
- 13.Тынышпаев М. Жиделі-Байсын-Шығыс Бұхара –дейді Киргиз-казаки в 17 и 18 веках Кзыл-Орда, 1926.-с.9.
- 14.Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763.317 бет.
- 15.Паллас П.С. Путешествие. –С.581,584.
- 16.Абылай хан, СҒҚ, қолжазба қоры. 657.5-бет.
- 17.Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763.260бет.
- 18.Шақшақ ұлы хан ер Жәнібек. ОҒҚ. Қолжазба қоры.53д.275бет.

- 19 Зиманов С.З. Общественный строй казахов пер. пол. XIX в. – А – А., 1958 – 0.29.
20. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч. I. Спб. 1773. 582.
21. Зиманов С.З. общественный строй казахов пер. пол. XIX в. – Алма – Ата, 1958. – С.30.
22. Шақшақ ұлы ер Жәнібек. ОҒҚ, қолжазба қоры. 53 Д. 268 – бет.
23. Бұл да сонда, 269 – бет.
24. Масанов Н.Э. Проблемы социально – экономической истории Казахстана на рубеже XVIII - XIX в. Алма – Ата, 1984. – С.59
25. Шақшақ ұлы ер Жәнібек. ОҒҚ, қолжазба қоры. 53 Д. 269 – бет
26. Бөгенбай батыр, ӘОИ қолжазба қоры. 356. 1 – бет.
27. Олжабай батыр. ОРК, қолжазба қоры. 53д. 345-бет.
28. Бөгенбай батыр. ӘОИ, қолжазба қоры. 356 бет.
29. Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитающих народов ... ч. П. Спб. 1799, с.120-121.
30. Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763-360. 331 бет.
31. Андреев И.Г. Описание Средней Орды киргиз-кайсаков-«Новые ежемесячные сочинения». Спб. 1796. С.СХУ I. С.76-81.
32. Арқалық батыр. Батырлар жыры. II том. - Алматы, 1961. 215 бет.
33. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. – М., 1982. – с.59.
34. Бартольд В.В. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. - Сочинения. Т.б. – с.173.
35. Георги И.Г. Описание всех в Российском государстве обитавших народов... ч.П. Спб, 1799 С.124.126.129.
36. Төле бидің тарихы. ОҒҚ, қолжазба қоры. 763.326-бет.
37. Бұл да сонда, 353 бет.
38. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. Ч. I. Спб. 1773. С.568-570.
39. Арқалық батыр. Батырлар жыры. II том. Алматы, 1961.
40. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. III. Спб. 1832. с.210-215.
41. Олжабай батыр. СҒҚ, қолжазба қоры. 53д. 302 бет.
42. Шақшақ ұлы ер Жәнібек. ОҒҚ, қолжазба қоры. 53д. 288б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XVIII ғ. қазақтардың шаруашылығы жайында орыс зерттеушілерінің еңбектеріндегі тұжырымдар мен қазақтың ауызша тарих айту дәстүрі туындыларындағы мәліметтер салыстырыла отырып баяндалған.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе трудов русских исследователей и произведении устной исторической традиции казахов рассматривается хозяйство казахов XVIII в.

XVIII-XIX ҒҒ. ҚАЗАҚ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ТАРИХНАМАСЫ

Басшыбаева А.С.-аға оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақ өз өмірінің құт-берекесіне айналған тұтқасын – үй ішін тұтастай Отбасы деп атайды. Қазақ ұғымында отбасы - өмірдің тұтқасы, үй ішінде от жағылатын ошақтың төңірегі, оттың маңайына таратқан балқытар жылуы. Оттың басы, ошақтың қасы – ырыстың ұйытқысы. Сондықтан қазақ отының басын тіршіліктің тұтқасы санап аялайды. Қазақ үшін отбасынан киелі ештеңе жоқ. Өйткені адам баласының ой-санасы өсіп, ақыл-ойының кемелденуі үшін де тіршілік нәрі санаға отбасынан кіреді, отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала сезіміне әсер етеді, күллі парасат, пайым отбасынан өрбиді деп ұғады. Сондықтан қазақ салтында отбасының тәлім-тәрбиесі ерекше дәстүр.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, пәлсапалық-дидактикалық толғаулармен ерекше көзге түсетін Үмбетей (1706-1778) мен Бұқар жырау (1688-1781).

Үмбетей Тілеуұлы қазіргі Ақмола облысы, Ерейментау ауданында көшпелі шаруа адамның жанұясында дүниеге келген. Қазақтың бірнеше ұсақ хандыққа бөлініп, Қалмақ, Қытай, Хиуа, Бұхар хандарымен жауласып жүрген заманында ел қорғаған батырлар мен қол бастаған қолбасшыларды дәріптеп өлең шығару, олардың абырой-атағын көтеріп, халыққа кең тарату дәстүр болған. Осы дәстүрді жалғастырушы, Бөгембай батырдың сенімді серігі, жалынды жыршысы ретінде көзге түскен ақын – Үмбетей жырау. Ол Бөгембай батырдың қалмақ басқыншыларына қарсы шайқасының жуан ортасында болған адам.

Абылайдың қол бастаған батыры Бөгембай өлгенде Үмбетей Бөгембайдың көзсіз ерліктерін дәріптей келе, «Асылыңнан айрықтерін дәріптей келе, «Асылыңнан айрылдың, батырың өлді – бақаның сынды, ордаң шайқалды» деп Абылайға көңіл айта отырып:

Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін.
Бөгембайдай жас берсін
Өлшеусіз мал мен бас берсін! –

деген бата-тілегін білдіреді. Халықтың жоқтау жырларында, жанкүйер жақынына көңіл айтып, қайғыға ортақтас болуда да терең тәрбиелік мән жатыр. Бұл жерде Үмбетейдің жоқтау өлеңінен «Ат тұяғын тай басар», «Алып анадан туады, батыр халықтан шығады». Ханым қапаланба. Бөгембайдай ел қамын жеген тағы бір батыр ұл дүниеге келер» деген ой-пікірді байқаймыз /1/.

Реалист ақынның шындықты бетке айтып, бұзықты түземек болуы, жастарды ұрлық-зорлық, қисық-қыңырлық сияқты жаман әдет, жат мінездерден аулақ болуға үндеуі прогрессивтік көзқарас.

XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішіндегі биік тұлғаның бірі – Бұқар Қалқаманұлы. Ол арбша өте сауатты адам болған. Ел билеу ісіне белсене араласқан, Абылай ханның ақылшысы, қабырғалы билерінің бірі. Бұқар үнемі ел бірлігін насихаттап, берекелі бірлікке, шынайы достыққа шақырған. Бұқардың халықты берекелі бірлікке шақыруы, бауырмал, ынтымақшыл ел болсақ дұшпан баса-көктеп басып кіре алмайды деуі қай заман үшін де мәңгі мәнін жоймайтын қағида.

Бұқардың көптеген жырлары отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелеріне арналған. Ол адам өмірінің әр кезеңін суреттей келе, ақылмен қажыр тасыған жастық шаққа ерекше тоқталады. Отбасының сәні сыйласу деп түйген жырау:

Екі жақсы бас қосса,
Санат емей немене...
Жақсымен жолдас болсаңыз

Айрылмасқа серт егер, -

деп ерлі-зайыптының тату-тәтті өмір сүруін қалайды /1/.

Академик жазушымыз С. Мұқанов: «Сыпыра жырау Асанқайғы, Бұқар жыраулар XIX ғ. дейінгі қазақ ақындарының символы. Олар хан қасында отырып, батырларды жырылаумен қатар, сол кезіндегі мемлекет мәселесін шешуге қатынасқан. Абылай хан мемлекет мәселелерін шешерде Бұқар жыраумен үнемі ақылдасып отырғын», - дейді /2/.

Марқасқа, Сыпыра жырау, Бұқар, Тәтіқара жыраулар заман, дәуір жайлы, ел басына түскен әр алуан уақиғалар жайлы үнемі толғау-жыр айтушы болған. Ал Қазтуған, Доспанбет, Жиенбет, Ақтамберді сияқты жыраулар өлең-жыр толғаумен бірге қолына найза алып, жауға шапқан жауынгер, батырлар да еді.

Сөйтіп жыраулар ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр халыққа үлгі-өнеге айтқан тәлімгер-тәрбиеші бола білді. Халқымыз «сегіз қырлы бір сырлы» жыраулардың табан аузында шығарып тақпақтаған жыр-толғауларын әлденеше ғасыр өтседе, жаттап жадында сақтап, біздің дәуірімізге жеткізді. Оның себебі аталы сөздің өміршеңдігінде халықтың сөз қадірін бағалай білуінде жатыр. Асыл сөздің қоғамдағы тәрбиелік мәніне ерекше назар аударған халқымыз «сөз тапқанға қолқа жоқ», «шешеннің сөзі мерген, шебердің қолы мерген», «жаракты жауды жайратқан сөз», «тіл қылыштан өткір» - деп бағалаған. Келер ұрпаққа өсиет, өнеге айтуды азаматтық парызы санаған ақын-жыраулар қоғамдағы әлеуметтік мәселелердің бәрін сөз етті.

Олар ат жалын тартып мінуге жараған қазақ баласының азаматтық борышы өз Отанын сырттан келген басқыншы жаудан қорғау екендігін айрықша атап көрсеткен. Азамат, ер жігіт болу үшін әркім өз мінін өзі көріп, соны түзете қажет. Білім баға жетпес қазына, дүниедегі жақсылық атаулының бәрі білім мен талап, еңбек арқылы келеді. Олар «талапты ерге нұр жауады», жігіттің бақыты талаптану мен адал еңбекті сүюде, биік адамгершілік, адалдық, шыншылдық, от басының берекесі татулық пен сыйласуда деп білді. Адам бұл өмірде бірін-бірі құрметтеп өтуі керек. Ізгілік, сыйласым, бірлік бар жерде құт-береке орнайды, тіршілік мәнді болады дегенді айтты.

Тәлім-тәрбиелік ой – пікірдің көріністерін біз Ақтанберді жырау, Бұқар жырау, Шал ақын шығармаларынан жақсы аңғарамыз. Ақын жыраулар ат жалын тартып мінуге жарайтын қазақ баласының қасиетті борашы-өз отанын сырттан келетін басқыншы жаудан қорғау екендігін айрықша атап көрсетеді. Азамат, ер жігіт болу үшін әркім мінін өзі көріп соны түзете білу қажет: білім – баға жетпес қазына, дүниедегі жақсылықтың бәрі білім арқылы келеді; биік адамгершілік, отбасының берекесі, денсаулық, міне ослардың бәрі кісінің басты байлығы. Бұқар жырау кәрілікті құлазыған шөлге, құз жартасқа түпсіз тұнғыыққа теңейді. Өмірдің шырғаланы көп ұзақ жолынан өтіп, өскен ортасымен ағйын әулетіне бар шама шарқынша еңбек еткен қария ең алдымен өзі шеккен бейнетінің зейнетін көруі қажет. Ол әсіресе жастардан қадырқұрмет күтуге қакылы дейді. Ал сақалды, көпті көрген қария елдің ақылшысы блып қоймайды, сонымен бірге ол ел тағдыры үшін мойнына жауапкешілік те арқалайды. Сондықтан жас буын оның даналық ақыл-парасатына тәлім алуы тиіс. Осы кезңде өмір сүрген Күлекеұлы Шал ақын адам өмірінің әр алуан кезеңдері жайындағы өзінің ой топшылауын ортаға сала келіп, «жас өспірім боз баланың үш түрі болады», дейді, олардың әрқайсына өзінше мінездеме береді. Кейбір бозбала болбыр, тоғышар, жанаяр. көрсоқыр далқау келеді. Ол тек ас ішіп, аяқ босатар тірі жан. Мұндайларда ақын мақсат болмайды, болашақ өмірі бұлыңғыр, мағынасыз. Жастардың енді бір түрі-керенау, керден, мешкей, мақтаншақ, өркөкірек, екі жүзді, пайдакүнем келеді. Оның еті тірі, өлермен, мұндай жігітті ақын ит жанды деп атайды да, оның мінез құлқының басты ерекшелігі- күншілдік, тайыз ойлылық деп түйіндейді. Жас адамның үшінші түрін нағыз жігіт, яғни жігіт жан» деп атайды. Ол кең пейілді, қиядағыны, «өнерді үренде жирен» қағидасына жетік, өзін қай жерде қалай ұстауды білетін кемел жігіт.

Мұндай адамның ең бағалы қасиеті- еңбек сүйгіштік, халқына қызмет етуге, адамға шарапатын тигізуге құштарлық.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Бұқардың ізін баса қоғамдық аренаға шыққан суырып салма, ақылгөй ақын-жыраулардың бірі – Шал ақын (1748-1819). Шал (Тілеуке) Күлекеұлы Көкшетау өңірінде дүниеге келген. Әкесі Күлеке батыр Абылай ханның жақын серігі, өз тұсындағы беделді рубасылардың бірі болған. 1755-60 жылдар шамасында Күлеке батырдың ауылы Есіл өзенінің бойына қоныстанады. Бала Тілеуке он бес жасында-ақ даңқы шығып, ақын атанып, өнер жолын қуады. Шал шығармаларынан қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, заманның өзгерісі, әйел теңдігі, адамгершілік мәселелері, табиғат, тіршілік тынысы жан-жақты сөз болады.

Ердің бақыты отбасына, алған жарына байланысты деген ой-пікірді қуаттай келе ақын:

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен
Еріне қалдырады жаман атын, -

деп ақылды, ерге серік боларлық жар таңдай білудің маңызына баса көңіл бөледі.

Ақын осы пікірін тереңдете түсіп, «әйел туралы» деген өлеңінде еңбек сүймес, салпы етек, салақ, жалқау әйелдер мен оң қолынан өнер тамған шебер, еңбек сүйгіш, елгезек, шаруақор әйелді салыстыра сөз етеді. Жастарға алған жарың ерге серік, көркіне ақыл-ойы сай, мінез-құлқы жібектей, өнегелі-өнерлі болсын дегенді айтады /1/.

Қазақта келінге деген ілтипат оған деген зор құрметке айналған. Бала тәрбиесі, отбасы ұйтқысы келіндерге байланысты. Өйткені келін үйдің тұтқасы, ерінің де, ата-енесінің де, бала-шағаның да әрі тәрбиешісі, әрі қамқоршысы. Жұрт беташар үстінде келінге үлгі ұстар барлық жақсы қылық, жайсаң мінездерді тәптіштеп айтылып, олардың жекелеген ұнамсыз, жаман қылықтары болса, одан арылу керектігін жанамалап ескертіп отырады. Бір сөзбен айтқанда, беташардың өзінде де үлкен тәлім-тәрбиелік мән-мағына жатыр. Келіннің түсуі бір үйдің, бір елдің ғана қуанышы емес, бұл бүкіл көз көріп, құлақ естір елдің, аралас-құралас жатқан ауыл-аймақтың ортақ қуанышы. Халқымыздың келін түсіруге байланысты «Отыз күн ойын, қырық күн тойын» жасау дәстүрі де осыдан қалған. Бұл айтылғандардан да әйел жұртына деген бүкіл қауымның шын адамгершілік пейілін жақсы байқауға болады. Арғы-бергі қазақ тарихында келін түсіріп, қыз ұзатудан артық үлкен той-думан болған емес. Қазақта жақсы қыз тәрбиелеген ана әрдайым да ардақты. Халқымыздың «Анасын көрде қызын ал, Аяғын көр де асын іш» деген мақалы қыз тәрбиесінің, ана мұратының қаншалықты жоғары бағалаудың айғағы.

Осы айтылғанға орайлас жәйттерді Шал шығармаларынан да көптеп кездестіруге болады. Оның әйел туралы ой-пікірлері отбасы, ошақ қасының төңірегінде болған /1/.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның солтүстік шекарасында мекендейтін қазақ жұртшылығының өмірі туралы, оның ішінде семьялық қарым-қатынастар мен діни көзқарастары жайында жалпылама болса да біраз түсінік беретін мағлұматтарды П.С. Палластың, И.Г. ГеоGRIDIң, И.П. Фальктың және Н.П. Рычковтың жұмыстарынан табамыз. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан жерінде болып, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын терең зерттеп, еңбек жазған академик В.В. Радлов: «Мен қазақтар арасында ұзақ уақыт тұрып, олардың салт-дәстүрімен танысқанымда көзім жеткен ақиқат: бұлардың өзіндік ерекше мәдениеті бар халық екендігі. Біздің отандастарымыз ойлағандай, олар тіпті де тағы, ауыздықсыз, басбұзар, қарақшы, тұқымын құртуға тұрарлық халық емес. Олардың мінез-құлқына отырықшы халықтарға қараған көзқарастан басқаша көзқараспен қарау керек. Олардың өмірге көзқарасы, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, бір сөзбен айтқанда, бар өмірі мен еңбегі малмен тікелей байланысты болғандықтан, жыл бойы көшіп-қонуға негізделген. Ойды бейнелеп беруі және ашық, айқын өткір айта білуі жағынан қырғыздарды (қазақтарды),

тіпті Батыс Азияның француздары деуіне болады»-деп, қазақ мәдениетіне аса жоғары баға береді. /3/ Бұл саяхатшылар өздерінің жұмыстарын қысқа мерзім ішінде жүргізілген экспедициялық сапар кезіндегі азды-көпті бақылауларының және өздеріне дейінгі жарық көрген болымсыз мағлұматтардың негізінде жазды.

XVIII ғасырдың аяғында Семей, Өскемен төңірегінде қызмет бабымен ондаған жылдар бойы тұрған әскери инженер И.Г. Андреев сол маңдағы қазақ жұртшылығымен тығыз байланыста болуының нәтижесінде қазақ этнографиясы туралы өте құнды ғылыми еңбек қалдырды. Оның еңбегінің «Ғұрыптар» атты бесінші тарауына қазақтың діни көзқарастары, әдет-ғұрыптары, бала туу, піштіру, үйлену тойы мен оған байланысты салттары, өлікті жерлеу, еркектер, әйелдер және бойжеткендер туралы, қолөнер сен сауда, тағамдар мен сусындар және ауруларды емдеу тәсілдері, бақсылар туралы мәліметтер кірген.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ халқын этнографиялық тұрғыдан зерттеудің үлгісін бірінші рет жасаған орыс ғалымы А.Левшин болды. 1832 жылы оның аты шулы монографиялық еңбегі жарияланды. Бұл жұмыс баспадан шыққаннан бері осы уақытқа дейін қазақ өмірін зерттеушілердің ешбірінің назарынан тыс қалған емес. Левшин еңбегінің басты құндылығы – оның қазіргі күнде із-түзсіз жойылып кеткен архив деректері мен ел арасынан тікелей жинаған мағлұматтар негізінде жазылғандығында. Сондықтан да Левшин еңбегі еңбегі XIX ғасырдың басындағы қазақ өмірінің шынайы шындығын жан-жақты сипаттаудың ең жақсы үлгісі болды. Алексей Левшин өзінің: «Қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы » атты еңбегінде қазақтардың салт-санасын, дінін, әдет-ғұрпын, шаруашылық кәсібін, мәдениетін сөз ете келіп, қазақтар табиғатпен қоян-қолтық етене өмір сүрген, тіршілікте қанағатшыл, қонақжай, жайбарақат, кең далада таза ауамен тыныстаған, денсаулығы мықты, күшті де қуатты, аштыққа, ыстық-суыққа шыдамды келеді»-деп сипаттаған /3/.

XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстанда өмір сүрген, әлеуметтік теңсіздік мәселелері мен отбасылық қарым-қатынас, адамгершілік мәселелерін кең көлемде жыр еткен көрнекті ақын-жыраудың – Майлықожа Сұлтанқожаұлы қазіргі Шымкент облысы, Қызылқұм жерінде туып-өскен.

Майлықожаның бір топ өлеңдері отбасылық қарым-қатынасқа, жақсы жар таңдауға арналған. Ақын жақсы жар деген не, жаман әйел қайдан шығады деп, бұл екеуін салыстыра суреттеп, алғашқысының екіншісінен қандай қасиеттерімен ажыратылатынын көрсетеді. Мысалы, «Жақсы болсын жұбайың» деген өлеңінде ол жаман әйел салақ, шаруаға қыры жоқ, еңбек сүймейді, кешке дейін үй қыдырып, айнала өсек тасумен болады, ерінің бетінен алып, шайпаулығымен, бетпақтығымен, долылығымен жолдасының сағын сындырады, мұндай әйелге кез болған еркектің «белге соққан жыландай» амалы құрып, «өмірі арманда өтетінін», қапалықпен ғұмыр кешетінін айтады. Ақын жастарға жақсы жар таңдай білудің маңызын түсіндіріп, келелі ақыл-кеңес береді, бірақ әйелдің әлеуметтік құқтары туралы пікір қозғамайды, оның пікірінше әйел тек үй ішінің құты, сүйген жар, баланың анасы деген түсінік шеңберінде ғана қалған /1/.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы / Құраст. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. 1-2 кітаптар. – Алматы: Рауан, 1998. -20-30 бет
2. Мұқанов С. Қазақ қауымы. – Алматы, 1995. – 304 б.
3. Левшин А.И. Описние киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы, 1996.- 25 бет
4. Қенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1998.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада қазақ ағартушылары мен этнографтардың қазақ отбасындағы тәлім-тәрбие мен әдет-ғұрыптар көзқарастары айтылған.

РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматриваются взгляды просветителей, этнографов о воспитании и обычаях в казахской семье.

СОЦИАЛЬНАЯ ПРИРОДА ИСТОРИЧЕСКОГО ИСТОЧНИКА

Кадыртаева М.А.-доцент (г.Алматы, КазгосженПУ)
Жакупова Г.Т.-доцент (г.Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)

Теоретическая часть источниковедения включает в себя проблемы создания источников и их роли в историческом познании. Эти вопросы находят свое освещение в учебниках и монографиях по источниковедению /1/. Достаточно полно это было представлено в учебнике под редакцией И.Д. Ковальченко /2/. Однако эти учебные материалы интерпретировали данную проблему с точки зрения марксистской методологии. Новые истолкования этого вопроса дано в новом учебнике «Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории (М.1998 г.)», изданном Российским гуманитарным университетом. В отличие от предшествующих учебников он предлагает цивилизационно-культурологическое изложение теоретико-методологических и методических основ источниковедения /3/.

В данной статье рассматриваются некоторые стороны социальной природы исторического источника, которые являются определяющими в формировании концептуальных подходов различных групп историков по вопросам теории источниковедения.

Особенность исторического познания состоит в том, что нельзя воссоздать прошлое путем каких-либо экспериментов как это обычно принято в естественных науках, история восстанавливает прошлое на основе различных видов источников, т.е. реконструкция исторической действительности происходит опосредованно. И встает центральный вопрос источниковедения, каким путем создаются исторические источники.

Общеизвестно, что источники возникают в ходе целенаправленной деятельности человека, т.е. что исторические источники связаны с человеческой деятельностью и являются продуктом этой деятельностью. Большинство историков характеризуют исторический источник как материальный продукт прошлой человеческой деятельности, обусловленный определенными условиями, задачами и целями. В связи с этим очень важно понять, что представляло собой это прошлая конкретная реальность, в которой возник тот или иной источник. Об этом пишет Леви-Строс «С нашими современниками, мы также общаемся, - с их громадным большинством – благодаря самым различным посредникам – письменным документам или административному аппарату, который неизмеримо расширяет наши контакты, но и предает им опосредованный характер» /4/.

Всякий исторический источник есть, прежде всего, некоторая внешняя по отношению к познающему субъекту материальное образование – вещь, знак или

действие. Но в силу своего социального происхождения исторический источник обладает следующей спецификой – он является продуктом сознательной деятельности.

Однако понимание исторического источника как продукта человеческой деятельности и, следовательно, как общественного явления может быть как материалистическим, так и идеалистическим – в зависимости от того, какое содержание вкладывается в понятие «человеческая деятельность» и «продукт деятельности». Это определяющий водораздел между многими историками изучающими процесс создания источника. Процесс человеческой деятельности, рассматриваемый как практическое взаимодействие субъекта с предметами окружающей его природы и социальной реальности, характеризуется двумя противоположными, но неразрывно связанными между собой моментами: субъективизацией предметов реальности и объективизацией человека в продуктах деятельности. Субъективизация – это такая сторона процесса человеческой деятельности, в которой находят свое выражение, осуществляемое субъектом – выделение из окружающей реальности тех или иных предметов, их включение в сферу своей деятельности и тем самым превращение их в предметы и орудие деятельности. Уже в самих понятиях «предмет деятельности» и « средства деятельности» зафиксирован факт субъективизации предмета реальности, т.е. вовлеченные в сферу деятельности человека предметы природы «очеловечиваются» научно это выражаются субъективизируются, или иначе говоря, это не просто предмет природы, а предмет включенный в сферу деятельности человека (опосредованный этой деятельностью).

Степень опосредования бывает различной, но все предметы, включенные в сферу человеческой деятельности, несут на себе этот след и чем более значительным для историка является «этот» след, тем больше у него оснований использовать эти предметы в качестве исторических источников.

История человеческого общества разворачивается в определенных природно-географических условиях. Испытывая постоянное влияние со стороны природной среды, человек сам активно воздействует на нее, преобразует сообразно своим потребностям и по мере развития своих производительных сил. Поэтому природно-географическую среду можно считать « очеловеченной» в той степени, в какой она опосредована в присутствии человека и втянута в сферу его многообразной производственной деятельности. В свете этого положения можно утверждать, что те предметы природы, которые опосредованы человеческой деятельностью прямо или косвенно свидетельствуют о каких то сторонах жизни человека, оставаясь «физическими предметами», произведенными природой, вместе с тем становятся в той или иной степени общественными, «историческими предметами» и потенциальными историческими источниками. Такие предметы интересуют историка не стороны их природных свойств, а со стороны их связей с человеком, как свидетельство жизни человека.

Но если в качестве исторических источников могут выступать предметы природы, опосредованные человеческой деятельностью и вместе с тем, не являющиеся в обычном смысле «продуктами» этой деятельности, то очевидно, понятие исторического источника не следует жестко связывать с любым значением понятия «продукт деятельности». То что эти понятия в определенном смысле совпадают, вовсе не означают что они тождественны друг другу во всех отношениях. Во-первых, понятия «продукт человеческой деятельности» обозначает не только материальные образования, созданные человеком, но и идеальные продукты духовного производства, которые не могут рассматриваться в качестве исторических источников, до тех пор пока они не материализованы. В указанном значении понятие «продукты деятельности» не совпадает с понятием исторического источника. Во-вторых, понятие «продукт человеческой деятельности» употребляется для обозначения вещественных продуктов материального производства, созданных рукой и разумом человека. Взятые в

данном значении понятие «продукта человеческой деятельности» оказываются по своему содержанию уже понятия исторического источника, поскольку последнее обозначает не только вещи, созданные трудом человека, но и предметы природного происхождения, вовлеченные в сферу человеческой деятельности и потому получившие в той или иной степени характер «общественных предметов». Именно в сфере деятельности предмет природы преобразуется в предмет деятельности, приобретая помимо своего природного бытия, бытие социальное. Это преобразование носит функциональный характер, так как оно в данном случае характеризуется не качественными изменениями самой природной формы предмета, а его практическим использованием для удовлетворения той или иной потребности человека.

Рассматриваемый ретроспективно как продукт прошлого труда, исторический источник оказывается двойственным по своей природе. С одной стороны, он будучи произведен человеком, выступает как внешний предмет, обладающий определенными естественно-природными свойствами, чувственно воспринимаемыми человеком. С другой стороны, в нем благодаря труду человека находит свое осуществление. заранее поставленная сознательная цель человека, отсюда его целенаправленность, которая носит общественный характер.

Исторический источник, рассматриваемый как продукт труда, представляет собой единство объективного и субъективного. Он объективен прежде всего в том смысле что отражает определенные исторические явления, которые существовали объективно вне зависимости от создававшего источник человека. Вместе с тем он включает в себя субъективное начало, поскольку он результат труда создателя источника, который выразил в источнике свои потребности, способности, свое видение исторического процесса. Однако это субъективное восприятие объективного, представлено в форме определенного предметного бытия человека.

В историческом источнике как продукте труда человек реализует, объективирует самого себя, свое мировоззрение. Таким образом, создание исторического источника неразрывно связано с индивидуумом, его материальной и духовной деятельностью. Здесь следует подчеркнуть овеществление умственной деятельности. В историческом источнике идеальные формы, продукты духовного творчества, превращены в формы объективной реальности. Магические рисунки в пещерах охотников в период верхнего палеолита, созданные несколько веков назад, картины Леонардо да Винчи и статуи, созданные несколько веков назад, сохранили свое объективное содержание, дух эпохи.

В историческом источнике как продукте труда объект субъективизирован, а субъект объективизирован. Объективное и субъективное в историческом источнике образует неразрывное единство, они взаимопроникают в друг друга. Присущее историческому источнику единство объективного и субъективного является выражением социальной природы источника, делает его общественным явлением. Социальная природа исторического источника является результатом опредмеченной человеческой деятельности, поэтому социальность исторического источника представляет особую разновидность этого понятия. Исторический источник является результатом прошлой предметной социальной и психической деятельности человека. Прошлая реальность в источниках представлена индивидуализировано через сознание человека прошлого. Это видно и в отборе исторических фактов и их интерпретации, т.е. перед нами предстает индивидуализированная прошлая реальность. Эта реальность не тождественна прошлому, а является результатом субъективизирования прошлых исторических явлений. Это феномен прошлой культуры. В источнике представлены субъективные мысли, впечатления создателя исторического источника. Таким образом, историк, работая над источником, имеет опосредованную реальность. Эта реальность, профильтрованная через мышление создателя источника. Исходя из этих установок, можно утверждать, что реальность социальной природы исторического источника как общественного продукта носит функциональный характер и состоит в общественной

значимости. Археолог, изучая с помощью разнообразных методов естественных и технических наук археологические источники, не превращает в простое вещное собирательство, а он на основании этих вещей составляет суждения о прошлой духовной и материальной жизни. Вместе с тем и здесь ученый свои суждения и доказательства составляет на основании своего мировоззрения, уровня профессионализма, т.е. на этом этапе изучение прошлого происходит вторичная субъективизация исторического прошлого, это сказывается в отборе фактов и интерпретации ученым прошлой реальности.

Таким образом, исторические памятники, рассматриваемые как продукты целеполагающей деятельности человека, представляет собой явления общественной жизни, формы предметного бытия субъекта. В них опредмечены сущностные силы человека, объективизировано, воплощена материальная и духовная деятельность людей прошлого. Именно благодаря объективизированной в них сущности человека, его деятельности, исторические источники с самого начала своего возникновения приобретают черты социального явления, воплощающие в себе единство объективного и субъективного, определяющее их функциональную природу.

ЛИТЕРАТУРА

1. Стрельский В.И. Источниковедение истории СССР периода империализма. М., 1962.
Тихомиров М.Н. Источниковедение истории СССР. С древнейших времен до конца XVIII века. М., 1940. (2-е изд. М., 1962).
История СССР XIX начала XX в. М., 1970.
2. Источниковедение истории СССР. 2-е изд. Под ред. И.Д.Ковальченко. М., 1981.
3. «Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники российской истории» (М.1998 г.)
Источниковедение. Теория, история, методы. – М.: РГГУ, 2004. – 701 с.
Лаппо-Данилевский А.С. Методология истории. – М.: Территория будущего, 2006. – 622 с.
Медушевская О.М. Теория исторического познания. – СПб.: Университетская книга, 2010. – 571 с.
4. Леви-Строс. Первобытное мышление. М., 1985. С 325

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы социальной природы исторического источника с точки зрения культурно-цивилизационного подхода к изучению исторического источника.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада тарихи деректің әлеуметтік негізі мәдени өркениеттік тұрғыдан қаралады.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН МАГИСТРАНТТАРҒА ОҚЫТУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бегалиева А.А. – т.ғ.к., профессор (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қай заманда болмасын, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиелеу келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің борышымыз.

XXI ғасыр – білімнің дәуірі. Елбасы: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық» дегені бар.

Еліміз өзінің Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерекесін жан-жақты атап өтудің барлық шараларын іске қосуда. Бүгінде әлемдік саяси картада 250-дей ел бар екен. Осының қаншасы тәуелсіз мемлекеттер санатында? Егер тәуелсіздігі танылып, мойындалмаса, оларға не кедергі? Осы ретте, қазір Жер шарында бізбен қатар өмір сүріп отырған 3000-ға жуық этнос пен ұлыстың өзіндік ұлттық мемлекеті жоқ. Осы айтылған сандарды дұрыс түсінсек, «Тәуелсіздіктің» қандай қастерлі де қасиетті дүние екенін жете ұғынар ма едік? Аталарымыздың «Егемен болмай, ел болмас» дегендей, сонымен қатар, ол елдер өз болашағымен мақсат-міндеттерін де дербес айқындай алмайды. Міне, бір ауыз сөз –Тәуелсіздіктің құдіреті. Біз тәуелсіздікке оп-оңай қол жеткізе алғанымыз жоқ. Осынау ұлыстың ұлы күні – ет жүрегі Отан деп соққан әрбір азаматтың қасиетті мерекесі,-еліміздің басты тойы /1/.

Біздің халқымыз тарихтың қатпар-қатпар қыртыстарына тамырын терең жіберген қиын да қызықты, талайлы тағдыр кешті. Ол негізінен, тәуелсіздік жолындағы күреспен өтті. Бүгінгі Қазақстанның алдына қойып отырған міндеттердің ауқымы мен артар жауапкершілік жүгін әлгіндей оқиғалардың таңбалы тарихи тізбегін, ата-бабаларымыздың жүздеген ұрпақтарының жанын жай таптырмаған азапты ізденістерін ескермей тұрып бағалау да, бағымдауда да қиын. Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ парақ бетіне күні кеше түсе қалған жоқ. Оның көне дәуірлері бар. Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де, кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек. Арғы бабаларымыздың көрегендігіне қайран қалмасқа шараң жоқ. Олар тарихқа ықыласпен ден қоюдың маңыздылығын сөзімен де, ісімен де өсиеттеп кеткен екен. 5 мың жылдық өткені бар Арқайым қаласы, одан берідегі Есік, Берел қорғандары, сармат жауынгерлері, байыр түркі жазулары – бәрі ұлы даланың адамзат өркениетіне қосқан мәңгі құндылықтарын әрі кемел даналығын айғақтап тұрғаны өз алдына, осынау асыл мұралар тарихты тануға, құрметтеуге, қайдан, қашан шыққанымызды ұмытпауға, сана мен жадымызға зорлықпен танылған жалған ұғым – түсініктерден тезірек арылуға сенім ұялатып, міндет артуда /2/. Осыдан бір жарым мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұңғыш ұлы мемлекетін – Түрік қағандығын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, олардың ішінде біздің елімізде сол қағандықтың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табылады. Түркілердің көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың, ең алдымен түркі тілдес халықтардың қалыптасуына негіз жасап берді. Олар ұлан ғайыр аймаққа орналасты. Бір шеті сонау Саха елінен бастап, екінші шеті сонау Жерорта теңізіне дейінгі аралықты он мың шақырым жерді жайлап жатты. Түркі көшпелілерінің әлем тарихында алар орны ерекше. Түрік қағандығы тұсында бастау алған мемлекеттігімізді кешегі тарихи оқиғалар көп өзгеріске ұшыратты. Еуразия құрлығының келбетін Шыңғыс ханның басқыншылығы астаң-кестең етті. Монғол шапқыншылығы Қазақстан

аумағында халықтың қалыптасуын күрт тоқтатып тастады. Ірі тайпалар тобы сапырылысқа түсіп кетті. Қыпшақтардың бір тобы Қазақстанның солтүстігі мен Батыс Сібірдің ту сыртына көшті. Қуғынға түскен наймандар мен керейлер де солай қарай жөнкілді. Қыпшақтардың талай Жерорта теңізінен Үнді мұхиты мен Тынық мұхитқа дейінгі аралықтағы елдерге тарап, сіңіп кетті. Монғол империясының қиратылған жұртында көптеген мемлекеттер дүниеге келді. Қазақстан жерінде басқыншылық тоқтатып тастаған процесс - халықтың мемлекетін қалыптасу процесі қайта өріс алды. Қазақ хандығының дүниеге келуі монғол басқыншылығы қарсаңында қазіргі Қазақстан жерінде бастау алған әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси процестердің заңды нәтижесі болды. XV – XVII ғасырларда Қазақ хандығы нығайып шек-шеңбері кеңі түсті. Қазақ мемлекетінің құрылуы оның құқықтық негізін сақтауға мүмкіндік берді. Сол дәуірдегі заң жәдігерліктері деп біз бүгінгі күнге жетпей қалған «Қасым ханның қасқа жолын», осы дәуірге дейін сақталған Тәуке ханның «Жеті жарғысын» айтамыз. Қазақ даласына қай кезде де дұшпан көздің сұғы көп қадалған. XVIII ғасырдың басынан бері қарай Қазақстанның сыртқы саяси жағдайы күрт шиеленісіп кетті. Батыс жақтан Орал казактары қолтығына су бүріккен Еділ қалмақтары шабуылдай бастады. Жайық бойындағы ен шалғынға башқұрттар таласуын қоймады. Оның үстіне қалмақтар да, башқұрттар да Орыс патшалығының бодандары еді. Мұның өзі, айналып келгенде, орыс қазақ қатынастарының шиеленісе түсуіне себепкер болды. Дегенмен, басты қауіп Шығыстан ойраттардың бір орталықтан басқарылатын қуатты көшпелі мемлекеті - Жоңғар хандығы тарапынан төніп тұрды. Орталық Азия тарихындағы аса бір қиынқыстау кезеңде қазақ халқы азулы басқыншыға қарсы екі жүз жылдық күрестің ең ауыр жүгін жеке өз мойнымен көтерді. Бұл жолда елім деп еңіреген ерлер мен кемел қолбасшыларды алға шығарды. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай, Тайлақ, Саңырақ, Малайсары, Есет, Жәнібек сияқты көптеген батырлар сондай тұлғалар болды. Олардың ерен ерлігін халық жырға қосып, атын аңызға айналдырды. Ер есімі – ел есінде. Еркіндік алған елдің бүгінгі ұрпақтары өзінің батыр бабаларына тағзым етіп, әзіз аттарын ардақтайтыны әбден әділетті іс. 1726 жылы Түркістанның оңтүстік-шығыс бетіндегі Ордабасы биігінде қазақтың барлық тайпалары мен руларының жақсысы мен жайсаңының басы қосылған ұлы жиын өтті. Сол жиында бүкіл қазақ қосынының басын біріктіру жөнінде тарихи мәні ерекше шешім қабылданды. Халықтың үш ұлы перзенті – Әлібекұлы Төле би, Келдібекұлы Қазыбек би, Байбекұлы Әйтеке би елдің бірлікті аңсаған арманын жүзеге асырды. Қазақ әскерінің бас сардары болып өзінің жаужүрек қолбасы екенін талай танытқан Әбілхайыр сайланды. Жоңғар қолы мен қазақ жасағының алғашқы ірі шайқасы 1727 жылы Бұланты өзенінің бойында болды. Еуразияның жаңа тарихында өзінің ауқымы жөнінен де, кейінгі тарихқа ықпал әсері жөнінен де кешегі Кеңес дәуірінің ғылымы жете бағаламай кеткен сол қанқасап қырғынға тең келер шайқас болған емес. Ойраттарға ойсырата соққы берілді. Шайқас даласын халық содан бері «Қалмақ қырылған» деп атап кетті. Жоңғар хандығына қарсы күрестің негізгі ауыртпалығы қазақ халқына түсті. Бұланты бойындағы жеңіс ұлтты ұйытып, тас түйін жұмылдырды. Жоңғар басқыншыларына қарсы Отан соғысы барысында бетбұрыс кезеңінің барысы болды. Содан бері қарай стратегиялық басымдық қазақ қолына көшті. 1730 жылғы Аңырақай шайқасындағы жеңіс соның айқын айғағы еді. Жоңғар хандығымен күреске бел шеше кірісу үшін батыс тараптағы елдермен бейбіт қарым-қатынас орнату қажет болды. Оны Ресейдің патша өкіметі де жақсы түсінді. Ол сол кездің өзінде халықтарды бір-біріне айдап салу саясатын шебер жүргізе бастаған-ды. Атап айтқанда, мұндай әдістер екі халықты да қирату мақсатымен қазақтар мен ойраттар арасында соғыс өртін тұтату үшін пайдаланылды. XVIII ғасырда мұнан кейін болған аса күрделі оқиғалардың алғы шарттары осылай болды. Соның салдарынан алдымен Батыс, одан кейін басқа да аймақтар тәуелсіздігінен айырылды, ақыр аяғында Қазақстан Ресей империясының отарына айналды. Осы тұста Қытайдың Орталық Азияға сұғына кіруі де өрістей түсті. Ел басына ауыр күн туған XVIII

ғасырдың орта тұсында ұлы ханымыз Абылай керемет қолбасы ретінде де, ақылы терең дипломат ретінде де таныла білді. Пекинмен елшілік байланыстарын үдете дамыта отырып, Абылай Ресеймен немесе Қытаймен бірлескен, яки қапталдасқан түрде олардың бірде-біріне қарсы әрекет етудің қай-қайсысынан да бойын аулақ сала алды. Дегенмен тарих доңғалағы тоқтамай алға жылжи берді. Көшпелі мемлекеттердің біртіндеп басынан бағы тая бастады. Сан түрлі жағдаяттар жинала келіп, Қазақстанның тәуелсіздігінен айырылар күнін жақындата түсті. Қазақстанның Ресейге қосылуы бір жарым ғасыр уақытқа созылды. Ол бейбіт жолмен де әскери күшпен де жүзеге асырылды. Қалай дегенде де ол басып алу болатын. Қазақстанның Ресейге қосылуының әдіс-тәсілдерінің әр қилы екендігіне қарамастан, оның мәні айналып келегенде біреу – отарлау. Бұл бір жағынан Қоқан мен Хиуаның басып кіруіне қарсы күресіп жатқан қазақ халқының табанды қарсылық көрсетуіне тап болды. Халықтың тәуелсіздік жолындағы күресін бастаған Сырым Датов, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов сынды талай-талай көсемдер мен батырлардың айрықша ардақты аттары дәл сол жылдарда елдігіміздің тарихына мәңгі-бақи жазылды. Қазақ даласында тәуелсіздік жолындағы жалпы ұлттық қозғалыс басталды. Оның тізгінін атақты Абылай ханның немересі Кенесары Қасымов ұстады. Кенесары ханның қазақ даласын біріктіру әрекеті әбден пісіп жетілген болатын. Кенесары Қасымовтың қазақ жерін отарлауға қарсы он жыл бойы жүргізген соғысына Қазақстан халқының көпшілігі көтерілді. Ол күрес тарих шежіресіне ел рухының қайта өрлеген кезеңі және ең соңғы көшпелі қазақ мемлекетінің біржола күйреген кезеңі болып енді.

XIX ғасырдың соңына қарай Қазақстан аумағына Ресей империясының еуропалық бөлігінен көшіп келушілер ағыла бастады. Ғасырдың алпысыншы жылдарында патша Қазақстанды отарлауды әскери казактарға қоса шаруалардың қолымен де қатігездікпен жүргізуге көшті. Отарлау барысында тұрғылықты халықтың жері жаппай тартып алына бастады. Патшалық Ресейден көшіріп келтіру саясаты қазақ қоғамының шаруашылық өміріне аяусыз соққы болып тиді.

Ендігі жерде азаттық қозғалысының тізгінін ұлттық бірлесуін мұрат қып ұстанған Алаштың білімді де, білікті асыл азаматтары қолға алды. Ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев, Бақытжан Қаратаев, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер және басқалар болды, олардың көпшілігі Петербургтің Мәскеудің, Варшаваның, Қазанның, Омбы мен Орынбордың жоғарғы оқу орындары мен училищелерін бітіріп шыққан, аса білімді адамдар еді. 1916 жылы шілденің аяғы мен тамыздың бас шенінде Қазақстанда өз-өзінен құрылып жатқан көтерілісшілер жасақтарының кәсіби әскермен қиян-кескі шайқастары жүріп жатты.

Олардың арасында Торғай төсіндегі көтеріліс басқаларынан гөрі ұйымшыл, ұзағырақ болды. Көтерілісті Кенесарының жауынгер серігі Иман батырдың немересі Амангелді Үдербайұлы Иманов бастады. 1917 ж. ақпан революциясынан кейін өкімет басына келген уақытша үкімет империялық ұлт саясатының салдарларын жоюға, сөйтіп ұлттық бітім-бәтуа саясатын жүзеге асыруға әрекет жасап көрді. 1917 жылғы Қазан революциясы Қазақ халқы өзінің басты мақсатына жетуге ұлттық мемлекеттігін қайта қалыптастыруға мүмкіндік алды. Алайда Ресей қоғамындағы жаңа тығырық оқиғаларды одан әрі бейбіт түрде дамытпады, соның салдарынан большевиктер партиясының диктатурасы орнатылып, елді азамат соғысының өрті шарпыды.

Ұлттық мемлекет десе аза бойы қаза болатын большевиктер өздерінің билігін нығайту үшін 1920 жылы құрылған Қазақ АССР-і дүниеге осылайша келді. 20-сыншы жылдардың екінші жартысынан бері қарай большевиктік мемлекет жаңа экономикалық саясат қисынынан бірте-бірте аулақтап, өз саясатын, халықты жазалай отырып, қазан революциясы тұсында межелеген алға жылжу бағытына бұра бастады. Қазақтарды күшпен ортақшылдандыру мен отырықшыландыру, ауылдағы қарама-қайшылықтарды қолдан ушықтыру, қоғамның бір бөлігін бір бөлігіне айдап салу арқылы аяғында

ұлттық апатқа ұрындырды. Демографиялық апаттың ауқымы бәрінен де сұмдық болып шықты. 1929-1933 жылдардағы аштықтан, соған байланысты індеттен қайтыс болған, шет жерге көшіп кеткен қазақтардың саны әлі күнге онша анық болмай тұр. Айтушылар опат болғандар саны 1 миллион 750 мың мен 2 миллион 200 мың деген сандардың арасынан іздейді. Демек, ұжымдастыру барысында осы елдегі негізгі этностың 42-49 пайызы құрбан болған. Аштық жылдарында 1 миллион 30 мың адам республикадан шет жерлерге көшіп кетті, олардың 616 мыңы қайтпай қалды. Мемлекеттің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірілері Созақ, Ырғыз, Ақсу, Абыралы, Адай, Қарақұм және басқа да көтерілістер еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды.

Бұған сол жылдарда республикада кеңінен қанат жайған Сталиндік жаппай жазалауды қосу керек. Оның барысында қазақ мәдениетінің, ғылымы мен білімінің аса көрнекті өкілдері атып асылды, лагерьлерде көзі жойылды. Дәл бүгінгідей күні сол жылдардағы жазықсыз жазалаудың құрбаны болған Шәкәрім Құдайбердиевті, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты, Мұхамеджан Тынышбаевты, Мағжан Жұмабаевты, Санжар Асфандияровты, Ораз Жандосовты, Тұрар Рысқұловты, Сәкен Сейфуллинді, Илияс Жансүгіровты, Бейімбет Майлинді, Сұлтанбек Қожановты, тағы басқа да мыңдаған адамдарды еске алмау мүмкін емес. Социалистік утопияны жүзеге асырамыз деп әлектенген большевиктік эксперимент қазақ халқын осындай күйге ұшыратты. Алайда, халықтардың тарихындағы сол бір қасіретті, қанқұйлы кезең туралы Сталиндік режимнің тұсында да, жеке басқа табынушылықты әшкерелеген жылдарда да ешкім тіс жармады. Тоқырау жылдарында мұны ешкім ауызға алмады. Кешегі кезеңді боямалап көрсетуге бейім тұрғандар қазір де сол күндерді ұмытуға тырысады. Бірақ ол күндерді ұмыту дегеніміз – қанқұйлы режимнің миллиондаған құрбандарының әруағын қорлау деген сөз. Социализмнің бұдан кейінгі «ұлы» құрылыстары аса ауқымды экологиялық апатқа – Арал қасіретіне әкеліп соқтырды. Әскерилердің әулекі әрекеттері Семейдегі, Қазақстанның өзге де аймақтарындағы қасіретке ұласты.

Қазақ халқы мен қазақ жері ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарына дейін алдымен Ресей, содан кейін Кеңес империясының отарлық шылауы болып келеді. Ондаған жылдар бойы айтылмай келген тарихи шындық қорыта айтсақ осындай.

КСРО-ның батыс бөлігі жауда қалған екінші дүниежүзілік соғыс, Батыспен текетіреске түскен «қырғи-қабақ соғыс» Кеңес үкіметінің экономикасын бір жерге шоғырландырмай, елдің шығыс бөлігінің де әлеуетін дамытуға мәжбүр етті. Көбіне-көп шикізат өндіріп, ұқсататын кәсіпорындар салынды. Қазақстан басқа аймақтарға минералдық шикізат шығарып, жаппай экологиялық зиянды өндіріс республикасына айналды. Соғыстан кейінгі жылдары екпінді құрылыстар салғанда да коммунистік басшылық осындай жымысқы саясат жүргізді.

Біз мемлекеттік тәуелсіздікке көп ұлтты, көп дінді күрделі құрамда жетіп отырмыз. Сондықтан да, тәуелсіздіктің бірінші күнінен бастап, барлық ұлттар адамдары арасында теңдікті, туысқандықты, достықты және бірлікті өз саясатымыздың өзегі қылып ұстанды. Қазіргі Ресей, патшалық Ресей, Кеңес үкіметі - әрқайсысы әр сипатты мемлекет. Қазақстан көршілермен бәрімен де, оның ішінде Ресеймен де достық және ынтымақтастық жөнінде келісім-шартқа отырды.

Жаңа Қазақстан, өз мемлекеттігін орната отырып, күллі адамзаттың қауымдастықпен тату-тәтті өмір сүруді, өз ішінде ынтымақтастықты нығайтуды көздеді. Орыс халқы мен қатынастарды отарлау кезеңінің өлшемдеріне қарап құруға тиіс емеспіз. Қазіргі заманның ақиқат шындықтарын ескере отырып нығайту екі халықтың түбегейлі міндеттеріне сай келеді.

Біз бүгін тағы да бір датаны – 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларының 25 жылдығын да атағалы отырмыз. Ұлт мәселесін шешудің тоталитарлық тәсілдері тұңғыш рет Қазақстанда сыр берді. Аңызбен апталып, қалыппен қапталған ұлттық сана-сезім соғыстан кейінгі тарихта алғаш рет саяси іс-қимылға айналды. «Бүкіл қазақ халқының ұлттық қадір-қасиетін аспандатқан азаматтардың әруағын, ең алдымен жастарымыздың батыл да қалтықсыз іс-әрекеттерін ардақтай отырып, мен жастай қыршынынан қиылған есіл ер Қайрат Рысқұлбековке біздің еліміздің ең жоғарғы наградасы - «Халық қаһарманы» атағын беру туралы жарлыққа қол қойдым»/3/ деді Н.Ә.Назарбаев.

20-жылдығын тойлап отырған біздің тәуелсіздігіміз қазақ халқының талай ғасырлар бойы тарихындағы миллиондаған жандардың еркіндік жолындағы күресінің, төгілген қанының өтеуі.

1936 жылы Қазақ АКСР-ден Одақтық республика мәртебесіне ие болғанымызды тарихтың, тағдырдың жұлдызды сәті ретінде қабылдауымыз керек. Бұған жетпегендер КСРО ыдырағанда тәуелсіздігін жариялай алмады. 1991 жылдың 16 желтоқсанында 260 жыл бойы зорлық-зомбылықтың астында жүрсе де оптимизмін жоғалтпаған, атамекенінен аумаған халқымыз тас қапасты бұзып, тәуелсіздікке қол жеткізді. Содан бері де атқарылған істер ұлан ғайыр. Азаттықтың әр жылы, бодандықтағы кеңестік жүйедегі ғасырларға бергісіз. Өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді. Қазақ халқы мемлекет құраушы ұлтқа айналды, Қазақстан республикасы дербес мемлекет ретінде қалыптасты /3/.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекетінің қалыптасуының саяси тарихында Н.Ә. Назарбаевтың жеке тұлға ретіндегі үздік рөлі, саяси қызметі тарихи-саяси тұрғыдан мойындалған, жан-жақты танылған, әділ бағаланған құбылыс /4/.

Ақиқатында екі ХХ-ХХІ ғасырдың түйіндісіндегі еліміз тағдыры үшін айрықша маңызды оқиғаларға қатысушы тұлғалардан Н.Ә.Назарбаевтың оқ бойы озық тұрғаны даусыз құбылыс. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі аса жауапты тарихи кезеңдегі мемлекет пен ұлт дамуының мүдделеріне, елдің тарихи, саяси, демократиялық, мәдени тілдік дәстүрлеріне, әлеуметтік таптық құрылымына, әлеуметтік-экономикалық деңгейіне сай өкілдіктері бар парламенттің формасын таңдау, оны конституциялық жолмен анықтау миссиясы жауапкершілігін Н.Ә.Назарбаев өзіне алды /5/.

Отандық тарих ғылымы күрделі өзгерістерді бастан кешуде. Жоғары оқу орындарындағы тарих факультеттерінің құрылымы мен білікті маман даярлау мазмұны әлемдік үлгіге бейімделуде. Олар: білім беру жүйесін дамытудағы серпіндік, еліміздің ғылымын дамыту мен ғылыми потенциалын арттыру, инновациялық жүйені дамыту. Қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған біздің университеттің 67 жыл тарихы бар оқу орны. Бүгінгі күні осында оқитын магистрант жастар үшін шын мәніндегі рухани, ғылыми-мәдени орталыққа айналып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Қалың елім Қазағым. Қазақстан тәуелсіздігі. Тарих тағылымдары және Қазіргі заман. Алматы: Өнер, 1998 ж. 59-67, 68-73 беттер.
2. Әбжанов Х. Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері. Ғылыми-танымдық мақалалар жинағы. Қазақстан тарихын зерттеудің методологиялық ұстанымдары. Астана: «Астана полиграфия», 2011ж. 41-42, 47-49 беттер.
3. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. Алматы: «Өнер», 1996ж. 128-129 беттер.
4. Қалиев Н. Қазақстанның саяси жүйесіндегі Президент және Парламент институттарының өзара қатынасындағы эволюциясы. Астана 2011 ж. «Астана полиграфия». Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері ғылыми-танымдық мақалалар жинағы. 72-73 беттер.

ТҮЙІНДЕМЕ

Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдығына Ұлы Даланың адамзат өркениетіне қосқан тарихына кең көлемде шолу жасалған. Тәуелсіз Қазақстан тарихын магистранттарға оқытып зерттеудің өзекті мәселелеріне кеңінен тоқталған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена основным проблемам преподавания истории независимого Казахстана.

ТАРИХТЫ ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН АҚПАРАТТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖАЙЫНДА

Кусаинова Р.Т.-доцент (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстан 2020 стратегиялық бағдарламасы приоритетінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру тенденциясымен және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктірілуімен сипатталатын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға, оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информациялық қоғамға, яғни, негізгі рөлді ақпаратты алу, өңдеу, сақтау, тарату және пайдалану істерді атқаратын жаңа қоғамға көшу процесі жүріп жатыр.

Бүгінгі күні инновациялық әдістермен оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ақпараттық технологиялар негізінде ізденушілігін дамытып, құзыреттілігін қалыптастыру, тарихи объективизмді ұстана отырып шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинақтау ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы мектептегі сабақтарды жаңаша ұйымдастыру, мұғалімнің рөлі мен қызметінің артуына жағдай жасау, теориялық, ғылыми педагогикалық және психологиялық зерттеулерге сүйене отырып, оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру, ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы оқушыларды ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Инновациялық әдістерді баланың білім деңгейіне және жас ерекшелігіне қарай оқу үрдісінде пайдалану негізгі міндет болып табылады.

Тарих, соның ішінде Отан тарихы жас жеткіншектерді жеке адам ретінде қалыптастыруға, ой өрісін дамытуға, өзінің түп тамырларын білуіне, қазіргі заманның күрделі мәселерін дұрыс шешуге көмектеседі. Тарихи оқытудың басты мақсаты оқушыларға оның жерін ежелгі заманнан бүгінге дейін мекендеп келген адамзат жүріп өткен тарихи жолдың аса маңызды фактілерін, оқиғаларын, құбылыстарын оқып үйрету, адамдар жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибені меңгеру, сол арқылы арқылы жас ұрпақтың тәуелсіздік жолында Қазақстанның жаңа қоғамын құруға белсене қатысуына және Қазақстан мен дүние жүзінің тағдырына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру болып табылады.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» - деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмән жоқ. Бала мектеп табалдырығын «білсем» деген үлкен ынтамен аттайды. Осы бала бойындағы ынта мен ерік жігерді ары қарай ұщтай білу әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет, Оны атқару барысында ұстаз балалардың танымдық оқу іс әрекетін инновациялық әдістерді ақпараттық технологияларды

қолдану арқылы сауатты ұйымдастыра, басқара білуі тиіс. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымы қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Теориялық білімді игерту мен жаңғырту жаңа жағдайға іс жүзінде лайықтап қолдануға үйреткенде ғана оқушылардың алған білімі мен біліктілігі шынайы да нақтылы қалыптасады. Осындай жолмен қалыптасқан білім мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Инновациялық әдістердің ең негізгілерінің бірі «Интерактивті оқыту әдісі». Ең негізгі қағидасы педагогикалық қарым-қатынас пен қарым қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып, дамыту.

Өтілетін әрбір сабақ сын тұрғысынан ойлау әдісінің «авторлық орындық», «соңғы сөзді мен айтайыншы» тағы да басқа стратегияларын қолдану арқылы жүзеге асып оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсті. Мысалы 1945 соғыстан кейінгі кезеңдегі «мәдениеттің дамуы» тарауындағы «Е.Бекмаханов - шыншыл тарихшы» тақырыбында өткізілген дәстүрден тыс сабақ. Бұл сабақта «кубизм» стратегиясының кластерді пайдалану, тірек-сызбаларды қолдану, тарихи эсселер жазу сияқты инновациялық өздерінің нәтижесін беріп, оқушылардың ізденушілік қабілетін қалыптастырады. Осы үрдісті жолғастыру мақсатында «АҚШ тың 60-80 жж саяси дамуы» «Желтоқсан ызғары», «ҚР Президенті», «Қазақстандағы реформалар және салдары» тақырыптарында сабақтар өткізілді. Оқушыларға бұл тақырыптар бойынша қосымша деректер, қосымша материалдар, архивтік құжаттар қажет болды. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін оқытудың ақпараттық технологияларын игеруге тура келді.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір-бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.

3. Оқыту жүйесінің көп деңгейлі жетілдірілуі олардың таралымдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады.

Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше, сондай-ақ өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

«Компьютердің көрнекі-бейнелі ойлауды, қозғалыстық және ауызша қарым-қатынас машықтарын, мақсатты әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдер бар» деп көрсетеді Нокс Джордж.

Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулықтарды пайдаланып, электронды оқулықтағы көрнекіліктерге, деректерге сүйене отырып оқушылар өздерінің ой-өрісін кеңейтіп шынайы дерек көздерінен мәліметтерді жинауға дағдыланды. Сонымен бірге оқушылар интернеттен қосымша материалдар іздеу, алынған материалдарды саралау, талдау жасау арқылы тарихи объективизм принципін ұстанып өз бетімен ізденуге дағдыланды.

Тарих сабағында сынып оқушылары алғыр, өте ұйымшыл, ізденуге әрдайым дайын жас дарындар. Бұл сыныпқа білім беру мен тәрбиелеумен бірге жүріп жатты. Әрбір сабақ эстетикалық талғамнан, әдеп-инабат негізінен басталады, оның ең негізі «Бүгін мен ең...» деген плакатқа жазылған жазу. Сол жазуға өздерінің таңдаған эстетикалық, әдеп бойынша мәні бар сөздер, мысалы: «әдемімін», «тәрбиелімін». «ұқыптымын». «білімдімін» сол сабақтың эстетикалық, әдеп - инабат негізін анықтайды. Бұл инновациялық әдіс, біріншіден, мәнді сөздерді таңдап алған оқушы ойлау қабілетін дамытады, білім туралы нақыл сөздерді айту, білімнің пайдасын анық көрсете білу, өзінің позициясын анықтай білу, өзінің ойын ортаға салу.

Екіншіден, сынып оқушыларына жағымды әсері бар, өйткені олар тарих сабағында, ең білімді болуға тырысады, сонымен бірге эстетикалық бағытты таңдау

барысында тек қана бір тарих сабағы емес алтыншы сабаққа дейін, күн батқанға дейін деген бағыт болса, оқушы сол тарих сабағынан алған эстетикалық, әдеп-инабат әсерін санасына сіңіруге, миына тоқуға дағдыланады. «Авторлық орындық», «соңғы сөзді мен айтайыншы» стратегиялары, «Инсерт әдісі», «Кубизм әдісі», электронды оқулықпен жұмыс жүргізу, терминологиялық шеберлікпен қолдану негізінде білім сапасы арта берді. Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа моделдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті тұжырымдардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім берумоделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады.

Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туады, мұғалім тек қана білімді алып жүруші ғана емес, сонымен қатар оқушының өзіндік шығармашылық жұмысның жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталады. Осыған орай сабақ беру үрдісінде инновациялық әдістер оқытудың интерактивті оқыту моделі болып табылады.

Интерактивті әдістерге:

1. Проблемалық шығарма әдістері
2. Презентациялар
3. Пікір-таластар
4. Кейс-стадийлер
5. Топпен жұмыс
6. Миға шабуыл әдісі
7. Сын тұрғысынан ойлау әдісі
8. Викториналар
9. Мини зерттеулер
10. Іскерлік ойындар
11. Рөлдік ойындар
12. Инсерт әдісі (белгілеулер әдісі, 7-10 минут ішінде оқушылар эссе жазады.)
13. Блиц-сұрақтар әдісі
14. Анкета алу әдісі т.б

Ақпаратты беру мұғалім мен оқушының қарым-қатынастық ұстанымдарына негізделген. Жоғарыда көрсетілген әдістер оқушының белсенділігін арттырып, алынған мәліметтерді шығармашылық тұрғыдан қайта өңдеу болып табылады.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі өлшемдері:

1. Емін-еркін пікір таласқа түсу мүмкіндігі;
2. Белгілі бір материалды еркін түрде баяндау;
3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың бастамаларының жетекшілігі;
4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс-әрекеттерді дамыту;

5. Жазбаша жұмыстарды орындау.

Нарықтық қатынастар негізінде қалыптасып келе жатқан Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі негізгі приоритеттердің бірі оқушылардың мүдделерін қолдау болып табылады. Осыған орай мектеп-ресурстық орталығының әр мұғалімнің ең негізгі міндеті әрбір оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттырып әрбір оқушының шығармашылық шабытының тууына жағдай жасау. Осының негізінде ең басты педагогикалық міндет шешіледі: Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, өмірлік мамандығын анықтау және оның өмірге деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру. Осыған орай әрбір оқушының оқыту процесіне тартылуының соңғы нәтижесі оның білімділігі мен құзыреттілігіне байланысты. Сонымен қатар, қазіргі қоғамның ақпараттандырылуы білім беру үрдісіне түбегейлі өзгерістер әкеп, оқыту әдістемелерінің негіздерін түбегейлі қайта

қарастыруды талап етіп отыр. Сонымен, орта білім беру жүйесіндегі реформалар құрылымдық негізі бар, өзгерістерге толы жаңа әдістерге көшуді дұрыс деп танып отыр, өйткені дәстүрлі әдістерде «білім беру неғұрлым көп болса солғұрлым жақсы» деген ұстаным бойынша жүзеге асты, әрине, бұл дұрыс емес.

Оқыту процесін жоғары деңгейге көтерудің негізгі әдісі болып проблемалық шығармашылық әдіс болып саналады. Бұл әдісті қолдану барысында өтілген әрбір сабақ сұхбат болып өтіп, сабақ беру барысында зерттеушілік үрдісі жетекшілік етеді. Бұл әдістің ерекшелігі оқушыны оқыту процесіне қызықтырады. Сабақтың белгілі бір тақырыбын бастау барысында оқушыларға проблемалық сұрақ немесе проблемалық тапсырма беріледі. Проблеманы шешу барысында оқушының біліміне қойылатын талаптар мен оны түсіну арасындағы қарым-қайшылықты мұғалім болдыртпауға тырысады. Оның үстіне негізгі проблемалар оқушылардың өздерімен көтеріліп, сол проблемаларды шешу оқушылардың өздеріне жүктеледі. Әрине, проблемалық оқыту әдістерін ұйымдастыру өте күрделі болып табылады, өйткені мұғалімнің өте терең, өте жан-жақты дайындалуын талап етеді.

Бірақ, бастапқы кезеңде бұл әдісті бұрын өтіліп кеткен сабақтардың құрылымына қосымша ретінде пайдалануға болады.

Келесі құнды әдіс кейс-стадий әдісі немесе «оқытудың нақты жағдайлары». Бұл әдістің ең негізі болып «жағдай» ұғымы анықталады, яғни жағдайларды таңдау барысында ең соңғы нәтижеге әсер ететіні. Бұл әдісті қолдану барысында бір ғана дұрыс шешімнің болуы міндетті емес. Оқытудың бұл әдісінің негізінде оқушы өздігінен шешім қабылдап, сол шешімін дәлелдеп беруі тиіс. «Оқытудағы нақты жағдайлар» әдісі құқықтану мен медицина саласында ХХ ғасырдың басында қолданыла бастады. Оқытудың бұл әдісіне жетекшілік ететін Гарвард университеті. Өйткені, ең алғашқы кейс жағдайлары бизнес пәндерінде оқытылатын студенттердің сынамаларынан өткен. Кейс-стадий әдістерінің авторларының айтуынша оқушылар мен оқытушылар әрбір іскерлік жағдайлар мен мәселелерді талдауға қатысады. Мұндай кейс-стадий жазбаша түрде құрылып, шынайы деректермен негізделіп оқушылардың оқуға және сол мәселе бойынша сұхбаттасуына арналған.

Кейс-стадийдің ерекшеліктері:

1. Белгісіз бір жағдайларда ең дұрыс шешім қабылдау.
2. Шешім қабылдаудың жолдарын іздестіру, оларды жоспарлау.
3. Белгілі бір жағдайларды зерттеу дағдыларын қалыптастыру.
4. Жоспарларды құра білу.
5. Теориялық алған білімдерді тәжірибеде қолдана білу.
6. Басқа да мамандардың көзқарастарын елеу.

Бұл әдістің ең басты жетістігі белгілі бір жағдайларға талдау жасай білу, баламаны бағалай білу, тәжірибелік мәселелерді шешуге дағдыландырады.

«Оқытудағы нақты жағдайлар» әдісін пайдаланудың жалпы технологиясын ұсынамын:

- а) оқытушы кейсті таңдайды;
- б) негізгі және қосымша материалдарды нақтылайды;
- в) сценарий жазады.

Оқушының міндеті-кейсті, қосымша әдебиеттер тізімін алып сабаққа дайындалу.

Сабақ барысында мұғалім:

- а) кейсті алдын-ала пікірталасқа салуды ұйымдастырады;
- б) топтарды шағын топтарға бөледі;
- в) кейсті талдау барысында сұхбаттасуға жетекшілік етеді;

Оқушы:

- а) сұрақтар қояды;
- б) шешім қабылдаудың жолдарын ұсынады;

в)шешім қабылдайды;

г)осы жұмыс туралы жазбаша есеп құрастырады;

Жаңа инновациялық әдістемелерге қысқаша тоқталғаннан кейін Қазақстан тарихы пәні бойынша осы әдістерді қолдану тәжірибесіне тоқталайық.

Қазақстан тарихы гуманитарлық пән.Тарих пәнін оқытудың ерекшелігі сөз өнеріне негізделеді, өйткені ежелгі гректер тарихты өнер деп таныған. Оқу курсындағы тарихтың басты мақсаты тарихи ұстанымдар мазмұндарын ашып, тарих ұғымын ғылыми тұрғыда оқушыларға түсіндіру. Осы тұрғыда мұғалімнің міндеті бір жағынан оқушыларға күзиретті білім беру, екінші жағынан білім мен білік дағдыларын өзіндік іздену арқылы оқу принципіне негіздеу. Осыған орай компьютер мен интернеттің көмегі өте зор. Соның ішінде компьютерлік және интернет технологияларды меңгеруге оқыту процесінде интерактивті әдістерді қолдану кең етек жайып келеді. Компьютер мен интернет біздің өмірімізге сіңісіп кеткендіктен біз оларсыз қазіргі әлемді елестете алмаймыз. Сол үшін интерактивті әдістер ғана оқыту әдістемесін таңдау мен негізгі мәселелерін шешуге жетекші рөл атқарады, білім берудің құралы мен жолдары осы әдіске негізделуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда оқыту әдістерінің соңғы нәтижесінің жемісі маңызды болып саналады.

Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын пайдалану-барлық мәселелердің шешімі деп қарастыруға болмайды, өйткені бұл-мектептегі білімдік негізді шешетін құрал, сондықтан да мектеп оқушыларының өзіне тән ерекшелігін ескеріп, әрбір кезеңін мұқият саралаудан өткізіп барып тәжірибеде қолдану керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы, 2001.156-168б.б.
- 2.Тәжібаев Б.Х. «Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технолгияларын тарих сабағында қолдану»// Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика .2007.№2. 47 б.
- 3.Ережепова Г. Модульдік технология хақында. Қазақ тарихы,2001,5.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада мектепте тарих сабағында инновациялық әдістерді пайдалану тәсілдері айтылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена использованию инновационных метод обучения на уроках истории.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ**Д.А. ҚОНАЕВ МҰРАЖАЙЫНЫҢ ТАРИХЫ**

Бакаева Г.Е. – оқытушы (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912-1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдерінің иегері.

Дінмұхамед Ахметұлы өскен ортасын, балалық шағын, қоғамға бүкіл халыққа сіңірген еңбегін, көрсеткен үлгілі өнегесін насихаттау арқылы бүгінгі жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін, білім мен ғылымға деген ынтасын арттыру аға буын өкілдерінің парызы.

Д.А. Қонаев өз заманының білікті саясаткері бола білді. Ол кісі билік басында болған уақытта қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықта болғанымен елдің экономикасын, әлеуметтік жағдайын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне ерекше еңбек сіңірді. Д.Қонаев түрлі деңгейдегі партия және Кеңес қызметін атқара жүріп орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамында бір сәт естен шығарған жоқ.

С. Әбдірайымұлы Д.А. Қонаев туралы былай дейді: «Димаш Ахметұлы – тарихи тұлға, өз заманының ұлы перзенті. Қазақстан үкіметі басшысының орынбасарлығы қызметіне келген күннен бастап есептесек, ол кісі табан аудармастан республиканы қырық екі жыл басқарыпты. Үкімет басшысы, Ғылым академиясының президенті және билік басында коммунистік партияның республикалық ұйымының бірінші хатшылығын былай қойғанда, кезінде айдарына жел есіп, ұлы держава атанған Кеңес Одағын ашса – алақанында, жұмса – жұдырығында ұстаған ат төбеліндей Саяси Бюро құрамында ширек ғасыр болу екінің бірінің маңдайына жазыла бермеген бақ...» /1/. «Жақсы адамның жақсылығын айт, көңілі тасысын» дегендей Д.А. Қонаевтың Республика халқына сіңірген еңбегі, қай қызметте болмасын үлкен жауапкершілігі, кішіпейілділігі, бүгінгі ұрпаққа үлгі өнеге екені даусыз. Сондықтан да, Егеменді ел болған тұсымызда қаншама ақпарат құралдарында, мерзімді басылымдарда Д.А. Қонаевтың өнегелі өмірі, адал қызметі жайлы айтылып та, жазылып та, құрметпен еске алынып та, естелік шығармалары жарық көріп те, бүкіл елге өнеге ретінде таралып та жатыр. Сонымен қатар, Дінмұхамед Ахметұлының есімін мәңгілік есте қалдыру және оның мұраларын болашақ ұрпаққа жеткізу мақсатында «Д.А. Қонаев мұражайының» құрылуы да ол кісіге деген халқымыздың шынайы құрметі деп білеміз. Алайда, «Қонаев мұражайы» жайлы және онда Д.А. Қонаевтың өмірінен сыр шертетін құнды жәдігерлердің бар екендігін бәрі біле бермейді. Сондықтан бұл мақалада «Д.А. Қонаев мұражайының» тарихы мен экспозициясына нақтырақ тоқталуды жөн көрдім.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылдың 24 ақпанында «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында» қаулысы шықты. Онда Д.А. Қонаевтың Қазақстан алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін Алматы қаласында «Д.А.Қонаев мұражай-үйі» құрылсын делінген. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бұл қаулысы біздің тарихымызды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру, оны білуге ұмтылған адамдарға және Д.А.Қонаев пен оның серіктестерінің өмірі мен қызметі туралы білуге қажетті шешімдердің бірі болды /2/.

2002 жылы 12 қаңтарда Д.А.Қонаевтың туғанына 90 жыл толуы қарсаңында Д.А.Қонаев мұражай-үйі салтанатты түрде ашылды. Оған Алматы қаласының әкімдігі, мәдениет басқармасының көмегі зор болды. Сондай-ақ, Д.А.Қонаевтың қызметтес әріптестері мұражай ашылуына үлкен үлес қосты. Мұражайдың тұңғыш директоры

болып Б.З. Батталханов тағайындалды. Оның қаулысы қабылданып, штат саны мен қызметкерлер орны белгіленді. Мұражай жәдігерлер жинау барысында Д.А.Қонаевтың туыстары мен әріптестерінің үлесі молынан болды /3/.

Мұражайдың жалпы көлемі м². Олардың 120 м² екі қабатта құрылған экспозиция құрайды және 80 м² кітапхана мен қызмет орындары орналасқан. Мұражайдың экспозициялық шешімін жасау барысында қалыптасқан арнайы тәртіппен жүйелі түрде кең көлемді жан-жақты зерттеулер жүргізілді. Қазіргі заманауи үлгідегі құрал жабдықтар қолданылды. Атап айтқанда, түрлі пішіндегі жартылай шыны сөрелер, дұрыс таңдалынып алынған мата түрлері, қолдан жарық түсіру ережелері, ылғалдылық мәселесі, жәдігерлерге табиғи жарықтың тікелей түсуін қадағалау және тағы басқа да ережелер сақталынды. Олар подиумдар, стендтер, бюст қоюға арналған кубтар және тікбұрышты сөрелер. Сөрелер қабырға бойында құрылған, олардың саны 26-дан аса. Осының барлығы мұражай экспозициясының концепциясын сақтай отырып жүзеге асқан. Бұл бағытта мұражайдың директоры мен қызметкерлердің ерен еңбегі молынан көрініс тапқан /3/.

Мұражай екі қабатта орналасқан қызыл зал, көк зал, Д.А.Қонаевтың жұмыс кабинеті және кітапханадан тұрады. Қызыл залда Д.А.Қонаевтың ата-тегі, отбасысы мен балалық шағы көрсетілген. Бұл жерден бұрынғы Верный картасы мен қала көрінісі, Д.А.Қонаевтың жас кезін бейнелейтін суреттер ілінген. Экспозицияның келесі бөлімінде Д.А.Қонаевтың студенттік кезі мен еңбек жолының басталғанын бейнелейтін мұрағат документтері мен фотосуреттер, Д.А.Қонаевтың мамандығына байланысты әр жылдарда берілген бірегей сувенирлер, түсті және бағалы металдар, сыйлықтар мен мақтау қағаздары көрермен назарына қойылған. Осы залда Д.А.Қонаевтың қырықтан аса орден және наградалары орын тепкен. Атап айтқанда үш Социалистік Еңбек Ері, сегіз Ленин ордендері және тағы басқалары. Олардың жалпы саны 46 дана /3/.

Сондай-ақ, бұл жерден Д.А.Қонаевтың әйгілі қару-жарақ коллекциясын көруге болады. Олар 81 нен аса мылтықтар мен тапаншалар, қылыштар мен қанжарлар. Олардың бір бөлігін Д.А.Қонаев шетелдерге барған сапарларында өз ақшасына сатып алған. Ал басым көпшілігін Д.А.Қонаевқа әр жылдарда шетел басшылары мен өзінің әріптестері мерейтойында сыйға тартып отырған. Коллекция ортасында Д.А.Қонаевтың 70 жылдық мерейтойына Нұрсұлтан Әбішұлы сыйлаған қанжар көзге бірден түседі. Ол берік металл болаттан жасалған, сабы бағалы тастармен әшекейленген. Д.А.Қонаев зейнетке шыққан кезде өзінің ұзақ жылдар бойы жинаған үлкен коллекциясын құқық қорғау органдарына жеке барып тапсырған. 2005 жылы А.С. Шабдарбаевтың үлкен көмегімен бұл құнды жәдігерлер мұражай қорына қайтарылып, мұражай экспозициясына қойылған. Осылайша он жылға жуық уақыт көлемінде мұражай қоры ұлы тұлғаның өмірінен сыр шертетін көптеген құнды жәдігерлермен толыққан /2/.

Көк зал Қазақстанды басқарған басшыларға арналған. Экспозицияда Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш президентіне дейінгі ел басқарған тұлғалардың фотосуреттері тізбектелген. Олардың әрқайсысының қай уақыт аралығында ел басқарғандығы хронологиялық тұрғыда жылдар және кезеңдерге бөлініп көрсетілген. Сондай-ақ осы залда сөрелердің бірінде Д.А.Қонаевтың өзі киген костюм шалбары, туфлиі, қолданған үтігі өз үйлесімін тауып тұр. Д.А.Қонаевқа әр жылдарда сыйланған көркемделіп өрнектелген фарфор вазалары мен белгілі қылқалам шеберлерінің портреттері қабырғаға ілінген. Сонымен қатар бұл жерден Д.А.Қонаевтың мерейтойларына тарту етілген бірегей құнды жәдігерлерді көреміз. Олар оттығы бар танк, сирек кездесетін минералдар салынған қобдиша, сынаушы-ұшқыштың бас киімі, айға ең алғашқы түсірілген робот машинесінің шағын көшірмесі және т.б.

Ал оған қарама-қарсы сөреде мұражай ұжымының он жылдық еңбектерінің бір бөлігін көруге мүмкіндік аламыз. Бұл жерде әр жылдарда ұйымдастырылып өткізілген мәдеди іс-шаралар, халықаралық және республика шеңберінде, облыстық көлемде өткізілген спорттық жарыстар мен сайыстардың нәтижелерін көрсететін фото, видео

материалдар көрермен назарына ұсынылған. Және басқа да алуан түрлі сувенирлер, медальдар мен мақтау қағаздары, дипломдар мен кубоктар қойылған. Экспозицияның жоғарғы жағында Д.А.Қонаевтың жазған еңбектері мен мұражай ұжымының жазып шығарған кітаптары орналасқан.

Мұражайдың келесі бөлімі Д.А.Қонаевтың жұмыс кабинеті. Мұражай қызметкерлері кабинетті сол баяғы қалпында сақтап қалуға барынша тырысқан. Кабинеттің төрінде Д.А.Қонаевтың жұмыс істеген үстелі, қолданған қаламсабы, күнтізбе, күл салғыш, үстел шамы және тағы басқа жәдігерлер бұрынғыдан мол ақпарат береді. Экспозициядағы әрбір жәдігердің өзіндік тарихы бар. Мысалы сөреде орын тепкен қалта калькуляторын Д.А.Қонаев Лондонға барған іс-сапарында өз ақшасына сатып алған. Д.А.Қонаевтың хоббилерінің бірі оттық жинау болғаны көп адамға белгілі. Олар әр жылдарда шетелдік сапарларға барған кезде сатып алынған және басқа азаматтармен сыйланған. Олардың саны 500 ден аса. Атап айтсақ Жапонияға барғанда гейша пішінде, Мәскеуге барғанда қол гранатасы, Канададан коньки тәрізді, Үндістаннан шам пішінінде және тағы басқалары. Экспозицияда сол коллекцияның бір бөлігі қойылған.

Кабинеттің бір бұрышы Д.А.Қонаев пен Н.Ә.Назарбаевқа арналған. Бұл жерде елбасының халықпен түскен фотосуреттері ілінген. Сондай-ақ жарық көрген түрлі еңбектер көрермен назарына қойылған. Осы залдан Д.А.Қонаевтың іс-сапарларда өзімен алып жүретін жеке қолданыс заттарын көруге болады. Олар екі көзілдірік, қалам, қалта калькуляторы, қол сағаты, депутаттық мандаттар, куәліктер және басқа көптеген құнды жәдігерлер көздің жауын алып тұр.

Мұражай қызметкерлерінің айтуынша Д.А. Қонаев мұражайын ашу барысында негізгі жоба-жоспарды жүзеге асыруда түрлі қиындықтар кездескен. Музей тәжірибесінде мемориалдық – тұрмыстық экспозицияны ол құрылған мемориалды орыннан бөлек жерде қалпына келтіру сияқты құбылыстар сирек кездеседі. Бұл процесс аз зерттелген және қалыптасқан әдістемесі жоқ. Сондықтан да мұражай қызметкерлері бұл жерде төмендегі мәселелерге баса назар аударған:

1- мәселе: Мәселені нақтылап алу керек, яғни нені қалпына келтіру керек екенін білу қажет.

2- мәселе: Қонаев тұлғасын, оның мемлекетті дамытып өркендетудегі ролімен еңбегін мойындаумен қатар схематизациялаудан бас тарту. Қонаевты көрсету және оған оның таза адамгершілік қасиеттеріне және өмірінің тұрмыстық жағына қызығушылық туғызу.

3- мәселе: Тарихи тұлғаның жұмыс кабинетінің интерьерін және басқа да сақталған, күнделікті өмірде тұтынған заттарын табу. Мұның өзі Қонаевтың шынайы тұлғасын анық ашуға, яғни оны қарапайым тұлға ретінде көрсетуге «Қонаев кабинеті» мемориалды орны кең мүмкіндік береді. Бұл орын Қонаевты тек мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, шынайы өмірде болған тұлға ретінде де ашып көрсетеді.

Міне, осы мәселелер мұражайда өз шешімін тапқан. Түпнұсқалардың мемориалды музейде ерекше қызығушылық туғызатыны белгілі. Біріншіден, экспозиция толықтай шынайы мемориалдық дүниелерден жинақталуында. Екіншіден, сол заманның кабинеттік стилі сақталған. Жоғары оқу орындарының студенттері, әсіресе тарих факультетінің студенттері мұражайға жиі келіп, «Қонаев кабинетінде» болғанда шынайы тарихи әрі уақыттық ортаға түскендей күй кешеді. Осыған қоса бұл мұражайда көрерменнің жәдігерлерді өз қолымен ұстап көруге рұқсат етіледі. Әрине оның барлығы мұражай қызметкерлерінің жіті қадағалауында болады.

Сондай-ақ мұражайда кітапхана жұмыс істейді. Онда Д.А.Қонаевтың еңбектері және оның қызметтес әріптестерінің, белгілі қоғам қайраткерлерінің еңбектері кітапхана сөрелерінде тізілген. Оқырман қауым мұражайға келіп танысуға мүмкіндік алады. Мұражайдың кітап қоры 3500 ден асады. Д.А.Қонаев музейінде көркемдік кеңес

құрылып, табысты жұмыс істеп келеді. Кеңестің мүшелері Қонаевтың қызметес әріптестері, мемлекетіміздің танымал тұлғаларынан тұрады.

Отандық мұрамызды сақтап қалу және келешек ұрпаққа жеткізу қазіргі мәдениет пен ғылым орталығы Алматы қаласының ерекше белгісінің бірі болып табылады. Бұл істерді жүзеге асыруда қала мен облыстағы музейлердің маңызы зор. Д.А.Қонаев мұражай-үйі өзінің он жылдық тарихында өмір сүруге биімділігін дәлелдеді, күрделі кезеңде өз бейнесін жоғалтпай, Д.А.Қонаев мұрасын лайықты түрде сақтай алды. Әрине бұл арада мұражай қызметкерлерінің еңбегі өте зор.

Д.А. Қонаев мұражай-үйінің директоры Батталханов Болысбек Заманбекұлының бастамасымен мұражайда жыл сайын әр түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Мәселен, 12- қаңтарда Д.А.Қонаевтың туылған күніне орай әріптестері, қоғам қайраткерлері, өнер адамдары, қала тұрғындары мен басқа да қала қонақтары Д.А.Қонаев бюстіне гүл шоқтарын қояды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында» Қаулысына арналған дөңгелек үстел өткізіліп тұрады. «Қонаевтың сүйікті әндері» атты ән кешіде ұйымдастырылады. Сонымен қатар, жыл сайын 16-22 тамыз аралығында Қонаевты еске алу апталығын, Алматы қаласының жоғарғы оқу орнындарында «Қонаев оқуларын», студенттер арасында ғылыми-тәжірибелік конференция, Д.А.Қонаев туралы деректі фильмнің презентацияларын өткізу дәстүрге айналған.

2002 жылы мұражайды 6642 көрермен тамашаласа, қазір олардың саны- 17692-ге жеткен. Жәдігерлер саны да жылданөжылға артып келеді. Қазіргі таңда экспонаттардың саны – 3180, ал экскурсия саны 2011 жылы 291-ге, көрмелер саны – 56-ға жеткен.

Осыған қарағанда мұражайға келушілер де, оның жәдігерлер саны мен өткізіліп жатқан әр-алуан іс-шаралар жылдан-жылға артып келе жатқанын көреміз. Бұл бағытта атқарылып жатқан қыруар игі істердің жоғары деңгейде өтуіне зор ықпал жасап жатқан мұражай ұжымын атап айтқан жөн деп есептейміз.

Мұражайдың жеткен жетістіктері де аз емес. Мәселен, 2006 жылдың желтоқсан айында Қарағанды қаласында «Ашық қала- ашық музей» атты Республикалық фестиваль өтті. Оған Республикамыздың 42 музейі қатысып, «Музей жаңалығы» номинациясы бойынша Д.А.Қонаев мұражайы бірінші орынды иеленген. Музей атынан бас қор сақтаушы, танымал қонаевтанушы Гүлмира Сыдығалиқызы Бекмұратова қатысқан. Үздік экскурсия жүргізуші атағына ие болып, конкурстың арнайы дипломы және сертификатымен марапатталды. Мұражай қызметкерлерінің тартымды табыстарының бірі - 18-мамыр күні Астана қаласында өткен Халықаралық мұражайлар күніне қатысып, мұражайдың директоры Болысбек Батталханов «Ең үздік мұражай басшысы» номинациясы бойынша еліміздегі 70-тей мұражай басшыларының арасында жеңімпаз атанып, гран-при жүлдесін иеленген.

Мұражай әдетте ұлттың ұлы мұратын айшықтап, өткен тарихымыздан көптеген құнды деректерді жеткізіп, жастардың тәлім-тәрбиесіне көп әсерін тигізіп, насихат құралының бір міндетін атқарады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Елу жыл ел ағасы. Құрастырған: С.Әбдірайымұлы. - Алматы, 2002. - 452 бет
2. С.К. Мерекеева. Қазақстан музейлері. – Алматы, 2009. - 25 бет
3. Д.А. Қонаев және Алматы. (У истока большого мегаполиса) - Алматы, 2008. - 398 бет
4. Д.А. Қонаев . Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы, 1994

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев мұражайының тарихы мен ондағы құнды жәдігерлер жайлы жазылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассказывается об истории создания и развития музея им. Динмухамеда Ахметовича Кунаева.

XIX–XX ҒҒ. ҚАЗАҚТАРДЫҢ СТАЦИОНАРЛЫҚ ҚОНЫСТАРЫ МЕН ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРІ

Исаева Ә.И. –т.ғ.к., доцент м.а. (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақтардың тұрғын үйінің тарихының түп тамыры тереңге кетеді. Археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, қола дәуірінен бастап тұрғын үйлердің түрлерінің өзгеруін қарастыруға болады /1-2/.

Қазақтардың қоныстануына жер таңдалғанда көрші Орта Азиядағы басқа халықтар сияқты табиғи жағдайға, әсіресе су көздеріне, ауыз суы бар жерлерге жақын орналасу басты назарға алынады. Бұл барлық халықтарға тән дәстүр. Әсіресе, бұл қыстауларды қыстап, көшпелі өмір сүретін қазақтарға тән болды. Яғни, жаңа мекендер ескілерінің маңына құрылды. Шындығында, бұл көшпелі өмір сүретін қазақтар үшін тиімді еді.

Су көздерінен басқа, халықтың қоныстануы үшін, жартылай көшпелі мал шаруашылығында шөлейт және жартылай шөлейтті жерлердегі егіншілік-жайылымдық мәселелер елеулі орын алды. Мұндай жағдайлар жазық жерлерде орналасқан қазақ ауылдарында ғана емес, таудағы, тау бөктеріндегі мекендерде тамаша жайылымдар мал ұстау үшін қолайлы болды.

Көшпенділікке көшу, адамдардың тұрмыс-тіршілігін түпкілікті өзгертті. Қазақстанның көп жерлерінде отырықшы тұрғын үйдің жоғалуы, жаңа жиналмалы үйлердің түрлерінің пайда болуы мен дамуына әсер етті. Қазақтардың дәстүрлі киіз үйі, көшпелі тұрмысқа икемделген. Қазақтардың тұрақты тұрғын үйлері бұрынғы қыстаулар тұрған жерлерде салына бастады. XX ғасыр басында қазақ халқының басым көпшілігі жазды күні киіз үйлерде, қысқы мерзімде қыстауларда, төбесі топырақ төселіп жалпақ етіліп жабылған жертөлелерде тұрған. Қыстақтардағы тұрақты тұрғын үй қыс мезгілінде киіз үймен салыстырғанда бір шама болса да жоғары тұрады. Бірақ Қазан төңкерісіне дейінгі тұрғын үйдің көп кемшіліктері болды. Қазақтардың күн жылысымен-ақ қыстауларын тастап, киіз үйге көшіп отырған. Өйткені, қыстаудағы тұрғын үйлер өте ыңғайсыз және көшпелі өмірдің талаптарына сай келмейді. Жер едендер, іргетасының болмауы, құрылыс материалдарының сапасыздығынан, тұрғын үй сыз тартып денсаулыққа зиян әсерін тигізетіні ақиқат.

1926 ж. дәрігер А.Я. Гуткин өз мақаласында тұрғын үй туралы: «Жертөледе адамдар саны көп тұрады. Іші суық, тезектің түтіні көзді ашытады, қысты күні кешкі сағат үш-төрттен бастап үй іші тас қараңғы, түтін жертөленің ауа кіретін барлық саңылауларынан шығады, есік, терезедер дұрыс жабылмағандықтан жылу бір қалыпты емес, сыз бен шаң», – деп көрсетеді /3/.

Киіз үйдегі өмір жертөлеге қарағанда біршама артықшылығы бар. Оның ауасы таза, жарық көбірек түседі, қажетіне қарай желдетіп отыруға болады. Толық отырықшылыққа ауысқан кедей жатақтар жазды күні, көне болса да, киіз үйлерін құрып отыруға тырысқан. Қазақтардың көпшілігі тәжірибелі ұсталарды жалдап, үй салдыруға қаражаты болмаған, бұған қоса, малшы қазақтар дәстүр бойынша қыстаулардағы үйлерін, уақытша үй ретінде пайдаланып, оны жақсартуға көп көңіл бөлмеген. Қазақтар жазда, жайлауда қажет емес деген мүліктерін қыстаудағы кішкене қоймаларына қалдырып кетеді. Қазақтардың әдеттік құқықтарына сәйкес жазды күні

бос қалған қыстақ тұрғын үйлердің есігін ашуға, қоймаларға қойып кеткен мүліктерді алуға ешкімнің құқы болмайды. өте нашар салынған қыстық үйлер жаз айларында бүлініп, күзде қайтадан өңдеуді талап етеді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қоныстанудың басты екі түрі орын алды. Мұнда туыстық және іштей рулық қатынастар көзделіп, көне және басым болу тұжырымдарына негізделді. Бұл тұжырым қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі ауылдарының су көздерінен қиындық көрулеріне байланысты туындады. Осындай ұстаным қоныс таңдау кезінде әлі де сақталған /4/.

Екінші түріне кейінірек пайда болған елді мекендер жатады. Олар аймақтық-рулық, кей жерлерде жай ғана аймақтық қағида негізінде қалыптасқан. Мысалы, олар егін шаруашылығымен, диқаншылықпен айналысатын бұрынғы отырықшы халық басым тұратын аудандарда пайда болған.

Ресей империясының қазақ халқының ұзақ тарихи уақыт аралығындағы қоныстанған жерлерін иемденуі, оларды өздерінің құрамына кіргізуі, 1867-1868, 1886-1891 жылдардағы әкімшілік-аймақтық реформаның жүйелі жүргізілуі, сондай-ақ, орыстар мен украин шаруаларына жергілікті халықтың «артық» жерлерін тартып әперуі, өздерін басты ұлттар деп тірек етуі Қазақстанның оңтүстік өңірінде ғана емес, басқа аймақтарда да ықпалын жүргізіп тарата бастауы халыққа қатты әсер еткен қиын кезең болды.

Аталмыш кезеңінен де кейін қазақ қоныстары қазіргі уақыттағыдай үш аймақтық топқа бөлінген: жазық жерлердегі, таулы және тау бөктеріндегі. Бұл үш топтың ішінен, қазақтар экономикалық жағынан тиімді суармалы егіншілікпен айналысуға болатын жазық жерлерді таңдады.

Тарихи, географиялық, мәдени-шаруашылық т.б. түрлі факторларға байланысты үнемі толығып отыратындықтан ауылдағы үйлердің саны онша нақты болмады. Жерлері құнарлы және жер өңдеуге қолайлы жазықтық аймақтарда қазақ ауылдары тығыз орналасуымен ерекшеленді. Ал тау бөктеріндегі жерлерде ауылдың ұлғаюына мүмкіндік жоқ болғандықтан бірнеше үйлер ғана болған. Осындай сипаттама таулы аймақтарға да тән келеді.

Тығыз орналасқан жазық жерлердегі ауылдардан тау бөктеріндегі ауылдардың құрылысында айтарлықтай айырмашылықтар болды /5/. Бұл ауылдардың құрылысы геометриялық трапецияны еске түсіреді.

Көптеген зерттеулердегі Орта Азия туралы материалдарда әр түрлі дәстүрлі тұрғын үйлердің қалыптасуына климаттық жағдайлардың әсері болғаны көрсетілген /6/. Қазақ жеріне қоныс аударған орташа тұратын орыс-казактар үш-төрт бөлмелі (кіре беріс, ауыз бөлме, ас бөлме, төр бөлме) үлкен үйде тұрды. Қосалқы шаруашылық құрылыстары (амбар, гумна, монша және т.б.) аулада орналасты /7/. Қоныс аударғандардың басым көпшілігі, әсіресе, кедейлердің үйлері нашар, адам саны көп, лас болды /8/.

Қазан төңкерісіне дейін қазақ ауылында, қыстауларда бір бөлмелі үйлер, қазандық пештің құдықтары бөлме ішінде қабырға ретінде орналасып, бөлмені екіге бөліп тұрды. Ауылда бай адамдар екі, үш бөлмелі үйлер салды. Мұндай үйлер «қоржын үй», «қақыра» немесе «қарсы үй» деп аталды. Ортадағы дәліздің екі жағына бөлмелер орналасты. Ортаңғы бөлме көп жағдайда, ауыз үй не дәліз (сенек), кей жағдайда ас үй немесе тұрғын бөлме рөлін атқарды. Бөлмелерді осы жерде орналасқан қазандық пеш жылытып тұрды /9/.

Қазан төңкерісінен кейінгі жылдарда отырықшылық тұрмысына көшу үрдісінің тез жүруіне қарамастан, тұрақты тұрғын үйге маусымдық, қыстық үй ретінде қарау көзқарасы сақталды.

Тұрғын үйдің жобасының дамуына Қазақстанда ауылшаруашылығын ұжымдастыру кезеңі үлкен әсерін тигізді. Тұрақты тұрғын үйдің жетілдіруіне қазақ

шаруаларының, көрші тұрып жатқан басқа халықтармен, әсіресе, орыс, украин, ұйғыр, өзбектермен байланысы тікелей әсер етті.

Қазақтардың қыстық тұрғын үйінің түрлері, оның ішінде бір бөлмені пеш арқылы бөліп, екі бөлмені тұрмысқа пайдалануы, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруіне байланысты заман талабына сай келмеді. Бұрынғы бір бөлмелі тұрғын үйді екі бөлмелі үй ауыстырды.

Қазақстанда елді мекендердің даму тарихында 1920-1939 жылдары кеңестік тоталитарлық режимнің тұрақталып қалған дәстүрлі шаруашылық-мәдени типтер мен қоғамдық қатынастарды бұзуға бағытталған күштеу шараларының нәтижесінде біршама өзгерістер байқалды. Біз бұған жайылым жерлерді тартып алуды, ірі байлардың тәркіленуін, үлкен шаруа қожалықтарының жойылуын, қазақ шаруаларын жаппай отыршылыққа айналдыруын, күштеп ұжымдастыруды, 1931-1933 жылдардағы аштықты, «индустриализациялау» саясатын жатқызамыз.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында қазақ ауылдарында тұрғын үйдің қорын екі бөлмелі үйлер құрады. Соғыс алдында екі бөлмелі үйлердің пайда болуы, бір бөлмелі пештің биік емес құдығы арқылы бөліп жасаса, бірте-бірте таза бөлмені шаруашылық бөлігінен бөлу жоспарлы түрде жасалынды. Қабырға пештің құдығы арқылы толығымен жабылды. Бөлмелердің пайдалануына қарай және үлкен бөлменің екіге бөлінуіне байланысты, бұларға нақты термин сөздер қолданыла бастады. Үйдің алдыңғы шаруашылық бөлігі – ауыз үй, кішкене жақ, ауызғы бөлме; түпкі таза бөлме – қонақ үй, төр үй немесе төр бөлме деп атала бастады.

Соғыстың қарсаңындағы және соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда екі бөлмелі үйлер көп болғанымен, бұл үйлердің көптеген кемшіліктері болды. Бұл кемшіліктер, бір адамға бөлінген үйдің пайдалы көлемінің аздығынан, ағаш еденнің, ірге тастың болмауынан, жарық түсетін терезенің кішкене болуынан байқалады.

Көшпелі және жартылай көшпелі ауылдардың қыстауларының көлемі шағын болды. Жазғы жайылымдарға киіз үйлер тігіліп, осында көптеген қыстаулар да бірікті. Ауыл тұрғындарының шаруашылық мүмкіндіктеріне қарай бұл мекендердің аумағы да әр түрлі болып келеді.

Жоғарыдағы жағдай ауыл құрылыстары ешқандай жоспарсыз, санының өсуімен ғана есептеп жүзеге асырды. Колхоз қоныстары аумағының жоспарлануы мен сыртқы келбеті жағынан Қазақстанның көптеген облыстарында осыған ұқсас болып келеді.

Егіншілікпен айналысатын аудандардағы елді мекендер (әсіресе, оңтүстік аймақтардағы) үлкендігімен, жоспарлы түрде салынуымен, жақсы салынған үй-жайларымен ерекшеленеді. Ал мал шаруашылығы тараған аудандарындағы қоныстар шағын, бір сызықты бойлап, жүйесіз салынған /10/.

Ұжымдастырудан кейінгі алғашқы онжылдықта көтерілген қоныстардың неғұрлым архаикалық үлгі тәртібімен шоғырланған түрде ретсіз орналасқан құрылыстар да кездесті. Бұл жерде қазіргі кезде реттелген көшелі жоспардағы құрылыстармен қатар алғашқы түрдегі жоспарлар да сақталған.

Алайда, олардың әлі жетілмей жатқанына қарамастан, адамдардың мекендеген орындары болып, тұрғылықты халықтың оларда қоғамдық және мәдени-тұрмыстық ғимараттары бар орталықтары да болған. Олардың көбісі соғыстың қарсаңында, соғыстан кейінгі жылдары тұрмыстық жағдайларының жақсару белгілерімен (көгалдандыру, жарықтандыру) салынды.

Кейбір колхоздар ескі орыс ауылдарының негізінде құрылып, қазақтар орыстар және украиндармен бірге көршілес өмір сүре бастады. Бұл қоныстар үй-жайларының нақты жоспарлы салынуымен, көшелерінің дұрыстығымен, көгалдандырылғандығымен ерекшеленеді. Бұған қоса, шаруашылықтың экономикасы нығайған сайын табысы да өсіп, ауылдың келбеті де өзгере бастады. Ескі жайлардың, қора-қопсылардың орнына жаңа ғимараттар, колхоз немесе совхозды басқару құрылымдарына қажетті кеңселер,

клубтар, мектептер соғыла бастады. Осылайша елді мекендердің жаңа орталықтары өмірге келді.

Қазақстандағы ауылдық жерлердің дамуының екінші кезеңі 1950 жылдардан бастап кейінгі жылдары да жалғасын тапқан колхоздарды нығайту кезеңі болып табылады. Шағын, экономикасы әлсіз артельдер бірігіп, олардың негізінде ірі шаруашылықтар құрыла бастады. 1953 жылғы 3092 колхоздың орнына 1959 жылдың басында 1523 колхоз ғана қалған.

Біраз колхоздар өзара бірігіп, қалғандары жақын совхоздардың құрамына енген. Мысалы, 1957-1958 жылдары 130 совхоз-артельдер совхоздарға кіріп, 498 колхоз және 136 МТС базасының негізінде 201 жаңа совхоз құрылған. 1954 жылдан бастап, 1958 жылға дейінгі аралықта республикада 573 жаңа совхоздар құрылған. Олардың басым бөлігі жаңа жерлерге орныққан /11/.

Келесі кезеңдегі салынған елді мекендер республикада және оның облыстарында кең тараған түрлерімен айырықшаланады.

Ірілендіру барысында бір шаруашылыққа полиэтникалық құрамды колхоздар жиі бірігіп отырған. Олардың құрамында тек қазақ этносы ғана емес, өзбек, орыс және басқа да ұлт өкілдері болған. Соның нәтижесінде жаңа мекендердің ішкі және сыртқы көріністерінде инновациялар байқала бастады. Бұған ұқсас үрдіс жаңа құрылып жатқан совхоздарда да жүріп жатты.

Жаңа жерлерге елді мекендерді салу жоспарланғанда, арнайы жасалған жобалар ұсынылды. Зерттелген аймақтың елді мекендерінде, яғни колхоздар мен ескі совхоздарда әкімшілік-шаруашылық орталықтар қайта құрылды. Тұрғын үйлердің біразы алмастырылды. Тұрғындардың көпұлтты құрамы сәулет пен жоспарлау саласына үлкен ықпалын тигізді. Орталық мекендер мен үйлердің сыртқы келбетінде, көшелердің орнығуында елді мекендегі көп ұлтты тұрғындардың ұлттық, тұрмыстық салт-дәстүрлері аралас көріне бастады. Жаңа құрылған ауылдар өнеркәсіпке бет бұрып, қала мекендеріне ұқсай бастады.

Ауылдық елді мекендердің басым көпшілігі Оңтүстік Қазақстанда басым шоғырланған. Олардың жалпы саны 896 ауылды құрайды, бұл көрсеткіш 1999 жылғы республикалық көрсеткіштің басым бөлігін құрайды. Біздің көзқарасымыз бойынша бұл жағдайды былай түсіндіруге болады. Біріншіден, тарихи тұрғыдан алып қарайтын болсақ, бұл өңірдің халқы ежелден егіншілікпен айналысып, отырықшы тұрмыс кешті. Сол себепті бұл аймақта қалалық мәдениет дамып қоғамдық, көп функционалдық және тұрғын үй салу дәстүрі қалыптасқан. Екіншіден, Ұлы Жібек жолының осы өңірді басып өтуі қоныстар мен қалалардың пайда болуына оң әсерін тигізді. Үшіншіден, халықтың тығыз қоныстануы және ауыл халқының қалада тұруға ұмтылуы да өз әсерін тигізбей қоймады.

Жел бағыты мен жер бедерінің ерекшелігіне қарай орталық мекендердің құрылысын қолайлы салу керектігі анықталады. Елді мекен оңтүстіктен солтүстікке созылып, осы бағытта басты көшелері орналасып, оны жанама көшелер кесіп өтуі тиіс. Сондай-ақ жаңадан салынған ауылдар оңтүстіктен солтүстікке созылып жатқан кварталдарға бөлінді. Колхоз Сызықтық жүйе бойынша қоныстанған 2 - 3 қатардан тұратын үйлер бір-бірінен жер телімдері арқылы бөлініп, тау бөктеріне орналасқан. Елді мекендерді бұлай қоныстандыру 1950-ші жылдардың қарсаңында болды.

1950-жылдары колхоздардың іріленуіне байланысты орталық мекендерге үлкен көңіл бөлініп, көшелерді салу жоспарлары қабылданды. Елді мекендер төмендегі өзара байланысты бөлімдерден тұрады:

1) қыстақ оған тұрғын үйлер құрылысы, қоғамдық ғимараттар, көшелер, алаңдар, саябақ, шағын бақтар, спорттық алаңдары жатады;

2) өндірістік – оған ауылшаруашылық өндірістік кешендері, құрылыс алаңдары, қойма шаруашылығы және коммуналдық үй-жай шаруашылығы (монша, кір жуатын жерімен), химиялық тазалау, өрт сөндіретін депо, қазандық кіреді.

Тұрғын үйлер, мәдени-тұрмыстық және өндірістік ғимараттар салына бастауы колхозды ірілендіру кезеңінен басталды. Басынан-ақ өндірістік нысандар ауылдың сыртына соғылды. 1978 жылы колхоздың орталық мекендерінің салынуы жоспарланған және 1980 жылы ол бекітілгенде тұрғындық және өндірістік аймақтардың арасына шекара белгіленіп, олардың бірінші, екінші кезекте салыну көлемі бекітілген. Осы елді мекенде үш, төрт, бес бөлмелі үйлер бар. Одан да көп бөлмелі үйлер аз емес. Көп бөлмелі үйлердің санының өсуіне тек жаңа үйлердің соғылуы ғана емес, үйлерге қосымша құрылыстардың салынуы да әсер етті. Бұл ретте отбасылық және демографиялық факторлар да маңызды роль атқарады.

Бөлменің ортасына дастарқан немесе қыжым жапқышпен көмкерілген жылжымалы үстел, арқалы орындықтар немесе қысқа аяқты қазақы үстел қойылады. Аталмыш бөлменің негізгі дәстүрлі элементі болып ұлттық бояуы қанық жасалған сандықтар, үстіне қолдан тігілген әдемі көрпелер мен жастықтар жиналған. Еденге текемет, сырмақ, алаша, кілем төселіп үстіне бір түсті матадан тігілген және түрлі құрақтан жасалған көрпелер тасталады. Мұндай құрақ көрпелер Орта Азия республикаларының басқа көрші этностарында да кездеседі. Және де магиялық таным-түсінік бойынша, бұл үрдіс қожайындарына бала сыйлап, мол байлық әкеледі деп сенген /12/. Бұл ұлттық дәстүрді халық үйін қазіргі заманғы қалалық жиһаздармен жабдықтауға мүмкіндіктері бола тұра сақтауға тырысады.

Өздеріне жағдай жасағандай, қонақтарға да жақсы жағдай жасап, тамақ ішкенде, басқа да сый-сияпат көрсеткенде дәстүрлі сәкілер мен аласа дөңгелек немесе тікбұрышты үстелдер пайдаланылады. Қонақ бөлме, сондай-ақ, отбасылық салтанаттар мен мерекелерді өткізетін сыйлы қонақтарды күтетін орын.

Мекен-жайлардың ішкі көрінісін талдағанымызда, үйдің ішкі жабдықталуында бүтіндей этникалық дәстүрдің ықпалымен қатар, қазіргі заман әсері де басым екендігі көрінеді. Бұл әсіресе, мемлекеттік жобамен салынған қалалық үйлерден гөрі, ауылдағы жеке үйлерде көбірек байқалады. Мұндағы этникалық факторлармен бірге қалыптасқан құнды бағыттың жолын құрушылық табиғи-климаттық жағдайларға, отбасының материалдық-қаржылық мүмкіндігіне, мәдениеттің қазіргі урбанизацияланған қалпына маңызды ықпал ететіндігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Маргулан А.Х. Бегазы-Дандыбаевская культура Центарльного Казахстана. –Алма-Ата, 1979. – С.299.
2. Акишев К.А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней // Известия АН КазССР. Серия обществ. наук. – 1969. – №1. – С.31.
3. Гуткин А.Я. Казахстан и его санитарный быт // Вестник знания. – 1926. – №22. – С.147.
4. Аджигалиев С.И. Культурно-исторические инновации в традиционной системе скотоводческого поселения казахов середины XIX века (к вопросу о генезисе стационарных кыстау) // Материалы международной научной конференции «Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации», Алматы, 5-7 июня 1995 г. – Алматы, 1995. – С. 133-152.
5. Қатран Д. Монғолиядағы қазақтардың дәстүрлі тағамдар жүйесі: Тарих ғыл. канд. диссертациясы. – Алматы, 1996. – 150 б.
6. Воронина В.Л. Жилище народов Средней Азии и климат // Жилище народов Средней Азии и Казахстана. – М., 1982. – С. 48.
7. Илюхин Л.К. Развитие архитектуры целинных поселков. – Алма-Ата, 1980. –С. 17-18.
8. Абсадыков А. Развитие жилищного строительства в Казахстане. – Алма-Ата, 1980. – С. 16.
9. Джанибеков У.Д. Культура казахского ремесла. – Алма-Ата, 1980. – С. 19.

10. Семенова М.И. Джамбульская область. Природа, население и хозяйство. – Алма-Ата, 1981. – С.70-75.
11. Михайлов Ф.К. Совхозное строительство в Казахстане (1946–1970 гг.). – Алма-Ата, 1973. – 256 с.
12. Писарчик А.К., Хамиджанова М. Узорные изделия из кусочков материи // Таджики Каратегина и Дарваза. – Душанбе, 1970. – Вып.2. – С. 203-224.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада XIX-XX ғғ. нақты тарихи-этнологиялық мәліметтер негізінде Қазақстан және оның аймақтары қамтылған тұрғылықты баспаналар зерделенген.

РЕЗЮМЕ

В статье на основе специальной историко-этнологической литературы исследуется состояние стационарных поселений и жилищ в XIX-XX веках. Они показаны как в разрезе всего Казахстана, так и в рамках его регионов.

ОСОБЕННОСТИ ПОВСЕДНЕВНОГО ОБЩЕНИЯ КАЗАХОВ В ПРОШЛОМ И НАСТОЯЩЕМ

Калыш А.Б. – д.и.н., профессор (г. Алматы, КазНУ им. Аль-Фараби)

Рассматриваемая проблема является почти не исследованной темой в отечественной гуманитарной науке, включая историческую, социологическую и культурологическую. По ней имеются лишь отдельные отрывочные сведения дореволюционных авторов, затрагивающие отдельные аспекты в жизнедеятельности казахского этноса, связанных с регламентированной этикетной нормой, в основном с гостеприимством. Поэтому в данной статье мы используем прежде всего собственные полевые экспедиционные материалы, а также те отрывочные этнографические сведения, касающиеся традиционной казахской семьи, в которых затронуты некоторые аспекты этой темы /1-4/. Приводя описание тех или иных этикетных ситуаций, мы не считаем возможности отрыва их от реалий повседневной семейной жизни, на котором они проявляются.

Известно, что в основе традиционного этикета общения казахского народа лежит свод неписанных законов обычного права – адата, шариата, реликтов доисламских поверий. Значительное влияние на формирование этики общения оказали представления об определенных моральных и нравственных основах поведения, сложившихся в народной среде. Они неукоснительно соблюдались в течение многих столетий, в той или иной мере присутствуют и в наши дни, регулируя повседневное поведение казахов во многих областях семейной и общественной жизни.

Необходимо отметить и то обстоятельство, что казахский этикет имеет типологические параллели с этикетом восточным, особенно среднеазиатских народов, исповедующих ислам. Значительная часть казахского населения особенно представители старшего и среднего поколений стремятся придерживаться и соблюдать в повседневной жизни общепринятые правила этикета, затрагивающие основополагающие приоритеты и иерархии ценностей. Хотя между поколениями имеются определенные расхождения в ряде мнений и суждений, однако социо- и этнокультурный мир казахского народа довольно устойчив. Его единство

подкрепляется, прежде всего, общностью интересов, единого этнического самосознания и менталитета.

Отличительными признаками этикета казахского народа, придерживающегося его во многих жизненных ситуациях, являются: гостеприимство, почтительное отношение к старшим и родителям, любовь к детям, толерантность, скромность, вежливость, честность, искренность, а также честь, долг, ответственность, дружба и т.д. Нарушение указанных выше норм этикета и поведения осуждается общественностью.

Если перейти к внутрисемейным отношениям, то во многом они регулируются приведенными нами ранее нормами и предписаниями, а также общепринятыми семейными традициями. Естественно, они сильнее и стабильнее в тех семьях, где имеются представители старшего поколения или в местах компактного расселения казахского этноса.

Важное место в семейных и во внутрисемейных отношениях как раньше занимают признание и уважение авторитета главы семьи, как правило, мужчины. Известно, что традиционную казахскую семью почти всегда возглавлял мужчина в основном старший по возрасту, хотя под влиянием различных социально-экономических факторов бывало и так, что он нередко делил свою власть с тем, кто становился основным добытчиком средств к существованию. При этом могло происходить как бы разделение власти: за одним признавалось формальное лидерство, а другой становился ответственным лицом, отвечавшим за хозяйственные работы.

Понятие «главенство» в наши дни обеспечивается признанием определенной личности главой семьи, на имя которого, например, в хозяйственной книге сельской администрации записывается жилой дом, постройки, приусадебный участок, скот и т.д. Нередко он несет ответственность по различным обязательствам перед семьей, родственниками, обществом и государством. Так, по нашим статистическим материалам, полученными в ряде регионов Казахстана на основе подсчета данных хозяйственных книг сельских администраций, выявлены следующие тенденции. Например, обследованные нами в 1990 г. в Енбекшиказахском районе Алматинской области из 1766 казахских семей на приоритет мужчины указали от 64,9 до 85,6%; в Меркенском районе Жамбылской области из 1562 семей – от 61,5 до 79,4%; в Хромтауском районе Актюбинской области из 1370 семей – от 72,4 до 81,8%. Еще больше показатели были получены нами в Туркестанском районе Южно-Казахстанской области в 1998 г., где из 2583 казахских семей – от 80,8 до 85,7% возглавлялись по традиции мужчинами, в основном мужьями или отцами /5/.

Тем не менее, если даже во многих семьях главой признают старшего по возрасту, все же имеющие высшее или специальное среднее образование и располагающие престижной профессией или работой представители молодого и среднего поколений, наделены в семье значительным авторитетом. Поэтому нередко формальным главой в семье остается отец, пользующийся уважением в силу его жизненного опыта, мудрости, а реальным руководителем семьи является его женатый взрослый сын. Как правило, в аналогичных семьях ответственность по ведению домашнего хозяйства, а также распоряжение бюджетом семьи находится большей частью в ведении женщины-матери /6/.

Почитание родителей, соответственно главы семьи, относится к числу важнейших приоритетов в системе моральных ценностей казахов. Поэтому не случайно, что не только младший сын, но и другие женатые сыновья предпочитают в будущем жить совместно со своими родителями. Так, по данным нашего этносоциологического обследования 1998 г., из 458 опрошенных респондентов-казахов в Туркестанском районе от 66,7 до 93,2% указали на стремление жить с родителями. Сравним для примера, что аналогичные ответы из 274 русских респондентов колебались в пределах 4,3-27,8%. С другой стороны, и сами родители настроены по сложившейся традиции на старости жить с семьей взрослых детей. Так, на вопрос: «С кем из своих женатых

(замужних) детей Вы живете или хотели бы жить?» – 38,8% указали на семью младшего сына, 26,6% – старшего сына, 6,5% – среднего сына, 16,6% – просто сына, 1,3% – дочери и 10,2% – живут или хотели бы жить самостоятельно.

К тем людям, которые не заботятся о них, отказываются от своих прямых обязанностей по отношению к родителям, или в некоторых случаях по примеру европейского населения, пристраивают их в дом для престарелых – отношение негативное как со стороны близких, так и общественности.

Следующей важной составляющей народного этикета является уважение и почтение к старшим. Такое отношение наблюдается более зримо там, где выше социальный, жизненный и возрастной статус представителей старшего поколения, будь это мужчина или женщина. Например, в присутствии главы семьи или при наличии пожилых людей дети и другие члены семьи, включая женатых сыновей, до сих пор придерживаются определенных этикетных запретов. Так, при наличии старших им не дозволено не только лежать, но и сидеть, стоять облокотясь, держать руки в карманах, поворачиваться к ним спиной. Необходимо также, чтобы даже стоя в их присутствии придерживаться приличия, а если уж приходится сидеть, то только с их разрешения, ни в коем случае не небрежно и не вразвалку. Не одобряется отвлекать и перебивать их речь, курить или пить без их одобрения, проходить впереди них или пересекать им дорогу.

Традиционное уважительное отношение к представителям старшего поколения распространяется в виде следующих общепринятых правил: при встрече и проходах их до двери или до калитки ограды, при мытье рук до и после трапезы, при раздевании или подаче их одежды, головного убора или обуви и т.д. Указанные знаки внимания оказываются ко всем пожилым или старшим по возрасту людям, если, разумеется, разница в годах достаточная. Аналогичные правила этикета, подчеркивающие такую сложившуюся иерархию старшинства, распространяется и на женщин.

Следующей важной чертой семейного этикета казахов особенно в южных регионах Казахстана, а также в моноэтнических с преобладанием казахского этноса сельских районах, является традиционное, вне зависимости от возраста, почтительное отношение к мужчинам. Так, в неразделенных семьях с двумя и более брачными парами, за исключением пожилых бабушек, женщины, как правило, едят после мужчин и обслуживают их за дастарханом. В нуклеарных семьях при наличии гостей женщины также обслуживают за столом мужчин и лишь в узком семейном кругу могут сидеть вместе с ними.

В ряде казахских семей все еще придерживаются традиций, согласно которой супруга должна вставать раньше мужа, а ложиться после него. Ими также принято не поворачиваться спиной к пожилым мужчинам и по возможности покидать помещение пятясь назад. Это же касается предписания женщинам накидывать на голову платок, чтобы не показывать неприкрытую голову; носить длинные платья, а молодым закрывать неприкрытые части тела /1, с.75/. Вместе с тем, в большинстве случаев и мужчины стремятся оказывать противоположному полу – матерям, женам, женщинам пожилого возраста необходимые знаки внимания.

В последние несколько десятилетий исследуемый семейный этикет в большинстве случаев имеет тенденцию к определенному упрощению, особенно в городской местности и в полиэтнических селениях и районах. Здесь мы имеем в виду уменьшение состава участников этикетного общения. Так, например, представители младшего поколения придерживаются этикетных правил в основном по отношению к деду, отцу, старшему брату, но не к брату немногим старше его; невестка – по отношению к свекрови, но не к сестре мужа и т. д. На эту особенность оказывают непосредственное влияние такие ситуации, как наличие или отсутствие при общении представителей старшего поколения, пожилых родственников, посторонних лиц. В конечном итоге перечисленные нами моменты способствуют соблюдению

определенной дистанции между действующим только в необходимых случаях предписанием и общепринятым повседневным этикетом. Так, в неразделенных семьях с наличием представителей старшего поколения, повседневное поведение строго регламентировано, а в нуклеарных семьях, с супругами преимущественно молодого и среднего возрастов – значительно раскованнее. Более демократичным стали взаимоотношения старших и младших братьев, включая сестер.

В то же время в случаях, связанных с устройством различной семейной обрядности: детской, свадебной и похоронно-поминальной, а также календарно-религиозных праздников, включая Наурыз, ораза и курбан айт, происходит оживление ряда основных элементов традиционного этикета. Например, в таких празднествах мужчины и женщины сидят в разных комнатах или за отдельными столами, при всех действиях подчеркиваются привилегии людей более старшего возраста.

Отметим также и то обстоятельство, что во внутрисемейных отношениях казахов южных областей и в моноэтнических с преобладанием казахского населения районах по-прежнему соблюдается ряд традиционных семейно-брачных запретов и обычаев избегания. Следует сказать, что в повседневной жизни тяжело заметить грань между запретами и избеганиями, с одной стороны, и предписанными нормами поведения, с другой. В реальности, они наиболее заметны в категории свойственников, т.е. в отношении супругов к тому или иному кругу избегаемых свойственников. Запреты и избегания можно условно дифференцировать на две основные группы, которые, в конечном итоге, преследовали реализацию установленных половых норм. Так, одни из них были направлены на то, чтобы ослабить в определенной степени инстинкт ревности, другие – чтобы предотвратить в будущем полового общения между лицами, запретных друг другу в брачных отношениях категорий /7/.

Поэтому в основе первой лежит непосредственно предмет избегания: запреты находиться вместе, совместно принимать пищу, разговаривать друг с другом, произносить личные имена и т.д. Во вторую входят различные вовлеченные в нее лица: невестка-жена и родственники мужа, зять-муж и родственники жены.

Нередко супругам молодого и среднего возраста в присутствии родителей или родственников одного из них нельзя было открыто называть друг друга мужем и женой, а также произносить их имена, используя для этого другие термины или названия. Например, при наличии посторонних они обращались друг к другу «от ағасы» (хозяин очага), «баланың анасы» (мать ребенка) и т.д. Таким же нежелательным действием считалось для молодых супругов обнимать или ласкать своего маленького ребенка в присутствии старших родственников, а также посторонних. Открыто свои отцовские и материнские чувства они могли проявлять лишь наедине или в узком домашнем кругу.

В нуклеарных семьях потребность в повседневной заботе за детьми сдерживали соблюдение ряда обычаев избегания молодой женщиной-матерью. Однако в неразделенных семьях в первые годы брака ей приходилось не показывать при других свои материнские чувства. Сюда накладывало свое влияние и то обстоятельство, что в таких семьях, как правило, первенец считался не их ребенком, а бабушки и дедушки, которые нередко могли ревновать младенца к своим настоящим родителям. Постепенно в ходе такой социализации ребенка он воспринимал своих родных родителей лишь в качестве старшего брата и «женге» (жены старшего брата).

В неразделенных семьях с наличием трех-четырех поколений и в настоящее время существуют пережитки избегания между женой и старшими родственниками мужа. Они в первую очередь касаются отношений между невесткой и свекром, которые могут длиться до рождения первого ребенка или на протяжении многих лет. При этом она должна соблюдать следующие правила поведения: не смотреть свекру в лицо, не показывать обнаженные части тела, не разговаривать громко или смеяться в его

присутствии. С течением времени, связанные с избеганием запреты снимались или ослабевали, и к старости сохранялись лишь немногие 4, с.174-175/.

Супруга при обращении к свекру или свекрови, к старшим братьям мужа – свойственникам или при разговоре с другими, также не называла их настоящих имен. Этот же запрет распространялся и на названия предметов, созвучных с их именами. Поэтому, в отношении родителей мужа она могла использовать такие общепринятые почтительные обращения, как «қайны ата», «әке» (отец), «шеше» (мать), а к его старшим родственникам – «қайны аға» (старший брат), «қайны апа», «тәте» (старшая сестра) или другие имена, идентичные с настоящим и т.д.

Указанный запрет на произнесение собственных имен восходит в первоначальном смысле к вере в то, что, произнеся имя человека, можно привлечь к нему злые силы. В основе запрета и избегания между невесткой с ее старшими и младшими свойственниками лежит как предохранение от недозволенных брачных отношений /8/, так и «естественное чувство застенчивости, стеснения, которые испытывают вступающие в брак» [4, с.237]. Естественно, что эти табу, как и всякий этикет, регулирующий те или иные нормы общения, с годами или десятилетиями ослабевали и проявлялись уже как общепринятые этикетные явления. В повседневном общении эти обычаи воспринимаются как взаимное уважение тех и других. Поэтому к ним необходимо подходить дифференцированно. Например, в настоящее время немногие придерживаются этих обычаев по отношению к мужу или жене, несколько большее количество – по отношению к свекрови или теще, и сравнительно значительное – по отношению к главным традиционным объектам избегания – старшим родственникам-мужчинам, включая свекра и тестя. При этом возникают различные компромиссные формы следования старым обычаям и прежде всего сокращение сроков их соблюдения.

Следует также отметить, что в этикетных правилах казахов частично сохраняются и поверья в значимость неблагоприятных действий, которые своими корнями уходят в доисламский субстрат восточной традиции. Такое представление прежде всего распространяется на счет. Считается, что пересчет может привести к несчастью, так как от него в первую очередь страдает «құт» (благословение, удача). Исходя из такого понятия многодетная мать или бабушка не позволяла посторонним пересчитывать ее потомство – детей и внуков, не называла точного их количества, ограничиваясь приблизительными или уклончивыми числами. Такие же действия распространялись на количество скота, того или иного рабочего инвентаря в хозяйстве.

В этикете общения казахов, как и других народов, значительное место отводится дружбе и взаимопониманию с родственниками, друзьями и соседями. Они возникают в силу общности духовных, образовательных и профессиональных интересов, свободы контактирования, между людьми одного возраста или поколения, нередко объединенных также родственными узами, происхождением из одной местности, города или рода. Дружеские отношения подразумевают, прежде всего, взаимную обязанность, долг быть готовым оказывать в случае необходимости первую помощь и всегда проявлять благосклонность и бескорыстие. Нередко друг возводится до степени брата, подтверждением чему служат такие поговорки, как «Друг познается в беде», «Для хорошего друга и жизнь не жалко». Интенсивность такого рода общения не уступает родственным, а если учесть, что в городах в отличие от сельской местности, многие горожане приехали издалека и не располагают родственными связями, могут во многом превосходить эти отношения.

Казахи предпочитают всегда поддерживать добрые отношения и с соседями. Очень часто в обыденной жизни соседские отношения (встречи, взаимные визиты, совместные формы внесемейного общения) нередко переходят в близкие и приятельские. Казахская пословица гласит: «Близкий сосед лучше, чем далекий родственник». В понятие «соседские связи» входят самые разнообразные типы

общения – от хозяйственно-бытовых до культурных. С их помощью происходит также осуществление таких социально значимых функций как взаимопомощь, социальный контроль, социализация детей, обмен информацией и т.д.

В целом сущность и действенность этикетной формы отношений во многом зависит от типа и состава семьи. Они сильнее проявляются в сложных неразделенных семьях с наличием представителей старшего поколения, в которых другие члены семьи нередко находятся под их влиянием и стремятся выполнять привычные для них требования традиционного этикета. В двухпоколенных нуклеарных семьях этикетное общение подвержено определенным инновациям, характеризующееся более эгалитарным отношением. Это же присуще городским семьям по сравнению с сельскими.

С другой стороны, в рассмотренных правилах казахского этикета можно обнаружить как этнически особенные моменты, так и наличие общих правил поведения, характерные и для других народов. Основанные на традиционных моральных ценностях, они предусматривают определенную степень этикетности поведения во многих сферах жизнедеятельности: дома, в гостях или в общественном месте. Даже подвергаясь воздействию инноваций общепринятые этикетные нормы в целом успешно противостоят им. Казахи, особенно сельские, в отличие от контактирующих с ними европейских этносов, сохраняют свои традиции, придерживаются их в повседневной жизни, укрепляя тем самым не только преемственность поколений, но и единение со своим этносом. Однако, как и всякая живая система, традиционные этикетные нормы и правила продолжают развиваться, органически вбирая в себя современные элементы. Они в исследованных нами различных регионах республики повсюду идентичны и одинаковы не только по своей форме, но и по содержанию.

ЛИТЕРАТУРА

1. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы, 1973.
2. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX- начало XX в.). – Алма-Ата, 1991.
3. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы, 1998.
4. Кисляков Н.А. очерки по истории семьи и брака у народов Средней Азии и Казахстана. – Л., 1969.
5. Полевые экспедиционные материалы автора, собранные в 1990-1998 годы в указанных областях Казахстана.
6. Калыш А.Б. Состав семей и структура внутрисемейных отношений современного сельского населения Семиречья // Вестник КазГУ им. аль-Фараби. Серия историческая. – 1996. - №3. – С.144-155.
7. Штернберг Л.Я. Семья и род у народов северо-восточной Азии. – Л., 1933. – С. 95-98.
8. Дыренкова Н.П. Брак, термины родства и психические запреты к киргизов // Этнографические материалы. – Л., 1927. – №2. – С.256-257.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена особенностям повседневного общения казахов в прошлом и настоящем.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтардың күнделікті өмірдегі қарым-қатынасының ұлттық ерекшеліктері қарастырылған

АРҒЫҚАЗАҚТАРДАҒЫ (ПРОТОҚАЗАҚТАРДАҒЫ) ТӘҢІРШІЛДІК ПЕН ИСЛАМ ДІНІНІҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҚ СИПАТЫ

Шланова А.М.-оқытушы (Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)

Қазақ халқы мыңжылдықтың барысында өзінің дәстүрін, әдеп-ғұрыптарын, тәңірлік культін сақтай отырып, мұсылмандарға қосылды. Б.з I мыңжылдықтың ортасында адамзат, мың жылдай отырықшылықта өмір сүріп, иудаизм мен христиан дәстүрін дамыта келе, тағы да бір діни-әлемдік идея – исламға келеді. Осы тұрғыда Соловьев: «... если же признавать в истории внутренний смысл и целесообразность, тогда без сомнения такое огромное дело, как создание Ислама и основание мусульманской культуры, должно иметь провиденциальное значение...» деп көрсетеді /1, с. 184/.

Түрік халқы исламды қабылдағанға дейін арабтардың ислам діні келгенге дейінгі кезеңмен сәйкестенеді. Тәңіршілдік пен ислам дінінің ұқсастығы бір құдайға деген сенімнің болуы. Профессор Н.А. Нысанбаевтың көрсетуі бойынша тәңіршілдікте монотеистік тенденциялар басым болып, кейін келе ислам дінін қабылдауына алып келді. Ежелгі түрік халқында Тәңір әлемді және адамдардың өмірімен басқарып отырды. Тәңіршілдіктегі осындай кеңшілдік Тәңірдің Аллахпен байланыстылығын көрсетіп, тәңіршілдік жаңа ислам дінін ешбір қарсылықсыз қабылдап, көп уақытқа дейін тарихи санада халықтың өмірінде тәңіршілдік сарқыншақтары сақталып қалды.

XIX ғасырдың ортасында қазақ ғалымы, ағартушысы, демократ, зерттеушісі, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін, Орталық Орта Азияны зерттеуші Шоқан Уәлиханов өз естеліктерінде қазақ даласында екі діннің орын алуын және бұл Русь жерінде Нестордың басқаруы кезіндегі діни жағдаймен ұқсастығын баяндайды. Түркі тайпаларында рулық тайпалық дәстүрдің жойылуынан Тәңір культіне бағыныштылық сейіліп, түркі халқында Тәңір Бір Құдай, яғни Алла есімімен қалыптаса бастады.

Ш. Уәлиханов: «Онгон (құдайлар рухы) әруақ, Көк Тәңірі Аллах немесе Құдай, жер рухы шайтан немесе пері есімдерімен байланыстыра бастады». Мұсылман дінін таратушылар тәңіршілдік пен ислам дінінің тарихи сабақтастығын дұрыс пайдаланып отырды /2/.

Тәңіршілдіктің діни философиялық көзқарастары қазақ даласындағы исламды мықтап орын алды. Қазақтар қазірдің өзінде исламға дейінгі Тәңір, Құдай терминдері Алла есімдерінің орнына қолданып келеді.

Орта азиялық мәдениет енді ғана қалыптасып келе жетқан исламды қабылдады. Ең алдымен бұл аймақтарда халықтың әдет-ғұрпына сәйкес, жеңіл болған, исламның сунниттік ханафи мазхабы кең таралды. Кейбір зерттеушілер ханафияны протестанттық этикамен салыстыруда. Исламның етек алуында сопылық ағымдағы–тариқаттар ең негізгі орын алды /1, 186 б./.

Орта азия халықтарының дәстүрлі мәдениетінде тәңіршілдік дәстүрінен енген әруақтарға сену, қасиетті адамдарды сыйлау, қасиетті және әйгілі адамдардың бейітін зиярат ету, әртүрлі оразалар (үш, жеті, қырық күн), халық мейрамдары, соның ішінде – Наурыз. IX–X ғғ. түрік халқында тіл, ұлттық дін және әліпбиге байланысты өзіндік өркениеті орын алды. Соның бірі 20 наурыз күні. Бұл күні үй ішінде толық тазаланады. Кешкі мезгілде мейрамдық дастарқан жайылып, ескі жылды шығарып салу дәстүрі жүріп отырды. Жаңа жылдың басталуы, адамзаттың қайтадан пайда болуы тәрізді есептелді. 21 наурыз күні нағыз мейрам – Жаңа жыл (Наурыз мейрамы) келетін. Мейрамның ең бір маңызды бөлігі ата-баба рухына арнап құрбан шалу болды. Құрбан шалуды әр отбасы өзінің шама – шарқы келгенше өткізетін. Құрбан шалу рәсімі аяқталған соң, магиялық ойындар ойнау, үйден үйге барып бір-бірлерін құттықтау, денсаулық тілеу және сыйлықтармен өзара алмасу жасады. Моңғол және түрік мәдениетінің жүйесінде бұл дәстүрлер жоғары орынды иеленді.

Түркі халқы мамыр айында ауа рухына қатысты құрбан шалып отырса, жаз мезгілі Ересектің кезеңі санады. Жаз мезгілін барлығы ұнататын. Қарттар қақаған қыстан аман өттік десе, балалар еркін жүгіріп, секіріп ойнауға мүмкіндік алды. Түріктер мен моңғол халықтарында жазғы мейрамдардан Аспан Тәңіріне құрбан шалу естен шығарылмайтын. Бұл мейрам жыл мезгілінің бесінші айының бастапқы немесе ортаңғы уақыттарында өткізіліп, топтық ойындар мен әртүрлі эзіл-оспақпен (ат жарыстыру, садақтан оқ ату) жалғасын тауып отырды. Жаз аяқталып сұрғұлт күздің келуін түріктер Қартайған шақ деп қарады. Күзгі мейрамдар аяқталған еңбекті тойлаумен және Жер рухы мен ата-баба рухына құрбан шалумен өткізілетін. Қытай жылнамасы «Чжоушуда» Көк Тәңірі туралы былайша келтіреді: «түріктер бесінші айдың аралығында қой немесе жылқыны Тәңір үшін құрбан шалатын» /3/ дейді. Көк Тәңіріне құрбан шалу көп ғасырлар бойы жүріп, қазірде алтай халықтарында сақталып қалды.

Түрік және моңғол хандарының тәңіршілдіктен бас тартып, әлемдік діндердің біріне бет алуы мемлекеттік масштабта Көк Тәңіріне табынуды азайтып, кейін түгелімен халық арасында мұндай дәстүр жоғалды. Айтылғандардың көпшілігі мұсылмандық болып есептелсе де, ислам қағидаттарына қайшы келетін тұстары да бар.

М. Қашқари бойынша ерте түрік діні Ном деп аталды. Ол: «Тәңри номы – Тәңірдің діні, иә шарифаты – деген сөз осыдан шыққан. Діннің бәрін ном дейді. Бұл шынлықтардың сөзі» /4, 193 б./ М. Қашқари тәңіршілдіктегі құрбан шалуға байланысты: «Иағыш: құрбандық. Исләмнан бұрынғы кезде түріктердің Тәңірге жақындықты білдіру үшін пұтқа атап шалатын құрбандығы» /4, 19 б./

М. Қашқаридың өз еңбегінде Тәңір сөзін қолдануы бір құдайға сенімді көрсетуді меңзейді. Сонымен қатар қазіргі заманғы ортоксальды мұсылман әдебиетінде (түркі емес) «Тәңірі сөзі – Аллах бір, одан өзге тәңір жоқ формуласына сәйкестенеді. Басқа тілдерде Диэу, Готт, Год, және Құдай сөзі идолдар мағынасында қолданылуы мүмкін, алайда Аллах сөзін алмастыра алмайды» /4, 124 б./ Ал түрік тілінде болса, қазіргі кезде Бір Құдайды білдіруде араб сөзі «Аллах» пен парсы сөзі «Құдай», түрік сөзі «Тәңір» теңдей қолданылады.

Сонымен бірге мұсылман М.Қашқари «дінге сенбеушілерді» – тәңіршілерді ислам таухиды бойынша айыптайды:

«Тәңрі – Улуғ Тәңри. Мақалда мундақ кәлгән. Тивин Тәңриғә тепинғақ, лекин Тәңри үниң бу ишидин мәмнуң эмәс. Капирларниң диний башлиқлири Улуғ Тәңриғә ибадәт килиду. Лекин Улуғ Тәңри уларниң ишидин эмәс бу макал өз ишини бәзиларғә якиди дәп ғуман қилған, әмма өз иши кишиләрға яқмиған. Әдәмлар учунла әйтилиду. Шеирда мундақ кәлгән:

Тәңриғи тун –кун тивин, боюнтавлиқ қилма,

Униғдин қорқуп әймән, ойнимиғин.

Худа урғур капирлар асманни «тәңри» дәйду.

Улар көзлириғә чөң көрүңгән әр қандақ нәрсини – эгиз тағ, йоған дәрәхләрниму «тәңри» дәйду. Шуна бундақ нәрсиларға сәждә килиду. Улар инә билимлиқ әдәмни «тәңриқан» дәйду. Мундақ азғунлуқтин худа сақлисун» /4, 514 б./

Аудармасы бойынша: «Тәңір – Ұлы Тәңір. Мақалдың мағынасы Тәңірге бағыну. Кәпір дін қызметкерлері Ұлы Тәңірге сенеді, алайда Тәңір олардың олардың дұғаларын қабыл етпейді».

Расымен де түрік халқының архитепінде бір құдайға табыну – «Бир Тәңри», «Тәңри Тек», «Тәңір яратамиш» деген атаулармен белгілі болып тұр. Осындай түсінікте Тәңір ежелгі шумер, қытай, грек және тағы басқа халықтарда айқындалған. Мысалы, ежелгі мемлекеттік(қытай халықтары) дін ұйымдасқан жүйе ретінде қалыптасқан. Бұл түсінік бойынша Тянь – Аспан, Шань – ди – Ұлы Мемлекет, Аспан Ұлы. Аспан қытай халқының түсінігінде жаңбырдың құдыреті, күннің шапағаты, ыстық пен салқында,

элеуметтік және қоғамдық құрылыстың құдыреті болып табылады. Шумер – акад мифологиясында Ан – орталық құдай Аспан құдайы болып саналады.

Тәңіршілдік діни идея ретінде бір басшы құдай – Тәңір («Ульгень - Олкен») ретінде төменгі тәңіршілдер иерархиясында құдайлар пантеонын қолданады. Тәңірлер кей жағдайда басқа құдайлармен бірге әлемде, адамдардың өмірінде орын алады: «өмір сүру уақытын белгілейді», қағандарға билік беріп, қағанға қатысты күнә еткендерді жазалап, қағанға мемлекеттік және әскери істерді орындауға «бұйрық» береді.

Жоғары түсініктен тәңіршілдік исламға дейін түрік мәдениетінде өз діни ішкі классификациясын қалыптастырды:

1) тәңіршілдік рухани – діни ілім негізінде «Өмір – Табиғат – Адамзат» үштігімен ұштастырды.

2) тотемдік, анимистикалық, фетишистік, түсініктерге ие болған діни табиғатта Тәңірге сенім Аспан – Кеңістігін біріктіріп, табиғат пен адамзаттың бірлігін сипаттады.

3) тәңіршілдік политеистік дін санатында табиғат культі мен ата – бабалар культін сақтады.

4) камдар діни Тәңіршілдіктің деградациясы ретінде шаманизм элементтерін алып, жаман және жақсы рухтарға сенімнен туындады. /1, с.160/

Араб жаулаушылығы қарсаңында Шығыс халықтарының мәдениеттері мен ескі діндері терең дағдарыс үстінде тұрды. Орталық Азия, оның ішінде Қазіргі Қазақстан территориясында мекендеген түркі тайпаларын алатын болсақ, олардың арасында Ислам дінінің таралуына алғышарттар пісіп жетілді. Түркілердің ислам дінін қабылдауындағы басты себеп: олар ұстанған діндердің рухани және элеуметтік жағы адамдарды қанағаттандыра алмады. Ескі сенімдердің исламмен жарыса алмауы басты негіз болды. Адамның рухын көтере алмайтын отқа сыйыну, әруаққа сыйыну, табиғатқа сыйыну тағы басқа наным-сенімдер мен діндердің ислам келгенде қаншалықты негізсіз екені анықталды. «Бақсының безектеуі мен аң-жануарлардың киелілігі, ислам ғылымымен танысқаннан кейін қасиетін және мағынасын жоғалтқан жоқ» /5, 205 б./.

Көптеген ортағасырлық деректерде қазақ және қырғыз халқы күнді дәріптеген. Михман – Нама – и – Бухарат – атты деректе «қазақтардың діни дұрыс жолмен жүрмесе, әртүрлі идолдар мен күнге табынуды қоймаса олардың арасында діни сауаттылық орнамай, халық хан билігінің соққысынан құтылмайды». Және осы аталған еңбекте көктем уақытында адамдар күнге қарап, шығысқа қарай қымыздарын төгіп, жерге табынатын. Автордың пікірі бойынша осы әрекеттері күнге жылқының қоры шөп және одан пайда болатын қымыз үшін білдіретін рахметі болып табылады [6, 23 б.]. С.М. Абрамзонның көрсетуі бойынша қырғыз халқы таңғы уақытта аспанға қол жаюын, күн мен аспанға табынғандығын тәңіршілдікте орын алуымен қорытындылайды. Жартастағы суреттердің өзі қазақ халқының Тәңірге табынғандығын бейнелеп, К. Әуезхан былайша келтіреді: «Тәңірі – Күн де емес, Аспан да емес. Ол осының бәрін тудырушы, жарыққа шығарушы күш, құдірет, құдай» /7/. Тәңіршілдіктегі Аспан, Күн құдайлары белгілі бір символдарға ие болып қазақ халқында ислам келгеннен соң да қалып, ислам бірге қоғамда қолдануда.

Діни наным-сенімнің ең бедерлі айғағы өлік жөнелту рәсімінен айқын байқалады. Осы орайда қазақ арасында өлік жөнелтуге қатысты қалыптасқан рәсімді ретімен атап өту қажет: өлікті оң жаққа қою, қаралы ту көтеру, жоқтау айту, сүйекке түсу, мәйітті арулау немесе жуып тазарту, кебіндеу, табытқа жатқызу, үйді үш не жеті (кейде тоғыз) рет айналдырып мәйітті алып шығу, жармалап немесе лақаттап қабыр қазу, сүйек қосу (көнеден келе жатқан, қазір ұмыт болуға айналған рәсім), дене топырағын жинау, бесікше көтеру, ақтық үлестіру, бейіт салу, мола тұрғызу, там соғу, күмбез орнату, қорымды қоршау немесе қорған қалау, көк тас орнату мен жетісін жөнелту, мініс атын тұлдау, қырқын және жылын беру (яғни, ас беру, тұлданған жылқыны сою, қаралы туды түсіру), өліктің киімі мен тұтынған заттарын үлестіру орын алған. Өлік жөнелтуге

қатысты осы шаралардың біразы ислам дінінің үрдісінде жоқ, байырғы замандардан келе жатқан тәңірлік наным-сеніммен сабақтас рәсімдер мен жөн-жоралар екені ешқандай күман тудырмайды. Сонымен бірге, рәсімдер қазақ халқының арғы замандардан бастау алатын текті мәдениетінің орныққан айғағы ретінде де назар аударарды. Кез келген әлеуметтік ортада қалыптасқан белгілі бір салт-дәстүрдің өзіндік идеясы болды. Ру-тайпалық жүйені негіз еткен көшпелілер қоғамында орныққан байырғы наным-сеніммен сабақтасқан дәстүр салт-дәстүр бойынша адам сүйегінің киелі сипаты бар. Біріншіден, бақилық болған адам сүйегі өзінің кіндік қаны тамған, туған жеріне бұйыруы керек. Өйткені, Көк тәңірінен кейінгі құдірет – Жер-ана. Адам өлімі өкініш қайғы әкелсе, сол адам сүйегінің туған жерге бұйырмауы - өлімнен де ауыр күнә. Қазақ арасында бағзыдан қалыптасқан мойынға тұмар тағу, ол тұмар ішіне туған жердің топырағын тую дәстүрі де ата мекеннен сүйекті ажыратпауды мұрат тұтудың белгісі болса керек. Байырғы түркі тіліндегі «тоғма+иер» (туған+жер) сөздерінің қосылуынан «тұмар» сөзінің пайда болуы әбден мүмкін. «Туған жердің топырағы бұйырсын», «Тәңірім туған жердің топырағынан ажырата көрмесін» деп келетін бата-тілектер қазақ арасында күні бүгінге дейін айтылады. Яғни, ру-тайпалық жүйені тірек еткен көшпелілер үшін туып-өскен жер – К. Маркс айтқандай, «еңбек құралы», мәңгілікпен табыстырар киелі дәнекер /8, 128 б./.

Тәңіршілдік дәстүрінің әлемдік діндердің айырмашылығы:

1) тәңіршілдік христиан және ислам дініне дейінгі адамдардың әлемдік көзқарасын жеткізуші.

2) жаратушы Тәңір – Табиғат деп білуі.

3) тәңіршілдікте пайғамбарлар, діни орындар (мешіт, шіркеу, синагог және т.б.) қасиетті кітаптар, діни қызметкерлер жоқ, олардың қызметін табиғат атқарады.

4) тәңіршілдікте адамдардың тұрмысын белгілейтін арнайы бір догмалар мен діни істер орын алмайды.

5) тәңір мен адамдар арасында белгілі бір жалғастырушы (священниктер, діни қызметкерлер) жоқ, оның қызметін де табиғат өзі атқарады /1, с. 57/.

«Тәңір» ұғымы – қазақ халқының «тәңірім» деуінде ешқандай қателік жоқ. Өйткені, түркі тілінде Жаратушы «тәңір», араб тілінде «илаһ», парсы тілінде «худа» болып айтылады. Қазақ «Тәңірім» десе, жалғыз Жаратушы Құдай Аллаһ Тағаланы меңзеген /9/.

Тәңіршілдік сенімі басқа діндермен таласып, олардың құдайларын шайтан, жын-пері түрінде көрсеткен жоқ. Қайта ол басқа діндердің кейбір элементтерін өзіне енгізіп, өзінің негізгі – уақыт пен әлем гармониясы ұстанымын өзгерткен жоқ. Тенгриан күнтізбесі Ғарыш пен Табиғаттағы құбылыстар мен Адамның шаруашылық – тұрмыстағы және мәдени өміріндегі кездесетін гармониялық арақатынастарды бір ырғаққа біріктіре білді. Көшпенділердің әрбір мүшесіне белгілі антропоғарыштық күнтізбе, олардың дүниетанымын, экологиялық мәдениетін, өзара арақатынастағы парасаттылықты қалыптастырғанын шеттен келген саяхатшылар көре білген. Ол туралы Плато Карпини: «Олардың арасында сөз таластыру сирек кездеседі немесе тіптен кездеспейді, төбелес, соғыс, адамды жаралау немесе өлтіру олардың арасында ешқашан болмайды... Біреуі екіншісін барынша құрметтейді және олар өзара өте тату... Олардың арасында өзара қызғаныш жоқ болуы керек; олардың ішінде ешқандай ауыр талас жоқ; бірін-бірі жек көрмейді, бірақ қолдан келгенше қаржымен көмектеседі. Олардың әйелдері парасатты және олардың арасында ұятты қылықты естіген жоқпын» десе, [10, с. 160] тағы бір ұлы саяхатшы Ибн Батутта: «Мен бұл аймақта әйелге деген ұлы құрметтің тамаша үлгісін көрдім» дейді. Мұнан шығар қорытынды яғни тәңіршілдіктегі сарқыншақтың исламда да орын алуы. Ислам дінінде де әйел орны ерекше айтылғаны белгілі /11/.

Н.С. Бакинаның пікірінше: «б.з.д. V-III ғғ. Түркілерде құлшылық ету объектісі ретінде Көк-Тәңірі болғандығын зерттеушілер ойының бір арнада тоғысқандығы мәлім.

Дүние жүзілік тарихта ол монотеистік діндердің алғашқысы ретінде белгілі. Тәңіршілдік идеясында бір Құдайға табыну идеясы орын алған» /12/ – деуі, исламның әр түрлі мәдениеттерді бір өркениеттік ағымға біріктіргендігін көрсетеді. Ислам осы дінді қабылдаған халықтардың мәдениетін жойып жібермей, керісінше жаңа сатыға көтерді. Қоғам мен мәдениет үнемі қозғалыста, дамуда болатын жүйелер. Түркі мәдениеті мен ислам өркениеті туралы айтқанда олардың бір-бірін толықтырып отырғандығын ескеруіміз керек. Қазақ халқының ертеден келе жатқан салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары ислам қағидаларына орайласқан. Түркілердің түсінігінде Тәңір Алланың синониміне айналған. Ислам дінінің басты ерекшеліктерінің бірі, тұрғылықты халықтың наным-сенімдерін өзінің канондарына бейімдеп, негізгі қағидаларын нығайта алуында деп ойлаймыз. Ресми исламға қарағанда көшпенді түркілер арасында сопылық бағыт кеңінен таралды. Сопылық бағыттың таралуына осы жерлерде исламға дейін қалыптасқан «әулиелерді пір тұту» дәстүрі көп ықпал етті. Рухани тазалығы, емшілік қасиеті, тақуашылығы арқылы халық арасында кең танылып, беделге ие болған сопылардың аты тірі кезінде-ақ аңызға айналды. Ал қайтыс болған соң олардың бейіттері қасиетті орындарға айналды. Осындай кейбір ерекшеліктеріне қарамастан көшпенділер арасында исламның таралуына сопылықтың маңызы зор болды. Сопылық арқылы исламның моральдық принциптері бұқара халық санасына сіңірілді. Ал қоғамдық өмірдің ресми деңгейінде Әбу Ханифа мәзһабы қолданыс тапты. Отырықшы түркі халықтары арасында бұл мәзһабтың қолданыс аясы, көшпенділермен салыстырғанда әлдеқайда кең болды. Көшпенділер қоғамдық өмірді реттеуде әдеттік заң нормаларына көбірек жүгінгенімен, ислам шарттарын орындау мен ғибадат мәселелерінде осы мәзһабтың ұстанымдарын басшылыққа алды. Бала туғанда азан шақырып ат қою, неке қию, жерлеу рәсімдері, ораза тұту, намаз оқу тәртіптері осы мәзһаб шарттарына сәйкес атқарылды. Басқа да мұсылман халықтары сияқты көшпенділер де ораза айт, құрбан айт сияқты мейрамдарды атап өтіп отырды.

Сонымен қатар, қазақ этносын қалыптастыруға қатысушы найман, керейт, қыпшақ секілді көшпелі тайпалардың әскери-саяси бірлестігі территорияларында XI-XII ғғ. исламмен қатар тәңіршілдік пен христиан табысты бәсекелес болған. Ислам Хорезм мемлекетімен көршілес орналасқан хәне тығыз байланыс орнатқан елдерде таралды /13/.

Моңғол ұлыстары дәуірінде қазақтың көшпенділік салты сақталып, әрі қарай дамыды. Былай болуына Шыңғыс ханның мұрагерлері де мүдделі болды. Шыңғыс ханның «Ұлы жасақ» заңында көшпенділік салтты бұзбау туралы арнаулы ереже бар. Оны бұзуға ешкімнің де құзыры жетпейтін. Бұл мал баққан қазақ халқының мүддесіне сай келді. Қазақтар мен және моңғолдар ашық аспан астында жұлдыз санап, көк тәңірімен тілдесіп өскен халық /14/.

Көк тәңірі жайында Ш.Ш. Уәлиханов пен Д. Банзаров көшпенділердің тәңірлік сеніміне аса ыждаһаттықпен қарады. Д. Банзаровтың пікірінше, көшпенділер үшін әлем сыртқы және ішкі дүниеден құралады. Сыртқы дүние ол табиғат (ай, күн, жұлдыз, жер). Ал ішкі дүние ол адамның рухы. Адамдардың қара дүрсін (черная вера) сенімінің кілті, міне осылар. Ш. Уәлиханов бұларды «ата бабалардың нақты пәк сенімі еді» /15, 45 б./ деп жазады. Екі халықта күн мен айдың тұтылуы, күннің күркіреуін тәңірінің адамзатқа берген ескертуі, сақтандыруы деп есептейді. Екі халықтың басына іс түскенде ата бабаларының аруағын шақырады. Аруақ шақырылғанда адамдардың бойына күш қайрат кіріп, «аруақтанып» кетеді. Жекпе жекке шыққанда қазақ «аруақ» деп ұмтылады. Тәңірлік наным сенім қазақ арасында ұзақ уақыт сақталды.

Қазақ арасына ислам дінінің таралуына әлдеқашан мұсылманға айналған Жошы хан ұрпақтары ұйытқы болды. Хан ордалары ислам дінімен қоса араб жазуы, араб мәдениетін қабылдады. Хан жарлықтары мен хаттар ежелгі ұйғыр-найман жазуымен қатар жазылатын болды. Мұны біз тек Қазақ даласынан табылған екі түрлі жазба мұра

және басқадай деректерден көре аламыз. Солардың бірі «Чингисийн чулунуны бичиг» немесе «Шыңғыс ханның тасқа бастырған жазуы» /16, 69 б./.

Қалай айтсақ та, YIII-X ғасырларда түркілер арасына енген ислам діні басқа діндердің тәжірибесін мүлде жоққа шығарған жоқ. Бір құдайшылық идеяға бет бұру әлемдік халықтардың барлығына күші жүретін заңдылық. Орталық Азияға жаңадан келген Ислам діні мен тәңірге табыну біршама бейбіт түрде және қайшылықсыз тоғысты. Адамгершілік пен имандылық пен теңдікті бойына сіңірген ислам дінінің басым түсуі заңды еді. Алайда ислам діні өзінен бұрынғы түркілер сан ғасыр табынып келген Тәңірі дінінің ең жақсы қағидаларын өз бойына сіңіріп алды. Исламға дейін қазақтың рухани мәдениетінде маңызды рөл атқарған діни ұстанымға тәңіршілдік жатады. Оның астарында бір Құдайға сенушілік тән екендігін және ислам өзара сабақтастығын көрсеткіміз келеді.

Көне түркілердің Тәңірі (Тенгри), яғни түркіше «Аспан құдайы», немесе «Мәңгі көк аспан» түркілерге қамқоршы болып, олардың халық болып қалыптасуына көмектескен. Ол аңыз бойынша, көне Алтайдағы түркілерге дұрыс өмір жолын көрсету үшін Тәңір өзінің сүйікті ұлы - қасиетті Гесерді (Кедер – Хызыр – Георгий - Джиржис) жібереді. Бұл есімдер бір адамның атын білдіреді. Гесер жер бетіндегі алғашқы пайғамбар. Осы қасиетті пайғамбардың қайырымды істері туралы түркі халықтарында көптеген аңыз-әңгімелер сақталған. Түркі халықтарының көбінде «Гесер» немесе «Гэсэр» атты көне эпостар бар. Ондаған ғасырлардан бері оның есімі өзгеріп, түркі халықтары оны қазір Кедер, немесе Хызыр деп атайды. Қазақтардың ислам дінін қабылдағанына мың жылдан асса да, олар Хызыр бабаға сыйынып, оны айрықша құрмет тұтады.

Түркі халықтарында тау, өзен, көлдердің рухына сыйыну емес, олардың өзіне сыйыну, яғни табиғатты кейіптеу олицетворение емес, оны тірілту процессі жүреді. Көне түркілердің дүниетанымының негізі аруақтарға табыну болып табылады. Өлгендердің рухына, мифтік ең алғашқы бабаларға сыйыну осыдан шыққан. Ертедегі бабаларының аруақтарына табынып, олардың олардың моладарына сыйынуды Парсы патшасы Дарийға қарсы соғқан өшпенді массагет тайпасы қағанының: «Сендер біздің жерді жаулап алуға келдіңдер, бірақ бізді жеңу үшін, алдымен біздің бабаларымыздың молаларын табуларың керек» деген сөзінен көреміз. Бұл сөздердің астары мынада. Массагеттердің жеңілмеуінің себебі бабалар аруағына, өздерінің қасиетті жеріне сыйынады. Бостандық үшін күресте батыр-бабаларының аруағы оларды қолдайды. Бабалар аруағына табыну құдайдың жаратушы күшіне сенудің ең көне формасы. Тарихи даму кезеңінің белгілі сатысында көптеген халықтардың аруақтарға табынуы, сонынан барлық дүниежүзілік діндерге негізгі элементтердің бірі болып енді /11/.

Толып жатқан тыйымдардың бірі – жандардың суретін салдырмау. Ол ислам дінінде бар. Оған дейін ондай тыйым иудаизм дінінде де болған. Себебі: ана дүниеге барғанда, оларға жан бітер деп қинайды екен. Ал қазақ кілемдерінде архар, нар, жылқы суреттері жиі кездесетін /16/. Содан кілемге адам бейнесін салып, оның аты-жөнін жазу тек кеңес дәуірінде орын алды. Бірақта тау үңгірлерінде тасқа салынған суреттерде адам, арба, ат басқа да жануарлар суреттері кездеседі. Бұл суреттер ислам дінінен әлде қайда ерте, бәлкім Тенгриан дәуірінде дүниеге келген болса керек. Қорыта айтқанда, қазақтарда ырымдар көп болған. Бұл бұғытастардың дені ерте сақ-скиф дәуірінің ескерткіштері. Бұғытастарда салынған бейнелер мазмұны жағынан сол өңірлерден ашылған сақ-скиф дәуірінің жерлеу ескерткіштеріне өте ұқсас. Демек, бір өңірде шоғырлана орналасқан бұғытастар. Алтайда мекен еткен сақтардың белгілі бір тайпасының діни-ғұрыптық, тотемдік дүниетанымына тікелей қатысты жәдігерлер екенінде дау жоқ. Бұғытастар орнатылған жерлер көне тайпалардың жер-суға, көк пен тәңіріге, ата бабаларына сиынып, табынатын діни ғұрыпты рәсім өткізетін киелі орындары болуы мүмкін екендігінен мәліметтер келтіреді /17/. Түркілердің жерлеу дәстүрі жөнінде Қытайдың Чжоушу деректерінде былай баяндалады: «Қайтыс болған

адамның мәйіті киіз үйге жайғастырылып, әрқайсысы туыстары жылқы, қойларын сойып, аза білдіреді. Сондай-ақ олар атпен қайтыс болған адамның үйін жеті рет айналып шығып, үйдің есігіне барып пышақпен беттерін жыртып жылап сықтайды, сөйтіп қан мен көз жасы қосыла жосылады. Осылайша жеті рет жоқтау жасалады. Содан соң өлген адамды заттарымен бірге өртеп, оның күлін жиып алып, ыңғайлы жерге көмеді. Көктем мен жазда өлген адамды ағаш жапырағы мен шөп сарғайып, қурай бастағанда, күз бен қыста өлген адамды гүл ашылып, ағаш көктегенде апарып жерлейді. Жерлеу күні адамның туыстары жоқтау айтып жылайды. Жерлеу аяқталған соң қабір басына тас қойып, белгі орнатады [3, 295 б.].

Аруаққа сену, жерлеу дәстүрлерінің арғықазақтарда жоғарыда аталып өткендей орын алуы, қазақ халқының рухани өміріндегі сенім мәселесі – ислам діні орныққанға дейінгі кезеңмен және одан кейінгі кезеңдерде мүлде бөлек емес, керісінше екі кезеңде де өзара байланысқандығының белгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аюпов Н.Г. Тенгрианство как открытие мировоззрение. – Алматы, 2004. – 224 с.
2. Серикбаева А.С. Тенгрианство и ислам в духовной жизни казахов // Лавровские (среднеазиатско кавказские чтения) 2000 – 2001. – СПб., 2002. – 154 с.
3. Әулеттік тарихи жылнамалар («Чжоушу», 50-цзюань, «Туцзюе баяны») ІҮ Том 2 бөлім. – Алматы, 2006. – 320 б.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. Үш томдық. 3 том. – Алматы, 1998. – 598 с.
5. Нұртазина Н. Д. Көне түркілік дәстүр және ислам // Қожа Ахмет Иасауи мұрасы мен ілімінің зерттелу мәселелері атты халықаралық конф. Алматы, 2008. – 203-210 бб.
6. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. – Алматы, 2002. – 68 б.
7. Әуезхан Қ. Дәстүрлі дүниетанымымыздан ажырамаған жөн // Ислам және өркениет. – 2008. – 10 қаңтар.
8. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. – Астана, – 2008. – 728 б.
9. Исаұлы М. Тәңіршілдікке оралу – пұтқа табыну // Ислам және Өркениет. – 2008. – 1-10 қаңтар.
10. Путешествие в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. Алматы, 1993. – 248 с.
11. Дала мен Қала. – 2011. № 6 (390) // www.google.kz.
12. Ағыбайұлы Е. Ислам дінін қорлағандарға тосқауыл керек // www.google.kz.
13. Нысанбаев Ә., Нұрмұратов С. Ислам дініндегі этикалық ұғымдардың тарихи философиялық маңызы. // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2009. – 75 б.
14. Қинаятұлы З. Шыңғыс хан және Қазақ мемлекеті. Екі томдық монографиялық зерттеу. – Алматы, 2010. – 728 б.
15. Әмірғазин С.Т. Исламның қазақ халқының рухани дәстүріне ықпалы // т.ғ.канд. диссертациясы. – Алматы, 1997. – 143 б.
16. Әкім Ж. Түркі өркениеті негізіндегі қазақ идеясы. – Алматы, 2007. – 304 б.
17. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том. Тарихи мәдени Жәдігерлер. – Алматы, – 2005. 75 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада арғықазақтардағы тәңіршілдік пен ислам дінінің өзара сабақтастық сипаты жайында баяндалған.

РЕЗЮМЕ

Автор статьи рассматривает вопросы духовных ценностей, формировавших этническое самосознание казахского народа. Сравнивает культ вселенского космического божества Тенгри и Ислам в духовной жизни казахов.

МАГИСТРАТУРА**ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНДЕГІ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ
(XX Ғ. БАСЫ МЕН 20-30 жж.)**

Абдиева Б. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың басында қалыптасқан ұлт зиялылары ұлтының бостандығы мен тәуелсіздігін жолындағы идеяларын мерзімді баспасөз арқылы насихаттаған. Жалпы Қазақстанда баспасөз барысы XIX ғасырдың аяғында пайда болып, қалыптасқан. Бұл ретте біз «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті» атасақ, ал XX ғасырдың алғашқы екі он жылдығында бұның қатары «Серке», «Қазақстан», «Айқап», «Қазақ», «Алаш», «Бірлік туы» мерзімді басылымдармен толықты.

XX ғасыр басы түрлі оқиғалармен белгілі. Соның бірі 1905 жылғы 9 қаңтарда болған қанды қақтығыстан кейінгі толқулар, патша саясатына қарсы қарсылықтардың өрши түсуі еді. Бұл оқиғалардың басында зиялы қауым өкілдерінің қатарында жастар да жүрді. Негізінде қазақ жастарының саяси аренаға шығу барысы алғашқы орыс революциясынан кейін кең өріс алды. Сол кездерде қазақ жастарының көпшілігі Ресейдегі жоғары оқу орындарында оқып, үкімет саясатына қарсы болған бой көтерулерге белсене араласып жатқан еді. Олардың кейбірі саяси сенімсіз ретінде тіпті оқу орындарынан шығарылып, сондарынан құпия түрде бақылау орнатылған болатын. Қатаң саясатқа қарамастан Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Омбы, Том қалаларындағы қазақ жастары жанданып келе жатқан революциялық қозғалыстарға белсене араласып, баспасөзге өз пікір, тұжырымдарын жариялай білді.

Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси санасының қалыптасуы мен белсенділіктеріне әсер етпей қоймады.

Кеңес өкіметі билікке келгенге дейін жастардың саяси көзқарасының қалыптасып, қоғамдық-саяси қызметке араласуына Ресейде өткен бірінші орыс революциясынан басқа, бірінші дүние жүзілік соғыстың басталуы мен оның ауыртпалықтары, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс сияқты ірі саяси оқиғалар белгілі дәрежеде ықпал жасады. Бірінші орыс революциясы қарсаңында және одан кейін Қазақстан жеріне саяси қуғынға ұшырап, жер аударылған адамдар легінің келуі де әсер етті. 1903 жылдан бастап, Қазақстанда шыға бастаған алғашқы социал-демократиялық топтар өздерінің істерімен қазақ жастарының саяси өмір мен күреске қатысуына ұйытқы болып, оларды орыстың революциялық пролетариатының төңірегіне топтасу күресіне жұмылдырды. 1905 жылдың алғашқы жартысында Өскемен, Ақмола, Павлодар уездерінің жастары жұмысшылар ереуілдері мен демонстрацияларына қатысты, ал Семей мен Орал жастары оқу орындарында жүріп-ақ бой көтерді [1, 14-б.].

Осындай қиын-қыстау уақытта өз қаржысына газет-журнал шығаруға талаптанған азаматтың бірі Мақыш Қалтаев 1905 жылы қазақ тілінде көлемі 22 беттік «Тұрмыс» атты қолжазба журналын жазып, қазақ қоғамында бой алып ескі әдет-ғұрпы сынға алған мақалаларды қамтуға тырысты. Теңіне қосыла алмай, малға сатылып, қорлықта жүрген қазақ әйелдерінің тұрмысы және жастардың оқу оқып, білім алуға талаптануы кекқа бармады, баспа арқылы шығаруға мүмкіншілік болмағандықтан тоқтап қалды /2/.

XX ғасыр басында шыққан мерзімді баспасөз беттерінде қазақ жастары мәселесі жиі жарияланып тұрды. Солардың бірі Елеусіз Бұйриннің ұйымдастыруымен қазақ тілінде шыққан «Қазақстан» газеті. Белгілі ғалым Б.Кенжебаев бұл газетті «нағыз прогресшіл, демократияшыл бағыттағы газет деуге болады» деп бағаласа /3/, ал

тарихшы И. Кенжалиев өзінің «Ғұмар Қараш» атты еңбегінде: «Газет Ғұмар Қараштың ұсынысымен «Қазақстан» деп аталды». Оның алғашқы екі саны Орда қалашығында 1911 жылы 16 наурыз, 27 мамырда жарық көрді. Бұл ол кезде үлкен ерлік, зор табыс еді. Қазақтың өз жерінде тұңғыш қоғамдық-саяси газет дүниеге келді», - деп тұжырым жасаған /4/.

Қазақ баспасөзінде жастар мәселесі туралы аса көңіл бөлген «Айқап» журналы ХХ ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік өмірі, мәдениеті мен әдебиеті, тілді дамыту, халық ағарту ісі мәселелерін көтеріп, қазақтың жас жеткіншектерін бұл іс-шараға белсене араласуға шақырған. Әйел теңсіздігі мәселесін қозғап, нәтижесінде жастар арасынан Сақыпжамал Өтегенова, Мәриям Сейдалина сияқты қазақ әйелдері арасынан алғашқы тілшілердің тәрбиеленіп шығуына себепкер болған.

Ұлт зиялысы С.Сәдуақасов 1919 ж. Омбыда орыс тілінде шығатын «Трудовая Сибирь» журналының №1 санында жариялаған «Киргизская литература» атты мақаласында сол кездерде жеті мерзімді басылымдар шығып, оның үшеуі жастардыкі екендігін атап көрсеткен. «Қазақ» (Орынбор), «Сарыарқа» (Семей), «Бірлік туы» (Ташкент), «Ұран» (Бөкей Ордасы) газеттеріне қысқаша сипаттама бере келіп, жастарға ықпалы жағынан «Қазақ» газетін бірінші орынға қояды.

«Қазақ» ең алғашқы санынан бастап-ақ жастар мәселесін, нақтылай айтқанда қазақ жастарының оқуы, мәдени-ағартушылық істері жайын көтерді. «Қазақ» газетін ғылыми тұрғыда зерттеген ғалым Ө.Әбдіманов оның мәнісін былай деп түсіндірген еді: «Өйткені бұл газеттің басты мақсаттарының бірі еді. Батысшылдық бағытты ұстанған қазақ зиялылары, туған халқының өзгедей өркениетті елдер секілді ғылым-білім жолына шығуын көкседі. Газеттің әсіресе, ерекше назар аударғаны оқу-ағарту ісі болды. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Алдымен қазақ айналасындағылардың бәрі осы ағарту саласында тікелей немесе жанама болса да мектеп-медресе жұмысымен байланысты адамдар еді. Екіншіден, газеттің бас жазушысы (редакторы) А. Байтұрсынов шын мәніндегі ұстаз-педагог болатын-ды» /5/.

«Қазақ» газетіндегі жастар мәселесіне көп көңіл бөлгендер ұлт қайраткерлері А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бөкейхановтар болды. Сонымен қатар Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, С. Дөнентаев, Б. Майлин газетінде жарияланған материалдарында жастарды өнер-білімге шақырып, ұлтына қызмет етуге үндеді. Газет әр санында қазақ балаларын оқыту барысы жайында, атап айтсақ, жетістіктері мен кемшіліктері жөнінде де жазып отырды. Торғай облысы, Ақтөбе уезіне қарасты Тұзтөбе болысының 6-ауылының қазағы Тасмұхаммед Тасыбайұлы он жылдан бері өз шығынымен мұғалім ұстап, төңірегіндегі қазақ балаларын орысша оқытуға себепші болып отырғандығы қуана хабарланса /6/, Ақтөбе уезіне қарасты Қобда болысының 2-ауылының Бөрекеш Хазірет Ихсан мырза мен Байтұрлы қажы бірігіп мешіт-медресе салып, оған «Уфа» қаласындағы «Ғалия» медресесін бітірген Мулуд деген мұғалімді алдырып, 50-60 шамалы қазақ балаларын оқыта бастағанын жазады /7/.

Қазақ балаларын оқыту ісі Қарқаралыда ашылып, жақсы жолға қойылғандығын айтқан мұғалім Ержан Аймановтың хаты жарияланды. Қарқаралыда 3 класты қалалық училище барлығын, бұрындары осы училищеге тек орыс балалары ғана оқуға қол жеткізетіндігін айта келе, ендігі қалада бұрыннан келе жатқан 7 мектептің жетіспеуінен тағы да 5 мектеп ашқандығын, онда қазақ балаларымен қатар қыз балалар да оқып жатқандығын айтады. Тіпті осы мектепті бітіріп шыққан Ыбырай Ақпаевтың қызы Семейдегі әйелдер гимназиясында оқып жатқандығын қуанышпен хабарлады /9/. Зайсанда да «Қазақия», «Ғазатия» деген мектептерде қазақ балалары усул жәдид бойынша оқытылып, ата-аналары балаларының ғылым үйренгендігіне риза болған /10/.

Уфадағы «Ғалия» медресесінен оқып шыққан шәкірттер «Уақыт», «Тәржіман», «Жұлдыз», «Сибиряк», «Қазақ», «Шура», «Айқап» сияқты басылымдарды алдыртып оқыды. Осы басылымдар арқылы елде оқу-ағарту барысын жөнге қоюға, білім алып,

ғылым жолына түсуге шақыра отырып, қазақтың игі жақсыларын қазақ жастарына аса қажетті оқу орнын салуға көмек көрсетсе деген тілектерін білдірген /11/.

Ауыл жастары мұғалімдікке оқуды тиімді санаған. Себебі, оқу бітіріп келгеннен кейін алысқа бармай өзінің болысында бала оқытудың елі үшін де, өзі үшін де пайдалы екендігін білді. Сондықтан көп жағдайда оқытушы болып шығатын мектеп-медреселерді бітіруге тырысты. Мысалы, Орынбордағы мұғалімдер даярлайтын мектепте 1913 жылдың өзінде қазақтан алты бала оқуға түскен, ал жалпы онда оқып жатқан 65 шәкірттің 35-і қазақ жастары болған.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін шыққан мерзімді баспасөзде қазақ жастары мәселесі негізгі тақырыптардың бірі болған. Сонымен қатар жастардың жеке газеттері шыға бастаған. «Лениншіл жас», «Бостандық туына» қосымша ретінде «Жеткіншек», «Жас алаш», «Жас қазақ», «Жас қайрат» және тағы басқа басылымдар жастар мәселесін көтеріп қана қоймай, баспасөз саласына қазақ жастарын тарта білген. Мәселен, 1925 жылдан бастап шыққан «Лениншіл жас» газетінде Әуеш Есназаров, Ерғали Алдоңғаров, Ибат Игенов, Ахмет Елшібеков және т.б. қазақ жастары қызмет етіп, комсомол жастар ұяларының жұмысы мәселесі, ауыл жастарының тәрбиесі, оқу-ағарту саласындағы кемшіліктер мен жетістіктер турасында қалам тербеген [12, 83-б.]. Бұлардың арасынан кейін білікті журналистер өсіп шыққан.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр басынан 30-жылдар аралығына дейін шығып тұрған қазақ тіліндегі газеттер жастар мәселесін батыл көтере білді. Жалпы мерзімді баспасөз қазақ жастарын ұйымдасуға, өнер-білім алуға шақыра отырып, олардың арасынан саналы қоғам қайраткерлерін тәрбиелеуге де елеулі әсер етті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сайлан Б.С. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастарсаясаты: тарихы мен тағылымы (1917-1991 жж.). Алматы, 2011.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Орталық ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қоры. – Инв. № 2958.
3. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы, 1958. – 306 б.
4. Кенжалиев И. Ғұмар Қараш. - Алматы. 1992; Нәсекенұлы И., Кенжалиев И.Н. Ғұмар Қараш. Оқу құралы. – Орал, 2004. – 134 б.
5. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 168 б.
6. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1913. – 10 февраль. – №2.
7. Ахмеди Зияғи. Қобда болысы // Қазақ. – 1913. – 9 март. – №5.
8. Айманов Ержан. Қарқаралыда оқу жайынан // Қазақ. – 1913. – 16 март. – №6.
9. Сәрсекеев Х. Зайсан // Қазақ. – 1913. – 23 май. – №15.
10. Ғайсин Зәкір. Ақмешіт хабарлары // Қазақ. – 1913. – 10 февраль. – №2.
11. Ішкі хабарлар // Қазақ. – 1913. – 29 июнь. – №20.
12. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 20-30 жж.). Алматы, 2011.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзінде жастар мәселесінің көтерілуі баяндалады. Осы кезеңде шығып тұрған қазақ баспасөзінде XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік өмірге, мәдениет пен әдебиетке, тілді дамыту, халық ағарту ісі мәселелеріне жас жеткіншектердің қатысуы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена молодежным проблемам в казахской периодической печати в начале XX века.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗ ҰЛТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСИ ТАРИХЫ

Белгинова Қ.М- магистрант(Алматы қ.,ҚазмемқызПУ)

Бүгінгі таңда Қазақстанда 140-тай этностар татулықта, бірлікте өмір сүріп, президентіміздің ішкі және сыртқы саясатын бірауыздан қолдап отыр. Республикамыздағы бұл этностардың мәдениетінің, салт-дәстүрінің еркін түрде дамуына барлық жағдайлар жасалған.

Бұны Ел басымыз Н.Ә Назарбаевтың «Біз ұлтына және діни сеніміне қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін, әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз» деген сөзі айқындайды /1/.

Ескінің барлығын естен шығарып, халықты жадынан жаңылдыратын, талай дауыл соғып өтті деуге тарихтың ащы сабағы куә.

XX ғасырда Қазақстанға қоныстанған халықтар тарихына ден қойып, оны зерттеу, мәселенің құқықтық жағын ашу, кешегі кеңестік тарихи-құқықтық тарихнамада кеңінен алынды.

Кеңес Одағы басшылары ашықтай іске асырған, қол астындағы халықтарға қарсы күштеп қоныс аудару-қылмыс деп қарау, XX ғасырдың 50-жылдарында басталды. Бұл үрдіс қылмыс ретінде қаралып, қоғамымызға қаншалық кесірін тигізгені, зұлымдық, қатал іс екендігін мойындау жеткіліксіз екені, басы ашық мәселе ретінде нақты материалдар негізге алынбай, жете ғылыми арнайы зерттелмей келеді. Біз халықтарды (неміс, корей, поляк, шешен, ингуш т.б.) заңсыз қуғын-сүргінге зорлықпен жерінен қоныс аударудың, олардың құқықтарының қорғалмауына үстірт қарап келдік. «Шаш ал десе бас алар» кезеңіндегі билік, олар жүргізген ашық, шектелмеген заңсыздық, ауыр қылмыстық іс-әрекеттері болғаны, әлі де ашылмады. Өйткені сол кезең тарихта тоталитаризмнің «салтанат» құруымен сипатталды.

Адами ақыл-ой жеңісіне жете алмай, түбі шикі, алдамшы да, зұлым саясатын ақыры қай жерден шығарын білгісі келсе де, өзінің азаматтық құқығын білмей, ұйқыда боп, арманда өткен жандар, тұтас халық қаншама. Сол 80-90-жылдары ұлттардың өзін-өзі басқару құқығымен, одақтас республикалардың мемлекеттік дербестігі деген мәселе көтерілді. Бұл үрдістің жалғасы іспеттес ендігі бір мәселе, «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін тұзақтарының қиянаты мен әуре-сарсаңына ұшырағандар құқығын қалпына келтіру жайында» КСРО Бас хатшысы М.С. Горбачевтің Жарлығында, 1990 жылдың 13 тамызында «Правда» газетінде жарияланды.

Қазірге дейін мыңдаған іс қаралмай, шаң-тозаң қалпында жатқанын көпшілік ашық айтып, баспасөз құралдары жазып жатыр. Демек, Кеңес Одағы адамдарына тағылған «күйе» негізсіз айыптау алынбауы былай тұрсын, жерінен аластатылғандар, сотталғандар, олардың жанұяларының адами құқығынан айрылып, күн көрістің ауыр зардабын көргендер ақталмауда. Ондай жанұялар тізімі еш жерде жарияланбай келеді. Тіпті кесілген жаза мерзімі де жарияланбағаны, ашық мәселе болып қалуда. Діни ұстанымына қарай қудаланған дін басылары және осы пиғылдағы азаматтар ақталуы тиіс. Билік ұстанған саясат мәнін ашу, біздер үшін үлкен, аса маңызды мәселе екенін ұмытпауымыз керек. Баршамызға, жалпы қоғамға, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жоғарғы жауапкершілігімізді сезіне отырып, моральдық қайта жаңғыруда өткеннің сабағын оқып, зерттеген абзал /2/.

Қазақстанға жер ауып, еріксіз қоныстанған немістер, поляктар, гректер, татарлар, башқұрттар, шешен-ингуштар, қарашай т.б. ұлттар аса үлкен әлеуметтік-қоғамдық топты құрады. Осыларды басқару үшін, тізгіндеп ұстау үшін белгілі бір ереже қажет еді. Міне, ол Кеңестік Халық Комиссариатының КСРО Халық Комиссарлар төрағасының орынбасары В. Молотов пен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің ісін басқарушы Я. Чадаевтың қол қоюымен 1945 жылы 8 қаңтарда қабылданған № 35

құжатынан белгілі болды. Бұл құжатта арнайы жер аударылғандардың құқықтық жағдайы белгіленді.

Бұл қаулыдан байқап отырғанымыздай арнайы жер аударылып келген ұлттардың барлығы да екінші дәрежелі адамдар қатарына жатқызылды, құқықтық шектеулер қолданылып, ерік-жігерлері табанға тапталды. Қоныс аударылғандар үшін шығарылған бұл заң ережелері олардың тұрмыс жағдайларын қиындата түсті. Арнайы жер аударылғандар үшін жеке құқықтық мәні бар заң актілері мен нормалары қатаң сақталды. Ал керісінше олардың материалдық мұң-мұқтажына байланысты мәселелер толық шешімін тапқан жоқ /3/.

Соғыстан кейінгі шаруашылық күйзелісі, жалпы экономикалық қиындықтар барлық халыққа ауыр тигені мәлім. Сондықтан жер аударылғандарды орналастыру, қосымша материалдық шығындарға әкеліп соқты. Осының салдарынан жер аударылғандарға дұрыс қарамау әрекеттері білініп отырды. Әсіресе бұл, кейбір колхоз, совхоз басқармалары тарапынан білінді. Олар жер аударылғандарды тұрғылықты халық алдында «Отанын сатқандар, халық жаулары» деп көрсетуге тырысты. Жер аударылғандардың алғашқы кездегі саяси-құқықтық жағдайы өте ауыр болды. Олардың арасында өлім өте көп болғаны мәлім. 1945 жылы 15 мамырда Семей партиялық облыстық комитеті, облысқа қарасты бір ауданындағы жер аударылғандарға берілген азық-түліктің дұрыс бөлінбегендігі және оларға деген қарым-қатынастардың немқұрайлылығы туралы деректер тіркелінген.

Елдің ауыр әлеуметтік тұрмыс жағдайларына қарамастан әртүрлі ұлттар республиканың мәдениетіне, экономикасына елеулі үлестерін қоса білді. Олар ірі өнеркәсіп орындарында, пайдалы қазба орындарында, зауыт, фабрика, ірі құрылыс, өндіріс орындарында және ауылшаруашылығында жұмыс істей жүріп, өзінің ұлттық қасиеттерін ұмытпауға тырысты. 30-жылдардың соңында Қазақстанда бұрынғы ірі өнеркәсіп орындары қайта жөндеуден өткізіліп, қалпына келтірілді. Себебі, республика халық шаруашылығының жалпы өнімінің 60 проценті өнеркәсіп өнімдері болатын. 1938 жылы 11 ақпанда БК(б)П Орталық Комитеті мен КСРО ХКК-нің Жезқазған мыс қорыту комбинатын салу және Қарсақпай мыс қорыту қайта құру туралы қаулысы қабылданды. Шымкент қорғасын зауыты да аса ірі кәсіпорынға айналды. 1939 жылдың өзінде Шымкент қорғасын зауыты бүкіл КСРО-да балқытылған қорғасынның 73,9 %-ін берсе, ал Балқаш зауытында 51 % мыс өндірілді. 1938-1940 жылдар қорғасын қорыту 1,7 есе, тазартылмаған мыс қорыту – 4,8 есе артты. Еліміздің түсті металлургиясында Қазақстан одақтас республикалар арасында екінші орын алады /4/.

1989 жылы 14 қарашада «күштеп жер аударылған халықтарға қарсы қуғын-сүргін актілерінің заңсыздығын мойындау және олардың құқықтарын қамтамасыз ету жөнінде КСРО Жоғарғы кеңесінің Декларациясы қабылданды. Ал 1990 жылғы 11 желтоқсанда РКФСР халық депутаттарының съезі «РКФСР-дағы саяси қуғын-сүргін құрбандары» жайында қаулы қабылдады. Келесі жылдың 26 сәуірінде РКФСР Жоғарғы Кеңесі «Қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарды ақтау» жөніндегі заңдарын қабылдады.

1993 жылғы 14 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау» жөніндегі қаулысының негізінде шешен-ингуштер саяси қуғын-сүргін құрбандары болып есептеліп, ақталынды. Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттар мен этностар сталиндік зобалаң нәтижесінде небір қиыншылықтардың басынан кешіріп, тек өздерінің жігерінің, қайсарлығының, еңбеккерлігінің арқасында ғана үлкен жеңістерге жетті.

Депортацияға ұшыраған халықтарды реабилитациялау барысында ұлттық сананың қалыптасуына байланысты көптеген проблемалар туды. 1991 жылы КСРО құлағаннан кейін қуғынға ұшыраған халықтар мен азаматтардың еркіндікке қозғалысы жанданды. Алайда олардың бұрынғы құқығын қалпына келтіруге әлі де нақты дайын емес еді. Әсіресе ең қиын болған мәселе – тарихтың өткені мен бүгінгісін салыстырып қарамай, туындаған жағдайды есепке алмай территориялық реабилитациялау болды.

Дегенмен 1991 жылдың 7 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі қаулы қабылдап, онда күштеп көшірілген кейбір халықтардың құқығының сақталуын және олардың бұған дейінгі қабылданған ұлттық-мемлекеттік актілерінің күшін жоюды қамтамасыз ету шаралары белгіленді. Қуғын сүргінге ұшыраған халықтың заңды құқын қалпына келтіру, олардың отбасыларына белгілі бір жеңілдіктер тағайындау, Ұлы Отан соғысы жылдарында «жұмысшы колонияларында» болғандарын анықтап, оларға материалдық жағдай жасау мәселелері қарастырылды /5/.

1999 жылғы санақ бойынша қарастырсақ, гректер саны – 72,5 пайызға, немістер – 62,7 пайызға, шешендер – 35,2 пайызға, поляктар – 20,3 пайызға, ингуштер – 13,5 пайызға, әзірбайжандар – 12 пайызға қысқарған [207, 106-б.]. Олардың негізгі бөлігі Орта Азия мен Қазақстанда үйренісіп, үйлі-жайлы болған жерлерінде орнығып қалды.

Соңғы халық санағы бойынша, олардың Қазақстан республикасында тұрақтап қалғандары - немістер – 353 441 адам, татарлар - 48 952 адам, корейлер - 9657 адам, әзірбайжандар - 78 295 адам, күрттер - 2 764 адам, шешендер - 1 799 адам, ингуштер - 6 893 адам есепке алынған /6/.

Сонымен, бүгінгі күнде, күні кеше жер аударылғандардың екінші Отаны - Тәуелсіз Қазақстанда тұрақтап қалғандары да баршылық. Олар Қазақстан халқының тең құқықты азаматтары ретінде қазақ халқымен туысқан болып етене араласып, татулық пен бірлікте бейбіт өмір кешіп отыр. Олардың тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға немесе атамекендеріне оралуларына немесе мемлекеттіктерін қайтаруға Қазақстан үкіметі тарапынан бар мүмкіндіктер қарастырылуда.

Еліміздің тыныштығын сақтау мақсатында 2010 жылға бүкіл бұрынғы кеңестік кеңістіктегі елдер арасынан, бүкіл түркі тілдес елдер арасынан, мұсылман әлемі арасынан Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы сынды аса беделді ұйымға тұңғыш төраға болып сайланып, 2011 жылға Ислам конференциясы ұйымына төрағалық тізгінін қолға алды.

Қазіргі таңда осы этностардың барлығы ұлы дала төсінде, бейбітшілік туы астында татулық пен бірлікте өмір сүруде және тәуелсіздіктің 20 жылдық торқаулы тойын бірге қарсы алуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н. Назарбаев – этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің негізін қалаушы / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Ә.Әлиев. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 212 б.
2. Сборник законодательных и нормативных актов о репрессиях и реабилитации жертв политических репрессии. – М., 1993. 253б.
3. Ермекбаев Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. – 508 с
4. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: Ғылым, 1984. – Т. 26 – 30 б.б.
5. Кульбаев Т., Хагай А. Депортация. – Алматы: Дәнекер, 2000. – 272 с.; Орымбаев А.Т. Депортация чеченского и ингушского народов в Казахстан в годы Великой Отечественной войны и их положение в послевоенные годы. – Астана: Парасат Әлемі, 2006. – 84 с.
6. Краткие итоги переписи населения 1999 года в республике Казахстан. – Алматы, 1999. – 322 с.

РЕЗЮМЕ

В этой статье раскрывается история переселения в Казахстан малых народов в 30 г. XX в

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада XX ғасырдың 30 жылдарында Қазақстанға ұлттардың қоныс аудару тарихы айқындалады.

КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН ПІКІРЛЕРГЕ ШОЛУ

Жуматаев Р.С.-магистрант(Алматық., әл-Фараби ат.ҚазҰУ)

Бүгінгі күні еліміз қарыштап дамып, ертеңіне сеніммен қол созған шақта, тегін тануға талпынған халқымыздың талабын қанағаттандыру, оның өткенін білуіне көмектесу – тек тарихшылардың ғана міндеті емес, елін, жерін, халқын сүйген әрбір зерделі азаматтың борышы. Сондықтан түркі халқының тарихын егжей-тегжейлі талдау, бабалар мұрасына жаңаша көзқарас орнықтыру үшін, біз барымыз бен жоғымызды уақыт безбеніне салып, тарихымыздың ақтандақтарын ашуымыз қажет.

Соның ішінде біртұтас қағанаттың қол астына біріккен, ұлан-байтақ аумаққа қанат жайған түркі мемлекеттерінің тарихымызда алатын орны ерекше. Түріктер құрған мемлекеттердің аты өзгеріп отырғанымен негізгі мазмұны, яғни саяси-экономикалық, әскери құрылымы, әсіресе этникалық құрамы мен мәдени дәстүрлік құндылықтары онша өзгеріске түсе қойған жоқ. «Дала өркениеті» деп аталған түріклер мемлекеті өзінің саяси-әлеуметтік және мәдени-экономикалық дәстүрлерінің тарихи тамырларын сақтай отырып, көрші халықтардың кейбір саладағы жетістіктерін шығармашылықпен игерді. Осылайша өзінше қайталанбас дала өркениетінің сипатты белгілері қалыптасты. Ал, мәселенің зерттеу тарихында мұндай пікір бірден қалыптаса қойған жоқ. Шетелдік зерттеушілердің көпшілігі көшпелілер қоғамына отырықшылық тұрғысынан баға бере келе, көшпелілерде мемлекеттіліктің нышандары болмады деген пікірлерін білдірді. Өйткені олар көшпелі қоғамының отырықшылыққа ұқсамайтын өзіндік тарихи сара жолының болғандығын түсінбеді немесе түсінгісі келмеді. Яғни олар көшпелілерді тек соғыс жағдайына байланысты біріккен, өмір салты отырықшы халықтарды тонаушылыққа негізделген саяси ұйым деп қабылдады.

Шындығына келгенде көшпелілердің қоғамындағы барлық ұйым белгілі деңгейде әскери сипатқа ие болды. Әр бір көшпелі туған күнінен бастап жауынгер болып саналды, ол әскердің жақсы ұйымдасуы мен көбеюін, мініс жылқыларының жүйріктігін және басқа тәсілдерін меңгерді. Еуразия даласына көшпелі мал шаруашылығымен айналысушы тайпалардың келуімен байланысты өзге тайпалардың соғыстан әрдайым сақтану қажеттілігі туындады. Қоғамда барлық ер адамдардың өз жерін, тайпасы мен руын жаудан қорғау үшін бір ту астына бірігуге әрқашан дайын тұратындығы тек көшпелілерге ғана тән. Көшпелі мемлекеттіліктің негізі әскери әкімшілік ондық жүйеден тұрды. Осыдан барып әскери іске негізделген көшпелі мемлекеттің саяси құрылымдары орнықты. Сонау ерте көшпелілердің қоғамында қалыптасқан мемлекеттіліктің мұндай жүйесі түркі заманында жаңа сапаға көтеріліп, кейінгі моңғол империясы мен қазақ хандығының саяси құрылымдарына негіз болды.

Міне осындай мәселелер еуроцентристік көзқарастардың нәтижесінде назардан тыс қалып келді немесе басқа контексте түсіндірілді. Әрине, дәл осы тақырыптардың төңірегінде зерттеу жүргізген кейбір шетелдік ғалымдардың еңбектерінде көшпелілердегі мемлекеттілік мәселесіне бірқыдыру әділ баға берілгенімен кейбір сұрақтарға қатысты аттап өтушіліктер де бар. Сол себепті де ғасырдан ғасырға ауысқан көптеген көшпелі мемлекеттердің бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасағандығын ескере келе ол туралы сөз қозғау өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Ерте көшпелілерден бастау алатын мемлекеттік құрылымдағы көшпелілік феномен ғасырлар бойы сабақтасу арқылы Қазақ хандығына дейін жетті. Қазақ халқының мемлекеттілік дәстүрінің түптамыры сонау түркі (прототүрік) заманына кететіндігі жайлы тұжырымды қалыптастырып, көпшілік қауымның, әлем жұртшылығының назарына ұсынудың маңызы қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің алдына қойған мақсаттарының бірі.

Отандық тарих ғылымында түркілердің, моңғолдардың мемлекеттілігі тарихына байланысты іргелі еңбектер жарық көргенімен, моңғол империясындағы түркілік дәстүрге қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Түркі-моңғол империяларының мемлекеттілік сабақтастық мәселесіне арналған ізденістер нәтижесі өте аз. Түркі-моңғол мемлекеттерінің тарихи сабақтастығына арналған зерттеу жұмысымыздың өзектілігінің тағы бір қыры осында.

Көшпелілердің әлемі отырықшы мемлекеттер үшін әрқашан таңсық дүние болып көрінді. Өз заманында әртүрлі оқиғалардың күәсі болған Гильом Рубрук Моңғол империясының басшысына барған саяхатын сипаттайтын жазбаларында былай деп жазуы кездейсоқ емес: «Біз бұл «жабайылардың» ортасына түскенде, жоғарыда айтып өткеніміздей, маған бір басқа әлемге аяқ басқандай көрінді» /1, с.105/. Көшпелілердің шаруашылығы, мәдениеті, тұрмыс салты, тіпті әлеуметтік-саяси құрылымын айтпағанның өзінде егіншілер мен қалалықтардың қалыптасқан өмір салтынан өзгешеленіп тұрды.

Көшпенділердің қоғамдық құрылысының қандай ерекшелігі болды? Олар өздерінің тарихи дамуында қандай деңгейге жетті? Міне осындай сұрақтарға қатысты тарихшылар әртүрлі көзқарастар білдірді. Шетелдік зерттеушілердің бір тобы көшпелілер өздерінің мемлекеттілік дамуына жетпеді десе, тағы бір бөлігі олар өркениеттілік сатысынан асты деп батыл тұжырымдар жасады.

Ресейлік тарихшылар мен шетелдік «марксистік» бағыттағы ғалымдар арасында «көшпелілер феодализмді» деген пікір-талас та болып өтті. Зерттеушілердің бір қатары көшпелілер қоғамы отырықшы халықтар тәрізді заңдылық бойынша дамыды, көшпелілер феодализмінің ерекшелігі жерге жеке меншік болды деп санады. Ал олардың қарсыластары болса, көшпелілер өздеріне тән заңдылық бойынша дамыды және оларда жайылымдық жерлер ұжымдық қолданыста болып, феодализмнің негізін малға жеке меншік құрады деп есептеді. Пікір талас барысында көшпелілердің қоғамдық қатынастарына байланысты да бірнеше көзқарастар айтылды. Мәселен, ғалымдардың бір тобының пікірінше көшпелілер өз бетінше мемлекеттің қалыптасуына дейінгі деңгейге ғана жете алған. Келесі бір ғалымдар далалықтардың ірі одақтары ерте мемлекеттілік құрылым болған дейді. Үшінші бір зерттеушілер бөлігі көшпелілердің дамуы олар феодалдық даму сатысында жеткенде тоқтап қалды деген тұжырым айтса, төртіншілер көшпелілердің өндіріс тәсілі туралы қағиданы қорғаштады /2, с.21-22/.

1990 жылдан бастап қарастырылып отырған тақырыптағы пікірталастар ерекше қарқынмен дамымаса да, жалғасып отырды, негізінен Ресей ғалымдарының арасында. Мұнда да негізінен жоғарыда айтылған көзқарастар назардан түспеді. Зерттеушілердің бір бөлігі бұрынғысынша көшпелі қоғамды феодалдық тұрғыдан түсіндірді (Г.О. Авляев, В.В. Матвеев, т.б.). Дәл осындай ұстанымды алғашқы қауымдықтан кейінгі және индустриалды қоғамға дейінгі қоғамдарды бір феодалдық сатыда дейтін қағиданы қолдайтындар да ұстанды. Басқа авторлар көшпелі-малшылар қоғамын мемлекеттілікке дейінгі деген пікір білдірді (Т.Д. Скрынникова, А.И. Фурсов және т.б.). Үшінші бір топ көшпелілерде ерте мемлекеттіліктің қалыптасқандығын жазды (С.Г. Кляшторный, Е.И. Кычанов, В.В. Трепавлов, т.б.). Біреулер көшпелілер империясын шығыс деспотизмімен ұқсастығын айқындауға тырысты. Бірақ бәрінен де көшпелілердің өзіндік даму жолы болғандығы туралы пікірді дәлелдеу аса назар аудартады. Пікір таластың тақырыбы мынандай сұрақтың айналасында өрбиді: мал шаруашылығының ішкі табиғаты көшпелілік өндіріс тәсілінің негізі ретінде қандай құрылымдардан тұрды (К.П. Каликовская, Г.Е. Марков, Н.Э. Масанов) немесе көшпелілердің отырықшы «әлемдік империяларға» сыртқы бейімделуінің ерекшеліктері /2, с.24/.

Сонымен бірге осы кезеңде көшпелілікті өркениеттілік тұрғысынан немесе еуразиялық парадигманы қолдана отырып қарастырған мақалалар жарық көрді /3,

с.153-156/. Осылайша, мәселенің тарихнамасын талдау арқылы мынаған көз жеткіземіз. Зерттеушілердің көпшілігі өздерінің әдістемелік бағыттарына қарамастан төмендегідей тұжырымды ұстанды: көшпелілерде ыдырауға бейім әлеуметтік-экономикалық құрылым болып, олар технологиялық революцияға байланысты индустриалды қоғамдармен бәсекеге түсе алмады.

Осының ішінде кейбір зерттеушілер көшпеліліктің өзіндік қалыптасу табиғатын сипаттап және оны отырықшы қоғамға арналған терминдер арқылы анықтауға болмайтындығын жазса, келесі бір ғалымдар көшпелілерді әлемдік тарихи үрдістің сұлбасына енгізуге тырысады. Осыларды негізге ала келіп ең маңызды және пікірталасты сұрақтар мыналар деп қорытынды шығаруға болатындай: 1) көшпелілер өз беттерінше мемлекет құра алды ма?; 2) бұл процесс отырықшы қоғамға ұқсас болды ма немесе көшпелілерге өзіндік даму жолы тән бе?

Сонымен, көшпелілер өздері мемлекет құра алды ма? XX ғасырдың саяси антропологиясында политогенездің танымал екі теориясы басымдылыққа ие. Олар «бірігу» (интегративті) (Э. Сервис) және «қақтығыс» (конфликт) (М.Фрид, марксисттер) теориялары. Алғашқы теория бойынша көсемдер институты және мемлекет күрделенген қоғамдағы басқару құрылымдарының жаңаруының нәтижесінде пайда болады. Ал екіншілердікі бойынша мемлекет ол күрделі және әлеуметтік жікке бөлінген қоғамда тұрақтылық сақтайтын ұйым.

Бірақ бұл көқарастар бойынша көшпелілер үшін мемлекеттілік көшпелілер үшін іштей қажет болды деп санауға болмайды. Көшпелілер қоғамындағы барлық негізгі экономикалық процестер жеке шаруашылықтар шеңберінде жүзеге асырылды. Сол себепті басқару қызметімен айналысатын арнайы бюрократиялық аппарат қажет болмады. Басқа жағынан алып қарайтын болсақ ішкі саяси тұрақтылықты сақтау үшін көшпелілер арасындағы келіспеушіліктер дәстүрлі институттар шеңберінде шешілді. Көшпелілерге тым қатты қысым көрсетушілік олардың көшіп кетуіне алып келуі мүмкін немесе әрбір еркін көшпелі жауынгер болғандықтан қарымта күш көрсетілуі де ықтимал болатын. Осыған байланысты көшпелілер қоғамдарының көпшілігі мемлекеттік деңгейге жетпеді деген пікір айтқан зерттеушілер де бар. Осы зерттеушілердің пікірінше көп жағдайда көшпелілердің бірігуі тіршілік көздері үшін болған соғыстарда, отырықшылардың территорияларына жорық ұйымдастыру кезінде немесе сауда жолдарын бақылауға алу барысында жүзеге асырылды. Бұл жағдайда «көшпелі империялар» түріндегі көшпелілердің күрделі саяси ұйымдарының қалыптасуы бір жағынан бірігудің жемісі болса, тағы бір жағынан көшпелілер мен отырықшылар арасындағы конфликттердің салдары болды. Аталған жағдайда көшпелілер «класстық-этнос» және арнайы «ксенократиялық» саяси жүйе ретінде танылды. Бейнелі түрде көшпелілер отырықшылардың базисінің үстіне салынған құрылыс ретінде көрінеді деп санауға болады. Бұл көзқарас бойынша «көшпелілер империясын» құру политогенездің «жаулап алу» теориясына негізделген жекелеген жағдай орын алып, соған сәйкес соғыс пен жаулап алу болашақ теңсіздік пен әлеуметтік топтардың пайда болуына негіз болған.

Ұлы дала тарихының ішінде ең маңызды сұрақтардың бірі көшпелілерді жаппай қоныс аударуға және отырықшы өркениеттерге қарсы жойқын жорықтар ұйымдастыруға итерген қандай себеп. Бұған қатысты көптеген әртүрлі тұжырымдар жасалды. Оларды келесі пікірлерге келістіруге болады: 1) жаһандық әртүрлі табиғи өзгерістер (құрғақшылық, А.Тойнби және Г.Е. Грумм-Гржимайло бойынша, дымқылдық Л.Н. Гумилев бойынша); 2) көшпелілердің ат және жауынгерлік табиғаты; 3) далада адамдардың артық мөлшерде өсіп кетуі; 4) өндіргіш күштердің өсуі және таптық күрес, феодалдық бытыраңқылыққа байланысты отырықшы қоғамдардың әлсіреуі (марксистік концепциялар); 5) малшаруашылықты экономиканы тұрақты отырықшы қоғамдарға жорықтар жасау арқылы толықтырып отыру; 6) отырықшылардың көшпелілермен сауда жасағысы келмеуі (малдың артығын сату

мүмкін болмады); 7) көшпелі қоғам көсемдерінің жеке қасиеттері; 8) этностардың ықпалдасуы (Л.Гумилев бойынша пассионарлық).

Аталған факторлардың көпшілігінің өзіндік рационалды белгілері бар. Кейбірінің маңыздары тым асырыла берілген. Мәселен, бүгінгі күнгі палеогеографиялық қорытындылар көшпелілер империясының гүлденулері аса бір құрғақшылықтың немесе суықтың болғандығын дәлелдемей отыр /2, с.23/. Сонымен бірге көшпелілерде «таптық күрестің» болғандығы туралы пікірдің қате екендігі анықталды /4, 21-25 бб./. Мал саны халықтан жылдам өскендіктен демографияның рөлі мүлдем белгісіз. Мал санының тым көбейуі шөптің тез жойылуына және экожүйенің дағдарысына алып келді. Әрине, көшпелілік өмір салты әскери қасиеттердің дамуына әсерін тигізді. Бірақ отырықшылар бірнеше есе көп болды және оларда экологиялық кешенді шаруашылық, берік бекіністер, дамыған қол өнері, металлургиялық база болды.

Келесі маңызды жәйтті де назардан тыс қалдыруға болмайды. Көшпелілерге қол өнер және отырықшылық өнімдері қажет болды. «Таза» көшпелілердің өмір салты қосымша тіршілік көздері бар көшпелілерге қарағанда кедейлеу болды. Бұл пікірді бірнеше оңдаған жыл бұрын О. Латтимор былай деп білдірген еді: «таза көшпелі – ол кедей көшпелі». Отырықшы шаруашылықтың жетіспейтін ресурстарын көршілес отырықшы өркениеттерден сауда қатынастары арқылы бейбіт емес жолдар арқылы (тонау, салық салу, отырықшыларды жаулап алу, жаулап алынған территорияға қоныстану) алуға болатын еді.

Көшпелі қоғамда экономикалық тұрақсыздықты шешудің қандай жолдары басымдылыққа ие болды: бейбіт пе, әлде әскеріме? Осыған қатысты бірнеше көзқарастар бар. Конфликтіге көшпелілер және олардың отырықшы көршілері де кінәлі болуы мүмкін болатын, бірақ табиғи жағдайға байланысты дағдарыстан шығудың жалғыз әдісі ол соғыс болды. Екінші жағынан алып қарағанда отырықшылардың қоғамы экономикалық тұрғыдан жинақы болатын. Соған байланысты олар тынымсыз көршілерімен байланыс орнатуға тырысатын. Жалпы көшпелілікке қарсы болу және көшпелілікті қолдау көшпелілер мен отырықшылар арасындағы шынайы тарихи байланысты біржақты көрсетеді. Көшпелілер қоршаған ортаға бейімделу кезінде «бейбіт» және «бейбіт емес» әдістерді қолданды.

Көшпенділердің бейбіт байланыстарына көңіл бөле отырып, олардың қоғамының соғыс өнеріне бейімділігін ұмытпауымыз керек. Ол жайлы Геродоттың өзі де жазып кеткен. Көшпелілердің әскери өнерінің жоғары болғандығы жайла орта ғасыр деректері де аз мәлімет бермейді.

Алайда соғысты тиімді жүргізу үшін көшпелілерге мықты әскери құрылым керек болды.

Көшпелі империялардың шығуына қатысты қолданылатын политогенездің тағы бір моделі – «сауда». Бұл тұжырым бойынша көсемнің қабілеті оның қолына түскен қымбат заттар мен жібектерді қалай пайдалана алатындығында болды. Бұл өнім көшпелі мемлекеттерде өндірілмегендіктен, ол заттарды күшпен немесе қулықпен табу көсемнің бірден бір міндеті болды. Қытай мен даланың арасында дәнекер болған көсем Қытайдан келген заттарға толығымен бақылау орната алғандықтан өзінің билігін күшейте берді. Бұл экстенсивті мал шаруашылығы экономикасымен ғана тіршілік ете алмайтын империяға өзінің тіршілігін ары қарай жалғастыруға мүмкіндік берді. Бұл Ресей тарихшысы Н.Н. Крадиннің пікірі /2, с.21-27/.

«Көшпелі империя» түсінігінің мәні неде? Империя сөзінің мемлекеттік формасының екі басты белгісі бар: 1) аумағы үлкен территориялар; 2) күрделі құрылымдар. Империялар көбіне метрополияларға және оның қарауындағы артта қалған шет аймақтарға бөлінеді. Ереже бойынша метрополия жаулап алынған елден дамыған мемлекет болды. Көшпелі империялардың төмендегідей белгілері бөліп көрсетуге болады: 1) ру-тайпалық генеологияға негізделген көп сатылы әлеуметтік құрылым; 2) империяның әкімшілік бөлінісінде қос немесе үштік биліктің болуы; 3)

метрополияның қоғамдық құрылымының әскери-иерархиялық жүйесі, көбіне ондық принцип бойынша; 4) әлеуметтік инфроқұрылымды құрудағы ямдық қызмет; 5) билікті мұралаудағы спецификалық жүйе; 6) отырықшы әлеммен байланыстың ерекше белгісі.

Сонымен қатар көшпелі империялардың 3 моделі анықталады. Бірінші, көшпелілер мен отырықшылар арақашықтық сақтай отырып, тіршілік етеді. Екінші, отырықшылар көшпелілерге бағынышты, басқарудың формасы салық. Үшінші, көшпелілер отырықшыларды басып алып, солардың территориясына қоныстанды. Тонаушылықтан орнына тұрақты салық жүйесі енгізіледі.

Көшпелілер мемлекеттілігі жайлы пікірталастардың пайда болғанына екі ғасырдай болғанымен, әлі күнге дейін аталған мәселеге байланысты нақты тұжырым қалыптаспаған. Олай дейтін себебіміз көшпелілерде мемлекеттілік болды ма әлде жоқ па деген тақырыптарға қатысты көзқарастар бір жақты күйінде қалып отыр. Мәселен кезіндегі көшпелі алып империялардың бүгінгі ұрпақтары оларда мемлекеттіліктің өзіндік формасының болғандығын дәлелдеп отырса, ал батыс ғалымдары оның ішінде көршілес Ресей зерттеушілерінің бір қатары көшпелілер мемлекеттілік деңгейге жетпеді деген еуроцентристік көзқарастан арыла алмай отыр. Соңғылар өздерінің бұл тұжырымдарын көшпелілер отырықшы әлемнің ықпалынсыз мемлекет құрулары мүмкін емес деп бекітуге тырысады. Осыған қарамастан олардың қатарында Л. Гумилев, С. Г. Кляшторный, В. В. Трепавловтар көшпелілер өздерінің саяси дамуында ертеимпериялық мемлекет құрды деп дәлелдеуде. Отандық тарих ғылымында болса осы мәселеге байланысты іргелі зерттеу жұмыстары жоқтың қасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Гильома де Рубрука. / Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248 с.
2. Крадин Н.Н. Общественный строй кочевников: дискуссии и проблемы // Вопросы Истории. – 2001. – №4. – С. 21-32.
3. Буровский А.М. Степная скотоводческая цивилизация: критерии описания, анализа и сопоставления // Цивилизация. – М.: Наука, 1995. – Вып. 3. – С. 151–164.
4. Қинаятұлы З. Көшпенділер мемлекетінің пайда болу ерекшеліктері мен типі: қазақ мемлекеттігін кезеңге бөлу мәселелері // Қазақ тарихы. – 2006. –№2. – 21-25 бб.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада көшпелілердің мемлекеттілігі туралы тарихнама қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена представлениям о государственности у кочевников. Это в первую очередь касается научных споров о том, была ли у кочевников государственность и, какими признаками она обладала.

ҚАЗАҚ - ТҮРІК МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТАРИХИ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қабылбекова С.Б.–магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Тәуелсіздік алғаннан бергі 20 жыл ішінде Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстар қарқынды дамып келеді. Түбі бір, тамыры ортақ қазақ пен түрік халықтарының қарым-қатынастары жыл өткен сайын нығайып, ықпалдастықтары сапалы жаңа деңгейге шықты. Бүгінде Қазақстанда да, Түркияда да бауырлас мемлекеттердің өзара байланыстарын нығаю үстінде. Түрік тілі, мәдениеті, діні бір және бауырлас Қазақ мемлекеті арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береді.. Түркия Қазақстанның егемендігін алғалы бергі қысқа мерзім ішіндегі саяси-экономикалық, білім-ғылым, мәдениет және басқа да жетістіктері мен халықаралық қауымдастық алдындағы үлкен беделіне өте жоғары баға береді.

Қазақ – түрік тарихи байланыстары туралы Қазақстанның Ресей империясының құрамында отарлық аймақ болған кезінде көп айтылған жоқ. Қадым заманда өмір сүрген тайпалар, Азияның шығыс, Оңтүстік – шығыс бөлігін мекендеген ғұн тайпалары және олардың лек – легімен батысқа қарай жылжуы туралы кезінде орыс шығыстанушылары да, басқа елдердің тарихшылары да зерттеп жазған болатын.

Қазіргі Қазақстан территориясын мекендеген көне түркі айпалары мен олар ұйымдастырған мемлекеттік құрылымдар туралы деректер де солардың еңбектерінен орын алды. Жалпы бүгінгі қазақ және түрік халықтарының шығу тегінің ортақ екендігі, екі халықты жақындастырудың ынтымақ жолында халықаралық аренада қатар қызмет етудің бір кепілі екендігі дау тудырмайды.

Көне заманның өзінде де осы екі халықтың этникалық және мәдени шекараларында алшақтық болмағанын зерттеушілер айқын әлелдеп берген /1/. Соған қарамастан Ресей империясының орталық жағдайында сол кездегі билік жүйесі Түркияның орыс патшасы қарамағандағы түркі тілдес мұсылман халықтарымен байланысына жол бермеді. Себебі халықаралық аренадағы тартыс, Қара теңіз бұғазы шін алас, Балқан соғыстары сияқты оқиғалар мен геосаяси жағдаят Ресей билігінің бұған жол бермеуіне себеп болды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жариялануы қарсаңында екі ел арасындағы тарихи тамырларының ортақ екендігі, ежелгі қазақ – түрік бауырластығы туралы баспасөз бетінде, ақпарат құралдарында жиі айтыла бастады. Кеңес дәуірінде түріктану (түркология) ғылымы мен Қазақстан және орта Азияның түркі тілдес халықтарының тілі мен тарихын зерттеуші ғылымдардың еңбектері көлемінде ғана айтылып келген бұл мәселе идеологиялық себептерге байланысты Кеңес мемлекеті мен СОКП (КПСС) саясатының нәтежесінде көпшілік бұқараға насихатталған жоқ.

Мұның басты себебі түп тарихы мен мәдениеті ортақ ұлттық тілдес халықтардың ынтымақтасуына жол бермеуден туындаған еді. Өйткені бұл халықтар өзара жақындасып, ортақ ұлттық идеология негізінде қарым – қатынас орнататын болса, Кеңес мемлекетінің біртұтастығына, оның геосаяси жағдайына қауіп төндіретіні белгілі еді. Көк – түріктердің көне ескерткіштері, әсіресе Орхон – Енисей аймағындағы ескерткіштер мен балбал тастар кезінде әлем ғалымдарының назарын аударған болатын. Швед ғалымы Томсеннің Күлтегін ескерткіші және басқаларындағы жазбаларды зерттеп, оны оқудың кілтін табуы, онан кейінгі уақытта да түрколог ғылымдарының назарынан тыс қалған жоқ. Ал Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында бұл ескерткіштерге өзіне лайықты мән беріліп, Күлтегін тасына жазылған мәтіннің көшірмесінің Астанадағы Л. Гумилев атындағы Еуразия университетіне қойылуында зор символикалық мән бар. Себебі ол көне түріктерден бастау алатын біздің халқымыздың тарихын, еліміздің мемлекеттілігін қайнар көздері ежелгі замандардан бастау алатындығын дәлелдейді.

1917 ж. төңкеріске дейін Ресей империясының саясаты Түркияны Қара теңіз бен Жерорта теңізі аумағындағы бәсекелесі ретінде қарастырып, орыс патшалығының қол астындағы түркі тілдес отар халықтардың Түркиямен байланысын кеңейтуге кедергі жасап келгені мәлім. Ал Кеңестік дәуірде бұл тек ресми мемлекетаралық қатынастар аясында ғана қарастырылып, екі ел халықтарының мәдени, рухани, діни жақындықтарына тосқауыл қойылды. Ресми коммунистік идеологиядан ауытқып, түрік халықтарының тамырластығы туралы пікір білдіргендер кеңестік дәуірде «пантүрікшілдік» идеологиясының уағыздаушылар деп бағаланғаны, саяси қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі. Сондықтан, тәуелсіз Қазақстан мемлекеті жарияланып, демократиялық, егемендік негізде сыртқы қарым-қатынастарын айқындау, қалыптастыру барысында ежелгі діни-рухани байланыстарды да жаңғыртудың маңызы өте зор еді. Бұл тұрғыда Түркістан, ондағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі сияқты қасиетті ұғымдар мен ескерткіштердің де рөлі ерекше болғаны белгілі.

1917 ж. дейінгі қазақ – түрік рухани байланыстары туралы айтатын болсақ, оның әртүрлі жолдары болғанын байқауға болады. Мысалы, аса көрнекті қазақ ақындары Ш.Құдайбердиновтің, М.Жұмабаевтің, М.Дулатовтың және сол кездегі басқа да әдебиет қайраткерлерінің түріктер мен қазақтардың бауырластығы, шығу егі бір екендігі туралы ойлары шығармаларынан көрініп тұрады. М.Жұмабаевтың «Түркістан – ер түріктің бесігі ғой, Түркістан – екі дүние есігі ғой» - деуі Түркістанның, жалпы қазақ елінің Еуропа мен Азия құрлықтарының есігі екені, ер түріктерінің осы жақтан қоныс аударып, жаңа жерде Осман империясы сияқты ұлы мемлекет құрғанын білдіреді /2/.

Ал 1917 ж. дейін қауым өкілдерінің Меккеге сапарында Стамбұл арқылы өтуі, Түркия елі қазақ халқы үшін рухани тіректің бірі болғандығын дәлелдейді. 1908 ж. жас түріктер төңкерісінен кейін зайырлық қоғам негізінде осман түріктері мемлекетін біріктіру, нығайту шаралары панисламизм ағымынан бас тартып, Тұран идеясын ұсынады. Тарихи салыстырмалық тұрғыдан қарайтын болсақ, Түркиядағы жас түріктер қозғалысының, зайырлық қоғам құру бағдарламасындағы білім, мәдениет, рухани саладағы бағыттары қазақ зиялыларының да көзқарасымен ұқсас екенін байқауға болады. XX ғ. бас кезінде қалыптасқан саяси ахуал, Ресей империясының отарлық өктемдігі оның өз құрамындағы мұсылман қозғалысы ішінде тұтас Түркістан идеясын дүниеге әкелді. Бұл идея әсіресе 1917 ж. Ақпан төңкерісінен кейін кең таралады. Ресей құрамындағы түркі тілдес халықтар ішіндегі азаттық қозғалыстың көрнекті басшылары Мұстафа Шоқай, Ахмет Зәки Уәлиди Тоған және басқаларының бұл бағыттағы күрес жолдары бүгін көпшілік оқырманға аян. М. Шоқайдың 1999 ж. қазақ тілінде екі томдық шығармаларының, 1996 ж. орыс тілінде З. Уәлиди естеліктерінің жариялануы бұл мәселеде көптеген мағлұмат береді. Алашорданың, Түркістан Автономиясының таратылуы, биліктің бірыңғай кеңестік жүйесінің орнауы қазақ халқының да тағдырын басқа арнаға түсірді. Кеңестік Автономиялық республикасының құрылуы сол кездегі азаттық қозғалысының алдында күрес мәселесін тоқтатқан жоқ. Кеңестік жүйе жағдайында бұрынғы Ресей отаршылдығының жалғасуы, 1918 ж. Қоқанда Түркістан автономиясының күшпен таратылуы ақыр соңында басмашылар(кеңестік анықтама бойынша) қозғалысын дүниеге әкелді /3/.

Ұлыбритания, Франция, Түркия сияқты елдер бұрынғы Кеңес мемлекетінің ықпалын шектеп, орыс төңкерісінің әрі қарай басқа елдерге жайылуына қарсы тұрды. Ал Түркістан Автономиялық республикасы, әсіресе оның басшылары Т.Рысқұлов, Ф.Ходжаев және басқаларының орыс отаршылдарына, бұрынғы империялық өктемдікке қарсы тұрғысы келген әрекеттерінен ештеңе шықпағаны белгілі.

Кеңестік билік түркі тілдес халықтардың бірігіп кету, ынтымақтасу қадамынан үрке қорықты. Пантюркистер айдарымен бұл ұсынысты айтушылар кейіннен саяси кұғын – сүргін құрбаны болып кетті. Сөйтіп тұтас Түркістан идеясына осылай шектеу қойылды. Ал М.Шоқай, З.Уәлиди сияқты күрескерлер шетелге эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. Түркияға барып паналаған М.Шоқай кейіннен Францияда тұрып, кеңестік түрік халықтарының азаттық күресін халықаралық деңгейге көтерді. Сол кездері ол Қазақстан мен Түркия арасындағы дәнекер рөлін де атқарды деуге болады. /4/.

Кеңестік дәуірде қазақ-түрік қарым-қатынастары дербес сипатта болған жоқ. Алайда бүгінгі Түркия Республикасының негізін салушы Мұстафа Кемал Ататүрік 1921 ж. өзінің сыртқы және ішкі саясатында түрік мемлекетінің панисламизмге де, пантюркизмге де қызмет етпейтінін, тәуелсіз мемлекеттің ұлттық мүддесіне қызмет ететіндіктерін мәлімдеген болатын. /5/.

Қазақстаннан Түркиямен арадағы байланысқа, негізінен, тіл білімі мамандары ғана қатынасуға мүмкіндік алды. Қазақстандық тіл білімінің көрнекті ғалымдары І. Кеңесбаевтың, Ә. Қайдаровтың, Ғ. Айдаровтың, Ә. Құрышжановтың, Ғ. Сәдуақасовтың, С. Аманжоловтың және басқаларының көне түрік тіліне, қазақ тілі мен бүгінгі түрікі тілдес халықтардың тілдеріне байланысты зерттеулері Кеңес дәуірінде қазақ-түрік мәдени қатынастарына зор ықпал етті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі «қирғиқабақ соғыс» жағдайында жалпы шетелдермен байланыстарды өте шектеулі болғандығы белгілі. Сондықтан бұл мәселеде Түркияға түристік сапармен барудың өзі жоққа тән еді. Ресми түрде Мәскеу мен Ленинградтың (қазіргі Санкт – Петербург) жоғары оқу орындағы (ММУ – дегі Азия және Африка елдері институтының, Ленинград университеті шығыстану факультетінің) түрік тілі мамандығы бойынша оқитын кейбір студенттерді ғана Түркияда арнайы тәжірбеден өтетін. Басқадай байланыс каналдары жоқ болатын. Қазақстан мен Түркия арасындағы тарихи сабақтастық, байланыстар туралы айтар болсақ, екі жақты да жақындастыратын маңызды фактор – Түркиядағы қазақ диаспорасы мен Қазақстандағы түрік қауымын атаған жөн. Кезінде әртүрлі қысым мен зобалаң жылдарында шетел асып кеткен қазақ халқының өкілдері Қытайдан бүгінгі Пәкістан, Үнді елдеріне, онан Түркияға барғаны белгілі.

Түркиядағы қазақ диоспорасының қалыптасуы 1952 – 1954 жылдардан басталады. Мысалы, 1952 ж. бастап 1958 жылға дейін Түркия мемлекетінің келісімі бойынша Бомбей арқылы 1892 адам (564 отбасы) түрік жеріне қоныс аударды. /6/. Түркияға қоныс аударған қазақ мигранттарына ол мемлекет тарапынан арнайы лагерь құрылып, Анадолыда біржарым жыл – екі жыл тұрғаннан соң азаматтық құқы берілді. Қоныс аударып келген қазақтарға жер берілді, тұратын баспана мәселесі шешілді.

1992 ж. Қазақстанда ұйымдастырылған дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына әр елден, оның ішінде Түркияда тұратын қазақтар да қатысты. Ал Қазақстанның өзін алатын болсақ, мұнда да түрік халқының қауымы бар екені жоғарыда айтылды.

Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында 1937 ж. күзде Қазақстанға Қиыр Шығыстан мындаған Корейлер, Кавказдың күнгеі бетінен КСРО–ың шекараға жақын аудандарынан парсылар, ирандықтар, күрдтер, түріктер, ассириялықтар жер аударылған болатын. Олардың ішінде түрік ұлтының өкілдері өздерінің ұлтын Қазақстанға келген кезде әзірбайжан деп жазуға мәжбүр болды. Ал 1941 - 1945 жж. Ұлы Отан соғысы жылдары Грузия Республикасының жері жау оккупациясына ұшырамаса да, онда соғыс қимылдары жүрмесе де, Түркиямен шекаралас Акалцик, Ахалкалак, Аспиндз, Адыген және Богданов ауданында тұратын түріктер шұғыл түрде КСРО шығысына жер аударылды.

Бұл жазылу шарасы Түркияның екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Германия одақтасы болғаны үшін Түркия соғысқа қатыспаса да Кавказ жотасының арғы жағында Кеңес Одағы тұтас бір майдан әскерін ұстауға мәжбүр болғандығынан деп түсіндірілді. Шындығында Кеңес Одағындағы барлық түрік азаматтары басқалармен бірдей неміс фашистеріне қарсы майданға шақырылды, ерлікпен соғысты. Олардың шекара ауданына ешқандай қатер төндірген қылмыстары жоқ еді. Соған қарамастан майдан шебі батысқа қарай ойысып, КСРО шекарасына жетсе де, 1944 ж. 31 шілдеде Кавказ түріктерін күштеп көшіруге КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті шешім қабылдаған. Бұл құпия қаулыда Қазақстанға 40 мың адамды орналастыруға нұсқау берілді. Сөйтіп, 1944 ж. 14 қарашада түріктер көшіріліп жатқан кезде қайтадан қол қойылған бұйрық бойынша 115 мыңнан астам адам күштеп көшіріп, оның 27833 адам Қазақстанның оңтүстік облысына орналастырылды /7/.

Қазақстанға жер аударылып келген түріктер осындағы басқа халықтарымен бірдей қиын кезеңді бастан кешірді. Соғыс ауыртпалығына қарамастан қазақ халқы мен жергілікті тұрғындар оларға қолдан келгенше жәрдем берді. Бүгінде сол қиын қыстау кезеңде жер ауып келген түрік халқының өкілдері өздерінің қазақ халқына шексіз ризашылығын білдіреді.

1991 ж. 16 желтоқсанда жарияланған Қазақстан тәуелсіздігін әлемде бірінші болып таныған мемлекет, ең бірінші болып қолдау көрсеткен Түркия республикасы болды. 1992 жылы Қазақстанда түрік қауымдастығының проблемаларын талқылап, жұмысына бағыт беретін ұлттық – мәдени орталық құрылған.

Ал ол өз кезегінде түркі тілдес халықтар мемлекеттерінің, оның ішінде Қазақстан мен Түркияның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қарым-қатынастарының қарқынды өсуіне түрткі болды.

Сонымен қорыта айтсақ, қазақ – түрік тарихи сабақтастығы өзінің дәстүрі, ежелден шыққан тегі мен тіліне, дініне негізделген фактор. 1990 – жылдардан бастап Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасында тұрақты дипломатиялық қатынастармен қатар екі ел халықтарының мәдениет, білім мен ғылым, рухани саладағы байланыстарының негізі қаланғанын тұжырымдауға болады. Екі ел арасындағы бүгінгі туысқандық байланыстар осы тарихи сабақтастықтың жалғастырушысы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Роллан Р. Түркі халқы әрқашанда өзі ұмтыла алатын мақсаттарға мұқтаж. / Роллан Р // Саясат, - 2007ж 20 мамыр.
2. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. Алматы: Санат, 1995. 406 б.
3. Шоқай М. (Горина М.) Естеліктер. Алматы: Санат, 1997. -265 б.
4. Кемаль Мустафа. Путь новой Турции. 1919-1924. Москва, 1969. с 215.
5. Айтөлен Ұ. Мәңгілік құндылық. // Айқын. -2010ж. 18.11. №214.
6. Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы. Алматы: Арыс - Казахстан, 1998. 428 с.
7. Нұсқабаев О., Будак Ф. Қазақстан -Түркия ымақтастығы. // Ақиқат, 2003

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан мен Түркия аралығындағы тарихи сабақтастық байланысы қарастырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы взаимоотношения Казахстана и Турции и о исторической приемственности этих государств.

ЖЕТІСУ САҚТАРЫНЫҢ КЕЙБІР ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ ТУРАЛЫ

Карикулова Б.Ч. –магистрант (Алматы әл-Фараби атын. ҚазҰУ)

Б.з.д. I мыңжылдықта Солтүстік Үндістан, Ауғанстан, Орта Азия және Қазақстанның оңтүстік өңірлерін қамтыған аумақта «сақ» атауымен танылған тайпалар өмір сүргені тарихымыздан белгілі. Әсіресе, сақ тайпаларының Қазақстанның Шілікті (Шығыс Қазақстан), Бесшатыр және Есік (Оңтүстік Шығыс Қазақстан) өңірлерінен табылып, зерттелген тамаша ескерткіштері оларды кеңінен танып-білуімізге мүмкіндік берді. Аталған қорғандардан табылған ғажайып ескерткіштер сақ тайпаларының жоғары деңгейдегі және өзіндік төл мәдениеті, белгілі діни наным-сенімі болғандығын айқындап берді.

Жалпы тарихымызда сақ тайпаларының діни түсініктері туралы мәселе аз зерттелген. Дегенмен де зерттеу материалдары олардың арасындағы наным-сенімдердің болғандығын айқындап отыр. Жерлеу материалдарына сүйене отырып, сақтарда ата-баба аруағына, семьялық-рулық әулиелер мен желеп-жебеушілерге сыйыну ғұрыптары болғанын көреміз. Бұл ғұрыптардың шығуы о дүиедегі мәңгілік өмірге, яғни, ондағы өзіндік рулық қауымының салттары, үйреншікті ғұрыптары мен ережелері бойынша өмір сүре береді деген сенімге негізделген. Осыдан келіп өлген адаммен бірге оның беделі мен қауымдағы дәрежесіне лайық мүліктерінің көмілуі, қауымның жеріндегі ру зиратында атқарылатын әрбір тайпаға немесе тайпалар тобына тән күрделі жерлеу ғұрпы шыққан /1/. Бұл туралы профессор С. Жолдасбайұлы былай дейді: «Сақтар өлген адамды өте жақсы киім кигізіп жерлеген. Өлікпен бірге қару-жарақ және т.б. тұрмысқа қажетті заттарды қойған. Кейде оның аты да бірге көмілген. Мұның үстіне топырақтан немесе тастан оба үйіліп, оның төңерегіне дөңгелектеп тас қалаған», - деп атап көрсетеді /2/. Шындығында да бізге кеңінен танымал болған Есік қорғанынан табылған бозбаланың жерленуі осы мәселені айғақтай түседі. Олай дейтініміз қорғаннан табылған бозбала өте әсем етіп киіндіріліп, оның маңында тұрмысқа қажетті заттары мен бес қаруы қоса жерленген. Салт бойынша өліктің аяқ-қолы созылып, басын батысқа, бетін жоғары қаратып шалқасынан жатқызғандығы осыны аңғартса керек.

Тайпалық наным - сенімдердің күрделенгені соншалық, сақ қоғамында жерлеу дәстүріне ерекше мән берген. Ол әсіресе қарапайым халық пен билеушілер арасындағы өзара айырмашылықтарды да анықтауға негіз бола отырып, жоғарыда аталып отырған келесі дүниенің бар екендігіне сенім білдіргендіктерін байқатады. Мәселен, Таулы Алтай мен Қазақстан территориясындағы сақтар зираттарын ашып-қазу сақ қоғамының ерекше ақсүйек өкілдері үшін өліктерді бальзамдау мен мумиялау қолданылғанын көрсетеді.

Сақ патшасы ең мәртебелі адам болғандықтан, қарамағындағы бұқара жұрты оған сөзсіз бағынатын болған. Сондықтан, сақ билеушісінің өлімі де өте салтанатты, қаралы жағдайда өткізіліп отырылған. Алдымен патша мәйітінің үстіне хош иісті жұпар майы жағылатын, одан соң әдейі жасалған сәулетті арбаға салынып, әр шалғайдағы сақ тайпаларын аралатып шығарған. Сүйек қайда барса, сонда қалың қауым мұңға батып, қайғы-қасірет жұтатын. Олар өздерін зақымдап, құлақтарын кесіп, шекелерін тіліп, сол білектеріне жебе шаншып, бірде бет көздерін зақымдап, сақалдарын жұлып, шулап азалы күй кешкен. Бұл рәсім аяқталған соң патша мүрдесі баяғыдан патша әулетінен тараған текті тұқымдар жататын арнаулы молаға апарылған. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген тік төртбұрышты молалардың аумағы өте үлкен болып келеді. Онда өлген адамның мүрдесі киізге оралып, дәл орта тұсқа орналастырылады да, оның екі жағына бес қаруы қойылып отырған.

Патшаның қасына өзімен бірге патша әйелі, аспаздар мен ат бегілері өлтіріліп, қоса жерленген. Тіпті патша көзі тірі кезінде мінген аттары да патша жанына қоса жерленген. Ең соңында бір тайпа ел қабір басына тас қалап, топырақ үйеді. Патша өліміне бір жыл толған кезде тағы да елу құл мен елу жылқы патшаның рухы үшін құрбандыққа шалынып, патша моласының қасына көмілген. Әдетте ру-тайпа ішінде жай адамдар өлген кезде, олардың туғандары да өлген адам мүрдесін арбаға салып, жақындарын аралап шыққан. Олар ас

тағамдарын даярлап, қаралы топты қарсы алып, шығарып салып отырған. Мұндай рәсім қырық күнге жалғасқаннан соң барып, өлікті жерлеген. Олар өлген адамына ең көрікті киімін кигізіп, сауыт-сайман, ат әбзелімен бірге ас тағамдарын қоса көмеді. Көзі тірісінде жақсы көрген атын да пышаққа жығып, қабірінің қасына көмеді. Мұндай қабірлер жалпақ тас пен топырақтан қаланып, айналасына қиыршық тастардан жол торабы салынғаны байқалады /3/.

Қазақстанның көптеген аудандарында (Шілікті, Есік, Бесшатыр, Жуантөбе, Сыпыраоба, Қараоба, Ұйғарак) аймақтарында кездесетін ондаған және жүздеген обалардан тұратын ірі-ірі рулық зираттар отырықшы және жартылай көшпелі мал шаруашылығы басым болған жерлерде белгілі. Бұдан біздің байқайтынымыз, халықтың көшіп-қонуының жиілігі мен қоныстану аймақтарының жиі ауыстырылуы көшпелі мал шаруашылығы аудандарында қоныстанатын орындар, рулық зираттардың болуы дәстүрлерін қалыптастырса керек.

Дегенмен сақ тайпаларының жерлеу ғұрыптары мен салттарының арасында да кейбір айырмашылықтар болғаны байқалады. Зерттеушілеріміз анықтап отырғандай, бір өңірдің тайпалары жай ғана таспен қоршалып жерленсе, ендігі бір аймақтарда мәйіт бетін ағашпен жауып барып жерлеген. Мәселен, Оңтүстік Зауралье мен Батыс Қазақстанның тайпалары өлген тайпаластарын бетін ағашпен жапқан және тар немесе кең тік бұрышты шұңқырларға көмген. Осы территориялардағы халықтың бір бөлігі өлгендерін шаршы және шеңбер түріндегі қабірлерге жерлейтін болған. Тіпті оларда ұзын қабырғаларының жақтауынан шығарылған кертпешелері немесе ойықтары бар қабірлер ұшырасады /4/.

Ал Арал маңының сақтарында түбін айнала орлап, жерден ойып нар жасалып және түбінің бұрыш-бұрышына не оны айналдыра орнатылған дінгектердің орны бар өзінше бір үлгідегі қабірлерге жерлеу кеңінен орын алған. Жетісуда және Алтайда ауқатты адамдар сол кездегі жердің бетіне салынған не жерді қазып орнатқан үлкен ағаш қималарға қойылатын болған. Бұл аудандарда қарапайым адамдарды бір қабірге бірнешеуін жерлеу немесе аса терең қазылмаған қабірлерге бірінен кейін бірін жерлеу ғұрпы орын алса, ал Орталық Қазақстанда жалпақ тастармен жабылған сопақша қабірлерге жерлеу тұрақты ғұрып болды.

Аталған айырмашылықтар сақ тайпаларының арасында түбегейлі қалыптасқан және бір тұтас жүйелі діни ұғымдардың болмағандығын көрсетеді.

Сол сияқты сақ тайпалары Қазақстанның басқа да мал шаруашылығымен айналысушы тайпалары сынды отқа, жылқыға, күнге және басқа аспан шырақтарына табынумен байланысты ғұрыптары да болғандығын нақтылайды. Мәселен, ежелгі грек-рим және көне ирандық деректемелердің бірқатарында сақ тайпаларының сыйынатын басты құдайы күн болып, соған орай табыну дәстүрлері болғанын айғақтайды. Мәселен, Қазақстанның Орталық аймақтарындағы қабірлерінде Күн құдайының құрметіне арналып құбандықтар шалынған. Көбінесе құрбандыққа жылқы малы шалынып, олардың өліктері мен бастарын, тіпті жекеленген теріден ажыратылмаған мүшелерін көму кеңінен орын алған /5/. Осыған ұқсас ғұрып Қазақстанның шығысында әлі күнге дейін сақталған. Мұнда қайтыс болған адамға сойылған жылқының басын, оның зиратына қойып қояды. Профессор Ә.Т.Төлеубаевтың айтуы бойынша о дүниеде өмір сүреді деген сеніммен жылқы малын иесімен бірге жерлеген /6/.

Ал отқа табынуға келер болсақ, жалпы қазақ халқында әлі күнге дейін отқа табыну дәстүрі жалғасын табуда. Әрине бұған басты себеп, еліміздің территориясын мекен еткен тайпалық одақтардың наным-сенімдерінің жалғастығының бір түрі екені күмәнсіз. Сақ тайпаларында да отқа табыну дәстүрі болғандығы және оның тікелей осы наным-сенімдермен байланысты екендігі белгілі болып отыр. Мәселен, Батыс Қазақстан аймағындағы ағаштан жасалған қабірдің құрлыстарындағы өртеу дәстүрінің орын алуының өзі зұлым рухтарды от арқылы аластату, жою үшін қажет болғандығын көреміз /7/.

Жалпы дін пайда болғанға дейін жер бетін мекен етуші халықтардың басым бөлігі анимизм, тотемизм, магия сынды ең ежелгі діни түсініктерді пайдаланғандығын аңғарамыз. Бұл процестің сақ тайпаларының арасында орын алуы да таңданарлық жайт емес.

Тарихымызды зерттеуші ғалымымыз Нығмет Мыңжан: «Олардың біреуі сырқаттанса бақсы-балгерді алып келіп дұға оқытқызған. Әсіресе патша ауырса тәңірлердің шамына тиіп, жерге келіп пәле таратып жүрген әлдеқандай біреулердің сілесіне қалды деп есептеп, бақсы-тәуіптерді шақырып алып келіп, ол адамның заты кім екендігі жөнінде бал аштырады. Бақсы кімді нұсқаса, сол адамның табанда басы алынып, дүние-мүлкі талауға түседі», - деп көрсетеді /8/. Біздің бұдан байқайтынымыз, сақ тайпалары да халықтар сынды өз кезегінде белгілі күштерге сеніп, сол арқылы ауруын жеңілтетуге күш салған.

Сақтар тайпаларының діни нанымдарында өлген адамға екі түрлі қарау айқын аңғарылады: бір жағынан, оны құрметтеп, оған сыйынатын болса, екінші жағынан тайпаластарға өлген кісінің, жаны қайтып келіп кіреді деп қорқатын болған. Соңғы жағдайда отқа табыну, сірә, өзінше бір сақтану қызметін атқарған. Соған орай болар сақ тайпалары жерлеу дәстүрін ұйымдастырған сәтте обаларды айнала ондаған жерге от жағып, содан кейін жерлеуге мүмкіндік алғандықтары байқалады. Мәселен, бұл ғұрыптық іздері Қараоба (Орталық Қазақстан) және Бесшатыр (Жетісу) қорымдарынан кездестіруімізге болады /9/.

Сақ заманындағы анимизм, тотемизм және магия сияқты алғашқы ең ежелгі діни ұғымдардың сақталғандығының тағы да бір көрінісін біз сол кезеңдегі қабірлердің зерттелуінен байқай аламыз. Бұған мысал, сақ қабірлеріндегі сындырылған бұйымдардың шығуы негізінен анимизммен байланыстылығын көрсетеді. Яғни түрлі қолданыс заттардың жаны болады деген сенімнен деп түсіндіруге болады. Тайпалас адамдар өлген кісінің қаруын, айнасын және басқа да меншікті заттарын әдейі сындырғанда, өлген адамның жанымен бірге өліктер еліне жететін заттардың жанын азат етуге көмектестік деп сенген /10/.

Тотемизмнің және магияның сарқыншақтары әр түрлі тұмарларда, тылсымдар мен бойтұмарларда сақталған. Рудың немесе тайпаның қайсыбір мифтік хайуан тегінен шығуы туралы ұғым жануарлардың металдан жасалған мүсіндерінде бейнеленген. Шайқастарда желеп-жебейді деп оның бейнесі қаруға салынған, жауға мінетін атты сақтасын деп жүгенге шегеленген. Сақтарға жақсы таныс жабайы аңдар бейнесіндегі киелі хайуандар туралы, олардың шапшаңдығын, ептілігін және көбіне киелі күшін мадақтайтын аңыздар шығарылыған. Содан да болса керек, жоғарыда аталып өткен атақты Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» киім үлгісінде кездесетін түрлі аң бейнелері осыны аңғартып отыр /11/.

Қорыта айтқанда басқа да темір дәуірінің тайпалары сынды сақ тайпалары да өзіндік діни наным-сенім түрлері болды. Олар сонау қола дәуірінен бері сақталып келе жатқан «о дүниеге сену», «отқа табыну» сынды дәстүрлерді қатаң сақтап, соған сәйкес әрекет етіп отырған. Сақ тайпаларынан қалған мәдени ескерткіштерді бұдан да ары қарай зерттеп, әсіресе олардың діни наным-сенімдеріне қатысты тұстарын зерделеу тарихымыздың ақтаңдақ беттері үшін де қажет екендігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Агеева Е.И. Керамика городов и поселений среднего течения Сырдарьи и Каратау // Известия ан Каз ССР. Серия археологии. – 1950. – Вып. 2. – № 67.
2. Жолдасбайұлы С. Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. – Алматы, 1996.
3. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алматы, 1963.
4. Байпаков К.М. Вопросы археологии Казахстана. – Алматы, 1978.
5. Байпаков К.М., Чанг К. Новые данные о хозяйстве саков и усуней Семиречья // Евразийское сообщество. Экономика, политика, безопасность. – Алматы, 1997. – С. 53-68.
6. Төлеубаев Ә.Т. Реликты доисламских верований. – Алматы, 1991.
7. Литвинский Б.А. Древнейшие кочевники // Крыша и мира. – М., 1972.
8. Мыңжан Н. Қазақтың қысқа тарихы. – Алматы, 1994. – 50-53 бб.

9.Қазақстан тарихы. 1 том. – Алматы, 1996. – 280-287 бб.

10.Нурмуханбетов Б.Н. Некоторые черты раннего ислама в Средней и Нижней Арыси // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 1994. – № 5. – С. 34-38.

11Акишев К.А. Курган Иссык. – Алматы, 1978.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан аумағында өмір сүрген сақ тайпаларының әдет-ғұрыптары, наным – сенімдері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются проблемы духовности сакских племен на территории Казахстана с эпохи бронзы до железного века в разрезе религиозных верований, обычаев, обрядов древних поселений.

ИСЛАМДАҒЫ ӘУЛИЕ МӘСЕЛЕСІ

Кеніштайқызы Г. - магистрант (Алматы қ., әл-Фараби ат.,ҚазҰУ)

Қазіргі дамушы мемлекеттер арасында Қазақстан зайырлы, демократиялық ел. Өзінің ұстанған дербес саясаты бар. Мемлекет Конституциялық жүйеге бағына отырып, өз құқықтарын қорғайды. Бұл елде мемлекет бөлек, дін бөлек қарастырылған. Бірақ та, қандай жағдайда да дін мемлекетке қызмет етеді.

Исламдағы әулие мәселесі қазіргі күні дінді зерттеумен айналысып жүрген теолог ғалымдар арасында да бір-біріне қарама-қарсы екі жақты пікір қалыптастыруда. Бұл пікірдің алғашқылары исламда қалыптасқан канондық монотеизмді қуаттаса, екіншілері Құраннан мағынасы сәйкес келетін сүрелерге анықтама беріп, бүгінгі қоғамда әулиелер бар деген қағиданы дәлелдегісі келеді. Мәселен «Юныс» сүресінің 62-ші аятындағы: «Біліңдер! Расында Алланың достарына қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды» /1, 154 б./, «Фатыр» сүресінің 22-аятын: «Тірілер мен өлілер тең емес. Рас, Алла (Т) әлде кімді қаласа естіртеді. (Мұхаммед Ғ.С.) сен қабырлардағы біреулерге естірте алмайсың. Қарсылықта қасарысқандар, қабырлардағы өліктерге теңеліп отыр» /1, 312 б./ деп көрсетеді.

Әулиелер – тірі деп, Әли Ғымыран сүресі, 169 аяттағы: «Алла жолында өлгендер өлі деп ойлама, әрине, олар тірі. Раббыларының жанында олар ризыққа бөлендіріледі» /76, 64 б./, Бақара сүресі, 154 аяттың: «Алла жолында өлгендерді олар өлі демеңдер, олар тірі, бірақ, сендер сезіп біле алмайсыңдар» /1, 35 б./ деп, Алла жолында жүріп өлгендердің өлмейтіндігін, Жаратушының алдында ризыққа бөленетіндігін, бірақ, біздің оларды тірі екенін білмейтіндігімізді алға тартады.

Халық арасында аса беделге ие болған, халық жаппай зиярат ететін барлық әулиенің тарихына тоқталсақ, бәрінің тарихы бір жерде үндеседі, яғни, бәрі де Исламды өркендетуге өмірлерін қиған.

Сондықтан да халқымыздың әулиені зиярат етуі, құрметтеуі, қастерлеуінің Құранмен негізделген дәлелдері бар. Ал, халқымыздың түсінігінде әулиелер Құранда аталғандай «тірі» саналған.

Құдаймен адам арасындағы дәнекерлікке ие болған әулие түрлі ғажайыптар жасай алатын қасиетке ие болады. Әулиелер әр ұлтта, әр халықта болған.

Ислам ғұламалары әулиелер көшін жеті сатыға бөледі:

1. Әулиелі қасиет таба бастаған құдай ризалығын табу үшін айрықша тақуалық бағыт ұстанған рухани тұлғаны «*арухи мұхаддас*» дейді. Бұлар 144 адам. Міне «*арухи мұхаддас*» алғашқы сатысынан бастап, өмір бақи рухани өрлеу сапарында өзін-өзі

шындау жолында болады. Дінге берік, құлшылығын бұлжытпай орындайтын дін шарттарына адал адамның бойына өзгеше қасиеттер дарып, жалпы жұрт байқай бермейтін нәрселерді жүрегімен сезіп, көңіл көзімен біліп отыратын қызық бір рухани күй кешеді. Сосын Тәңірінің сұлу сыр әлеміне жүрегінде үміттің шамы жанып, күннен-күнге көкірегінде тұнып жатқан адамшылық қасиеттерін пендешілік пиғылдан аршып тазарта бастайды. Тәңірінің тиым-талаптарын қалтқысыз орындауға бел шеше кіріседі.

2. Салихтардың екінші сатысын «*муджуба*» деп атайды. Олардың саны 300 болады. Бұл 300 салихтың жүрегінде хақ сәулесі Адам (ғ.с) жүрегіндегі шындық шұғыласына ұқсас болады. Құдай мен құрметті құлының арасында тылсым байланыс тереңдей түседі. Сосын Құдайдың нұрын тұла-бойынан анық байқаған соң иманы бекіп, дінге деген ынта-құрметі бұрынғыдан да арта түседі. Денесіне құдай нұрының қалай еніп, жүректерді қалай жылытатынын біледі.

3. Жаратушы шексіз құдіретіне махаббаттың үшінші сатысына көтерілген салихтарды «*нухуба*» деп атайды. Бұлар қырық кісі болады. Қазақтар бата бергенде үнемі «Я, құдайым оңдасын, уайым-қайғы болмасын, Ғайып-ерен қырық шілтен, қанатын жайып қолдасын» деп дұға қылып отыратын әулиелер осылар. Қырық шілтен сапынан орын алған салихтардың жүрегіндегі ғашықтық кәмілі Мұса кәлимулланың жүрегіндегідей болады. Олар осы кезден бастап Алланың басқару ісіне араласа бастайды.

4. Рухани көсемдердің төртінші тобын «*абдал*» деп атайды. Бұлардың саны жетеу болады. Бұл жеті дүлдүлдің жүрегі Ибраһим халулланың жүрегіне ұқсайды. Құдайдың досынан көңілге күмән себуші эззілдер әрмен жүреді. Адамның өн бойы Алланың нұрына малына түседі. Таңдап алған жолымен ұстанған дініне иненің жасуындай шек-шүбә келтірмейтін кемел дәрежеге жетеді. Осы сатыға көтерілгенде әулиеге түрлі кереметтер нәсіп болып, көптеген қасиеттер қонады, оның қолынан өткел бермес дарияны кешіп өту, бір уақытта бірнеше жерде уағыз айту, отқа күймей аман шығу, көзді ашып-жұмғанша Меккеге барып намаз оқып келу сияқты кереметтер келетін болады. Қазақтар «әулиеге екі дүние бір қадам» деген мәтел шығарған. Осындай кереметтермен жүріп тұратын әулиелердің дұшпандары оған тосқауыл бола алмайды. Құдайдың достарын мұқату үшін надандардың ұйымдастырған айла-шарғыларының бәрі адыра қалады. Олардың бұқара халықтың арасында аты аңызға айналып беделінің шарықтап кеткенінің өсек тарататын тұқымдары құриды. Қазақтардың әулиеге тіл тигізбе деп қадір тұтатыны осыдан.

5. Бесінші сатысында тұрғандарды «*алтад*» деп атайды. Бұлардың барлығы бес адам. Бестіктің жүрегі Хазреті Ибраһил (с.ғ.с) жүрегіндегі кемелдікке жетеді. Алланың ақиқатына мас болып, Жаратушының нұрынан өлшеусіз үлес алып, айрықша дәрежеге көтеріледі. Бұл бес әулиеге шайтан мен нәпсі хауасынан келіп-кетер қауіп-қатер болмайды. Бұл сатыдағы әулиеге діннен тайқып, ұнамсыз бір қылыққа ұрыну жеке бастың мүддесін ақиқаттан артық көру деген сияқты ұсақ-түйек пендешіліктер мүлде жат.

6. Алла достарының алтыншы тобын «*ғаус*» деп атайды. Бұлардың саны үшеу. Олардың жүрегі Мәкайл (с.ғ.с) жүрегіне ұқсайды. Бұл үштікке енген әулие дүниедегі баянсыз тіршіліктен біржола ажырайды. Үш ғаустың кәміл белгісі Жаратқан нұрымен ғана қуаттанып, Тән тамағын рухани азықпен алмастырып кете береді. Сол себепті оларға ұзақ мерзім ораза ұстап, аш жүріп қиналмайтыны қалыпты жағдай. Бұл үш әулиенің жүрегі тәулік бойы Алланың нұрынан ғана нәр алады.

7. Алыптардың ақырғы сатысы «*құтыб*» деп аталады. Бұл жетінші дәрежедегі шындықтың шыңына көтерілген Алланың досы мұсылмандар түгілі әулиелерге де үстемдік етеді. Бұл-жалғыз болады. Құтыб мәртебесіндегі мұсылманды әулиелердің патшасы деп те атайды. Осы әулиелер патшасы қоластындағы 499 кереметті әулиелерге Алланың әмірін жеткеріп, ортақ шаруаны үйлестіріп, реттеп отырады. Құтыбтың жүрегі Ибраһил (с.ғ.с) жүрегіне теңдес келеді. Құтыбтың тағына орналасқан әулие

Алланың нұрымен тұтасып, біржола болмысқа айналады, риясыз дін қабылдап, шаттықпен шәкірт болғысы келеді. «Әулие Құдай емес, Құдайдан былай да емес» деген қазақ халқы арасындағы мәтел осылай шыққан /2, 36-40 бб./.

Бұндай адамдар халықта уәли тобын құрайды, бұлар көзінің тірі кезінде өлмей тұрып осылай танылады. Ол адамдар алдында өзінің небір таңғажайып істерін көрсетіп, шексіз таң қалдырады. Әулие көпшіліктің өзін қолапаштап, марапаттауын күтпейді.

Әулие өлген кезеңде табиғатты меңгеру қабілеті де өледі, ол ешкімге де көмек жасай алмайды. Кімде-кім оның бейітіне келіп көмек алса, не оның тілегін қанағаттандырса ол алланың ісі.

Әулиелер науқастардың ауруын емдейді, олардың құдайдан сұраған нәрсесі орындалады. Құдай оларға жамандық жасағысы келгендерді жойып жібереді. Жабайы аңдар олардың бұйрығы бойынша қолға үйреніп, өз еркімен бағынады.

Әулиенің тағы бір ерекшелігі – кез келген уақытта түрлі бейнеге және формаға айнала алатындығы. Екіншіден ұшу қабілетінің болуы да әулиенің таңғажайып істерінің бірі. Қысқа ғана уақыт аралығында ол өзін қажет еткендер мен алыс жердегі шәкірттері арасында бола алады. Халық арасында кейбір ерекше адамдар өзінің төбесінен атқа мініп ұшып бара жатқан әулиені көреді деген сенім қалыптасқан.

Қазіргі қоғамымызда қалыптасқан жағдайға байланысты Б. Сағындықұлы, біздің заманның «әулиелеріне» былайша анықтама береді: «Біздің заманымызда кереметті әулиелер жоқ. Тіпті қоғамымызда әулиелер жүре алатындай жағдай да жоқ. Сондықтан мұндай құрметті атақты қазіргілердің ешқайсысына таңуға болмайды. Әулиелердің істерінен мін шықпайды, былайынша халық тіпті тілінің астына салуға қорқады. Өсек ете қалған жағдайда өз-өзінен бәлеге ұшырайды. Әулие біздің заманымыздың жын қонған емшілеріне ұқсап, ел араламайды. Керісінше, халық әулиенің өзін іздеп барады. Шындығында, әулиелерге жын емес, Алла тағаланың өзі көмектеседі» /3, 6 б./.

Әулиелердің жалпы көпшілікке танылуын И. Мұхамеджанұлы былайша сабақтайды. «Дүниежүзінің әулиені түсініп қабылдайтын бес түрлі дәрежедегі халықтық топтары бар.

1. Әулиені шын жүреппен сүйіп, құрметпен қабылдайтындар – бұларды әулие әулет деп атайды. Бұлар әулиенің ең жақын жанашырлары.

2. Әулиенің барлық емдері мен уағыздарын білім, ғылым және философиялық ұғымдар арқылы сын елегінен өткізіп қабылдайтын бүгінгі жер шарындағы зиялы қауым топтары. Бұлар әулиенің барлық қасиеттерін танып, түсініп, құрметтеп сыйлаушылар.

3. Әулиені толық түсінуге өресі жетпеген, атағы мен даңқына бола сый құрмет жасап, мунафихтық жолмен қабылдап түсінушілер тобы әулиенің көзін көргенде құрдай жорғалап, көзі жоқта теріс айналып кететіндер. «Мунафих» араб сөзі, қазақшасы екі жүзді.

4. Әулиемен бақталас тәкаппарлар тобы. Әулиеде әруақ болса менде де әруақ бар, әулие қажы болса, мен де қажымын деп төске ұратындар. Бұлардың білімі мен парасаттары әртүрлі дәрежеде болып келеді. Бұлар көп емес. Көп болмаса да баршылық.

5. Дінге де, Аллаға да, адамға да, әруаққа да сенбейтін, санасы мен миына материализм мен марксизм тамырлап кеткен ілім ұрғандар тобы – бұлар рухани жарымжандар бұл өмірде кімге сенерін білмей өзін-өзі алдап ой сергелдеңіне түскендер. Қазір бұлардың алды 90-да, аяғы 50-де» /4, 3 б./.

Бұдан шығатын қорытынды қазіргі қоғамымызда атеистік тәрбиеде өскен Аллаға да, әулиеге де сенбейтін жандар да, Алланың бірлігін мойындайтындармен қатар әулиеге де сеніммен қарайтындар бар.

Әулиені дәріптеудің халық арасында төмендегідей дәлелдері бар. «Әулие» адамдардың бейіттері мен күмбездерінің өзі олардың «әулиелігін» көрсетіп тұрады, бейітінде от жанады, күмбезі ұзақ уақыт бойы тұрады, жанындағы басқа ғимараттар мен үйлер жер сілкіну, су тасқыны сияқты құбылыстардан апатқа ұшырап, қирап

қалғанда, олар бұзылмастан тұрады, осының бәрі «әулиенің қасиетінің» белгісі болып табылады.

Әулие адамдар ақылды, терең ойлы, әділ, шыншыл ретінде бейнеленеді. Олар әрқашан да өмірден жапа шеккендерге қол ұшын беріп, көмектескен, мейірбандылық көрсеткен.

Келешекті дәл болжап, адам тағдырын анық айтып берген, қолынан келсе көмегін аямаған. Сондықтанда адам басына күн туғанда, қиналғанда әлгі айтылғандай адамға барып, алдына жүгінген, одан бата алған. Әдетте, жапа шегетіндердің бірі – қатты сырқаттанғандар болатындықтан, олар да әулие адамға барып, көмек сұрап жалбарынған. Ел ішінде тараған әңгімелерге қарағанда, әулиенің айтқан сөзі, оның тиген қолы науқастарға шипа болған.

Бұл жөнінде Г.П. Снесарев: «Әулиелер жөніндегі «кадрлардың» көпшілігі сакральды, тарихи жағынан алғанда өмір сүрген жандар, әрқайсысының өзіндік өмірбаяны бар, көбірек немесе азырақ миф араласқан. Бұл өмірбаяндарға талдау жасау әлеуметтік себептерін анықтағанда сол немесе басқа тұлғаға айналдырады, бұл атеистік жұмыс тәжірибесінде қажет. Бірақ бұл арнайы талдауды талап етеді, кейде исламға дейінгі агиологиямен сәйкестендіріледі» /5, 13 б./ дегенді айтады.

Әулиелер адамның ойын біліп, болашағын болжайды, небір кереметтерге ие: қасқағым сәтте ғаламат кеңістіктерді игеру, ғайып болу, ажалсыз болу, құсқа, жануарға айналу, аса таяғымен ұрып су шығару, кенеттен келген қауіп-қатерден аман сақтап қалу тағы басқалар. Ғайып еренге жататын әулиелер, көбінесе, өздерінің құпияларын көпшіліктен жасырын ұстайды /2, 47 б./.

Әулие дінді, елді, халықты, ұлт пен руды бөлмейді, бәріне ортақ қарайды. Әулие – дін тануда да, Құдай туралы білімпаздықта да әбден жетілген адамдар: оларға «жасырын нәрсенің» құпиясы мәлім, олар Құдаймен жүздесе алады /6, 186 б./.

Әулиелердің бұл дүниеде атқаратын қызметі:

1. Науқас жандарды ауруынан сауықтырады;
2. Перзенті жоқ ата-анаға бата береді, сол батасы қабыл болып сәбилі болады;
3. Мұғжизалар жасайды (40 аршын көкке көтерілу, жанған оттың астынан аман-есен шығу);
4. Мешіттер салдырып, ислам дінін уағыздайды.

Әулиелердің о дүниеде атқаратын қызметі:

- жоқ іздегендер басына келіп түнесе, түсінде аян береді;
- бұл дүниеде қалған ұрпақтарына қамқоршы болады;
- қауіп-қатерден, тосын оқиғалардан алдын-ала ескертеді.

Мұхаммед пайғамбардың өсиеттерінде де: «Алла жолында өз нәпсісіне қарсы келетін адам әулие» /7, 23 б./ деп айтылады. Әулие термині уақыт өте келе кең түрде байытылып, мазмұн мен мағынаға ие болды. Бұл сөз исламдағы әулиелерді кең насихаттап, осының арқасында халықтық исламда «әулие» кереметті жасаушылар, «құдайға тән қайырымдылық» иелері, түрлі кәсіпті желеп-жебеушілер, қолдаушылар ретінде құрметтеледі. Халыққа жақындығына, дін жолына құлай берілгендігіне, тақуалық өмір салтына орай «әулиелердің» халық арасындағы беделі күшті болды. Сондықтанда билік басындағылар солардың қолдауына ие болуға ұмтылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Халифа А. Құран-Кәрім қазақша мағнасы. – Алматы, 2000. – 473 б.
- 2 Андреев М.С. Чильтаны в Среднеазиатских верованиях // Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927. – С. 36-40.
- 3 Сағындықұлы Б. Ислам дінінің ұлы насихатшысы // Түркістан. – 2005. – 28 шілде.
- 4 Мұхамеджанұлы И. Сары әулие – шын әулие // Ақмешіт ақшамы. – 2002. – 14 сәуір.

5 Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верований и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 336 с.

6 Ислам. Энциклопедия. – А.: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 287 б.

7 Мұхаммед пайғамбардың әйел және отбасы туралы өсиеттері. Шымкент: Жібек жолы, 2000. – 32 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада исламдағы «әулиеге» сену мәселесі жайында сөз болып, қазақтар арасында «әулиеге» сену жағдайының жоғары екендігі көрсетілген.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы ислама и их характерные особенности на территории Казахстана.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРЛЫҚ САЯСАТ ЗАРДАПТАРЫНА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС

Құттыжолова А.С.- магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы сөз қозғағанда азаттық жолындағы күрестегі ата-бабаларымыздың өткен жолын, төккен терімен аққан қанын азапты ізденістерін ескермей кету мүмкін емес. Қазақ халқы ұлт-азаттық қозғалысының түбегейлі екі себебі бар. Олар: туған жерді шетелдік' басқыншылардан қорғау және егемендік пен еркіндік үшін күрес. Мұның бірінші себебі қазақ жеріне тынымсыз көз алартқан Ресей, Қытай, Бұхар, Хиуа, қалмақтарға қарсы жүргізілсе, екіншісі патша, хан кейіннен «қызыл кеңес» езгісіне қарсы бағытталды. Ұлт-азаттық қозғалысының осы күнге дейінгі тарихы алдымен Ресей империясының отаршылдық мүддесі, кейіннен кеңес үкіметінің таптартысы принциптеріне негізделіп зерттеліп келді. Ал егемендік алған бүгінгі кезеңде кейбір ресейлік зерттеушілер Ресей империясы «отар» дегенді білмеді - дегенді дәлелдегісі келеді, осы пікірді қостаған кейбір тарихшылар «отар» деген тек капитализм дәуіріне тән /1/-деп түсіндіруге тырысады. Келесі авторлар Ресей «капиталисте ел болмады, сондықтан ол отаршыл емес, деспоттық болмысын сақтаған «халықтар түрмесі», - оның тұтқыны башқұртта, грузинде, эстонда, орыста болды /2/-деп қорытындылайды. Енді бір тарихшылар Ресейдегі отаршылдық батыс европалық елдерден ерекше деп көрсеткісі келеді. Мұндай дәйексіз пікірге Ресейдің (патшалық, кеңестік) отаршылдық саясаты туралы жүздеген том еңбектердің жазылғанын айтсақта жеткілікті.

Ендібірі орыс отаршылдары жергілікті халықтың қанын төкпеді, қазақ даласын тек қана шикізат қоры ретінде пайдаланды, қазақ елі Ресейдің ішкі рыногына айналды деген пікір айтады. Қазақстанға үзбей жіберіліп отырған жазалаушы әскер қосындары, казак жасақтар, қазақ сахарасын өртке бояп, ауылдарды жермен-жексен етіп, әйел-қыздарды күң етіп жібергенін архив құжаттары дәлелдейді/3/.Орыс империясының отаршыл саясаты ағылшындардың, француздардың, голлондтардың отарлау жүйесінен өзгеше сипатта болған жоқ, ейткені қанау, езу, құлшылық саясатының заңдылықтары, барлық елдерге ортақ. Миллиондаған орыс солдаттары, саудагерлері казактар, шаруалар осы империалисте саясатты іске асырушылардың қатарында болды. Қазақтардың шұрайлы жерлерін тартып алу, көшпелі өркениетке түбірімен балта шабу, халықтың бүкіл өмір сүру жағдайын күшпен өзгерту , оларды шоқындыра бастау, мемлекеттің ірге тасын талқандау ғасырлар бойы отаршыл мемлекеттің бас жоспары

арқылы жүргізіліп, қоныстанып келген халық арқылы іске асырылып отырды. Қазақстанның Ресейге қосылуының жағымды жағы өз алдына бір әңгіме. Бірақ Қазақстанның Ресей құрамына енуін бұрынғыдай дәріптей берудің қажеті жоқ, қазақтар үшін бұл амалсыздық болған қадам. Бұған ұқсас жағдайлар басқада көптеген елдер тарихынан табылады. Өндіргіш күштерді халықтың өзі де игере алатынын бүгінгі кезең дәлелдеп отыр. Прогресске жету үшін жекелеген адамдарды, халықтарды қорлық пен бейнетке итермелеудің қажеті шамалы.

1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 млн десятинаға теңелді /4/. Ал ол жерлерден табылған табыс, ашылған рудник, мұнай құбырлары, көмір шахталары, алтын кендерінен алынған табыс мөлшері сол саламен айналысушыларды миллионер капиталистерге айналдырып, одан түскен табыс патшалық Ресей қазынасына үздіксіз түсіп отырғанын жоғарыдағы авторлар айтқысыда келмейді. Жерінен, байлығынан, малынан, мемлекеттік билігінен айырылу, қорлық пен зорлық отаршылдық саясат ұлт азаттық жолындағы күрестің басталуына алып келді. Ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі мақсаты ұлтты езгіден, қанаудан азат ету, оның мүддесін қорғайтын ұлттық мемлекеттілігіне, дербестігі мен егемендігіне қол жеткізу болды. Академик Ә.Марғұланның пайымдауынша «Патша мен Әбілқайыр хан ұрпақтарына қарсы бағытталған көтерілістердің ішіндегі ең елеулісі» Кіші жүздегі Сырым Датұлы (1783-1797ж) басқарған ұлт-азаттық көтерілісі болды. Нағыз халықтық, азаттық сипат алған бұл көтеріліс қойған мақсатына, шынайы ұмтылудың үлгісі болды, осының нәтижесінде 1797 жылдық соңына дейін созылды. Сырым Датұлы хандықты жойып, халық басқаратын мемлекет құруға әрекеттенді. Азаттық пен тәуелсіздікті мұрат тұтқан бұл көтеріліс қазақ тарихында ерекше із қалдырды.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған (1837-38ж) шаруалар қозғалысы қазақ тарихындағы ең ірі көтерілістердің бірі. Бөкей ордасындағы қазақтардың ханға отаршылдыққа қарсы күресі жеңіліспен аяқталды. XIX ғасырдың барысында Ресейге қарсы күрескен ұлт-азаттық көтерілістер Қазақстанның біраз жерін алып қойған Хиуа, Қоқан хандықтарына қарсы бағытталды. (Тентек Төре, Жоламан Тіленші, Саржан Қасымов т.б.) Жалпы аталған көтерілістердің баршасы Орта жүзде Кенесары Қасымов бастаған ұлан-ғайыр халықтық қозғалысқа ұласты. Кезінде Кенесарының хан билігін қалпына келтіруге ұмтылғандығы үшін қозғалысқа «феодалдық» деген айдар тағылды.

Е.Пугачев, С.Разин. И.Болотников бастаған көтерілістерге тіпті кейбір көтеріліс басшыларының өздерін патша етіп көрсеткеніне қарамастан азаттық қозғалысы, шаруалар қозғалысы деп баға берілді. К.Қасымовқа орыстар мен қырғыздарға қарсы күресті деген екі айып тағылды. Кенесары орыстарға емес Орыс империясына қарсы күрескен, және күресті империяның ішінде емес, отаршылдық басып алған өз жерінде жүргізді. Кенесары қазақ халқының ұлттық батыры /5/. Үш жүзді қамтып он жылға созылған бұл көтеріліс ауқымы мен жанқиярлығы жағынан әлемнің сол тұстағы прогрессшіл адамдарын таң қалдырған /6/.

Кенесары қозғалысының басты мұраты бұрынғы қазақ Тәуелсіздігін қайтару, яғни егемен қазақ мемлекеттілігін құрып орнықтыру болатын. Көтеріліс қазақ халқының өз елінің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында жан беруге даяр екендігін мәлім етті. Кенесары тайпа аралық жаугершілік, феодалдық шашыраңқылықты жойып, орталықтандырылған бірегей мемлекет құруға ұмтылды.

Тарихшылардың деректеріне қарағанда XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін Қазақстанда 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістері, қозғалыстары, толқулары соғыстары болған. 1917 жылғы ақпан қазан төңкерісі, азамат соғысы, күштеп ұжымдастыру кезінде орын алған 370-тен астам шаруалар көтерілісі мен қарсылығы болды /8/.

Бірінші дүниежүзілік соғыс империяның ұлттық аймақтарындағы халықтың хал-жағдайын бұрынғыдан да төмендетті. Ұлттық, әлеуметтік экономикалық езгі күшейді. Соғыстың алғашқы 3 жылында бір Жетісу облысынан 1800 мың десятина ең тандаулы жер тартылып алынып, салық көбейтіліп оны уақытында өткізбегендер ауыр жазаға

тартылды. Ең қажетті бұйымдар қымбаттады. Мысалы XX ғасыр басында ұнның бір пұты 94 тиын тұрса, 1916 жылы 40 сомға дейін көтерілді. Патша үкметі «Мұсылман халықтарын қаруландырсақ, ол өзімізге қарсы бағытталуы мүмкін»-деп қауіптеніп 25 маусымда өлке халқын қара жұмысқа алу туралы жарлық шығарды. Көтерілістің қызу ұзақ болған жерлері Жетісу мен Торғай облыстары. Жетісудегі көтерілістің басты ерекшелігі мұнда басқа аймақтарға қарағанда кеш басталды. Патша әкімшілігі қазақ халқының қас жаулары, көтерілісті басуға әккі болып алған генерал Куропаткин мен генерал Фольбаум. Олар көтеріліс ошақтарын, асуларды, шатқалдарды зерттеуді, орыс шаруаларын қаруландыруды тапсырды.

Жетісуда болған ұлт-азаттық қозғалыстың бір ошағы Қарқара көтерілісі . 10-шы шілдеде Қарқара өңіріндегі Таңбалы таста Ұзақ батырдың үйінде елдің игі жақсыларынан 19 адам жиналып кеңес құрды. Оны Мәмбетұлы Жәмеңке, Саурықұлы Ұзақ басқарды. Кеңеске қатысушылар «Патша өкіметі жарлығын күшпен жүзеге асырмақ болса, оған қарулы көтеріліспен жауап беру керек, деген шешімге келді. 11-ші шілдеде қарқара жәрмеңкесінде Мәмбетұлы Жәмеңке Нарынқол-Шарын бөлімшесінің бастығы А.А.Подварковқа бұл өңірдің халқы патша жарлығын орындамайтынын мәлімдеді. 22-ші шілдеде көмекке келген әскери күшке сүйенген, А.А. Подварковтың сөзіне сенген көтеріліс басшылары қамауға алынып, патша жарлығын сөзсіз орындау шарты қойылды. Бірақ көтеріліс басшылары бұл шартты орындаудан үзілді кесілді бас тартты. Тамыздың 7-де Жәмеңке Мәмбетұлын жендеттер у беріп өлтірді. Камерада қамауда отырған көтеріліс мүшелері Өмеке Ыстыбайұлы, Біләл Разақұлы, Құрман Әділбекұлы, Қағазбек Тоқтамысұлы, Жанпейіс Отыншыұлы, Құдайыrbек Шотаманұлы, Кәрібоз Қаңтарұлы тағы басқаларды төрт солдат түрме терезесінен айуандықпен атып өлтірілді. Қазыбек Шорманұлы, Бекайдар Сқлтанқұлұлы , Жаңабай Құдайбергенұлы, Сыбанқұл Арғынұлы т.б. жүзден астам тұтқын сыртқы алаңға бұзып шыққанмен, патша жендеттері құрып қойған пулеметпен оқ жаударып, қырып тастады . 8-ші тамызда Ұзақбайұлы Монай мен Ұзақбайұлы Мұқан бастаған қарулы жасақ патша үкіметінің Нарынқолдағы қолшоқпары казачествоның тас-талқанын шығарды. Азаттық үшін кескілескен аяқтаста жүзбасы Дәлденбайұлы Іргебай, Текебайұлы Айдарлы, онбасылар: Қозыұлы Байбосын, Ембайұлы Шағалак, Қозыбекұлы Оразымбет ерлік көрсетті. 11-ші тамызда көтерілісшілер Жалаңаш станциясын басып алып, қоныс аударушылар басқармасының шенеуніктері, Кеген Қарқара өңірінде патша үкіметінің отарлау саясатын белсенді жүзеге асырушылар болған Докгушинды, Адековты және солардың қолшоқпарлары қызметін атқарған болыс әкімдерін өлтірді /10/.

Ұзақпай Монай басқарған көтерілісшілер 12-ші тамызда Қарқара жәрмеңкесін басып алды. Олар біртіндеп Қырғызсайды, Сүмбені, Қалжатты босатып, 15-ші қыркүйекте Нарынқол-Шарын аймағы тұтасымен көтерілісшілер қолына өтті. 6-шы қазанда әскери губернатор Фольбаум ротмистр Кравченко басқарған ірі әскери бөлімді Қарқараға жіберілді. Монай жасағы мен Кравченко әскерлерінің арасында Сарыжазда, Үлкен Қақпақта, Үкіршіде, Бойынқолда, Сарықапталда, Ноғай-Толағайда т.б. жерлерде қанды шайқастар болды. Бірақ қазанның аяғымен қарашаның басында әскери қарулы күштің ара салмағының тек болмауынан Қарқара көтерілісі жеңілді. Көтерілісшілердің көбі Батыс Қытайға өтіп кетуге мәжбүр болды. Сол тұста христиан қоныстарын қаруландыру үшін «орыс қоныстарын қаруландыру»- деп аталатын іс-қағаздар сақталған. Жетісудегі көтерілісті басуға 14 батальон 35 рота 33 жүздік , 42 зеңбірек, 97 пулемет қолданылды. Осындай сұрапыл күш Жетісу халқының қанын судай шашып, ауылдарын таптап, мал мүлкін тонап, халықты туған жерінен қуып, зар жылатты.

Сотсыз, тергеусіз атылғандарды есептемегенде Куропаткин бекіткен сот үкімдері бойынша 1917 жылғы 1 ақпанға дейін 347 адам өлім жазасына , 168 адам каторгалық жұмысқа , 129 адам түрмеге қамалды /11/.

Қазақстанда 2011 жылдың 25 мамырында дүниежүзілі қазақтарының басын қосқан IV-қазақ құрылтайы өткізілді. Оның негізгі мақсаты әлемде тарыдай шашылып кеткен қазақ халқының Отанға оралу мәселесі.

1916 ж. Қазақстанда жазалау шаралары күшейтіліп халық саны күрт азайд. Бір ғана Жетісу облысы бойынша Жаркент уезінде көтеріліске дейін 16096 үй болса, 1916 жылдың қаңтарына қарай 2415 үй қалды /12/. Лепсі уезінде 7071 үйден 3629 үй қалды, Верный уезінде 4347 отбасынан 2415 үй қалды /12/.

Патшалық сот, әскери жазалау күшейген кезеңде көтеріліске қатысқан қазақ ауылдарының біразы Қытайға қашты. Олар Қашғар жеріне жеткенше күн суып қар түсті Олардың мал мүлкі Қытай шекарасын асқанда тоналып, айдап әкеткен қалған малы қырылды. Дайындалған шөп, тебіндейтін жер жоқ, бүкіл мал қырылды. Аштан өлмеу үшін барған қазақтар қытайлықтарға қолда барын судай арзанға сатып, ең қиын жұмыстарға жалданды. Бұл азапқа шыдамай кері қайтқандары жол бойы аштан өлгендердің мәйітінен аяқ алып жүргісіз болды. Тірі қалған босқындар қайта оралғанмен табан тіреп тұрақтай алмай тағы қырылды. Қазақ тарихында дәл осы отаршылдықпен, жазалаудың салдарынан болған қазақ халқының қырылуы әліде терең зерттеулерді күтіп жатқан мәселе Дәл емес мәліметтерге қарағанда Жетісудегі 300 мыңнан астам қазақтар Қытайға өтіп кеткен, 37355 қазақ отбасы құнарсыз таулы аймаққа немесе Балқаш маңындағы шөл далаға қуылды /13/.

1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында көтерілістің жалпы жұрт таныған басшылары Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев, О.Шолақов, А.Жүнісов, Қ.Көкембаев, И.Құрманов, Т.Орысов, Ж.Құдайбергенов, С.Қанаев, М.Ұзақпаев, А.Сұлтанбеков және басқалар, көтерілісшілердің саяси көсемдері Т.Бокин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев, Ә.Жангельдин, Б.Алманов және басқалар кезінде Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары және Наурызбай Қасымовтар, Б.Мәмбетов және басқалар жүргізген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты көтерді. Кенесары Қасымов басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916ж. көтеріліс бірінші рет кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын әр түрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипат алды. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда XVI ғасырдың аяғынан 1916 жылға дейін Қазақстанда 300-ге жуық ұлт-азаттық көтерілістері толқулар, қозғалыстар болған /14/. Ал кеңестік кезеңдегі ақпан қазан төңкерістері, азамат соғысы, күшпен ұжымдастыру кезінде 370-тен астам шаруалар қозғалысы, қарсылық болды /15/.

Кеңестік империя тұсында азаттық пен егемендікті мұрат тұтқандарды атып, асу, түрме, жер аудару т.б. жазалау шаралары жүргізілді. Саяси көзқарас үшін қудалау басында «халық жауы ұлтшыл», 60-70 жылдары мұның орнына «өзгеше ойлайтындар» айыбы тағылды. Осындай психологиялық ауруханалар арқылы жазаланған сау адамдар «өзгеше ойлайтындар» саны Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша 90 мыңнан асқан. Азаттық пен егемендік, тәуелсіздік жолындағы ата-бабамыздың ғасырлар бойындағы мақсаты 1986 ж. қазақ жастары көзсіз ерікпен іске асыруға ұмтылыс жасады. 1991 жылғы Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың ғасырлар бойындағы күресінің жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Виноградов В.В. , Уморов О.Қ. Вместе к великой цели. Грозный.1983.10-б.. 2.Галиев В. Национально-освободительное движение казахского народа. 1993. С.79.
- 3.Дергулян Г.Н., Была ли Россия колониальной. //Международная жизнь. 1999.
4. Жюль Верн.З. Курьер царя .1992.
5. Қазақ тарихы. Алматы,2002.
6. Бекмаханов. Е .Казахстан в 20-40 годы XIX в А. 1992. 182-с.
7. Жюль Верн. Курьер царя .

8. Егемен Қазақстан 1992, 3-қазан.
9. Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. Алматы 27-б.
- б.
10. Ақиқат, 1996 ж. №4 25-26 б.
11. Нұрпейісов К. Қарқара айбаты .1991
12. Қазақстан тарихы 3 том, 469-б.
13. Восстание киргизов и казахов в 1916 г.34 б.
14. Қазақстан тарихы. 165-б.
15. Егемен Қазақ 1992 ж.
16. Қозыбаев К. Көрсетілген шығарма. 276-б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада патша үкіметінің отаршылдығына қарсы Қазақстанда болған ұлт-азаттық күресіне шолу жасалған

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается история борьбы за независимость Казахстана.

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАЙ-КҮЙІ (1940-1991 жж)

Мешел Н.-магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың « Ой бөлістім халқыммен» атты ой-пікірлер жинағындағы «Қандастарымды қаратып айтар жайдың тағы бірі – тарихи Отанына оралған ағайын, ең алдымен, «Қазақстаным маған не береді?» деп емес, «Мен Қазақстаныма не беремін?» деп ойлағаны да дұрыс болар еді деген тұжырымдамасы кез келген тәуелсіз еліне оралған қандастарды ойландырары сөзсіз/1/.

Қазақ халқының құрамдас бөлшегі, бүгінде Моңғолияда өмір сүріп жатқан қазақ қауымының 1940 жылғы жеке ұлттық Баян-Өлгий қазақ аймағы болып құрылғаннан бастап 1991 жылы тарихи Отаны Қазақстанға қоныс аудара бастаған жылдарға дейінгі кездегі экономикалық және әлеуметтік жай-күйіне тоқталуды жөн санадық.

Моңғолиядағы қазақтар экономикасының негізі мал шаруашылығы болып саналады. Малы түгелдей жеке меншікте болды. Оның өнімдері ет, сүт, жүн, түбіт, ішектері экспортқа шығарылды. Бұл туралы Еркетай Жидайұлы «Моңғолия мен Қазақстанның сауда- экономикалық қатынастарының дамуы және оларды жаңарту жолдары» атты еңбегінде сонымен қатар А.Сарай,Мініс.С.З. Қинаятұлы, И.Қабышұлы т.б ғалымдардың еңбектерінде жазылған/2/.

Аталған ғалымдардың жазғанына сүйенсек күні бүгінге дейін Моңғолиядағы қазақтардың экономикасының қайнар көзі ежелгі мал шаруашылығы екендігі айқын жазылған.

Тарихшы – ғалым З.Қинаятұлы 1860 жылдары қазақтың азғантай ауылы алғаш мұнда 30 мыңнан аса қой, 10 мыңнан аса жылқы, 6 мыңнан аса сиыр, 2 мың түйемен, келсе, 1989 жылдың мәліметімен жалпы Баян-Өлгий аймағы 1284,0 мың бас мал санатқан. Оның 0,8 пайызы түйе, 6,5 пайызы жылқы, 8,7 пайызы сиыр, 60,0 пайызы қой, 24,0 пайызы ешкі түлігі түгелімен байырғы қазақ қойының тұқымы – деп көрсеткен/3/.

1940 жылы Моңғолияда мекендеген қазақтар өз алдына жеке шаңырақ көтеріп, әкімшілік- территориялық Баян-Өлгий аймағының орнауы бұл өңірдегі қазақтардың қоғамдық-экономикалық өміріне үлкен өзгерістер әкелді.. 1941 жылдан бастап мал

шаруашылығы мен өндіріс өнімдерін арттыру жолға қойылды. Осы кезеңде 1939-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғыстың зардаптарын Баян-Өлгий қазақтары да көрді. Соғыс жылдары экономикалық қиындықтар туындап, мал саны азайып халық қатты қиналып кетті.

Моңғолияда 1941-1947 жылдары мемлекет, халық шаруашылығын жылдық жоспар негізінде жүргізіп келді. Ал, 1947 жылдан бастап мемлекет халық шаруашылығымен мәдениетін дамытудың бес жылдық жоспарына көшті. Сөйтіп, 1941 жылдан бастап Баян-Өлгий аймағы қазақтарының экономикалық өмірі мемлекеттің біріккен экономикалық саясат, жоспар аумағында өрбіді. 1947-1952 жылдар аралығында халық шаруашылығы мен мәдениетін дамытудың алғашқы бес жылдық жоспарларында Баян-Өлгий аймағы қазақтарының экономикасына байланысты кейбір мақсаттар белгіленіп, іске асырылып келді. Қазақтар дәстүрлі мал шаруашылығымен айналасуымен қатар өндіріс, байланыс, көлік, даяшылықта жұмыстайтын болды. 1952 жылы Баян-Өлгийде кішкентай электр станциясы жұмыс істей бастады. 1959 жылдан бірлестіктендіру саясаты іске асырылып, малшы қазақтардың малын алып 75 бас мал ұстауға құқық берілді /4/. Бұл туралы З.Қинаятұлы былай дейді: - Халықтың ахуал тіршілігіндегі ірі өзгерістердің бірі - отырықшылыққа айналдыру болды. 1959 жылы халық шаруашылығы жаппай бірлестікке қамтылғаннан кейінгі жылдарда шағын болса да бірлестік-сұмын, бөлімше орталықтары құрылып, өзіндік ұсақ инфрақұрылымдар пайда болды. Әрине, бұл жай халықты топтастырып, үлкенді-кішілі елді мекендерді пайда болдырды. Бұрын аттың жалында, түйенің қомында жылдың төрт мезгілі бойында тау-тасты кезіп, отын сулы мекенді сағалап өмір сүріп келген көшпенді қазақ енді сұмын, бөлімше орталығын төңіректен отыратын болды /3,73/.

Сөйтіп, малшылар бірлестікке кіріп, мал шаруашылық бірлестігінің саны 20 ға жетті. Машиналы мал шаруашылығының екі станциясы орнады. Баян-Өлгий аймағы қазақтары I-VII бес жылдық, үш жылдық жоспарды іске асыру үшін 45 жылға жуық тер төкті.

Баян-Өлгий аймағының мал шаруашылығы, өндіріс өнімдерінің жалпы мөлшерінің 1940-1990 жылдар аралығындағы көрсеткіші

Шар-қ	өлшемі	1940	1965	1970	1975	1980	1985	1990
Мал саны	Жалпы саны	849,9	1167	1038	1042	1079	1199	1284
Егіс алаңы	га	---	2501	1923	2362	2417	4,900	5400
Өндіріс жалпы өнімі	Млн сом	0,2	9,4	24,9	36,4	43,8	64,6	95,4
Құрылыс монтаж	-----	---	6,2	7,1	14,2	23,6	42,0	71,0
Жүк айналымы	т\км	---	4,9	12,8	14,2	18,0	140,0	213
Бөлшек сауда	Млн сом	---	39,0	47,7	57,1	72,7	106,0	110,0

Баян-Өлгий аймағының мал шаруашылығы мен өндіріс өнімдері, егіс алаңы, жүк айналымы, бөлшек сауда, мал саны 1940 жылмен салыстырғанда 1990 жылы ерекше қарқынмен өскендігі байқалады /4,117/.

Батыс Моңғолия аймақтарынан дайындалып экспортқа шығарылған малдың 41,2-48,3 пайызы Баян-Өлгий аймағының үлесіне тиесілі болған. Экспорттық мал базалары арқылы сыртқа шығарылған малдың 93-97 % ұсақ мал болған. Көк-Эрег мал базасы арқылы түгелдей дерлік ұсақ мал Қазақстанға жіберілетін. Сондықтан

«Моңғолиядан импортпен алынған ұсақ малдың 1 /4 Қазақстанға жіберіліп тұрған деген зерттеушілердің пікірлерінің шындыққа жақын екендігін Еркетай Жидайұлы еңбегінде көрсеткен /5/.

Баян-Өлгий аймағынан РСФСР мен Қазақстанға тірідей өткізген мал түліктері /тоннамен/

Малдың түрі	Жылдар				
	1970	1975	1980	1985	1990
Сиыр	45.2	60.4	66.2	99.5	136.1
Қой	1289.0	1467.1	1700.2	1800.7	1930.1
Ешкі	918.4	1219.6	1348.2	1558.2	1791.0

Моңғолияның Батыс өлкесінен РСФСР мен Қазақстанға тек мал өткізіп ғана қоймай, ауыл шаруашылық өнімдерін де экспортқа шығарған.

Сол жылдары Цагааннуур базасы арқылы КСРО-ға экспортқа шығарған мал өнімдері мен шикізаттар мынадай болған көрінеді /5,92/.

Цагааннуур базасы арқылы Баян-Өлгий аймағынан КСРО –ға

Мал өнімі	Жылдар				
	1970	1975	1980	1985	1990
жүн	950	970	1100	1131	1110
түбіт	82	90	95	90	92
қылшық	45	46	60	63	64
сүйек	500	510	515	540	530
темір	360	355	300	330	375

1991 жылдан Баян-Өлгий аймағы қазақтарының экономикалық өмірі нарықтық қатынастар аумағында ілгерледі. Баян-Өлгий аймағында мал шаруашылығы, өндіріс, даяшылық т.б жекешелендіріліп, экономикалық құрылымда айтарлықтай өзгерістер жасалынды. 1991 жылдан Моңғолиядағы қазақтардың Қазақстанға қоныс аударуы Баян-Өлгий аймағы экономикалық өмірінде өзіндік ықпал ізін қалдырды.

Жекешелендіру жүрілгеннен кейін 1993 жылы шілденің біріндегі мәлімет бойынша Баян-Өлгий аймағында мал шаруашылығының 90% жекешелендіріліп, шаруашылық мекеменің 402 жұмыс істеп, оның 12 –сі мемлекет меншігінде, 364 жеке меншікте болды /4,118/.

Қорыта айтқанда, Моңғолиядағы қазақтардың экономикалық- әлеуметтік жай-күйінде 1940-1991 жылдар аралығында айтарлықтай өзгерістер болды. Сондай-ақ бүгінгі таңда Баян-Өлгийде жүн жуатын фабрика, кірпіш, бетон заводы, энергетика, тері, тоқыма, ағаш, бояу, ет дайындайтын, тас көмірдің шағын өндірістері мен күміс, вольфрамның кеніштері жұмыс істейді. Баян-Өлгий қазақтары жазда киіз үйде, қыста ағаш, кірпіш үйде өмір сүреді. Моңғолиядағы қазақтар өзге елде өмір сүріп жатқанына қарамастан салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін таза қалпында сақтаған. Сондықтан Моңғолиядағы қазақтар тарихы әлі де ғылыми тұрғыдан көбірек зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1..Ә.Назарбаев. Ой бөлістім халқыммен. -Алматы: Мектеп., 2006.
- 2.Е.Жидайұлы. Баян-Өлгий аймағын еркін зона болдыру жолдары. -Өлгий.-1993, А.Сарай. Революциядан бұрынғы қазақ халқы. -Өлгий, 1979. Мініс С., Сарай А. МХР

Баян-Өлгий аймағы қазақ халқының тарихынан.-Өлгий,1960. Ислам Х. Монғолия қазақтарының тарихы,Өлгий,1980. Зардыхан Қинаятұлы. Жылаған жылдар шежіресі.- Алматы,1995. Зардыхан Қинаятұлы.Монғолиядағы қазақтар,Алматы,-2001.

3. Еуразиялық интеграция және қазақ диаспорасы.Алматы, Жеті жарғы.,2007.

4. Хурметхан Мухамадиұлы. Монғолиядағы қазақ субэтносның қалыптасуы мен дамуы. Алматы-Улаанбаатар-1997.

5.Еркетай Жидайұлы. Алтай өңіріндегі халықтардың өзара шекаралық сауда, жәрмеңкелерге қатысатын ежелгі дәстүрлерін қайта қалыптастыру.-Өлгий.-1998.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Монғолиядағы қазақтардың 1940-1991 жылдардағы экономикалық-әлеуметтік жағдайы баяндалады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается экономическое и социальное положение монгольских казахов(1940-1991гг).

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕҚЫҰ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Нұрмағамбетова А.М.-магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының әлемдік жүйеде алатын орны ерекше, өйткені оның жан-жақты қызметі, өзекті проблемаларды шешуге, ашық үнқату дәстүрі мен консенсусты қалыптастыруға кешенді көзқарасы, ұйымының еуроатлантикалық және еуроазиялық кеңістікте көпжақты өзара ықпалдасудың басты элементтерінің бірі ретінде анықтайды. 1992 жылы 30 желтоқсанда Қазақстанның осы беделді құрылымға мүшелігі туралы шешім қабылданды. Содан бергі жылдарда Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті және елдің беделді бейнесін нығайту ісіндегі көптеген бастамалары ЕҚЫҰ шеңберінде жүзеге асты десек қателеспеген болар едік.

Соңғы бірнеше жыл бойында Қазақстан ЕҚЫҰ-ның бірқатар ірі шараларын өткізді, олардың арасында:

«Адам саудасына қарсы күрес – өңірлік жауап» атты өңірлік Орта Азиялық конференция (Астана, 2006 ж. 18-19 мамыр); Еуропадағы әдеттегі қарулы күштер туралы шарт бойынша III шолу конференциясында Қазақстанның төрағалық етуі (Вена, 2006 ж. 29 мамыр – 2 маусым); ЕҚЫҰ-ның жоғары деңгейдегі «Мәдениетаралық, дінаралық және этникааралық түсінік» атты Кеңесі – толеранттық жөніндегі кеңес (Алматы, 2006ж. 12-13 маусым); «Минасыздандырусаласындағы сенім шаралары мен өңірлік ынтымақтастық»аттыөңірлік семинар (Алматы, 2007ж.26-27 наурыз); ЕҚЫҰ-ның Парламенттік ассамблеясының 17-ші жылсайынғы сессиясы (Астана, 2008 ж. 29 маусым – 3 шілде) /1, 67-70 бб./.

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ мүше ретінде өткізген бұл бастамалары, Қазақстанның 1975 жылғы Хельсинк қорытынды актісіне негізделген жалпы еуропалық үдерістерге еркін қатысуға, тәжірбие алмасуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Қазақстан ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық барысында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, ЕҚЫҰ Орталық Азиядағы экономикалық жағдайға қатысты, аймақтақтың нарықтық экономикаға өтуіне қатысты, экономикалық реформалар

жүргізу, адам құқықтарын қорғау, аймақтық қауіпсіздік салаларында бірқатар семинарлар өткізді.

Қазақстан өз тарапынан ЕҚЫҰ шеңберінде өтетін кез-келген іс-шаралар мен бастамалардың назарынан тыс қалмай өзінің уәкілдерін жіберу арқылы қызығушылық танытып, әлемдік деңгейдегі мәселелерге немқұрайлы қарамайтындығына тоқталсақ, төрағалық етудің алдындағы үш жылда өткізген кездесулері мен бастамалары айрықша екендігін айтуға болады. Соларға нақтырақ тоқталып өтсек. Мәселен, 2007 жылы бірқатар бастамалар жасалып, жоғары деңгейдегі бас қосулар өткізілді. Солардың қатарында қаңтар айында - Қазақ делегациясы құрамындағы ЕҚЫҰ жанындағы ҚР тұрақты өкілдігі, ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігі және қазақстандық экологиялық үкіметтік емес ұйымның өкілдері Венадағы ЕҚЫҰ-ның «ЕҚЫҰ аймақтарындағы қоршаған ортаның қауіпсіздігін және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің бас мәселелер: жер тозуы, топырақ ластануы және су ресурстарын басқару» Экономикалық және экологиялық форумына қатысты. Ал келесі, яғни ақпанда қазақстандық парламенттік делегация Сенаттың Төрағасы Қ.Тоқаевтің басшылығымен Венадағы ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының мәжілісіне қатысты /2/.

ЕҚЫҰ ПА Тұрақты комитетінің мәжілісінде Қ.Тоқаев сөз алып, ЕҚЫҰ-ның қызмет атқаратынындағы үдеріске ҚР-дың өз үлесін қосуға әзірлігін білдірді. ПА және ұлттық парламенттік делегациялардың басшылары кезекті ЕҚЫҰ ПА 17-ші мәжілісін 2008 жылы Қазақстанда өткізу жөніндегі Қазақстанның ұсынысын бір дауысымен қолдап, сондай-ақ бұл шешім парламентаралық сұхбатты мен ынтымақтастықты дамытуға және ЕҚЫҰ-ның бас мақсаттарын жетіп жатқанға Орта Азияны жан-жақты қатыстыруға қол береді деп ерекше атап өтті. Аталған жылдың сәуір-мамыр айларында да тарихымыздың парактары ерекше даталы оқиғаларға толы болды. Мәселен, ЕҚЫҰ-ның сол кездегі төрағасы Испания Корольдігінің сыртқы істер және ынтымақтастық министрі Мигель Анхель Моратинос Қазақстанға сапар жасады. Сапар аясында ол ҚР Президенті Н. Назарбаевпен, ҚР сенаты мен Мәжілісі төрағалары Қ. Тоқаев және У.Ахмеджановпен, Премьер-министрі К. Мәсимовпен, Сыртқы істер министрі М. Тәжинмен және Қорғаныс министрі Д. Ахметовпен кездесті. Келіссөздер барысында ҚР және ЕҚЫҰ мен Испания арасындағы ынтымақтастық, ҚР-дың ЕҚЫҰ төрағалығына өтінімі және мемлекеттегі және жалпы Орта Азиядағы қоғамдық пен саяси ахуал жөніндегі мәселелер талқыланды. Ал, Қазақстан делегациясы құрамындағы Орталық сайлау комиссиясы, Мәдениет және ақпарат министрлігі, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығы, Әділет министрлігі, СІМ және Польшадағы ҚР елшілігінің өкілдері Варшавада жыл сайын өтетін ЕҚЫҰ-ның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі Кеңесінің (ДИАКК/ЕҚЫҰ) кезекті «Демократиялық қоғамдастықтағы тиімді қатысу және өкілдік» атты семинарына қатысты. Қазақ делегациясының ресми өкілдері үш жұмыс мәжілісі аясында азамат қоғамын және демократиялық институттарды дамыту, заң үстемдігін, сөз және БАҚ еркіндігін, ұлттық азшылықтардың құқықтарын және әйелдер үшін тендікті қамтамасыз ету мәселелеріне сөз аударды. Атап айтқанда, бірінші мәжіліс барысында Қазақ делегациясының басшысы – ҚР ОСК мүшесі – форумның қатысушыларын ҚР Президенті Н. Назарбаев ҚР Парламенті Палаталарының бірлескен мәжілісінде дыбыстарған ҚР Ата Заңына енгізілетін өзгерістермен таныстырды /3/.

Бұдан бөлек осы уақытта Қазақ делегациясы құрамындағы Қоршаған ортаны қорғау министрінің орынбасары, Жер ресурстарын басқару агенттігінің төрағасы Б. Оспанов, сондай-ақ Чех Республикасындағы ҚР елшілігінің дипломаттары Прагадағы «ЕҚЫҰ аймақтарындағы қоршаған ортаның қауіпсіздігін және тұрақты дамуды қамтамасыз етудің бас мәселелер: жер тозуы, топырақ ластануы және су ресурстарын басқару» атты ЕҚЫҰ-ның XV Экономикалық және экологиялық форумына қатысты.

Форум жұмысы барысында Қазақ делегациясы Еуропалық және Азиялық тұрақты даму үрдістерін бірыңғай Еуразиялық үрдіске қосу жөніндегі бастаманы, сондай-ақ 2012 жылғы Үшінші Әлемдік тұрақты даму басқосуды Қазақстанда өткізуді ұсынды /4/.

Осы жылдың маусым айында ЕҚЫҰ Тұрақты Кеңесінің отырысында сол кезеңдегі Мәдениет және ақпарат министрі Е.Ертісбаев сөз сөйлеп, БАҚ бойынша заңнаманы жетілдіру мен ақпараттық қамсыздандыру саласындағы жаңартулар жөнінде баяндады. Сонымен қатар Е.Ертісбаев ЕҚЫҰ Бас хатшысы М.П. де Бришанбомен, БАҚ еркіндігі жөніндегі ЕҚЫҰ өкілі М.Хараштимен және ЕҚЫҰ жанындағы делегация басшыларымен кездесті.

Ал аталған жылдың басты оқиғасына қараша айында ҚР Сыртқы істер министрі М.Тәжиннің басшылығымен қазақстандық делегацияның Мадрид қаласында өткен ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 15-ші мәжілісінің жұмысына қатысуын жатқызуға болады. Күн тәртібінің басты мәселелерінің бірі Ұйымға төрағалық ету туралы Қазақстанның өтінімі жөнінде ортақ келісімге келу болды.

Келіссөздер нәтижесінде 2010 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-да төрағалық етуі туралы келісімге қол жеткізілді. СІМК тиісті шешімі мәтінінен оны орындауды кейінге қалдырудың айқын немесе жасырын механизмдері, қандайда бір талаптар алынып тасталды.

Бірнеше себептерге байланысты бұл тарихи және теңдессіз шешім. Осылайша, ЕҚЫҰ-ның тарихында бұл ұйымға мұсылман халқы басым түркі азиялық ел басшылық жасайды. Әдетте ЕҚЫҰ төрағалары қатарында Еуроодаққа мүше не үміткер атанған Батыс Еуропа мемлекеттері басым болған. Мұндай жоғарғы дәрежелі орынға бұрын ТМД елдерінің ешқайсысы үмікер де бола алмады /5, 99-100 бб./.

Қазақстанның төрағалығы туралы шешім Ұйымға қатысушы барлық елдің шынайы тең құқылы екенін дәлелдеді.

Осыған байланысты Қазақстан өзінің ұйымды басқаруға қабілетті екендігін дәлелдейтін бастамалар мен іс-шаралардың бастамасы 2008 жылы сәуір айында Астана қаласында ЕҚЫҰ тақырыбы бойынша дөңгелек үстелмен бастады. Дөңгелек үстел нәтижелері бойынша нақты ұсыныстар тұжырымдалынды. Маусым айында – Хельсинки қаласында (Финляндия Республикасы) ЕҚЫҰ-ға төраға елдер «Квнтетінің» (Испания, Финляндия, Грекия, Қазақстан және Литва) Сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті. Кезекті ұйым шеңберіндегі ірі оқиғалардың қатарына көрсетілген жылдың 29 маусым – 3 шілде күндерінде Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ-ның 17-ші жыл сайынғы Парламенттік ассамблеясының сессиясын жатқызамыз /6, 12-14 бб./.

Қазақстан ЕҚЫҰ-да 2010 жылы Төрағалық етуі шеңберінің қарсаңында осындай көрнекті жиналыстың Астана ұйымдастырылуы, парламентаралық байланыстардың тереңдетілуіне және еліміздің аймақтық және ғаламдық ауқымда беделінің өсуіне зор үлесін қосты. Бұл шара ЕҚЫҰ Парламенттік Ассамблеясының мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырылуына және ЕҚЫҰ-ның халықаралық алаңында көшбасшылық рөлін арттыруына ықпал етті. Сессияның салтанатты ашылуында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев, ҚР Парламент Сенатының Төрағасы Қ. Тоқаев, Мәжіліс Төрағасы А. Мусин және ЕҚЫҰ ПА Президенті Г. Леннмаркер сөз сөйледі. Ассамблеяның соңғы жұмыс күнінде Португалияның өкілі Ж.Соареш ЕҚЫҰ ПА Төрағасы болып, ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Қ.Тоқаев Төраға орынбасары жоғарғы лауазымдарына сайланды. Сессия жұмысында Еуропаның, Азияның, Американың 50-ден астам елдерінен 500-ден астам делегаттары және халықаралық, парламенттік ұйымдардың өкілдері қатысты /7/.

Ал 2009 жылғы тарихи оқиғалар ақпанда Қазақстан делегациясы жыл сайынғы ЕҚЫҰ-ның Парламенттік Ассамблеясының Венадағы қысқы сессиясына қатысудан басталды. Сессия барысында «Еуропаға жол» атты мемлекеттік бағдарлама таныстырылды. Наурызда Брюссель қаласында ірі еуропалық құрылымдар – ЕҚЫҰ

мен ЕО «үштігінің» басшы органдарының бірлескен мәжілісі өтті. Оған со кездегі Сыртқы істер министрі М. Тәжин бастаған қазақстан делегациясы қатысты. Күн тәртібіне сәйкес, Грузияда, Батыс Балқан, еуропалық қауіпсіздіктің болашағы жөніндегі бастамалар секілді мәселелер бойынша пікір алмасулар өткізілді. Пікірсайыстар тараптардың қазіргі уақыттың саяси және қаржылық негіздері табанды түрде талап етіп отырған аса өзекті өңірлік проблемалар жөніндегі сындарлы диалогты ілгерілетуге әзір екендіктерін көрсетті /8, 5-7 бб./.

Осымен қатар аталған айдың соңында ҚР Сыртқы істер министрінің орынбасары К. Жигалов ҚР мен Ұлыбританияның сыртқы саясат ведомстволары арасындағы ЕҚЫҰ мәселелері жөніндегі консультациялар шеңберінде Ұлыбританияның Сыртқы істер министрінің Еуропа істері жөніндегі орынбасары К.Флинтпен, Ұлыбританияның Сыртқы істер министрінің Тұрақты орынбасары Сэр П.Риккетспен, ЕҚЫҰ-ның Парламенттік Ассамблеясындағы британ делегациясының лидері Т.Ллойдпен және Форин Офисі түрлі департаменттерінің директорларымен бірқатар келіссөздер жүргізді. Соның ішінде Молдавиядағы ахуалды және энергетикалық қауіпсіздікті қоса алғанда, кең ауқымды мәселелер бойынша әртүрлі пікір алмасулар болып өтті. Британ тарапы адам құқықтарын ілгерлету және демократияландыру ЕҚЫҰ жұмысының маңызды аспектілері болып табылатындығы жөнінде пікір айтты. К.Жигалов ЕҚЫҰ-ның бүкіл үш өлшемнің міндеттерін тиімді орындау жөніндегі Қазақстан ниетін растады. Жалпы алғанда, бірегей геосаяси маңыздылығын ескере отырып, британдық тарап Қазақстанның 2010 ж. ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуін қолдады және «Еуропаға жол» мемлекеттік бағдарламасын орындауға көмек беруге әзір екенін білдірді. Британ тарапы Қазақстанды нақтылы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында реалистік міндеттерді сәйкестендіруге шақырды /9, 29б/.

2009 ж. 27-28 маусым аралығында Грециядағы Корфу аралында ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесулері өтті. Кездесудің негізгі мақсаты еуропалық қауіпсіздігінің болашағы және оны нығайту жөніндегі соңғы бастамаларды талдау болды.

2009 жылдың шілде айында Астанада ЕҚЫҰ-ның Жерортатеңіздік серіктестермен ынтымақтастық тобына төрағалық ету шеңберінде ҚР Сыртқы істер министрлігі ұйымдастырған толеранттылық пен кемсітпеушілік жөніндегі семинар өтті. Семинар шеңберінде қатысушылар толеранттылық салсынадағы өздерін толғандыратын мәселелерді ашық талқылай алды, сондай-ақ өз елдерінің этникааралық және дінаралық диалогтарын және еңбек көшіп-қонушыларының құқықтарын қорғауды ілгерілету тәжірибелерімен бөлісе алды. Бұл ретте, Семинар Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі күн тәртібінің гуманитарлық құндылықтарын қалыптастыруға қомақты үлес қосты /10, 59 б./.

Міне осылардың бәрі біздің еліміздің ұйымға мүше болып кіргенінен бастап алдыға қойған шынайы мақсаттарының көрінісі деп ұғыну қажет. Яғни еліміз, ұйыммен байланысты тек құжат арқылы ғана емес іс-әрекеттер арқылы да дәлелдеуге барын салды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Утегенова А. ОБСЕ в начале XXI века: перспективы развития. – А., 2008.
2. <http://www.egemen.kz/22784.html>
3. <http://www.egemen.kz/22784.html>
4. Мусин А. ОБСЕ-с конкретными инициативами//Мирас. 2008. № 4.-с. 31-34
5. Хамзаева А. К вопросу о председательстве Казахстана в ОБСЕ в 2009 году//Казахстан в глобальных процессах. – 2007. - № 3. – с. 99-104
6. Сарсембаев, М. А. Приоритетные задачи председательства Казахстана в ОБСЕ//Казахстан-Спектр. – 2008. - № 4. – с. 5-14
7. Казахстан в ОБСЕ: сближая Запад и Восток//Каз. Правда. – 2010. – 9

сентябрь. – с. 3

8. Султанов Б. Актуальные вопросы председательства Казахстана в ОБСЕ// Analytic. Аналитическое обозрение. – 2009. - № 3. – с. 5-7

9. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ғы төрағалығының қорытындылары: ХКМ (А. 2010ж), Жауапты ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2011. – 152 б.

10. Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-ға төрағалығы және аймақтық қауіп-қатерлер: «Дөңгелек үстел» материалдарының жинағы (А., 14.07.2010 ж.) /Жауапты ред. Сұлтанов. А., ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, – 76 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы мен Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы арасындағы байланыстың негізгі бағыттары қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются основные вопросы сотрудничества между Казахстаном и ОБСЕ на современном этапе.

XX ҒАСЫР БАСЫНДА ОМБЫДА ҚҰРЫЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ ҰЙЫМЫ

Срапулова А. – магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялы қауымының қалыптасуында Омбы қаласының ролі ерекше болған. Бұл кезде Омбы - бүкіл батыс Сібірдің кіндігі, Дала генерал губернаторлығының астанасы және тоғыз жолдың торабы болғандықтан, қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-рухани шаралардың орталығына айналған еді. Қазақтың біртуар ұлдары - Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Р.Мәрсеков, А.Тұрлыбаевтардың ағартушылық қызметтері осы қалада басталған. Омбы оқу орындарында С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Мұсылманбек және Асылбек Сейітовтер, М.Саматов, Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов сынды қазақ жастары білім алған /1, 49 б/.

Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастары 1914-жылдың басында жасырынып жүріп, “Бірлік” деп аталатын ең алғашқы жастардың ұйымын ашты. Патша үкіметінің өктемдік саясаты жүріп тұрған тұста қазақ жастары кітап бастырып, “Балапан” атты журнал шығарып, жастардың көзін ашып, көңілін ояту мақсатында ұлт қызметіне кірісті. Қазан төңкерісінен кейін жастар арқылы құрылған көп ұйымдардың ағасы осы “Бірлік” ұйымы болды. Оның ұйымдастырушылары мен мүшелері Бекмұхамед Серкебаев, Асқат Сайдалин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдрахман Байдалин, Мұратбек Сейітов, Жүніс Бабатаевтар болды. Патша үкіметі құлап, Қазан төңкерісі жеңіске жетіп Кеңес үкіметі үшін күрес басталған топалаң заманда “Бірлік” жастар ұйымы халықтың басын біріктіру мен Алаш қайраткерлерінің ұстанған идеясына халықты шақыру үшін де күрес жүргізді.

1917 жылы қазанның 1- 4 аралығында Омбыда “Бірлік” ұйымының жалпы жиналысы болып өтті. Осы жиналыс қаулысы 1918 жылы “Қазақ” газетіне басылды, ондағы материалдар олардың қызметі жайында баяндап мағлұмат берді. Бұл жиналыста “Бірлік” ұйымының үш жылдық есебі беріліп, қазақ жастар ұйымының атқарған қызметтері мен істері айтылды. “Бірлік” ұйымы қолайсыз күндерде туып, қара түндерде өмірін өткізсе де алдындағы әділдік адалдық, ұлтшылдық жолынан таймады, ізгі ниет,

қасиетті тілегінен қайтпады. Шамалары келгенше ұлтына қызмет етуге тырысты. “Бірлік” ұйымы қазақ әдебиеті мен баспасөзінің дамуына үлес қосу жолында ұлт әдебиетінің дәуірлеріне азда болса еңбек болсын деген мақсатпен “Өткен күндер” атты өлең кітабын бастырып таратты. Халықтың көзі ашылуына жәрдем болсын деп, шығып тұрған қазақша газеттерді һәм басқа басылған кітаптарды ел арасына кең таратуға ыждаһаттық танытты. Талапты жастардың оянуына һәм ұлт әдебиетінің ілгерілеуіне себеп болсын деп, 1916-жылдан бастап “Балапан” атты әдеби журнал бастырып тұрды /2/. “Балапан” журналын бастырып шығару үшін әріптер алдыруға “Бірлік” атынан халықтан жәрдем жинады. Бастапқыда әр саны 30 беттен 20 күнде бір рет шафирографта басылып шығып тұрды. Журнал басқармасына үш кісі сайланып, оларға тағы екі қолғабысшы берілді. Халыққа газет журнал һәм кітапшалар тарату үшін де аянбайтындықтарын, ол үшін қазақ басылымдарының кең таралуына қызмет ететіндіктерін жариялады.

Омбыдағы қазақ жастарының топтасуы уақыт талабы екендігін және олардың қандай қиын жағдайларда бас қосқандарын, алдарына қойған мақсат-мұраттарын мына деректен айқын көруімізге болады: «Алаштың саналы азаматтары қасіретте еді. Қарағым, қазағым оян деп қақсап, арыстаным алаш тұр деп зарлап, ұлтын оятуға кірісті. Жүрегі жаралы, көзі жасты еді. Алаш деп зарлаған сол азаматтардың бірі Омбы жастары болды. Қазақты қалың тұманнан құтқаратын өнер, білім деп ой келтіргендіктен, елге бұл өнер, білімді тарату үшін ұлт қамын ойлаған жас болып бірігу керек деп тапты. “Бірлік” жастар қауымы жастар арасындағы сауатсыздықты жою мақсатында мұғалімдер курсы жандандыру мен қазақ-орыс мектептерінің санын арттыру үшін де қызмет ете білген. Қазақ мұғалімдерінің өте кемдігі мен жетіспеушілігін һәм орысша мектептерге әзірленушілердің көп қиыншылық көретұғынын еске алып, жалпы жиылыс қысқа уақытта мұғалімдер курсы һәм орысша даярлаушы сыныптар ашуды өте қажет тапты. Ол курстарды қашан, қалай, һәм кімнің күшімен ашу, мәжіліс құрған комиссияға тапсырылған. Сонымен қатар бұл комиссияға бастауыш мектептерге бағдарлама жасау һәм оқу құралдарын шығару істері де жүктелген. Осы мақсаттарды жүзеге асыру барысында комиссияға басқа жерлердегі қазақ қауымдарымен хабарласып, істі қолға алу айтылған /3/.

Қауымның мақсаты кең еді, тілегі зор еді. Ұйқыда жатқан алашын оятпақ еді. Жұртты жегідей жеп бара жатқан алалықты тоқтату еді. Мал орнына сатылып бара жатқан апа, қарындастарымызды күндіктен құтқару еді. Алдағы күнде жарық шығар жұлдыздарымыз, кейінгі жастарды оқуға тарту еді. Әдебиетті өсіріп, кең асыл тілімізді көркейту еді. Бұл тілекті іске асыру үшін қазақ жастарының ойын, ұстаған жолын бір ізге салу. Әр жерде осындай жастар қауымдарын ашпақ еді. «Бірлік» қауымы жалпы Ресей үстінде қалың қара бұлттың тегіс қаптап, жауыздық нажағайы жарқылдап ойнап тұрған кезде туды. Кең құлаш салып, еркін демалу үшін ерік болмады. Екі кісі бас қосып кеңесуге шама жоқ еді. Зор қаладан жиналуға жер таппай, қырға, орманға кетуші едік. Сол қалың орманның ішінде жаңа сырымызды, мұңымызды, зарымызды сөйлесе алушы едік. Қолымызда пұл да жоқ еді. Оқуда жүрген өңшең шәкірт қалтамыздағы барымызды тиындап жиюшы едік. Бұл күйде жүргенде істің аса көркейіп кетпейтіні белгілі. Бірақ біздің ниет қарлығаштай болса да қазаққа қызмет ету еді». Міне, бұл құжат «Бірлік» ұйымының төңірегіне біріккен қазақ жастарының мақсаттары ұлт мүддесіне қызмет ету екендігін көрсетеді. Осыған сәйкес қазақ жастары өздерінің алдына қараңғылықтағы қазақ халқының рухани жағынан жетілуін, қазақ әйелдерінің теңдігін, ұлтының азаттығын ойлаған. Мұның өзі қазақ жастарының қоғамдық ой-санасының өскендігін, азаматтық ұстанымдарының қалыптаса бастағандығын білдіреді.

Бұл тұжырымдарымызды сол оқиғалардың куәгері Смағұл Сәдуақасовтың «Жастарға жаңа жол» атты еңбегінде: «Ең алғашқы жастар ұйымы Омбы қаласында 1914 жылы ашылды. Ол ұйымның аты «Бірлік» еді. «Бірліктің» мақсаты оның программасында /тұтынған жолында/ айтылған. Қазақ халқын мәдени һәм әдеби

жағынан ілгері қатардағы жұрттарға қосу, ұлтшылдық сезімін туғызу һәм ұлттықты сақтау» - делінген.

“Бірлік” ұйымының кіндік кеңесі мәжіліс шығарған шешімдерді жүзеге асыру үшін күресе білді. Патша үкіметінің құрсауында болып, мойнынын қамыт, арқадан қамшы арылмаған қазақ-қырғыз жастары жетім қалған жас қозыдай сандалуға айналды. Осындай қауып қатер күндер туғанда құр сөзбен ұлтшыл болмай іспен, қызметпен ұлтшыл болуды қазақ жастары көздеді. Жастардың басын біріктіруді һәм от ғұмыр, жас көңіл, ар-намысты, күш-жігерді ұлт жолына құрбан қылуды өте қажет деп санап, “Бірлік” ұйымының кіндік кеңесі 1918 жылы 20 сәуірде Омбыда барлық қазақ-қырғыз жастарының съезін өткізбекші болды /4/. Қазақ жастарының басқа аймақтарында құрылған ұйымдарына хаттар мен хабарландырулар жіберіліп, онда “20 сәуірден қалдырмай съезге бір өкіл жіберуіңізді “Бірлік” ұйымы атынан съезд шақырушы комиссия адамдары өтінеміз”, – делінді. Сонымен қатар бұл хатта съезде қаралатын мәселелер тізбегі рет-ретімен көрсетілді.

1. Саяси: а) үстіміздегі жағдай, ә) саяси бір ізге түсу.
2. Кооперация: а) пайдалы ұйымдар ашу, ә) ұйым курсы ашу.
3. Ұйымдастыру: а) қазақ жастарының жалпы кіндік кеңесі болу, ә) ел арасына ұйымдар ашу, б) кіндік кеңестің матбуғасы болу.
4. Жәрдем ұйымын ашу.
5. Өнер тарату: а) театр, ә) сурет өнері, б) өлең-ән, в) музей ашу.
6. Ауыл шаруасы: а) егін, мал түзеу.
7. Дәрігерлік: а) адам дәрігерлігі, ә) мал дәрігерлігі, б) жұқпалы аурулардың ел арасына таралуына қарсы шаралар іздеу.
8. Оқу, оқыту: а) мектеп ашу, ә) мұғалімдер курсы ашу, б) тіл.
9. Әйел мәселесі.
10. Жұмыскерлер туралы.

Осы мәселелердің барлығы қазақ ұлтының мүддесін көтеру үшін атқарылатын істер екенін олар сол кезде білді. “Бірлік” ұйымы кіндік кеңесінің шақырушы комиссия мүшелері Бекмұхамед Серкебаев, Асқат Сайдалин, Қошмұхамед Кемеңгеров, Смағұл Сәдуақасов, Ғабдрахман Байдалин, Мұратбек Сейітов, Жүніс Бабатаев есімдері көрсетілді /5, 38 б./.

1916-1917 оқу жылына келген шәкірттердің алдында «Бірліктің» жетекшісін сайлау мәселесі тұрған еді. Мұның себептерінің бірі ұйымның ішіндегі басшыларының арасындағы бұрыннан келе жатқан пікір таластары болса, екіншіден, Сәкен мен Шәймерденнің оқуларын тәмамдап, ұйым ісіне араласпаулары болды. Оның үстіне 25 маусым жарлығына байланысты қазақ қауымының ішіндегі жағдай шиеленісіп тұрғандықтан, шәкірттердің ұйымына белгілі міндет-парыз артатындай болып көрінгені тағы бар. Осындай жағдайда тездетіп жиналыс шақырып, төраға сайлап алу қажеттігі өзінен өзі туындады. Міне, осы тұста бұрынғы әңгіменің шет жағасын білетіндер «оңшылдар» мен «солшылдардың» екі орталығында бейтараптау жүрген Мұхтар Саматовты төрағалыққа сайлаған /6, 116 б./.

Сөйтіп, бұл деректер қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының басқару құрылымы бар нақты ұйым екендігін білдіреді. Е.Айбасовтың «Один из первых» атты еңбегіндегі келтірілген деректер бойынша «Бірлік» ұйымының бағдарламасында көрсетілген мәселелер біртіндеп нақты өмірде жүзеге аса бастаған. Осыған сәйкес ұйым мүшелері орыс географиялық қоғамының ұйымдастыруымен жасақталған экспедицияға жазылып, шәкірттер жазғы демалыс кезінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері мен тарихи жәдігерлерді жинастыруға қатысқан. Олар өздеріне ешбір ақы талап етпестен, қаржы-қаражаттың өздерінің ұйымдарының қорына түсуі үшін аянбай еңбектенуге даяр еді, - деп көрсеткен /7, 20 б./.

«Бірлік» ұйымының атқарған қызметі және ұстанған бағыт-бағдары жөнінде «Қазақ» газетінде көлемді мақала жарияланған. Бұл мақалада басқарма жігіттері «Бірлік қауымы қолайсыз күндерде туып, қара түндерде өмірін өткізсе де алдындағы адалдық,

әділдік, ұлтшылдық жолынан таймады. Ізгі ниет, қасиетті тілегінен қайтпады, шамасынша ұлтына қызмет ету жолында болды. Ұлт әдебиетінің дәуірлеріне азда болса еңбек болсын деп «Өткен күндер» атты өлең кітабын бастырып таратты», - деп баяндаған /8/. Сонымен, қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының құрылуы отарлық тәуелділікте болып келген қазақ халқының мәдени-ағартушылық, саяси-құқықтық еркіндіктерін түсіндіретін ұйымдарға деген қажеттілігін қанағаттандыру үшін жасалған ұмтылыс болды. Қазақ жастарының алғаш рет қоғамдық ұйымдарға топтасуы жастардың оқып білім алуының арқасында болды. Алаш қайраткерлерінің қазақ жастарының оқуына мүдделі болып, саяси-рухани жағынан тәрбиелеуі және олардың ықпалы жастар ұйымдарының жұмысын жандандыруға үлкен демеу болды. 1918 жылы 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында жалпы қазақ жастарының съезі өтіп, «Бірлік» ұйымы барлық қазақ жастарын біріктіру үшін құрылған «Жас азамат» ұйымының құрамына енді.

Қорыта айтқанда, Омбыдағы қазақ жастарының туған халқын мәдени-рухани жағынан жетілдіру мақсатында «Бірлік» ұйымына бірігуі қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының жандануына әсер етті. Бұл кезеңде ұлт мүддесі үшін күресер қазақ жастарының екінші буыны қалыптасып, олардың қоғамдық өмірде жаппай белсенділік танытуларына орай жастар қозғалысы жалпы ұлттық сипатқа ие бола бастады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Хайдаров Е.Т. XX ғасырдың басындағы қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысы:тарих және тағылым (1900-1920 жж.). канд. Диссерт. – Орал, 2008. – 137 б.
- 2.Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 288 б.
- 3.Сайлан Б.С. Қазақ жастарының тұңғыш ұйымдарының тарихы. «Қайнар» университетінің Хабаршысы. – 2008. № 2/ 2. 61 – 65 б.
- 4.Қазақ. – 1917. – № 244. – 5 қазан.
- 5.Сайлан Б.С. Кеңестік биліктегі Қазақстанның жастар саясаты: тарихы мен тағылымы (1917 – 1991 жж.). Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2011 ж. – 433 б.
- 6.Кәкішұлы Т. Мағжан және Сәкен. Ғылыми эссе. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 449 б.
- 7.Айбасов Е.Б. Один из первых. Документальная повесть. – Алматы: Арыс, 2005. – 96 б.
- 8.Қазақ. – 1918. – №259. – 12 қаңтар

ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақалада, XX ғасырдың басында Омбы қаласында оқып жүрген қазақ жастарының «Бірлік» ұйымын құрғандығы, осы ұйымның атқарған қызметі мен істерінің тарихилығы айқындалады.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается образование казахский молодежи организации «Бирлик» в городе Омск, а также говорится об общественно-политической и просветительской деятельности данной организации.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕКЕ САЛТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Рамазанов С. Ж.-магистрант (Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)

Қазақтың неке салтына байланысты әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің негізі ежелден қалыптасқан. Ерте замандағы қазақтың салт-дәстүрінің бәрі мағыналы түрде орындалған. Дүние жүзіндегі халықтардың қай-қайсысы сияқты қазақ халқының да неке құру салтына байланысты көптеген жора-жосыны бар. Қазақтың дәстүрлі үйленуге байланысты салт-санасы бойынша бір ру өз ішінен қыз алыспайды, тіпті алысқан күнде олардың аталары жеті атадан асуы тиіс және қоныстарының арасында жеті өзен болуы шарт.

Неке жайлы зерттеп жүрген ғалымдар қазақ халқы арасында өмір сүрген некенің негізгі формасы дара неке, яғни моногамия деп атайды. Біз зерттеп отырған қазақ фольклорында от басының тағдырына, жас буынның өсіп өнуіне, мұратқа жетуіне немесе солардың арман-қайғысына байланысты өлеңдер көптеп саналады. Қазақтың неке салты және оның халық өлеңдері тереңнен философиялық тәрбиемен байланысты. Қазақ фольклорындағы неке салтына байланысты халық өлеңдерін этнография тұрғысынан зерттеуіміз қажет, себебі, қазіргі қоғамдағы некені сақтау үшін жастардың ой санасындағы батыстық түсініктен арылтуға негіз қалауға тиіспіз.

Қазақтың неке салтына байланысты құдаласу дәстүрінде, құдалық арасында жігіт жақтан қыз айттыруға баратын адамды жаушы дейді. Жаушы жөн-жосықты білгіш, сөзге шешен адам болуы керек. Жаушының міндеті: қыз жақты көндіріп, құда түсу күнді белгілеп қайту болып табылады. Жаушы құда түсіп келгенін былай білдірген. «Сізде лашын бар, бізде сұңқар бар. Сол лашынды сұңқарыма ілдірейін» деп келдім деп төмендегідей жеткізген:

«Екі тектің баласын
Ептемекке келгенмін.
Елдестірмек елшіден,
Жауластырмақ жаушыдан,
Құсқа салған аңшымын.
Сізде қыз, бар бізде ұл,

Қызыңа келген жаушы мен» /1, 8 б/. Құдаға жаушы ұнаса мал сойып, шеге шапан аталатын жағалы шапан кигізген. «Құданды құдайындай күт» дей келе дәстүр бойынша, алдымен ақ жол тілеп, құдалық берік болу үшін бір мал шалынады. Оның бауыздау қанына қол батырып, бата бұзбауға серттеседі.

О баста бауыздау қаны құйылған бата аяққа екі жақтың сөзін сөйлейтін бас құдалар найзаларының ұштарын батырып, қаннан дәм тату арқылы жүзеге асырылған бұл ырым «қанға қан қосылады, енді туыс болдық» дегенді білдіреді /2, 184 б/.

Қазақ халық өлеңдерін Б.Г. Ерзакович «Песенная культура казахского народа». атты еңбегінде былай топтастырған: 1) семьялық – тұрмыстық өлеңдер, 2) семьялық салт өлеңдер, 3) еңбек өлеңдері, 4) лирикалық өлеңдер, 5) әлеуметтік қарсылық өлеңдер, 6) тарихи өлеңдер, 7) эпикалық жырлар мен аңыздардың музыкаға қосылуы деп қазақ халқының өткен өлеңдерін тақырыптарға сай екендігі байқалады /3, 34 б/. Әдет-ғұрыпқа байланысты халық өлеңдері жар-жар, сыңсу, қоштасу, жұбату, беташар, тойбастар түрінде айтылатын болған. Қазақ қоғамында жар – жар қызды әкесінің үйінен ұзатып, жөнелтер шағы болғанда айтылатын өлең түрі. Фольклорист ғалым Бекмұрат Уахатов жар – жар екі жақтың айтысынан тұрады дей келе жар – жар айтысын былай келтіреді:

Жігіттер:
Қара насар, қарындас,
Қара насар, жар-жар-ау!

Қыздар:
Ақ отауым тіккен жер
Ойдан болсын, жар-жар-ау!

Қара мақпал сәукелен
Шашың басар, жар–жар–ау!
Өксіп – өксіп жылама,
Қарындасым, жар–жар–ау!
Әке орнында қайын атаң
Орын басар, жар-жар-ау!

Ақ жүзімді көруге
Айнама болсын, жар-жар-ау!
Қайын атаң бар дейсің,
Жан ағатай, жар-жар-ау!
Айналайын әкемдей

Қайдан болсын жар-жар-ау! деп осылай өз ойларын өлең арқылы жеткізген /4, 190 б/. Қазақ фольклорына ырым сөздер кіргендіктен, некеге қатысты өлеңдермен байланыстыра отырып, мынандай ырым сөздерді мысалға келтіруге болады: Қазақ некелі төсекке басқа адамды жатқызбайды. Көрпе-жастықтарды да біреуге қолданбайды. Неке бұзылады, махаббат тітіркеніп, шетке ауады деп ырымдайды /5, 211 б/.

Сұлтанғали Садырбайұлы жігіттердің қыздармен «ауажар» айтысына былай үзінді келтірген. Жігіттер:

«Сен кеше тұлымы желкілдеген қыз едің,
Енді бүгіннен бастап біреуге жар болдың.
Ата- ананың жолын жалғастырасың,
Жылама, болашағың бақытты болады».

Ал қыздар жағы күмән мен сеніңкіремеген күмәнмен жауап қайтарған:

«Мен ата-анамның қасында,
Жүргенде алаңсыз, бұла едім.
Көл жағалап көбелек кудым,
Тауға барып бүлдірген тердім.
Айға еркелеп алтыбақан тептім,

Жұлдызға қарап ән айттым» – деп қимай балалық шағымен қоштасады /6, 40 б/. Осылай жар-жар айтысқа ұқсап тұрады. Ал қазіргі жар-жар мұндай емес және мүлде ұқсамайды. Этнографиялық тұрғыдан зерттеп жар-жардың осы түрін күнделікті қолданысқа енгізу керек. Үйлену өлең жырларының бір түрі – сыңсу. Мұны қыз өзінің құрбы-құрдастарымен қоштасарда, қайын жұртына кетердің алдында айтады. Қазақ қыздарының сыңсуы төмендегідей былай болып келеді:

«Айналайын ел-жұртым,
Не болар менің заманым,
Бұралқы иттей кеткен соң.
Көкірекке қайығы толарау,
Ел жұртым сенен айырып,

Санамен жүзім солар-ау» - біздің қазақ қыздары осылай сыңситын болған /7, 51 б/. Қазіргі біздің қоғамда сыңсу өте сирек кездеседі және бұны тек білетін отырып қалған сауатты қазақ қыздары айтуда. Жар-жар, сыңсуды айта білу үшін әрбір қыз өлең, ән білуі шарт болған. Барған жеріне көңілі толмаған қыздың сыңсуына қыз-келіншектер ғана емес, халық егіліп жылайтын болған. Осы уақытта әпке жеңгелері, ауылдың келіншектері ақылдарын айтып жұбатқан. Жұбатуды көбінесе жігіттер жағы былай айтқан:

Жылама, бикеш, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Ұл болып тусаң әуелден,
Сені мұндай қыла ма?
Біз бермейік десек те,
Мал бергенің қоя ма?

Көп жылауды қойыңыз. Жар сүю, бала сүю деген мәселелерді қозғай отырып, осылай жұбатқан /7, 51 б/. Қазақ халқы үйленетін жігітке мынандай ақыл-кеңес айтқан. «Тегіне қарап қызын ал, соғуына қарап қару ас», «Көріп алған көріктіден, көрмей алған текті артық», Шешеге қарап қыз өсер» дегендей, текті қыздың белгісін туған анасының мінезі, үлгі өнегесі және қызына берген тәлім-тәрбиесі айқындайды. Ата –

бабаларымыз былайша: «Аяғын көріп асын іш, шешесін көріп ал» деп өсиет қалдырған /1, 6 б/.

Мәлімет беруші Талдықорған қаласының тұрғыны Омарбекова Нәсіп апамыз неке тойының ең жауапты кезі- екі жастың некесін қию дегенді айтады. Күміс сақина салынған тостағанға су құйып молдаға береді. Молда дұғасын оқып екі жастың некелік ризалығын сұрайды. Тостағандағы суды куәгер болып отырған жігіттерге береді. Сонда жігіттер былай деген:

Куә, куә куәгерміз,
Екі жастың некесіне куәгерміз,
Таң алдында Алла алдында хақымыз,
Бүгін міне қос аққудың қосылуына,
Ақ куәлігін берудеміз.

Қазақ халқының неке салт өлеңдерінің тағы бір түрі – той тарқар. Той тарқар қыз беріп, қыз алу салтының көп кәде, жора-жосықтары әбден аяқталып болған соң айтылады. Бірнеше тәулікке созылған тойдың ең соңғы күні қыз-келіншектер мен жас желең бозбалалар жиналып келіп, ақырғы қоштасу кешін өткізеді. Тойды басқарып жүрген жігіт той тарқар әнін бастап, бұған басқалары да қосылады. Осы кезде айтылған той тарқардан үзінді:

Оу, халайық, халайық.
Көп отырдық думанмен,
Үркер ауып кетіпті,
Той тарқарға салайық.

Той тарқар деп аталатын өлең тойдың аяқталғандығына шүбә келтірмейді және фольклорлық материал болып табылады /4, 190 б/.

Қорыта айтқанда қазақтың некесіне байланысты көптеген ырымдар, дана сөздер, өлеңдер жеткілікті. Халықтың осындай некеге байланысты сөздерін жинап жас жанұяға жеткізу қазіргі өскелең өмір талабы. Осындай тәрбиелі мәні бар өлең жолдары арқылы жаңадан отау құрып отырған жас жұбайларға өмірлік өнеге боларлық тәрбие беруге болады. Некені сақтап қалу қосылған екі жастың қолында. Оның ащылығыда, тәтті кездері де бар, сондықтан қазақтың жас шаңырағы бұзылмай мәнді де, сәнді болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімқұлов Б, Әбдіраманов Т. Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. – Алматы, 1994-240 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы, 1973. – 326 б.
3. Ерзакович Б.Г. Песенная культура казахского народа. – Алматы, 1966. – 34 б.
4. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1979. – 250 б.
5. Абылқасым Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. – Алматы, 2004-223 б.
6. Садырбайұлы С. Фольклор және Жамбыл. – Алматы, Ана тілі. 1996-240 б.
7. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, Ана тілі. 1991-288 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Қазақтың неке салтына байланысты халық өлеңдеріндегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер жайлы мәселелер қарастырылған. Мақалада әдет-ғұрыпқа байланысты халық өлеңдері жар-жар, сыңсу, қоштасу, жұбату, беташар, тойбастар дәстүрлері қарастырылған.

РЕЗЮМЕ

В данной статье проанализированы традиционные песни «Жар-жар», «Сынсу», «Қоштасу» и другие, связанные с обычаями бракосочетания у казахского народа.

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Рахимжанова М.Д.-магистрант (Алматы қ., ҚазмемқызПУ)

Еліміздің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күні халқымыздың сан ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің, сол жолдағы көрген азаптары мен қиындықтарының жадымызда жаңғырып, жиырма жылға толмайтын мерзімде жеткен жетістіктеріміздің айшықты көрінетін мейрамы. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркенниетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 20 жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танытындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Нұрсұлтан Назарбаевтай көрген саясаткердің ерін еңбегін дәл бүгін және арқашанда айтып өтеміз.

Тауқыметті соншама көп кешкен, тағдыры аянышты – езіліп-егілген, жабығып жапа шеккен, тарығып-зарыққан халық жер бетінде екеу болса, соның біреуі – қазақ. Сондай сұмдықтардың кесірінен қазақ кезінде атамекенін тастап, тоз-тоз болып жан сауғалауға да мәжбүр болды /1 /.

Орысқа бодан болған үш ғасырдың ішінде тарихымыз, ар-ожданымыз табанға тапталды. Алқакөл-сұламаға ұшырадық. Кеңпейіл, аңқау қазақтың мал-жаны тәркіленіп, ашаршылыққа душар болды. Зұлматтың құрығына түсті. Өзгенің тарихын өзімізге теліп оқыдық. Хандарымыз бен билеріміз, бектеріміз бен батырларымыз әжуаға, күлкіге, мазаққа айналды. Тарихымыз саясаттың құралына айналды. Сана, дәстүр күйреді. Халық жадынан айрылды. Ұлт ретінде жер бетінен жойылып кете жаздадық. Қазақтың: “Қаратаудың басынан көш келеді”, деп зарлағаны, Қазтуған жыраудың: “Қайран да менің Еділім” деп қабырғасы сөгілгені; үш жүздің басын қоса алмай, қала сала алмай, көшіп-қонған жұртын орнықтырып ел ете алмай Абылайдың пұшайман болғаны; Бұқар жыраудың жер тіреп күңіренгені; “Еділді келіп алғаны – етекке қолды салғаны, Жайықты келіп алғаны – жағаға қолды салғаны”, “Әдіра қалғыр Үш Қиян” деп Мұрат ақынның күйзелгені; “Бас-басына би болған өңкей қиқым, Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын”, деп Абайдың қабырғасы қайысатыны осы тұс еді /2/.

Мыңжылдықтар тоғысында, көшпелілер ұрпақтарына жер құшқан империяның қирандыларынан өзінің тәуелсіз мемлекетін құру міндеті тұрды. Қысымы жөнінен теңдессіз, жауапкершілігі жөнінен ойға алып болмайтын осынау ұлы тарихи миссияға 1991 жылдың 1 желтоқсанында өткен алғашқы бүкілхалықтық сайлауда қазақстандықтар өзінің Тұңғыш Президенті етіп сайлаған Нұрсұлтан Назарбаев жетекшілік жасады. Міне, халқымыздың осы бірауызды дана таңдауы Тәуелсіз Қазақстанның өткен 20 жылдағы ғана емес, сондай-ақ болашақтағы сенімді де дәйекті дамуына негіз қалаған парадигмаларды айқындап берді.

Бүкілхалықтық сайланған Мемлекет басшысы өткір шынайылықпен былай деп мәлімдеді: «Біздің ақылман ата-бабаларымыздың дәстүрлері бойынша осы салтанатты сәтте мен өзімнің сөзімді бірінші кезекте қасиетті жерімізге, туған халқыма арнаймын. Бүгінгі күн қазақ жерінің жылнамасына мәңгілікке енеді. Біз тарихтың көптеген тар жол, тайғақ кешулерінен өтіп, осы күндерге жеттік. Халқымызға көп нәрсені басынан өткеруге тура келді. Жаратқанға рахмет, біршама кешікsek те аяғымыздан тұрып, егемендіктің туын тіктік. Халқымыздың Қазақ Республикасының Президентін сайлауы осы жолдағы аса биік шептердің бірі болды. Отаным үшін, халқым үшін, менің Қазақстаным үшін тарихтың кез келген сынақтарына дайынмын. Осы жолда мен бірінші кезекте біздің дана халқымызға, оның бостандықсүйгіш және дархан болмысына, ата-бабалардың рухына арқа сүйейтін боламын. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көп ұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына,

туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін. Сенімнен айырылмайық, бауырларым!» /3/.

Осы жиырма жыл бедерінде Ұлт көшбасшысы өз халқына алғаусыз қызмет етудің жарқын үлгісін көрсете отырып, берген антына адалдық танытып келеді.

«Тарихты жазу емес, жасау маңызды», дейді Бисмарк. Бірақ бұл, адамзаттың мыңдаған жылдық тәжірибесі көрсетіп келе жатқанындай, екiнiң бiрiне бұйырмаған еншi. Ұлы тарихты шын мәнінде ұлы адамдар жасайды.

Ондай тұлғалар жағдайдың стратегиялық жағын, оның дамуының тиімді жолдарын алдын ала болжап білетін, өткір сараптамалық ақыл-ойы мен ғажайып жады, қажымас-талмас жұмыс қабілеті, өзінің дұрыстығына талассыз сенімі мен белгіленген мақсаттарына жетуде жеке басының орасан ерік-күші және сирек қарымы сияқты ерекше қасиеттерге ие. Ондайлар ең батыл да оң ой-мақсаттар көп жағдайда оларды нақты жүзеге асырудан алшақтата түсетін орындаушылықтың шалағайлығы секілді мінездерден ада.

Шын мәніндегі жасампаз-көшбасшының Құдай берген осындай және басқа да қасиеттері ғасырлар шебінде, тектоникалық өзгерістер дәуірінде өз халқының тағдырына тарихи жауапкершілікті мойнына алған, оның үстіне әлемдік үдерістерге айтарлықтай ықпал жасауға қол жеткізген Н.Ә.Назарбаевқа толық көлемінде тән.

Қазақстан Президентінің жоғары беделі мен стратегиялық көрегендігінің арқасында одақтас республикалардың басшылары алғаш рет Мәскеуге жалтақтаусыз Н.Назарбаевтың шақыруымен 21 желтоқсанда Алматыға жиналды. Міне, дәл біздің Президенттің бастамасымен және көшбасшылығымен осында тарихи Алматы декларациясы қабылданып, іс жүзінде КСРО бейбіт таратылды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды.

Ұлы державаның күйреу қуаты құрлықтың алтыдан бір бөлігінде толық ауқымды азамат соғысына алып келмегеніне Нұрсұлтан Әбішұлының аса зор жеке үлес қосқанын тарихтың әлі лайықты бағалайтынына сенімдімін./3/.

Империя қирандыларынан жаңа тәуелсіз мемлекет құрудың өзі аса қиын іс. Қазақстанға қатысты айтатын болсақ, мүлдем күрделі шаруа. Тәуелсіздікке қол жеткізуінің қарсаңында біздің республикамыз өзінің егемен өмір сүру мүмкіндігіне қатысты аса пессимистік болжамдар үшін айтарлықтай объективті аргументтер бергені белгілі.

Мәселен, ел экономикасы негізінен Орталықтың шикізаттық шылауы болса, оның екінші бөлігі КСРО-ның әскери-өндірістік кешеніне жұмыс істеді. Қазақстан экономикасының 93 пайызы Одаққа тікелей бағынып, тек 7 пайызы ғана өз қажеттіліктерімізге жауап берді.

Қоғамдық сана-сезімге тікелей және ауыспалы мағынасында алғанда қолдан жасалған екі экологиялық апат аймағы – Арал теңізі мен Семей ядролық полигоны ауыр салдарымен ерекше әсер еткен еді. Оның үстіне, осы уақытта бірқатар кеңестік республикаларды көптеген этносаралық жанжалдар жайлап, қан төгіліп жатқан-тын. Осы орайда көпұлтты және көпконфессиялы Қазақстан да объективті тұрғыдан айтарлықтай осал болатын.

Көпке белгілі Збигнев Бжезинскийдің 1993 жылы «NPQ» журналына берген сұхбатында Қазақстандағы христиан мен мұсылман діндерін ұстанатындар арасындағы қарсы тұрушылық Югославия сценарийін қайталауы ықтимал деп мәлімдеуі кездейсоқ емес. Және америкалық саясаткер Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына қатысты осындай пессимистік болжамдарында жалғыз емес болғанын айта кету керек.

Осындай аса күрделі жағдайда Президенттің әр қадамы аса дәлдігімен ерекшеленуі тиіс болатын. Бірінші кезекте Нұрсұлтан Назарбаев біздің көпұлтты үйімізде бейбітшілік пен келісімді, бірлік пен өзара түсіністікті қамтамасыз ете алса, осы жылдар бойы бұл байлықты көзінің қарашығындай сақтап келеді.

Президенттің бастамасымен ұлтаралық татулық пен келісімді қамтамасыз етудің ғажайып институты – Қазақстан халқының Ассамблеясы құрылып, табысты жұмыс істеу үстінде. Осылайша, Н.Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанның тұрақтылығы мен дамуының сенімді іргетасын қалады.

Осыған байланысты біздің Мемлекет басшысына Ұлыбританияның бұрынғы премьер-министрі Маргарет Тэтчер былай деп әділетті жазды: «Тәуелсіздіктің елең-алаңында-ақ Сіздің үлгі тұтарлық саясатыңыз халқыңызды бостандыққа бастап жүрді. Пессимистер этностық және рухани әртүрлілік Сіздің еліңіздің азаматтарын тығыз жақындастыра алмайды деп өздерінің жорамалдарынан келте қорытынды шығарды және бұл Қазақстанды әлсіретуге әкеледі деп долбар жасауға негіз болды. Алайда Қазақстан өз халқының мәдени көпқырлылығының арқасында жыл өткен сайын өркендей түсіп келеді. Ал этностар дәстүрлерінің әртүрлілігі мен әртүрлі сенім-наным өзінің оң зарядталған энергетикасымен мемлекеттің қуатын толықтырып тұр. Сіз еліктеу үшін лайықты үлгі болдыңыз» /4/.

Президент осы жылдардың бәрінде елге біздің табысты дамуымыздың «жол картасы» болып отырған анық та ұтымды «Қазақстан-2030» даму стратегиясын жасап, ұсынды.

Президент, өзінің Стратегиясын жүзеге асыра отырып, қазақстандықтардың басты құқы – лайықты өмірге құқын берік және дәйектілікпен қамтамасыз етіп келеді. Оның әлеуметтік-экономикалық саясатының тиімділігі аса ауыр әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан тіпті өте дамыған елдердің өзінде әлеуметтік шығындар қысқарып, кәсіпорындар жабылып, жұмыссыздық өсіп отырған жағдайда ерекше жарқын көрінді.

Қазақстанда, керісінше, жаңа жұмыс орындары құрылып, кәсіпорындар, тұрғын үйлер салынууда, стипендиялар, еңбекақылар, зейнетақылар мен жәрдемақылар көбейтілуде. Жастар үшін білім гранттарының саны ұлғайып отыр. Отандық білім беру мен денсаулық сақтау салалары ырғақты дамып, олардың деңгейі мен сапасы арта түсуде.

Өзінің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың Тәуелсіздіктің 20 жылындағы ғаламат көшбасшылығымен қол жеткізілген Қазақстанның тамаша табыстарын айғақтайтын аса жарқын да сенімді кейбір цифрлар төмендегідей.

Біздің еліміз тұрғындар әл-ауқатының жаһандық рейтингінде әлемдегі аса дамыған 50 мемлекеттің қатарына енді. Жан басына шаққандағы ІЖӨ көлемі биылғы жылы 10 мың АҚШ долларынан асып түсетін болса, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан жақын көршілерімізді айтпағанның өзінде Украинадан екі еседен астамға озып кетті. Оның үстіне біз бүгінде бірқатар Шығыс Еуропа елдерінің алдында тұрмыз. Тек соңғы төрт жарым жылда тұрғындардың ақшалай кірісі, бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақысы, студенттердің стипендиялары 2 есе өсті. Зейнетақы төлемдері мен баланы бағып-күтуге арналған жәрдемақы 2,6 есе көбейді. Білім беру, ғылым мен денсаулық сақтау шығындары 2 есе ұлғайды.

Республика бойынша 4 мың жаңа балалар бақшасы ашылып, 350 мектеп, 50 колледж салынды. Жаңа Назарбаев Университеті, болашақтың Интеллектуалдық мектептер желісі құрылып, 150 шақты жаңа емхана, аурухана мен медицина орталықтары тұрғызылды. Қазақстандықтардың өмір жасының ұзақтығы біршама артып, ана мен бала өлімі айтарлықтай азайды. Бүгінде Қазақстан ең жедел өсіп отырған әлем экономикасының үштігіне кірсе, біздің алдымызда тек Катар мен Қытай ғана тұр. 2018 жылы республикамыз тұрғындарының табыс деңгейі жоғары елдер қатарына енуі тиіс /5/.

Тәуелсіздік жылдары Елбасының жеке өзінің ұйытқы болуымен өмірге келген Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік, Қазақ-Британ, Қазақ-Неміс, Еуразия университеттері, ҚМЭБИ және “Болашақ” бағдарламасы, олардың бүгінгі аяқ алысы мен жоғары нәтижелі игі істері талантты жастарды оқытып-тәрбиелеуде, елімізге

болашақ білікті мамандар әзірлеуде орасан зор үлес қосып отыр. Білім беру сала-сындағы бұл оң өзгерістерді көріп-біліп жүрген қарапайым халық, дүйім жұрт көкейіндегі көптен күткен арманы орындалғандай қуанышта.

Қазіргі кезеңде жер жүзіндегі 200-ге тарта мемлекеттердің ішінде Қазақстан әлем таныған алдыңғы қатарлы елдердің бел ортасында келеді. Дүниежүзілік бірқатар ықпалды ұйымдарға мүше болып, мемлекетіміздің мерейін асырып, іргесінің нығая түсуінде Елбасымыздың ауыздықпен алысып, ат үстінде жүріп ел үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Келесі жылдан бастап Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, ал 2011 жылы Ислам Конференциясы Ұйымына төрағалық ету құрметіне ие болдық. Бұл беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық ету – біз үшін, еліміз үшін үлкен абыройлы іс, жауапкершілігі жоғары міндет /6/.

Заңдық тұрғыдан ресімделмеген шекара болмай тұрып, мемлекеттің егемендігі мен тәуелсіздігі туралы әңгіме қозғау мүмкін емес. Бұл, әсіресе, өзінің көпғасырлық азапты тарихында, осы сөздің толық мағынасында, мемлекеттік шекарасы болмаған қазақ халқы үшін өткір де тағдыршешті мәселе еді. Дәл шекара туралы мәселені шешу біздің Президент үшін маңызды басымдық болды. Өйткені, Қазақстан шекарасының үлкен бөлігі ұлы державалар – Ресеймен және Қытаймен байланысты екенін ескерсек, мақсатқа қол жеткізудің қаншалықты қиындыққа түскенін нақты түйсінуге болады. Оның үстіне не патшалы Ресей уақытында, не кеңестік кезеңде Мәскеу мен Пекин арасындағы шекараны реттеудің сәті түскен жоқ.

Бірақ 1995 жылдың қаңтарында орасан күш-жігер жұмсаудың нәтижесінде Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойылса, ал 2002 жылы Астана мен Пекин арасындағы мемлекеттік шекараны халықаралық құқықтық ресімдеу аяқталды.

Осылайша қазақтардың көптеген ұрпағының көпғасырлық арманы орындалып, олардың қасиетті жері әлем таныған мемлекеттік шекараны иеленді. Және бұл тарихи табыс бірінші кезекте біздің Тұңғыш Президентіміздің орасан ерік-жігерінің, сирек кездесетін адами харизмасы мен жоғары дипломатиялық талантының арқасында мүмкін болды.

Қазақ мемлекеттілігін іргелі түрде нығайтудың тағы бірі жаңа тәуелсіз мемлекеттің жаңа астанасының дүниеге келуі болды.

Мұндай батыл да теңдессіз қадамға Нұрсұлтан Әбішұлын бүгінде белгілі геосаяси және экономикалық сипаттағы себептер, оның сирек кездесетін стратегиялық пайымы ғана емес, өз халқының жасампаз әлеуетіне деген, тәуелсіз Қазақстанның болашағына деген зор сенімі де итермеледі.

Бүгінде біз ел Көшбасшысының ойға алғандарының толық көлемде және тіпті алға оза отырып өмірге еніп жатқанына көзбе-көз куә болып жатырмыз. Ескі оң жағалаудағы бөлікті қайта жаңғыртудан басталған қала Есіл өзенін аттап өтіп, бас-аяғы бірнеше жылдың ішінде сол жағалауда, іс жүзінде ашық далада жарқын да арман сияқты болашаққа ұмтылған Астана бой көтерді. «Ақорда» Президент резиденциясы, Бейбітшілік және келісім сарайы, Тәуелсіздік сарайы, «Бәйтерек» және «Қазақ елі» монументі, «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, Сулы-жасыл бульвар және басқалар сияқты державалық, таңғажайып архитектуралық құрылыс ғимараттары әлемнің кез келген қаласына абырой әкеледі.

Бүгінде «Қазақстан» және «Алатау» спорт сарайларын, Қазақ ұлттық өнер университетінің тамаша «Шабыт» ғимаратын, Назарбаев Университеті ғылыми-білім беру кешенін, 3,5 мың орындық таңғажайып «Қазақстан» кино-концерт залын, 30 мың орындық «Астана арена» стадионын астаналықтар заңды түрде мақтан етеді. Ұлттық опера ғимаратының, Оқушылар сарайының және Телерадиокешеннің құрылыстары аяқталып келеді. Осы жаңа құрылыстардың бәрі Астананың қайталанбас архитектуралық бейнесін біте қайнаса толықтыра отырып, қаланың одан әрі дамуы мен өркендеуіне, мәдениеттің, білім беру мен спорттың гүлденуіне жағдай жасайды.

Президенттің, осынау таңғажайып архитектуралық құрылыс кешенін туындатушының сирек кездесетін жасампаз таланты мен пайымы арқасында біздің астанамыз – архитектурада жиі айтылатындай тынып қалған емес, жанды да бейнелі музыканың қаласы.

Біздің Мемлекет басшысының белсенді де жемісті сыртқы саяси қызметі, оның өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірқалыпты тынымсыз күш-жігері халықаралық қоғамдастықтың барған сайын өсе түскен құрметі мен қолдауын тауып келеді.

Осылайша Н.Назарбаевтың кемеңгерлігі мен ерлігі арқасында еліміз әлемдегі қуаты жағынан төртінші ракеталық-ядролық арсеналдан бас тартты және Семей ядролық полигонын жапты.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун әділ түрде мәлімдегендей: «Ондаған жылдар бойына Семей «қырғи-қабақ соғыстың» эпицентрі болып келді. Президент Н.Назарбаевтың батыл шешімінің арқасында осыдан 20 жыл бұрын Семей үміттің қуатты символына айналды. Ол – барлық ядролық сынақтарды түбегейлі тоқтатуға деген үміт. Ол – ядролық қарудан тыс әлемге деген үміт».

ЕҚЫҰ-ға мүше 56 елдің бірауыздан 2010 жылы Қазақстан Республикасының осынау беделді халықаралық Ұйымға төраға болуы туралы шешім қабылдауы Қазақстан мен оның Көшбасшысының елдің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуындағы таңғажайып табыстарын, біздің мемлекетіміздің әлемдік аренадағы өсіп келе жатқан рөлін халықаралық қоғамдастықтың объективті мойындауы және жоғары баға беруі болып табылды. Осылайша Қазақстан посткеңестік, азиялық елдер ішінде бірінші болып әлемнің нағыз дамыған демократиялары құрған, негізінен Еуроатлантикалық болып табылатын ұйымға басшылық жасады. 56 мемлекеттің 11 жылдық үзілістен кейін осындай бірауызды шешім қабылдауына, ең алдымен, жаңа Қазақстанды құру жөніндегі қажырлы жасампаз қызмет, өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі бірізді және тиімді күш-жігер, Президент Н.Назарбаевтың шынайы халықаралық жоғары беделі басты дәйектер болып табылды.

Н.Назарбаев ЕҚЫҰ-ның төраға елінің басшысы ретінде 11 жылдық үзілістен кейін Астанада 2010 жылы Ұйымның Саммитін өткізуді ұсына отырып, дәл осындай күрделі таңдау жасады. Н.Назарбаевтың жеке өзінің осынау тамаша бастаманы табандылықпен және белсенді алға бастыруы арқасында халықаралық қоғамдастықта біздің халықтарымыздың алдында тұрған қазіргі заманғы сынақтар мен қатерлерге сәйкес келетіндей жауаптар қалыптастырудың мейлінше қажеттігіне деген түсінік айтарлықтай өсе түсті. Нәтижесінде ЕҚЫҰ-ға мүше елдер 2010 жылдың 1-2 желтоқсанында біздің астанамызда Ұйымның Саммитін өткізу туралы бірауыздан шешім қабылдады /7/.

Халықаралық қарым-қатынастар тарихындағы осынау нышандық форумның осы күнді біздің мемлекетіміздің тарихы мен оның Көшбасшысының өміріндегі екінші рет дәуірлік күн ете отырып, дәл 1 желтоқсанда өтуінің символдық мәні терең. 1991 жылдың дәл 1 желтоқсанында алғашқы бүкілхалықтық Президент сайлауында көпұлтты Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевты өзінің Тұңғыш Президенті етіп сайлап, оған дәуір бетбұрысында өзінің қазіргі және болашақ тағдырын сеніп тапсырған болатын.

Қазақстандықтар өздерінің осынау теңдессіз халықаралық табысын заңды түрде мақтан етеді. Бұл шынымен де Қазақстанның жұлдызды сағаты, Н.Назарбаевтың еңбекпен келген жеке салтанаты, қазақ халқының ұлылығының жарқын көрінісі, біздің қоғамымыздың бірлігі мен топтасқандығы болды.

Әлемде түрлі басшылар болған және бар – олар революционерлер мен жаңашылдар, арманшылдар мен прагматиктер. Біздің Президент Батыстың инновацияларына деген динамизм мен тынымсыз ұмтылысты және Шығысқа тән дәстүрлерге, көп ғасырлық құндылықтар мен қоғам салттарына құрметті өз бойында біте

қайнастыра білген Құдай жаратқан жасампаз-көшбасшы. Сонымен бірге, Нұрсұлтан Әбішұлы әр кез өз халқының төл перзенті болған және болып қала береді. Біздің мемлекетіміздің басшысы өз кредосын, бәлкім табыстарының ең басты құпиясын да тәуелсіздіктің елең-алаңында «халықпен бірге өмір сүру және халық үшін өмір сүру» деу арқылы өзі дәл анықтап берді.

Сондықтан да Қазақстан қып-қысқа 20 жылда өзінің танылған, өз халқы сүйіспеншілікпен және жоғары құрметпен Елбасы атаған Көшбасшысының тамаша көшбасшылығымен дәуірге парапар жолды жүріп өтті. Бүгінде экономикалық қуатты, дамыған және еркін, демократиялық мемлекетке, халықаралық қоғамдастықтағы құрметті де беделді әріптеске айналып отыр.

«Қазақстан үшін Нұрсұлтан Назарбаев – тарихи ерекше тұлға. Қазақтарда бүгінде қалыптасып жатқандай мемлекеттік құрылым, осы мағынадағы мемлекет болған жоқ. Ол Қазақстанның Тұңғыш Президенті ғана емес, ол қазақ, қазақстандық мемлекеттілікті құрушы», деп айрықша атап көрсеткен болатын Ресей көшбасшысы Владимир Путин.

Тарихи өлшем бойынша 20 жыл – бір сәт қана, бірақ біздің еліміз үшін жаңғырулардың тереңдігі мен түбегейлілігі жөнінен ол, әділ түрде Қазақстанның алтын ғасыры деп атап жүргендей, шынымен де дәуірге тең кезең болды.

Өзіміздің ел тәуелсіздігінің тарихы және Елбасының ел егемендігіндегі рөлі жөніндегі ойымызды қорыта айтқанда, аз ғана уақытта Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың жетекшілігімен елімізде экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және саяси түбегейлі өзгерістер жүзеге асырылғандығын бөле-жара атап көрсету қажет. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Елбасы белгілеген және батыл жүргізген бағыт өзін-өзі ақтады және алдағы уақытта да өміршең болатындығын дәлелдеп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүргізген бұл саясаты мен бағыты қазіргі уақытта «Қазақстанның даму жолы» ретінде дүниежүзі қауымдастығынан мойындалды. Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Елбасы еңбегінің бір-бірімен тығыз ұштасып жатқандығын, олардың бір-бірімен ажырағысыз егіз ұғым екендігін ақиқат есебінде тарих алдымызға тартып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Өтеш Қарашин Тәуелсіздік тағлымы \ Ақиқат. № 11-12
- 2.Айдос Шөкішұлы. Елбасы және тәуелсіздік. 2011ж.
- 3.Назарбаев Н. На пороге XXI века. Алматы: Өнер, 1996 ж
- 4.Мұхамедов М. Елбасы және ел тәуелсіздігі\ Ақиқат. № 11-11, 2011ж.
- 5.Назарбаев Н. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, 1996 ж.
- 6.Назарбаев Н. Стратегия становления и развитие Казахстана как суверенного государства. Алматы: Дәуір, 1992 ж.
- 7.Саудабаев Қ. Дәуірге тең дара дәурен . “Егемен Қазақстан”. 1 желтоқсан, 2011ж.
- 8.Кәкімбек С. “Егемен Қазақстан” 19 маусым, 2009ж.

ТҮЙІНДЕМЕ

Тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылы Қазақ елінің өсіп-өркендеуі мен игілігі жолында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен, қазақстандықтардың ерен еңбегінің арқасында республиканың қол жеткізген толағай табыстары.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются достижения Казахстана за 20 лет независимости под руководством Президента Н.А. Назарбаева.

ТОҚЫМА БҰЙЫМДАРЫ: КІЛЕМ ЖӘНЕ ШИ

Хойлан Ә.-магистрант (Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)

Қазақ халқының жүннен жасалған бұйымдары туралы сөз етілгенде киіз басу өнерін бірден алға тартатынымыз анық. Алайда республикамызда тоқыма өнері де киіз басу өнері сияқты кең ауқымда тарағанын айта кеткен жөн. Ел арасында жиі кездесетін киіз басу, сырмақ сыру сияқты тоқымашылық өнер әйелдер үлесіне тиген қолөнер түрінің ғажап үлгісі болып табылады.

Тоқыма шеберлері шикізат сапасы мен иірілген жіпке қарай тоқыма бұйымдарының алуан түрін өмірге әкелген. Мәселен, алашаға арналған жіп кілем жібіне қарағанда пысықтау болу керек, ал кілем жібі алаша жібінен жуандау әрі бос дайындалғаны дұрыс. Киім-кешекке арналған жүн мен түбіттің иірілу әдісі өзгеше. Киім-кешекке арналған жүнді қылшығынан, шудасынан арылтып, түтіп, шүйкелейді. Ал жүн алаша жібіне қарағанда жіңішкерек әрі бос иіріледі. Қылшық жүндер мен ешкінің қылынан, түйенің шудасынан алашаға арқау, күзу жіптерін иіріледі. Бұларды қаттырақ иіріп, алаша енін құрастыруға, жиек бастыруға пайдаланады. Киім тоқып, бұйым жасаудан бөлек сапасы нашарлау жүндерге қылшық, шуда, жылқының қылын араластырып, әр түрлі мақсатқа арналған жуанды-жіңішкелі арқан мен жіп, нокта, тұсау, т.б күнделікті тұрмыста пайдаланылатын ұсақ бұйымдар есіліп және өріліп жасалған /1, 11 б./. Сонымен қатар қазақ шеберінің қолынан тоқылған киім-кешек, үй жабдығы, тұрмыстық бұйымдар иін бау (киіз есіктің екі жақ иініне өрнектеп тоқылған құр бау), таңғыш (екі керегенің қанатының қосылған жерінің жігін біріктіріп байлайтын термелеп тоқылған жіңішке құр), қоржын (түкті және түксіз), байтаба (жүннен тоқылған қалың шұлғау), жадағай (түйе жүнінен тоқылатын астарлы жеңіл шапан), има (ер кісілерге арналған жеңіл киім), түйе жүн кеудеше, шекпен (түйе жүн шекпен), биязы шекпен, шидек және тағы басқалары әрқашан еліміздің бай мұрасын асқақтатып тұратыны сөзсіз.

Жүннен жасалған қандай да бір бұйымның сапасы, көркемдігі тікелей шикізат сапасына байланысты болатыны анық. Сондықтанда шеберлер ең алдымен шикізатты қалай топтайды, сапасын қалай анықтайды немесе сапалы болу үшін не істегеніне үңіліп көрейік.

Аса сапалы шикізат – әрі әсем, әрі сапалы бұйым кепілі!

Тоқымашылардың айтуынша, жүн біркелкі, шебер иірілуі керек екен.

Түтіп, иірушілердің айтуынша, жүннің таза қырқылып, рет-ретімен дұрыс сұрыпталуы керек.

Қырықтықшылардың айтуынша, қойды жабағы жүні көтеріліп, астынан жаңа өскін пайда бола бастаған кезде қырыққан дұрыс. Қоңды малдың жүні уақытында біркелкі көтеріліп, қырқуға ыңғайлы келеді. Арық малдың жүні керісінше, сабалақтанып, өскін жүндері жетілмей, жабағы көтерілмей қалады. Жүн сапасын сөз еткенде осыған ерекше көңіл бөлу керек.

Маманның айтуынша, жүн сапасы алдымен малдың күтіміне байланысты. Малдың күтімі талапқа сай болмаса, одан сапалы өнім күту мүмкін емес. Сондықтан мал күтіміне – азық құрамына, уақытылы суарылып, серуендетілуіне көңіл бөлінгені жөн.

Зерттеушілердің пайымдауынша, жүн сапасы, одан жасалған бұйымның сәнді болып, талғампаз қауымның көңілінен шығуы үшін өте қажет нәрсе – оның табиғи түсі, жылтырлығы /1, 8 б./.

Жылдың төрт мезгілінде көшіп-қонып жүретін қазақ жұрты бес түлікті бабымен баптаумен қатар, олардың ерекшеліктерін меңгере отырып орынды пайдалана білген. Бұған ата-бабаларымыздың жүннің ғылымда дәлелденген қасиеттерін сонау заманнан

біліп, қажетіне жарата білгенінен байқауға болады. Ғылымда жүннің күннің ультракүлгін сәулесін өткізбетіндігі; жылуды жақсы сақтайтындығы; жеңілдігі; иірілгіштігі мен созылғыштығы; шу мен тербелістерді төмендететіні, сонымен қатар бояуды жақсы алатын қасиеттері мен ерекшеліктері дәлелденген.

«Ең дана – елші-өнер» дейді халық даналығы. Ұлан байтақ жері бар қазақ халқының қай жеріне бармаңыз бармағынан бал тамған шеберлеріміздің мың құбылған өнеріне тәнті болатынымыз рас. Өнер туындылары бірін-бірі толықтырып керемет ғажап дүниелер топтамасын құратыны анық. Осы ретте тоқу өнері өзі бір жеке әлем, өзінше бір даналық десе артық айтқандық емес. Тоқу өнері – қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан төл өнерлерінің бірі. Тоқыма тоқу жалпы адамзат пайда болғаннан бастап қалыптасқан өнер түрі деуге болады. Өйткені ең алғаш киім түрлері мен үй жабдықтарын дәл осы тоқыма әдісімен дайындаса керек. Бүгінгі таңда тоқыма тоқу өнерінің сонау заманғы үлгілері қазіргі замана талабына сәкес өзгеріп, туысқан халықтар творчествасымен толықтырылып онан сайын әсерленіп, дамыған. Адам тоқыма тоқығанда түрлі-түсті бояулар әлеміне еніп, ғажайып үйлесімділікті тамашалай отырып, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады.

Тоқу өнерінде тұрмыс қажетіне байланысты ел арасында кеңінен тараған, дамығаны кілем тоқу өнері. Кілем - тоқу ерекшелігіне (түкті, тықыр), материалына (жүн, жібек, мақта, кендір талшығы), көлеміне (қос гүлді, үш гүлді, қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнегіне (көгеріс өрнекті, ұласымды өрнекті т.б.), бояу үлесіміне байланысты бөлінеді.

Бүгінгі күнге жеткен деректер Ассирия мен Вавилонда кілемнің болғандығын растайды. Сонымен қатар көптеген деректерге қарағанда кілемнің ежелгі үлгілері бұрынғы КСРО (қазіргі ТМД) территориясында табылған. Жалпы кілем атауы өндірілген орнына, жасалған әдісіне қарай аталады және сонысымен бір-бірінен ерекшеленеді. Атап айтсақ, Иран кілемдері («Исфаһан кілемі», «Қашан кілемі», «Хорасан кілемі»), адам және жан-жануарлардың ұтымды кескінделуімен, кенере әдіптерінің биязылығымен ерекшеленсе, түркімен кілемдерінің («Ушан кілемі», «Құла кілемі») негізгі ерекшелігі гүлдері көрнекті жасалып, жиектері әсемдеп жазылған құран үзінділерімен безендірілуінде. Ал Әзербайжан кілемдері («Ширван кілемі», «Қазақ кілемі») түсірілген күмбездердің үлесімділігімен қатар өрнектердің қарапайымдылығымен ерекшеленеді.

Шығыс үшін иран, түрік кілемдері, ал КСРО-да (қазіргі ТМД) азербайжан, түркімен, дағыстан кілемдері жоғары бағаланады. Бұл елдің кілемдері көбінесе шығыста жақсы бағаланды. Ал бізге тән кілемдер өз бастауын ежелгі сақ, үйсін, ғұн дәуірінен алады екен. Халқымыздың төл кілемдері тоқылу технологиясына қарай (түкті кілем, тықыр кілем), материалына (жібек, масаты, қалы кілем), шығарылған жеріне (Алматы кілемі, Жамбыл кілемі), ру үлгілеріне (Адай кілемі, Керей кілемі, Қоңырат кілемі), жанама белгілеріне (шашақты кілем, оқалы кілем) қарай түрліше атауға ие. Кілемнің бір-бірінен ерекшеленуі - оның құлпыруында, салынатын өрнектердің сан-алуан түстердің бір-бірімен үндесіп ерекше әсемдікпен үлесімдік табуында.

Кілем тоқу әлі күнге өз маңызын жоғалтпай келеді. Кілем күнделікті тұрмыста кеңінен пайдаланылатындықтан республиканың түкпір – түкпіріне кең тарала отырып сан-алуан түрі қалыптасқан. Дегенмен кілем тоқу Қазақстанның оңтүстік аудандарында жақсы дамыған. Тұрмыста қолдану сипатына қарай кілем тоқудың алуан түрі қалыптасқан. Мәселен ел ішіндегі тоқыма бұйымдарын тоқылу әдісіне қарай түкті, тақыр, аралас деп бөлуге болады. Кілем ою-өрнегіне, тоқылуына, өңіне, тұрмыста қолданылуына қарай сан-алуан атауға ие. Қазіргі кезде тұрмыста кеңінен қолданылып жүргені - түкті және тақыр кілем.

Түкті және тақыр кілемдерді қолдан тоқу негізінен республиканың оңтүстікте облыстарында жақсы сақталған және дамыған. Олардың негізгі ерекшеліктері кілем ортасына үлкен гүлдерден «күмбез» бейнеленіп, жиектері текшелі өрнектермен

өрнектелуімен қатар «су» өрнегі жүргізіледі. Кейде ортаңғы гүл-күмбездердің орнына «түлкі ілген бүркіт», жан-жануар немесе табиғат көрінісі т.б. бейнеленеді. Жалпы қазақ кілеміне тән ерекшелік «оның шаршысында міндетті түрде сызықша-«сумен» ажыратылатын қорған-қоршауы, этнографиялық әдебиетте «көл» деген атпен белгілі орталық алаңында қатарластыра орналастырылатын, мазмұнынан ою-өрнектің тіке сызықты немесе нәубетаты сарыны көрінетін табақшаларының болатыны /2, 50 б./. Оларды Сарыарқада «түр», Сыр бойында «күмбез», «төбе», Оңтүстік Қазақстанда «табақ», «жұлдыз», Жетісуда «ою» деп атаған .

Түкті кілемдер XIX ғасырда негізінен Қазақстанның оңтүстік, батыс аймақтарында тоқылған. Оңтүстікте түкті кілемдер жай өрмекпен тоқылса, батыста аспалы әдісімен дайындалған. Кілемнің тоқылу әдісін Ш.Ж. Тоқтабаева былай баяндайды: «Өрмектің екі түрінде де тоқу ісі және қарсы бой жіптерін ауыстыра келе, түк жасаушы және өрнек құрушы жіпті осы бой жіптерге іліп отырып тоқиды да, арқау жіпке бастыра қағады. Мұндай кілемдерді түгінің қалыңдығына қарай негізінен оңтүстікте кездесетін қалы кілем және еліміздің батыс аймағына, негізінен Маңғыстау облысына тән масаты кілем деп жіктейміз» /3, 145 б./.

Түкті кілем тоқу үшін қойдың жабағы жүні немесе түйе жүні қолданылады. Кілемге түк салуға арналған жіп біркелкі, өрмек жібінен жуандау және бос иірілгені жөн. Кілем түгіне арнап иірілген жіп аса ыждақаттылықпен дайындалады, өйткені жіптің сапалы дайындалуы тоқылатын кілемнің әдемі шығуының кепілі. Дайындалатын кілемнің көлеміне қарай арқауға, желі мен түк салуға арналған жүн көлемі де әр түрлі болады. Арқау мықтырақ болу үшін қылшықты жүн немесе ешкінің қылымен аралас иіріледі. Тақыр кілемнің жібі терме алашаға иіргендей екі тіндеп ширатылады. Тақыр кілемнің түкті кілемнен айырмашылығы түк салынбауымен байланысты тоқылуға уақыт пен жүннің аз кетуінде. Сонымен қатар кілемнің құрлуы желі жүгіртілген кезде түкті кілемге қарағанда желі жіптерінің арасы сәл алшақтау болып келеді. Тақыр кілем жасалу әдісіне қарай аспалы өрмекпен жиекті негізбен өрнектелген, қосымша арқау жібіменен тоқылған біз кесте болып бөлінеді. Бұл кілем түріне көбінесе қоңыр, қызыл, қоңыр қызыл, күрең түстер қолданылады.

Халық арасында ерекше ықыласқа бөленген кілемдердің бірі гобелен кілемі. Гобелен кілемнің басқа кілемдерден ерекшелігі ою-өрнек мейілінше сирек қолданылып, табиғат құбылыстарын, адам, аң-құс, мал-жан, дала, мәдени шаралар мен спорт тақырыбындағы суреттердің салынуында. Кілемнің тоқылуының өзіндік ерекшелігі жай кілемге қарағанда жіп түстері алуан болып, өрмек теруінде түкті және түксіз өрнектер араласып тоқылуында.

Ел ішінде көп таралған кілемдердің бірі - қалы кілемі. Кілемнің атауы парсының «ғалы» (кілем) сөзінен шықса керек. Қалы кілемнің өрнекті жолақтармен (су) ажыратылатын бірнеше қабат қоршауы (қорған), айдынында (көл) қаз-қатар орнастырылатын қазақтың тіке сызықты, нәубетаты сарынындағы өрнектерінің желісіне құрылатын табақшалары (розетка) болған. Соңғы кезде сапалы кілемдердің барлығы дерлік қалы кілем деп атала бастағандықтан, «қалы кілем» деген түсінік бірте-бірте «түкті кілеммен» алмасқан /4, 96 б./. Қалы кілем ұзатылған қыздың жасауында, ел арасындағы сый-сыяпатта басты бұйым, той-томағада негізгі жұлде болып есептелген. Айыптыларда қалы кілем ұсынып, қарсы жақтан істеген қылығы үшін кешірім сұрайтын болған.

Республика көлеміне кең тараған, бұрын құрып кеткен деп есептеліп келген кілем нұсқасы - қоңырат кілем. Сыр бойының отырықшы, жартылай отырықшы халқының өнері негізінде қалыптасқан түкті кілемнің бұл түрін кейде «Сыр кілемі» деп те атайды. Сыр кілемінің өрнек ерекшелігімен түстің қолданылу аясының кеңдігін Өзбекәлі Жәнібеков былай баяндайды: «Төсемі төрт және сегіз бұрышты табақшалардан, сегіз «тісті» қосалқы өрнектерден, қоршауы «ала құртпен» (су орнына) ажырасатын жолақтардан тұрады. ҚР ОММ сақталған жұрынтығында 18 түрлі бояудың болғаны

анықталған. Қайта қалпына келтіргенде, Алматыдағы кілем фабрикасының мүмкіндіктеріне орай, өрнектері толығынан сақталғанымен, бес түрлі ғана бояу пайдаланылған» /4, 69 б./.

Жалпы токудың алты түрі бар болса біздің шеберлеріміз сол алты әдісті толық дерлік меңгере отырып, тоқуда данышпандық танытып, әрбір кілемге әр беріп, жан бітірген. Ұлтымыздың өзіндік өнерінің кереметі де осында.

Қарасаң көз тоймайтын тартымды кілемдердің бірі-орама кілемдер. Аты айтып тұрғандай бұл кілемдер негізгі жіптер түрлі-түсті жіптермен оралып, өзара арқау жіптермен өріліп, аспалы өрмекпен тоқылады. Орама кілемдер оңтүстік өңірде орама тақыр, орама терме кілем, таз кілем депте аталады. Бұл аймақтың орама кілемдері өрілген ирек, бұрыштар, мүйіз, толқын тағы басқа толып жатқан оюлардың түрлі болуымен қатар бағыты, орналасу тәртібі өзгеріп тұруымен ерекшеленеді.

Күрделі композициялық шешіммен тоқылған арабы кілемінің орны бір басқа. Арабы кілем республикамыздың оңтүстігі мен батысында жақсы дамыған. Екі әдіспен (орама және біз кесте) тоқылған таспалардың кезектетіп келуімен дайындалатын кілемнің бұл түрінің алашадан айырмашылығы-жолақтарының қос қабат болуы. Арабы кілемінің көркемдік – техникалық шешімі арабтардан ауысқан, бұл оның атауынан және кейбір араб халықтарының кілемдерімен ұқсастығынан көрінеді /3, 145 б./.

«Өзін табиғаттың дара перзентіндей сезінген ата-бабамыздың ой-өрісі кең, түйсігі ұшқыр, талғамы биік, сезімі нәзік болғанын ою-өрнектердің саналуандылығы аңғартады» /4, 59 б./ деп белгілі өнертанушы Өзбекәлі Жәнібеков бекер айтпаса керек. Жалпы ою-өрнек композициялық құрлымына сай үшке бөлінсе: жиектік (әдіптік, кемерлік) өрнектер (фриз, бордюр, жолақ); гүлді өрнектер (шеңбер, розетка, табақша т.б); торлама өрнектер (бұйым бетін тұтас жауып тұрады) /5, 14 б./.

Шеберлеріміз кілемге жоғарыда аталған ою-өрнектердің барлығын дерлік үлесімді қолдана білген. Сонымен қатар шатыр гүл, (қос шатыргүр немесе жеке шатыргүл), мақтагүл, лалагүл, шаршы ішіндегі самауырынша, жапырақ немесе қошқар мүйіз, сыңар мүйіз оюларында кеңінен салған. Дегенмен кілемге салынатын ою-өрнек түрлеріне нақтырақ тоқталсақ, мәселен қошқар мүйіз – қазақ ою-өрнегінің ең көп тараған түрі, ал омыртқа өрнегі қарапайым түрден бірте-бірте күрделеніп отырады. Сол сияқты басқада ою түрлерін атауға болады /6, с.56/. Ботакөз өрнегі көбінесе кілемнің бетіндегі оюды айқындау үшін қолданылып, кілемнің екі жақ жанына салынады. Ботакөз өрнегімен қатар бота мойын өрнегі де қазақ кілемдеріне салынатын ерекше бір өрнек болып табылады. Құс тұмсық өрнегі көбінесе басқа өрнектермен қабаттаса қолданылады. Қарға тұяқ өрнегі өзі жеке өрнек ретінде емес басқа өрнектермен композиция ретінде салынады. Сыңар мүйіз немесе сыңар өкше өрнектерімен әдетте кілемнің шет тұстары өрнектеледі. Тышқан із негізінен ою-өрнектерді бір-бірінен ажырату мақсатында қолданылады. Сірге өрнегі көбінесе матаның жоғарғы фризінде жолақ ретінде қолданылады. Балта сабы жиі кездесетін өрнектердің бірі. Ертеректе бұл өрнек түрі қайқы құйрық немесе ит құйрық деп аталса керек. Тұмарша өрнегі өзі жеке ою ретінде немесе басқа өрнектер құрамында да салынады. Тарақ өрнегі көбінесе бауларда кездеседі. Кейде аралас өрнектердің құрамдас бөлігі ретінде де жиі кездеседі. Балдақ өрнегі басқұр, алаша, жел бауларда жеке өрнек ретінде салынса, кілемге басқа өрнектермен біресіп салынады. Қолтырмаш өрнегі бір оюды жиектеу үшін қолданылады. Ирек өрнегі көбінесе кілемді жиектеу үшін қолданылады. Алабас әртүрлі түспен сатыланып келген өрнек түрі. Айшық өрнегі бір-біріне киіліскен түрлі түсті көпбұрышты болып келеді. Жұлдыз өрнегі кәдімгі жұлдыздың жақындатылған бейнесін беретін өрнек түрі. Сонымен қатар сырға, балта өрнектерінде қазақ кілемдеріне жиі қолданылатын өрнек түрлері болып табылады.

Өрнектерінің орналасу тәртібінің өзгеріп тұруымен қатар түрлерінің қызыл, қоңыр, қара, қызыл күрең сияқты боялаулардың қанық түсі- тоқылған бұйымдардың барлығына ортақ қасиет. Қазақ шеберлерінің тоқыма бұйымдардың ою-өрнектерін әр

түлі түсті жіппен әдіптеуі де өзінше ерекшелікті байқатады. Әдіптеп тәсілі ою-өрнектің мазмұнын аша түседі сонымен қатар бояулардың түсін қанықтыра түседі, нәтижесінде өңі қанық өрнектер негізгі фонмен астасып, бұйымның көркемдігін айқын етеді.

Қазақ кәсіпшілігінде ши тоқу өнеріде кең етек алған. Атам заманнан қазақ шеберлері шым шиді ерекше талғаммен өрнектеп ғажайып дүниеге айналдыра білген. Шым шиге алдын ала дайындалған сурет бойынша тоқыған. Тоқу әдісінде инемен құдық қазғандай, өйткені шидің әрбір талын жеке-жеке түрлі-түсті жүнмен орап, кейін бәрін біріктіріп сәнімен салтанаты жарасқан төсем жасаған. Шым ши киіз үйдің керегесінің сыртынан туырлық астына тұтылған. Шым ши тоқумен қатар күнделікті тұрмыста қолдану мақсатында қамыстанда ши тоқыған. Мұндай ши қора-қопсы жабумен қатар киіз басқанда жерге төсеніш ретінде пайдаланылған.

Шидің ерекше қасиеті ол күннің суығында іргеден суық өткізбесе, күннің ыстық кезінде керісінше үйді салқынтатуға жақсы.

Негізінен шиді өңдеу, тоқумен әйел адамдар айналысқан, дегенмен ерте кездерде, яғни шидің тұтынылу қажеттілігі басым кезде шиді түбімен қопару, жинау сияқты жұмыстарды ерлер атқарған. Ши қазықтық болар екі аша ағаш белгілі қашықтықта тігінен қадалады да үстіне көлденеңінен ағаш орнатылатын қарапайым станокта тоқылады. Шиді алғаш тоқи бастағанда төрт шиді бірден салып қабаттап, ширатылған жүн жіппен айқастыра орап крест сияқты байластырады. Мұны шидің алақаны дейді /7, 57 б./.

Ши бұйымдары ақ, ораулы, шым деп үшке бөлінеді. Бұлардың түрлеріне сәйкес қолданылуда әртүрлі. Мысалы, ақ ши құрт, ірімшік жаюға пайдаланылса, шым ши мен ораулы ши үйдің сәнді бұйымы қызметін атқарған. Ерте кезде шым шиге жез ораған түрі болғандықтан, кейде «жез ши» деп те аталады.

Даланың шиін өңдеп, тоқып, кәдеге жаратқан шеберлеріміз әсемде сәнді заттар мен бұйымдар жасаған. Басқа қолөнер туындыларында өзіндік әдіс-тәсілі бар болса, ши тоқуда да өзіндік терминдер қалыптасқан. Мысалы, аршу – шиді қабығынан тазарту; сызу-өрнек салу үшін өлшеніп жасалан белгі; шабу-шиді тоқып біткен соң екі шетін кесу; шаршы - бір тұтас өрнекті қамтыған шидің бөлігі және т.б.

Қазақта шым ши жоғары бағаланған бұйымдар қатарына жатады. Шым шиге өрнек салу техникасының ерекшелігі әрбір ши сабағын түрлі-түсті жүнмен орау. Өрнекті ши тоқуда шеберлер өнерпаздық дарындылығының негізінде алуан түрлі композициялық өрнек туындыларын жасаған. Оған көбінесе қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, қара мүйіз, омыртқа, шыбынқанат, құманбау, алақұрт, табақ ою сияқты ою-өрнектер салынады. Тоқылған шидің түрі жағынан бірнеше топқа бөлінеді: тоқылған шидегі барлық кеңістікті жауып тұратын түрлер; торкөзді түрлер мен тұйық композициялық түрлер. Шебер түр өрнегін белгілі дәстүр бойынша ши бетіне түсіре отырып өзінше бір өрнек түрлерін немесе өңіне өзгеріс енгізуге тырысқан.

Ел ішінде аты шыққан, өз ісінің қас шеберлері - кілемшілер және киіз басушылар, текеметке түрлі ою ойыстыратындар – өз өнерлерін ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдырып отырған.

Өнеркәсіптің сан түрі өркендеп дамыған бүгінгі таңда ерекше ықыласпен қолөнер туындыларына деген сұраныс аспаса, азайған жоқ. Бүгінгі таңда киіз дайындау, тоқу, кесте тігу сияқты өнер түрлері кейбір жекелеген облыстарда өркендей түскенін аңғарамыз. Мұның өзі қазақтың қолөнерінің өміршеңдігін, оның болашағының зор екендігінің айқын айғағы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жүннен жасалған бұйымдар/ Құрастырған К.Мұқанов. – Алматы: 1990. – 144 б.
2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. –192 б.
3. Тохтабаева Ш.Ж. Ұлы дала жауһарлары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 240 б.

4. Жәнібеков Ө. Жолайырықта. – Алматы: Рауан, 1995. – 110 б.
5. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата, 1979. – 120 с.
6. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 224 с.
7. Тәжімұратов Ә.С. Шебердің қолы ортақ. – Алматы: Қазақстан, 1977. – 96 б.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада қазақтардың дәстүрлі колөнері :тоқыма және ши тоқу үрдістері жайлы айтылған.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются такие традиционные казахские промыслы, как ковроделие и плетение циновок. В первой части анализируется весь процесс ковроткачества, начиная от подбора шерсти, заканчивая изготовлением конечного продукта. Дается анализ производства как ворсовых, так и безворсовых ковров в различных регионах Казахстана. Такой же метод использован при раскрытии особенностей изготовления циновок, включая ее орнаментации.